# «BILIMNUR» баспа редакциясы

## «АБАЙ ЖӘНЕ XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН»

***Республикалық ғылыми практикалық***

***форумның топтама жинағы***

***Шығармашылық еңбектердің***

***іс-тәжірибелік жинағы***

**«Қаламгер ТЕН» ЖШС**

**Шымкент, 2020**

**УДК 821,512.122.0**
**ББК 83.3**
**А 13**

«АБАЙ ЖӘНЕ XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН» - Республикалық ғылыми практикалық форум топтамасы
**А 13** Шығармашылық еңбектердің іс-тәжірибелік жинағы/Редактор Нағиев. І. Б – Алматы, 2020. – 200 б.

**ISBN 978-601-7954-49-9**

*9 қаңтар 2020 жылы жарияланган Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI гасырдагы Қазақстан» атты мақаласын қолдау мақсатында «BILIMNUR» баспа редакциясы шыгармашылық материалдардың топтама жинагын баспада әзірлеп, Республика көлемінде таратылымга шыгарады.*

*Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады. Сондықтан ұлтымызды жаңғырту ісінде оның еңбектерін басшылыққа алып, ұтымды пайдалану жайын тағы бір мәрте ой елегінен өткізген жөн.*

*Абай өзінің туган халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, гасырлар бойы қазақ елін, қазагын биіктерге, асқар асуларга шақыра береді», – деген өнегелі сөзі ақын мұрасының мәңгілік өсиет ретінде багаланатынын айқын аңгартады.*

*Бұл тұжырымдар қазір де аса өзекті. Тіпті бұрынгыдан да зор маңызга ие болып отыр. Себебі, XXI гасырдагы гылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз. Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбаганымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі XXI гасырдагы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді.*

*(9 қаңтар 2020 күні жарияланған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласынан)*

**УДК 821,512.122.0**
**ББК 83.3**

**ISBN 978-601-7954-49-9**

**© Нагиев И.Б., 2020**

**«АБАЙ ЖӘНЕ XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН»**
**Республикалық шығармашылық, ғылыми практикалық форум**

*9 қаңтар 2020 жылы жарияланған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласын қолдау мақсатында «BILIMNUR» баспа редакциясы шығармашылық материалдардың топтама жинағын баспада әзірлеп, Республика көлемінде таратылымға шығарады.*

**Шығармашылық бағыты:** ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнымайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі. Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді» деп көрсеткендей, Абайды әр қайталап оқыған сайын, жаңалық ашылатынын талай адам таңғалып мойындаймыз.

**Мақсаты:** Қазіргі таңда дүниежүзілік білім жүйесі деңгейіне сәйкес келетін, сапалы білім беруге жағдай жасайтын, үйлесімді дамытуға бағытталған білім беру көзделіп отыр.

Білім мекемелерінде үш тілді оқыту жүйесі, бірыңғай мектеп формасы, 12 жылдық білім беру стандарттары тақырыптарын БАҚ беттерінде ұстаз, ата-ана арасында түсіндіріп, пікірлесу қазіргі заман талабы қажет ететін маңыздылығы бар. «Ашықтық қағидаты» шеңберінде білім беру саласының барлық қызметкерлері үнемі құзыреттіліктері мен білімдерін жетілдіріп отырулары заманауи қажеттілік.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғамдық сананы қайта түлетудің маңыздылығы туралы айтты. Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналды.

Өйткені сананы жаңғырту арқылы XXI ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз. Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады. Сондықтан ұлтымызды жаңғырту ісінде оның еңбектерін басшылыққа алып, ұтымды пайдалану жайын тағы бір мәрте ой елегінен өткізген жөн.

Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді», – деген өнегелі сөзі ақын мұрасының мәңгілік өсиет ретінде бағаланатынын айқын аңғартады.

Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз.

Ал, ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», – деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет.

Бұл тұжырымдар қазір де аса өзекті. Тіпті бұрынғыдан да зор маңызға ие болып отыр. Себебі, XXI ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз. Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі XXI ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді.

*(9 қаңтар 2020 күні жарияланған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласынан)*

**«АБАЙ ЖӘНЕ XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН»**
**Республикалық шығармашылық, ғылыми практикалық форум**

**Ұйымдастырушы:** «BILIMNUR» баспасы, Республикалық 45minut.kz газеті мен Республикалық «Білім жолы Нұрлы жол» журналы редакциясының құрылтайшысы Қаламгер ТЕН ЖШС.

**Ақпараттық қолдау:** «Матрица» қоғамдық, ақпараттық порталы, Желілік басылым «Kundyz.kz»

Республикалық ұстаздар форумы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының аясында өткізілетін іс-шара болып өтеді. Форум ерекшелігі, ұстаздар бастамасымен әлеуметтік желі арқылы ұйымдастырылып, барлық ұйымдастырылу жұмыстары ұстаздардың қолдауымен жүзеге асырылады.
Форум жұмысында белсенділік танытқан ұстаздар және редакция тарапынан марапатталған ұстаздар арнайы төсбелгілермен марапатталға ұсынылады.

Мемлекет басшысы мемлекеттік қызметкерлерге және ұстаздарға әлеуметтік желілерді пайдалана отырып, халықпен тиімді жұмыс жүргізуді тапсырды.
«Ашықтық қағидаты» шеңберінде білім беру саласының барлық қызметкерлері үнемі құзыреттіліктері мен білімдерін жетілдіріп отырулары керек деп есептейміз.

**БАҒДАРЛАМА:**

- Қатысушыларды тіркеу. Тіркелу http://www.45minut.biz сайтында онлайн форманы толтыру арқылы жүзеге асады. Мерзімі: 05.02.2020 — 29.02.2020 жыл.
- Ақпараттық Whatsap топқа қосылу. Топта тақырыпқа сай пікірлесу, ұйымдастыру жұмыстары және топтама жинақтың PDF нұсқасы жарияланып отырады.
- Қорытынды. Республикалық шығармашылық, ғылыми практикалық форум бағдарламасы, қорытындысы жарияланады. Қатысушыларға форум құжаттары жіберіледі. Топтама жинақ Казпочта арқылы таралым жасалады.

**НӘТИЖЕСІ:**

- «Форум қатысушысы» сертификаты.
- Белсенді қатысушыларға Алғыс хат
- Үздік қатысушыларға Диплом
- Белсенді және Үздік қатысушыларға арнайы төсбелгі марапаты
- Форум топтама жинағы

**Республикалық шығармашылық, ғылыми практикалық форумға қатысу ақысыз негізде жүргізіледі.**

**«АБАЙ ЖӘНЕ XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН»**
**Республиканский творческий, научно практический форум**

**Ұйымдастырушы:** «BILIMNUR» баспасы, Республикалық 45minut.kz газеті мен Республикалық «Білім жолы Нұрлы жол» журналы редакциясының құрылтайшысы Қаламгер ТЕН ЖШС.

**Ақпараттық қолдау:** «Матрица» қоғамдық, ақпараттық порталы, Желілік басылым «Kundyz.kz»

В целях поддержки статьи Президента Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаева опубликованный 09 января 2020 года «АБАЙ ЖӘНЕ XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН», издательство «BILIMNUR» планирует издание сборника творческих материалов.

Творческое направление: Как отметил в свое время Первый Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев: «Благо — заучивать стихи Абая. Но еще прекрасней — если глубокие мысли и смелые откровения Абая не просто повторяются всуе в праздной беседе, а ложатся крепкими кирпичиками в основание наших повседневных дел.

К этому следует неизменно стремиться. Только это и является единственным доказательством нашей верности мудрым заветам и наставлениям Абая, нашего проникновенного понимания и осознания сыновнего долга перед памятью учителя добра и справедливости. Абай вечно будет жить в сердцах своего народа, во все века взывая великий казахский народ к вершинам славы», каждый раз перечитывая Абая, мы с удивлением признаем что, открываем для себя все новое и неизведанное.

**Цель:** В настоящее время, планируется внедрение нового вида образования соответствующий мировым стандартам, создающее условие качественному и гармонично развивающему направлению.

**ПРОГРАММА:**

- Регистрация участников. Регистрация проводится на сайте http://www.45minut.biz путем заполнения онлайн формы.Период регистрации: 05.02.2020 — 29.02.2020 г.г.
- Членство в Whatsap группе. В группе будет обсуждение форума и предпечатная версия сборника семинара в PDF формате.
- Результат: Публикация сборника Республиканского творческого, научно практического форума. Всем участникам сборник материалов будет отправлены через Казпочту.

**РЕЗУЛЬТАТ / ИТОГО:**

- Сертификат «Участник форума».
- Благодарственные письма активным участникам.
- Дипломы активным участникам.
- Награждение активных и лучших участников медалью.
- Сборник семинара.

**Участие в республиканском творческом, научно-практическом форуме бесплатное.**

* * * * * * * * * *

**«АБАЙ ДАРА, АБАЙ ДАНА ҚАЗАҚТА»**

*Атырау қаласы № 24 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі*
*Есмағамбетова Зайтуна Туралиевна*

**Тәрбие сағатының тақырыбы: Абай дара, Абай дана қазақта**
**Тәрбие сағатының мақсаты:**
-Ұлы ақынның өнегелі өмірімен таныстыру, шығармаларына шолу жасау, өлеңдерін, әндерін мәнерлеп айтқызу.
-Абай шығармашылығын сүйіп оқуға, өмірін, қасиеттерін үлгі ете отырып, білім-ғылымға құмарлығын арттыру.
-Жас ұрпақты Абай шығармашылығын танып өсуге тәрбиелеу, адамгершілікке, табиғат әсемдігін түсінуге тәрбиелеу
**Әдіс- тәсілдері:** Сұрақ- жауап, баяндау, түсіндіру, өлең оқу, ән айту, көрініс көрсету
**Көрнекілігі:** Абай портреті, кітаптар, шығармалары, тірек сызбалар, қанатты сөздер, фотослайдтар, буклеттер.
**Техникалық жабдықталуы:** ноутбук, интеративті тақта
**Күтілетін нәтиже:** Рухани адамгершілік тәрбие беру арқылы мейірімділікке, инабаттылыққа баулу.
**Тәрбие сағатының жоспары:**
1. Ұйымдастыру
2. Ой шақыру
3. "Абай дара, Абай дана қазақта"
4. "Сәулең болса кеудеңде, мына сөзге көңіл бөл"
5. "Өлең сөздің патшасы сөз сарасы"
6. «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа»
7."Жырақ жатып жүрегі бірге соққан"
8. "Тура биде туған жоқ"
9."Болмасаңда ұқсап бақ" Оқушылар шығармашылығы
10.Қорытынды
Барысы
I. Ұйымдастыру
1.Амандасу
2.Топқа бөліну
Қазір менің қолымда жыл мезгілдеріне байланысты суреттер бар .Осы суреттерді таңдау арқылы 3 топқа бөлінейік
Мұғалімнің кіріспе сөзі: Балалар, бүгінгі тәрбие сағатымыз ерекше , қазақтың ұлы ақыны Абайдың 175 жылдық мерейтойы.
Иә, халық тарихи дамудың қаншама биігіне көтерілседе Абай аты мен Абай сөзі әрдайым оның аузындағы жыры , көкірегіндегі иманы, санасындағы ұжданы болып қала береді.
-Ендеше, бүгінгі тәрбие сағатымызда ұлы ақын атамыз – Абай Құнанбайұлы туралы сөз қозғамақпыз.
1-жүргізуші: Абай бір өлеңінде: "Білімдіден шыққан сөз, Талаптыға болсын кез" – деген екен. Біз өзімізді талаптылар тобына жатқызуға шешім қабылдап алып, Абай әлеміне сапар шегіп қайтқалы отырмыз...
2-жүргізуші:Саяхат болғанда да Абай әлеміне, Абай ойларына, Абай өлеңдеріне саяхат…
**Мұғалім:** Бүгінгі тәрбие сағатымыздың тақырыбы "Абай әлеміне саяхат" деп аталады
II. Ой шақыру (әр топ өздері таңдаған сурет тақырыбына қатысты 4 жол тақпақ айтады)
Балалар, қолдарыңда жыл мезгілдері бейнеленген суреттер бар , сол арқылы топқа бөліндік, енді әр топ өз суреттеріне қатысты Абайдың өлең шумақтарын айтып жіберсін
Қыс- 1-топ Күз-2-топ Жазғытұры-3-топ
1-жүргізуші:
Жүрегін шырақ етіп жандырған кім?
Жырымен жан сусынын қандырған кім? Өзіне –өзі орнатып ескерткішті,
Мұра ғып, кейінгіге қалдырған кім?
Ерте оянып , ойланып , ержеткен кім?
Талабын тас қияға өрлеткен кім?
Құбажан, құрбақан құм, құла қырда,
Өлеңнің бесігінде тербеткен кім?
2-жүргізуші:
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өскен кім?
Үнінен әділдіктің лебі ескен кім?
Арманын аттандырып келешекке ,
Біздермен осы күнгі тілдескен кім?
Тайсалмай, мыңмен жалғыз алысқан кім?
Жауына найза сөзін шанышқан кім?
Өзендей құйған барын көк теңізге,
Лермонтов, Пушкиндермен табысқан кім?

Мұғалім: тәрбие сағатымыздың барысында бұл сұрақтарыңа жауап аласыңдар деп ойлаймын
III."Абай дара, Абай дана қазақта"
1-жүргізуші: Құрметті оқушылар,қазақта неге Абай дара, Абай дана деп аталады?
(Әр топтан 1 оқушы өз пікірін айтады)
IV. "Сәулең болса кеудеңде, мына сөзге көңіл бөл"
2-жүргізуші: Абай әуелден-ақ әкенің баласы болмай, адамның баласы болуды армандағанын біз білеміз.
1-жүргізуші: -Абайды оқып, оны ойға түю, жүрекпен сезіну баршамыздың мақсатымыз. Сондықтан, "Сәулең болса кеудеңде, мына сөзге көңіл бөл"-деп қара сөздерге кезек берейік
1-жүргізуші: Абайдың нақыл сөздерін мынадай тақырыптарға бөлуге болады.
2-жүргізуші: Адам жанын зерттеу, бала тәрбиесі , Имандылық тақырыбы
1-жүргізуші: Жаман мінез, әдеттер және адамгершілік жайлы
2-жүргізуші: Қазақ мақалы, қазақ халқы жайлы
1-жүргізуші: Абайдың 19-қара сөзі (Абайдың қара сөздерін бейнетаспадан тыңдау )
Мағынаны тану, талдау
Бірінші топ а) Қандай мәселе көтерілген?
Екінші топ ә) Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні қандай?
Үшінші топ б) Бұл қара сөзден сен өзіңе қандай ғибрат алдың?
1-жүргізуші:Абайдың Қара сөздері терең ой мен күрделі пікірге құрылған.
Жақсы мен жаман туралы баяндайды, халқын алға ұмтылуға шақырады.
Абайдың 17-қара сөзі бойынша сахналық қойылымды тамашалаңыздар
"Ғылым, жүрек, ақыл, қайрат"
2-жүргізуші:Абайдың қара сөздері балаға да, данаға да ой салатын, жақсылыққа жетелейтін ұлағаты мол қазына
Мұғалім:Қара сөздерін саралай отырып Абайды кім деп айта аламыз? Қандай адам деп айта аламыз?
Абай – ойшыл.
V."Өлең сөздің патшасы сөз сарасы"
1-жүргізуші:- Ұлы ақынның туған жері – табиғаты тамаша Семей жері, Шыңғыс тауының етегі. Осы туған жердің табиғаты, туған отбасы, заманы –барлығы Абайдың сезіміне, жүрегіне әсер етіп, оның ақындығына ықпал етті. Енді өзіміз білетін Абай атамыздың өлеңдеріне кезек берелік.
1- оқушы: Жаз2- оқушы: Күз
3- оқушы: Қыс
4- оқушы:«Құлақтан кіріп бойды алар»
5- оқушы:«- «Ғылым таппай мақтанба»
6- оқушы:«Өлең – сөздің патшасы , сөз сарасы»
7-оқушы: «Жасымда ғылым бар деп ескермедім»
8- оқушы:«Алланың өзі де рас, сөзі де рас»
9-оқушы: «Әсемпаз болма әрнеге»
10-оқушы: «Балалық өлді, білдің бе?»
11-оқушы: « Қайран елім, қазағым, қайран жұртым»
Абай ақын
VI. «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа»
2-жүргізуші: Ғасырлар бойы дамыған қазақ ән өнері XIX ғасырдың екінші жартысында көркемдік пен кемелдіктің шыңына өрледі. Абай өмір сүрген осы кезеңде қазақта музыканың жазба мәдениеті жоқ еді, халықтық музыка ауыз дәстүрлік қалыпта еді. Сондықтан Абай әндері ауыздан – ауызға, заманнан – заманға ауызша ауыса отырып жетті.
1-жүргізуші: Абай әндерінің бізге толық жеткен себебі, халықтың жүрегінде сақталуға, сапасы сай келетін шығармалар болғандығында, халық санасынан өшпес орын алғандығында.
2-жүргізуші:Абайдың композиторлық шығармашылығының қалыптасуына «Үш ұлы бастау» - әсер етті
1. Қазақ халқының жазба әдебиеті.
2. Шығыс елдердегі классик поэзиясы.
3. Батыс Еуропа мәдениеті.
1-жүргізуші:- Абай қазақтың ән-күйін сүйіп тыңдаған. Жаяу Мұса, Біржан сал, Ақан сері, Тәттімбет сияқты халық сазгерлерін ерекше бағалаған. Өзі де бірнеше ән шығарған.
"Көзімнің қарасы"әні орындалады
2-жүргізуші:- бұл әндерді көпшілігіміз естіп, айтып жүргенімізбен олардың шығу тарихы жайында мағлұматымыз мардымсыз.
1-жүргізуші:- «Айттым сәлем, Қаламқас,
Саған құрбан мал мен бас...» деп басталатын Абайдың әйгілі әнін білмейтін қазақ кем де кем. Бұл туынды әр қазаққа, тіпті, өзге ұлт өкілдеріне де жақсы таныс.
2-жүргізуші:- Ендеше "Айттым сәлем, Қаламқас" әнінің тарихымен таныса отырыңыздар
Ұлдардың орындауында "Айттым сәлем, Қаламқас"

Бұл әннің тарихын тыңдай отырып, басқа да әндерін тыңдай отырып Абайды тағы да қай қырынан көреміз?
Абай – сазгер.
VII. "Жырақ жатып жүрегі бірге соққан"
1-жүргізуші:Бірін-бірі көрмеген 3 данышпан, 3 тұлға ұлы далада бас қосты.Неміс, орыс және қазақ халқының даналары Гете, Лермонтов және Абай ескерткіштері Абай ауданында бой көтерді. "Халықтар достығы" деп аталатын бұл ескерткіште Лермонтов орыс тіліне аударған немістің ұлы ақыны- Гетенің "горные вершины" өлеңі және қазақ тіліне Абай аударған "Қараңғы түнде тау қалқып" өлеңі жазылған
Енді осы өлеңді қазақ, орыс, неміс және ағылшын тілінде тыңдайық
2-жүргізуші:- Абай орыс ақыны А.С.Пушкиннің «Евгений Онегин» романынан үзінділер, М.Ю.Лермонтовтың, , И.Гетенің шығармаларын сүйіп оқып, аударған.
1-жүргізуші:Біз оқыған " қарға мен түлкі " , "шегіртке мен құмырсқа", " есек пен бұлбұл" мысалдарын И.Крыловтан аударған Абай атамыз екен.
Енді осы" қарға мен түлкі " мысалын тамашалаңыздар
.........................................................................................................
2-жүргізуші:- Осы мысалды тамашалай отырып қандай ой түйдіңдер?
1-жүргізуші:- Абайды тағы қандай қырынан көріп отырмыз?
Абай аудармашы
VIII.Тура биде туған жоқ
2-жүргізуші: Абай ел ісіне де араласқан. Саясаткер ,заңгер Абай туралы мына мәліметтерге қанық болыңыздар
IX. 2-жүргізуші: "Болмасаң да ұқсап бақ" дегендей оқушылар шығармашылығына кезек берейік
1-топ:Абайша жырлау 2-топ: Абай өлеңдеріне байланысты салған суреттері
3-топ: Эссе, ойтолғау жазу " Әлемнің Абайы"
«Әлемнің Абайы» өлеңі
1-жүргізуші: Абай біздің –Кемеңгер,
Теңдесі жоқ асқар биік шыңымыз,
2-жүргізуші: Ақ ниетті, әділетшіл шыңымыз,
Асыл қазына, ашылмаған сырымыз.
1-жүргізуші: Таусылмайтын мәңгі бақи жырымыз!
2-жүргізуші:Парасатты болып туған,
Шыңғыстаудың Абайы
1-жүргізуші:.Ән мен жырын мұра қылған,
Сарыарқаның Абайы,
2-жүргізуші:.Нақылменен сана құйған,
Қазағымның Абайы,
1-жүргізуші: Ақылменен дана болған
Бірге: Бүкіл елдің Абайы
"Әлемге танылған Абай" атты суреттер жинақтамасымен таныстыру
Сіз не дейсіз? ( Әр топтан 1 оқушыдан Абай туралы сұрақтарға жауап береді)
1-жүргізуші: Абай туған елін қаншама сүйсе, елі үшін күңіреніп, тебіренсе бүгінгі ұрпақ оны сонша құрметпен сүйіп отыр. Абайдың көзі тірісінде жетпеген арманына біздің заманымызда жетіп отыр. Өйткені, бүгінгі ұрпақ көзі ашық, ғылымға, білімге, өнерге құмар.
2-жүргізуші: Абайдың осы мұрасы туған халқы үшін ешқашан да сарқылмайды. Абай сияқты даналарымыздың қалдырған із ешқашанда өшпек емес.
1-жүргізуші: Гаухар мен Аяужанның орындауында " Бабалардың ізін көрем" әні
Кері байланыс
Әр топтан екі оқушыдан шығып бірінші топ -екінші топқа, екінші топ — үшінші топқа, үшінші топ — бірінші топқа екі жұлдыз, бір тілектерін айтады.
ҚОРЫТЫНД
Абай ойларына, Абай әлеміне саяхат жасамақ болғандардың бір мойындауға тиісті ақиқаты – Абайды түсінудің сан сатылы болатыны. Абаймен сырласуға, Абай әлеміне саяхат жасауға әркімнің де қақысы бар. Абайдың өзі "болмасаң да ұқсап бақ" деген.
Абайдың мың қырлы, мың тәлімі бар.Бүгінгі тәрбие сағатымыздың барысында сол мың қырлы мың тәлімнің теңіздегі тамшыдайын ғана өзімізше түсініп, әңгіме еттік деп ойлаймын
- Осымен сабағымыз аяқталды,Абайдың өн бойы толы рухани байлығын бойларыңа сіңіріп, білімдеріңді толықтырдыңдар деп ойлаймын

* * * * * * * * * *

*Қызылорда облысы Шиелі аудандық кешкі жалпы білім беретін мектебі КММ*
*Құқық пәнінің мұғалімі Әділбеков Орынбасар*

| | |
|---|---|
| **«Келісілді»** | ӘБ Жетекшісі |
| **Мектеп:Кешкі мектеп** | **Мұғалім: Әділбеков Орынбасар** |
| **Құқық негіздері.  Қысқа мерзімді сабақ жоспары** | |
| **Мерзімі** | **Сынып 10** |
| **Бөлім  10** | **Құқықты мемлекет,азаматтық қоғам** |
| **Сабақтың тақырыбы** | Құқықты мемлекет түсінігі және оның қағидаттары |
| **Оқу мақсаты** | 10.1.2.1 құқықты мемлекеттің қағидаттарын ашу<br>10.1.2.2 құқықты мемлекеттің әлемдік тәжірибеде заң үстемдігінің функционалдық маңыздылығын білу |
| **Бағалау критерийі** | Құқықты мемлекеттің  функцияларын білу<br>Құқықты мемлекеттің қағидаларын анықтап, түсіндіру<br>Құқықты мемлекеттің әлемдік тәжірибеде маңызын  анықтау |
| **Сабақтың мақсаты** | Құқықтық мемлекеттің түсінігі мен қағидаттарын анықтаңыз |
| **Тілдік мақсаттар** | **Лексика мен терминология,негізгі ұғымдар:**<br>Құқықты мемлекет<br>Құқықты мемлекеттің белгілері<br>Азаматтың құқығы мен еркіндігі<br>Құқық үстемдігі<br>Құқықты мәдениет<br>Биліктердің бөлінуі |
| **Пән аралық байланыс** | Қазақстан тарихы,дүние жүзі тарихы пәндерімен пән аралық байланыс.Қазақстанның және әлем елдерінің құқықтық құрылымын зерттеу: Еуропа, Азия, Африка және Америка. |
| **АКТныңқолдану дағдысы** | Зерттеу жұмысына материал іздеу |
| **Алдындағы білім** | Берілген оқу жоспары күнделікті өмірде алынған дағдыларды зерттейді, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарынан және 9-сынып оқушыларына арналған құқық негізінде алынған білімдерді қолданады<br>Олар сондай-ақ қазіргі Қазақстанның құқықтық және әлеуметтік-саяси оқиғалары туралы біледі. |
| **Сабақтың барысы** | |

| **Сабақ кезеңдерін жоспарлау** | **Сабақ барысында жоспарланған іс әрекеттер** |
|---|---|
| **Білімді жаңарту**<br>**5 мин.** | **Психологиялық ахуал жасау. «Сиқырлы қобдиша» жаттығуы.**<br>Нұсқау: Қатысушылар шеңбер құра отырады. Ортада сиқырлы қобдиша тұрады. Сыйлықтар – қағазға жазылған адамгершілік қасиеттер.<br>**Жаттығу шарты:** Қобдишадан әр қатысушы кезекпен бір сыйлықты таңдап алып, ішінде жазылған сөзді лайықты деп санаған адамға сыйлайды. Сыйлықтар үлестірілгеннен кейін, шеңбер бойынша өзінің сыйлығын айтады.<br>**шабу.Презентацияның бірінші слайды.Сен осындай мемлекетте өмір сүрер ме едің?**<br>- Барлық күш құрылымдарының қалыптасуы, өкілеттіктері және жұмыс тәртібі конституциямен және заңмен анықталады<br>- Онда үкімет билігі бірде-біреуі биліктің толық билігін пайдаланбайды.<br>- Азаматтар мен билік органдары заңмен жүктелген міндеттерді қатаң орындауы керек<br>- Егер мемлекетте туындаған мәселелер мен шиеленістер,негізгі заң Конституциямен шешілуге тиіс<br>- Әрбір жеке азаматтың мүдделері қоғамның басымдықтарында жетекші орын |

| | |
|---|---|
| | алады<br>- Мемлекеттің барлық азаматтары сот пен заң алдында тең.<br>**Осындай мемлекет, қандай мемлекет? Құқықты мемлекет** |
| **Мақсатқа жету** | Оқушыларға сабақ тақырыбын қалыптастыруға және сабақ мақсаттарын талқылауға шақырамын. Күтілетін сабақ нәтижесін ұсыну. Негізгі түсініктер |
| Жаңа материалды түсіндіру | **Тапсырма:**<br>Жұптық жұмыс  Дерекпен танысыңыз<br>Құқықты мемлекеттің белгілерін анықтап,Конституция бойынша сәйкестендіріңіз<br>«құқықты мемлекет» сөзіне анықтама беріңіз<br>Қоғам дамуында  құқықтық мемлекеттің қалыптасуының маңыздылығы туралы қорытынды жасаңыз.<br>**Дескриптор:**  Құқықты мемлекеттің кемінде 3  белгісін анықтайды.<br>«Құқықты мемлекет» ұғымына нақты анықтама береді<br>Қорытынды жасайды, өзінің көзқарасын растайтын 3 дәлел келтіреді.<br>**Өзін өзі тексеру: Құқықты мемлекет**<br>Мемлекеттің барлық қызметі заңға бағынады, сондай-ақ оның нормалары мен бостандығын және адам құқықтарын қорғауға бағытталған құқықтық қағидаларға бағынады.<br>Конституцияда көрсетілгендей, адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге бағытталған, егеменді халықтың еркіне бағынатын заңмен өз іс-әрекеттерімен шектелген мемлекет.<br>**Құқықты мемлекеттің бес белгілері**<br>Мемлекет аумағындағы заң үстемдігі;<br>Билік бөлінісіндегі қағидаттардың сақталуы<br>Жеке тұлғаның және мемлекеттің өзара жауапкершілігі;<br>Құқық үстемдігі;<br>Адам құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктері.<br>**Зерттеу  Топтық жұмыс**<br>Интернет ресурстары мен деректерді қолдану арқылы Қазақстан мен өзге мемлекеттердің мысалында құқықтық мемлекеттің белгілерін анықтау;<br>1-топ – Қазақстан;<br>2-топ – Европа елдерінің бірі;<br>3-топ – Латинской Америка елдерінің бірі;<br>4-топ – Азия елдерінің бірі;<br>5-топ – Африка елдерінің бірі.<br>Зерттеуді интеллект-картада көрсетіңіз<br>**Қорытынды:** Құқықты мемлекет құрудың әлем үшін қаншалықты маңызы бар?<br>**Дескриптор:** Интеллект карта арқылы құқықты мемлекеттің ерекшеліктерін анықтайды.<br>**Пікір сайыс.** Қазақстан – құқықты мемлекет: аңыз немесе шынайы?<br>Топтық кейс құрастыру<br>Өзіңіздің көз қарасыңызды нақтылайтын 5 дәлел мен дәйек келтіру<br>Құрастырылған кейс бойынша қорытынды жасау |
| **Кері байланыс**<br><br><br><br><br><br><br><br>**Үйге тапсырма** | «Тазалық» ойыны<br>Қатысушыларға бір парақ беріледі. Онда мыналар салынған:<br>Чемодан (суреті)<br>қоқыс жәшігі (суреті)<br>еттартқыш (суреті)<br>- бүгінгі тақырып бойынша алған керекті ақпараттарыңызды чемоданға салыңыздар (жазыңыздар), бүгінгі сабақтағы керек емес болған, артық дүниені қоқыс жәшігіне салыңыздар (жазыңыздар). Ал бүгіні ақпараттың ішінде әлі оқуым керек, толықтыруым керек дегендері болса, еттартқышқа салыңыздар (жазыңыздар)<br>“Мемлекет күшті,егер ондағы заңдар құрметтелсе”  тақырыбына эссе жазу<br>*Эврипид*<br>Дескрипторлары:<br>Кіріспе. Өзінің жеке көз қарасы<br>Кем дегенде 3 дәлел келтірген<br>Қорытынды. |
| **Сабақ бойынша кері байланыс** | |

Сабаққа кері байланыс жасағаннан кейін,төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз;
1. ОМ барлық оқушылар жетті ме? Жетпесе,неліктен?
2.Сабақ мақсаттарына жетуде дифференциация қалай жүргізілді?
3. Сабақ кезеңдерінде уақыт жеткілікті болды ма?
4. Сабақ барысында жоспардан қандай ауытқулар болды? Неліктен?
5.Сабақты жақсартуға не көмектесе алды (оқыту мен оқу туралы ойланыңыз)?

**АБАЙ ЖӘНЕ ИСЛАМ**

*Түркістан облысы, Арыс қаласы, № 8 В.Комаров атындағы жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Кайбалдиева Жазира Гайсаевна*

... Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған – деп төрелігін өзі шешкен Абай Құнанбайұлы жарқын бейнесімен де, жалынды жырымен де бізбен бірге.
Мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы жарық көрді. Мақалада Президент Абай шығармаларының бүгінгі қоғам үшін мән – маңызына тоқталды. Президент: «Абайдың тұлғасы мен мұрасы жан – жақты зерделеніп, оның шығармашылығын XXI ғасырдағы жаңа Қазақстанның игілігіне пайдалануға жол ашылады», - деген мақаласында.
Өз ойымыздың әлхиссасын М.Тазабековтың өлеңімен былайша бастауды жөн көрдік:
... Жемісін ғасырларда жел үзбеген,
Тарих пен тағылымды егіз көрем.
Кешегі Кенесары тұлпарына,
Доңыздың басқан жерін жегізбеген.
Тектілік үлгісіндей Зере әжеміз,
Құнанбайды дәретсіз емізбеген.
Атаның бойындағы тазалықтан,
Абайды туды тектілік негізбенен...
Хакім Абай атамыз Ислам дінінің тарихын жақсы білген. Ол Алла Тағаланың өсиеттерін өзіндік сипатпен, ерекше көзқарас тұрғысынан түсіндіреді. Оны саналы түрде ұғыну үшін Абай тереңіне бас қойып, оның 10, 12, 13, 16, 27, 34, 35,36,38 – нші қара сөздерін зерделеу қажет. Абайдың 38-нші қара сөзіне зейін қойсаңыз, әуелгі Алла Тағала болмысына арналған. Абай ұғымында Алла болмыстың атауы. «Себебі, Алла тағала сөзі – хақиқат жолы», - деген ол. Бар нәрселер хикметін анық білетін ғылым – Алла ғылымы. Хакім сондықтан да ғылым жолына түскен адамды хақиқат жолына түскен жан деп санайды. 12 – нші қара сөзінде: «Кімде – кім жақсы – жаман ғибадат қылып жүрсе, оны ол ғибадаттан тыюға аузымыз бармайды, әйтеуір жақсылыққа қылған ниеттің жамандығы жоқ қой дейміз», - деп бастайды.
Абай атамыздың иман келтіріп, мұсылмандықты қабыл алған адамдарға қояр талабы зор. Ол мұсылманшылықты ғадалетпен, махаббатпен түсіндіреді. Қиянат болған жерде мұсылмандық болмайтынын айтады. Абай данышпан осы пікір дәлелдеуде хадис-шарифтен үзінділер келтірген. Мысалы, «Құдайдың бергеніне ой жібер», «Егер Алланы сүйсең, ол да сені сүйеді» т.с.с.
Ақынның 1891, 1896, 1899, 1902 жылдары жазылған «Алла мықты жаратқан сегіз батыр...», «Алла деген сөз жеңіл», «Алланың біл рахматын», «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» сынды өлеңдері бар.
«Алланың біл рахматын...» атты өлеңінде болашағынан зор үміт күткен сүйікті ұлы Әбдірахман науқастанып жатқанда ұлының дертіне шипа, жанына саулық тілеу мақсатын анық аңғартады.
Ал «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңіне тоқталсақ, ақынның 1902 жылы жазған өлеңі. 14 шумақтан тұратын 56 жолды өлең. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас сөз ешуақытта жалған болмас» деп, Алланың растығына айрықша көңіл бөлген. Алла ісіне мойын ұсынып, мұсылман болудың Абай айтқан шарты – адамға жақсылық жасау.
«Алла ішімді айтқызбай біледі ойла,
Пендесіне қастықпен кінә қойма.
Распенен таласпа мүмин болсаң,
Ойла, айттым, адамдық атын жойма!...»
«Распенен таласпа» деп, Алла сөзіне күмәнданба дегені.
Ислам – хақ дін. Мен ойымды жоғарыдағы ақынның мына жолдарымен түйіндедім:
Ақын намаз оқыса хақты танып,
Алдымен аузындағы сөз түзелер.
Он күнәнің тоғызы тілден деген,
Сөз түзелсе, иншалла ел түзер.

**ҰЛЫ АБАЙ ЖӘНЕ БІЗ**

*Қызылорда облысы, Шиелі ауданы «№ 50 Абай атындағы орта мектебі» КММ-*
*Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Молдабаева Нурила Ниязбековна*

Абай – даналыққа жеткен жан. Абайға жақындау дегеніңіз даналыққа жақындау туралы оймен ұштасатыны рас. Алайда, жеке бір тұлғалардың даналыққа жетуі мүмкін болғанымен, Абайға жақындауы мүмкін емес-ау деймін. Абайға жақындау оңай емес. Абайдың адам болам деген жан асық болар бес асыл ісі бар: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым…

Мектеп партасынан таныс, күнде естіп, күнде айтып жүргендей сөздер, белгілі ұғымдар. Солай десек те осы бес асыл біздің біріміздің бойымызда бірдей бар ма? Бес дұшпаныңыз: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ. Осы бес дұшпаннан біздің бәріміз адамыз ба?

Бес асылға асық болып, бес дұшпаннан қашық жүрген адам ғана Абайға жақындай алады-ау деп ойлаймын. Егер тым қашық болып кеткен болсақ, келер ұрпақ осы қашықтықты қысқартатын болар деп үміт етемін.

Алғаш Абай өлеңіне А.Байтұрсынұлы: «Сөзі аз, мағынасы көп, терең» деп баға берген. Расында да, Абай ойының тереңіне бір оқығаннан бойлау, айтпағын бірден дөп түсіну қиын. Абайды өз заманында қалай түсініп еді, ал біз бүгін қалай түсініп жүрміз? Бүгінгі ұрпаққа Абай шығармаларын қалай ұғындырмақ керек? Бұл мұғалімнің әдіс-тәсіліне тікелей қатысты.

Абай өлеңдерін танытудағы тәсілдер ге назар аударалық. Әдебиет теориясы бойынша берілген кестедегі көркемдегіш құралдар атауын білдіретін мәнімен сәйкестендіріңіз.

ЖЖ Дұрыс нұсқасымен жұпта тексеріп, өзара бағалаңыздар.

| | | |
|---|---|---|
| Метафора | | Құбылыстар мен заттардың ұқсастық белгілері негізінде астарлы мағынада қолданылуы. “Қасқа бұлақ, қасыңнан неге кеттім?! Не деген жел айдаған көбелекпін?”<br>Абай өлеңдеріндегі “жастықтың оты”, “жүректің көзі”, “дүние есігі”; дәстүрлі қолданыстағы түрі: жан азығы, табиғат-ана, өмір-өзен, өмір сыбағасы т.б. |
| Эпитет | | заттың, яки құбылыстың ерекшелігін, сыр-сипатын бейнелі түрде танытатын поэтикалық және стилистикалық ұғым, экспрессивті айқындаушы сөз. Мысалы, қазақ поэзиясында “алтын” сөзі эпитет көп қолданылады. Мысалы: Мөлдіреп тұнық ауа таңғы уақыт, Жұлдыздар түнде тұрған қарауылға т.б. |
| Алмастыру (метонимия) | | бір-бірімен өзара, іштен байланысты екі құбылыстың, бұйымның, нәрсенің атын бірінің орнына бірін ауыстырып қойып жұмсауды айтамыз. Мысалы:<br>*«Күшік асырап, ит еттім,*<br>*Ол балтырымды қанатты.*<br>*«Біреуге мылтық үйреттім,*<br>*Ол мерген болды, мені атты». (Абай)*<br>«Күшік асырап, ит еттім». Ақын бұл жерде іс-әрекеті жауыздыққа ұласқан қанішер жанды суреттейді. *«Үйі мәз боп, қой сойды, Сүйіншіге шапқанға».* Мұнда сүйінші сұрауға жүгірген адамдар мекендейтін тұрақ-үйдің өзі емес, ақын сол үйдің ішіндегі адамдарды айтқан. |
| Элипсис | | сөйлемнің бір мүшесін алып тастау арқылы құрылған сөз үлгісі. Мысалы, Жау келіп қалды… |
| Сатира | | өзі суреттеп отырған оқиғаны, құбылысты немесе кейіпкерді өткір сынға алып, әжуаға айналдыратын көркемдік бейнелеу тәсілі. Оның екі түрі бар: ирония (жеңіл әжуа), сарказм (ащы мысқыл, кекесін), |
| Әсірелеу , гипербола (грек, hyperbole - күшейту) | | әр түрлі құбылыстарды немесе белгілі бір нәрсені шамадан тыс асыра суреттеу тәсілі, құбылтудың бір түрі. *Астындағы бурылдың, Жоғарғы ерні көк тіреп, Төменгі ерні жер тіреп.*<br>*"Қараңғы қазақ көгіне, Өрмелеп шығын күн болам!"* |
| Литота (гр.*λιτότης* - қарапайым, қораш), немесе кішірейту | | заттың не құбылыстың қасиетін кішірейте суреттейтін көркемдік құрал. Мысалы,*"От орнындай тұяқтан, оймақтайы қалыпты"* ("Ер Тарғын"). Литотаның мақсаты - тосын әсер туғызу. Мысалы: Етектейін еріннен, Екі елісі қалыпты.Қиған қамыс құлақтан, |

| | | |
|---|---|---|
| | | Бір тұтамы қалыпты. |
| Теңеу | | -дай, -дей, -тай, -тей жұрнақтары жалғану арқылы жасалады.– заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттеу. Оның жасалу жолдары: -дай, -дей жұрнақтары арқылы, «секілді, сияқты» деген шылаулармен, «ұқсап, құсап» деген сөздер арқылы жасалады. Мысалы: Асқар таудай, дардай. Ақберен Елгезектің «Кешкі ода» атты өлеңінің мына шумағы тұтастай теңеуге құралған. Нұр-ғұмырың – баулардың тілегіндей. Қарашы әне, майысқан аппақ гүлді, Дәл өзіңнің нәп-нәзік білегіндей! |
| Ассонанс | | Бірыңғай дауысты дыбыстардың қайталануы. Мысалы, *Ашу деген – ағын су, Алдын ашсаң арқырар. Ақыл деген – дария, Алдын тоссаң тоқырар.* |
| Аллитерация | | Бірыңғай дауыссыз дыбыстардың қайталануы. Мысалы, *Түніменен түйіндік, Таң атқанша тарандық, Таң ағарып атқан соң, Төңірек жаққа қарандық. (Махамбет)* |
| Анафора | | өлеңнің әр жолы немесе әрбір ой ағымы бір сөзден басталып отырады: *"Ұйқыдан соң – Жапырақпын, Жаңбыр шайып жаңарған. Ұйқыдан соң – Құспын, Ұзақ ұшып, көліне кеп дем алған"* |
| Эпифора | | өлеңнің әр жолының немесе ой ағымының соңындағы бір сөз бірнеше рет қайталанады: «Қыз бала көркем көрінер Беттегі нұрлы қанменен... Еділ көркем көрінер Жағалай біткен талменен». |

Тапсырма 1. Т 20 мин. ( «Жигсо 2» стр. қолданылады).

*Әр топ өзінің сарапшы парағы бойынша жұмысты орындайды. Жұмысты орындау барысында, оқушылардың көмегіне жүгіне алады.*

№ 1- сарапшы парағы

1. «Сегіз аяқ» өлеңінің 1-5-шумағы бойынша көркемдегіш құралдар мен айшықтауды анықтап, автор ойын жеткізудегі қызметін талдаңыздар. Ойларыңызды «Кесте» сызбасы түрінде ұсыныңыздар.

2.1-5-шумақтар бойынша автор қандай мәселелер көтерген? Автор көтерген мәселелерді анықтаңыздар, осы көтерілген мәселелердің себебі мен салдарын ұлттық мүдде тұрғысынан ашып, баға беріңіздер. Ойларыңызды «Шежіре ағашы» түрінде ұсыныңыздар.

3.Ақын сынға алған ақылсыздық, ынжықтық пен талапсыздық қазіргі қоғамда бар ма? Сұрақты талқылап, өз көзқарастарыңызды білдіріңіздер.

№ 2- сарапшы парағы

• «Сегіз аяқ» өлеңінің 6-10-шумағы бойынша көркемдегіш құралдар мен айшықтауды анықтап, автор ойын жеткізудегі қызметін талдаңыздар. Ойларыңызды «Кесте» сызбасы түрінде ұсыныңыздар.

•6-10-шумақтар бойынша автор қандай мәселелер көтерген? Автор көтерген мәселелерді анықтаңыздар, осы көтерілген мәселелердің себебі мен салдарын ұлттық мүдде тұрғысынан ашып, баға беріңіздер. Ойларыңызды «Шежіре ағашы» түрінде ұсыныңыздар.

•Ақын сынға алған бос мақтанға бой алдыру қазіргі қоғамда бар ма? Мақтаншақтықтың салдары неге әкелуі мүмкін? Сұрақты талқылап, өз көзқарастарыңызды білдіріңіздер.

№ 3- сарапшы парағы

1. «Сегіз аяқ» өлеңінің 11-15-шумағы бойынша көркемдегіш құралдар мен айшықтауды анықтап, автор ойын жеткізудегі қызметін талдаңыздар. Ойларыңызды «Кесте» сызбасы түрінде

2.11-15-шумақтар бойынша автор қандай мәселелер көтерген? Автор көтерген мәселелерді анықтаңыздар, осы көтерілген мәселелердің себебі мен салдарын ұлттық мүдде тұрғысынан ашып, баға беріңіздер. Ойларыңызды «Шежіре ағашы» түрінде ұсыныңыздар.

3.Ақын сынға алған жұмыссыздық, бос сенделу қазіргі қоғамда бар ма? Оның салдары неге әкелуі мүмкін? Сұрақты талқылап, өз көзқарастарыңызды білдіріңіздер.

№ 4- сарапшы парағы

- «Сегіз аяқ» өлеңінің 16-19-шумағы бойынша көркемдегіш құралдар мен айшықтауды анықтап, автор ойын жеткізудегі қызметін талдаңыздар. Ойларыңызды «Кесте» сызбасы түрінде

-16-19-шумақтар бойынша автор қандай мәселелер көтерген? Автор көтерген мәселелерді анықтаңыздар, осы көтерілген мәселелердің себебі мен салдарын ұлттық мүдде тұрғысынан ашып, баға беріңіздер. Ойларыңызды «Шежіре ағашы» түрінде ұсыныңыздар.

-Ақын сынға алған кекшілдік пен жалған достық қазіргі қоғамда бар ма? Оның салдары неге әкелуі мүмкін? Сұрақты талқылап, өз көзқарастарыңызды білдіріңіздер.

№ 5- сарапшы парағы

1. «Сегіз аяқ» өлеңінің  20-23-шумағы бойынша көркемдегіш құралдар мен айшықтауды  анықтап,  автор ойын жеткізудегі  қызметін талдаңыздар. Ойларыңызды «Кесте» сызбасы түрінде
2.20-23-шумақтар бойынша автор қандай мәселелер көтерген? Автор көтерген мәселелерді анықтаңыздар,  осы көтерілген мәселелердің  себебі мен салдарын ұлттық мүдде тұрғысынан ашып, баға беріңіздер. Ойларыңызды «Шежіре ағашы» түрінде ұсыныңыздар.
3.Лирикалық кейіпкердің көшбасшылық әрекеті неге қолдау таппады? Қазіргі қоғамдағы көшбасшылық және оны қолдау жайлы мәселені   талқылап, өз көзқарастарыңызды білдіріңіздер.
«Жигсо -2» стратегиясының ерекшелігі:
Әр топта 4 оқушы бар. Оқушылардың суреттер арқылы бөлінген тобы – үй тобы деп аталады. Оқушылар үй тобынан бөлініп жұмыс тобына барады. 1-оқушылар 1 топқа, 2-оқушылар 2-топқа, 3-оқушылар 3- топқа, 4-оқушылар 4-топқа жиналады. Оқушылар жұмыс тобына жиналған соң, өздерінің жасаған жұмыстарын бастан-аяқ жұмыс дәптерлеріне жазып алады. Әр оқушы өзінің жұмысымен таныстыруы тиіс. Оқушылар талқылау жүргізіп, болған соң, үй топтарына оралады. Басқа оқушылардан естіген, білгендерін ортаға салып, талдайды. Келесі сабақтарда оқушылар «Галереяда ой шарлау» әдісі арқылы өткен сабақтағы «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» өлеңі бойынша  өздері әзірлеген  постерлерін қайта қарап, өлеңде көтерілген мәселелерді, өлең мазмұнын естеріне түсіреді.  Мұғалім  өлең идеясына қатысты талқылау жүргізуді  ұсынады. Оқушылар постерлерін аралай жүріп, талқылау жүргізеді,  өлең жайлы өзара сөйлеседі.  Сынып бөлмесінде сонымен қатар эссе жазудың ерекшеліктеріне қатысты мәдіметтер мен  өлең мазмұнымен қабысатын афоризм сөздер ілінеді. Оқушылар осы нақыл сөздерді де оқиды.
Сынып бөлмесінде ілінетін нақыл сөздер:  *(А3 парақтарында жазылса)*
1. Орынды іске жүріп ой таппаған, Не болмаса жұмыс қып, мал таппаған. Қасиетті болмайды, ондай жігіт, Әншейін құр бекерге бұлғақтаған.
2.Адамның адамшылығы - ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.
3. Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: Ыстық қайрат, Нұрлы ақыл, Жылы жүрек.
4. Адамзатқа не керек: Сүймек, сезбек, кейімек. Харекет қылмақ, жүгірмек, Ақылмен ойлап сөйлемек.
5. Атымды адам қойған соң, Қайтып надан болайын.
6. Бес нәрсеге асық бол... Талап еңбек, терең ой, Қанағат, рақым, ойлап қой -  Бес асыл іс көнесеңіз.
7. Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады.
8. Жас уақытта көңіл - гүл.
9. Жастықтың аты арындап, Тас қияға өрледің.
10. Жастықтың оты жалындап, Жас жүректе жанған шақ. Талаптың аты арындап, Әр қиянға салған шақ.
11. Жастықта көкірек зор, уайым жоқ.
12. Егер ісім өнсін десең - ретін тап.
13. Еңбек - қуаныш, жалқаулық арылмас азап.
14. Еңбексіз мал дәметкен - қайыршылық.
15. Жұмысы жоқтық, Тамағы тоқтық, Аздырар адам баласын.
16. Дүниеде жалғыз қалған адам - адамның өлгені.
17. Сақалын сатқан кәріден, Еңбегін сатқан бала артық.

Кісі басқаны тану үшін алдымен өзін-өзі тануы шарт. Абай: «Жүрегіңнің түбіне терең бойла, Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла», – дегенде, осыны ескерген. Абайдың 1957 жылы жарық көрген екі томдық толық жинағында (жалпы редакциясын басқарған М.О.Әуезов) Жүрегіңнің болып берілген осы сөз кейінгі басылымдарда «Жүрегімнің» болып жүр. Біз М.О.Әуезов редакциясындағы Жүрегіңнің дегенді дұрыс көреміз.

Өзгені танығысы келген кісінің алдымен өзін-өзі тануы – Абай іліміндегі іргелі қағида. Өзін-өзі тануға әлі жетпеген жан өзгені тани алмайды. Өзін-өзі таныған жан өзгені де танитын болады.

Бүгінге дейін Абайды тану саласында айтарлықтай ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Абайтану ғылым саласы және оқу пәні ретінде қалыптасты. Абайтану ғылымы өз дамуының жаңа кезеңіне асты. Бұл кезеңнің зерттеулері абайтану ғылымының жаңа міндеттерін қойып отыр. Абайтану ғылым саласы ретінде қалыптасты, өз дамуының жаңа кезеңіне асты дедік. Ғылым саласы ұдайы ізденіс жағдайында ұдайы даму үстінде болады. Ұдайы даму үстіндегі ғылымды танудың кезеңдері таусылмақ емес.

* * * * * * * * * * *

*Қызылорда облысы Шиелі ауданы «№ 50 Абай атындағы орта мектеп» КММ*
*Жидебаева Қаракөз орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

| | | |
|---|---|---|
| **Раздел долгосрочного плана: Ценности** | **Школа: СШ  им Абая №50** | |
| **Дата:** | **ФИО учителя:** ***Жидебаева Қаракөз*** | |
| **Класс: 4** | **Количество присутствующих:** | **отсутствующих:** |

| | |
|---|---|
| **Тема урока** | **Написание историй о любви и дружбе** |

| | |
|---|---|
| **Цели обучения, которые достигаются на данном уроке (ссылка на учебную программу)** | 4.1.3.1 отвечать на вопросы, определять ключевые моменты в прослушанном материале<br>4.4.5.1 совершенствовать каллиграфические навыки: соблюдение высоты, ширины и наклона прописных, строчных букв и их соединений |
| **Цели урока** | Отвечать на вопросы по тексту,<br>Совершенствовать каллиграфические навыки. |
| **Критерии оценивания** | Правильно соединяет части пословиц,<br>Объясняет смысл пословиц,<br>Не допускает речевых ошибок.<br>Отвечает на вопросы по прослушанному тексту,<br>Пишет текст по теме,<br>Приводит 2-3 аргумента,<br>Не допускает грамматических ошибок,<br>Соблюдает каллиграфические нормы письма. |
| **Привитие ценностей** | формирование заботливого, уважительного отношения к Родине, природе во всех ее проявлениях; формирование активной позиции защитника окружающей среды |
| **Межпредметные связи** | Раздел связан с предметами «Познание мира», «География» и «Искусство». |
| **Предварительные знания** | Учащиеся смотрели мультфильмы о дружбе. |

**Ход урока**

| **Запланированные этапы урока** | **Запланированная деятельность на уроке** |
|---|---|
| Начало урока | Приветствие. Эмоциональный настрой на урок.<br>Долгожданный дан звонок,<br>Начинается урок.<br>Он пойдет ребятам впрок.<br>Постараюсь все понять<br>И внимательно читать.<br>Звуки с буквами пришли<br>И порядок навели. |
| **Середина урока** | **(К)** Учащиеся вместе с учителем составляют кластер на тему «Дружба»<br>***ФО комментарий учителя***<br>**(Г)** Игра***«Собери пословицу».***<br>Учащиеся в группах находят продолжение пословиц и объясняют их смысл.<br>**1 группа.**<br>Друг верен, во всем измерен.<br>Друг познается при рати да при беде.<br>Друг- ценный клад, недругу никто не рад.<br>Друга иметь – себя не жалеть.<br>**2 группа.**<br>Друга ищи, а найдешь – береги.<br>Друга на деньги не купишь.<br>Дружба что стекло: сломаешь – не починишь.<br>Дружный табун волков не боится.<br>***ФО по дескрипторам:***<br>Правильно соединяет части пословиц, |

| | |
|---|---|
| | Объясняет смысл пословиц,<br>Не допускает речевых ошибок.<br>**(К, Д)** Учащиеся слушают рассказ В.А. Осеевой «Три товарища».<br>*Витя потерял завтрак. На большой перемене все ребята завтракали, а Витя стоял в сторонке.*<br>*– Почему ты не ешь? – спросил его Коля.*<br>*– Завтрак потерял…*<br>*– Плохо, – сказал Коля, откусывая большой кусок белого хлеба. – До обеда далеко ещё!*<br>*– А ты где его потерял? – спросил Миша.*<br>*– Не знаю… – тихо сказал Витя и отвернулся.*<br>*– Ты, наверно, в кармане нёс, а надо в сумку класть, – сказал Миша.*<br>*А Володя ничего не спросил. Он подошёл к Вите, разломил пополам кусок хлеба с маслом и протянул товарищу:*<br>*– Бери, ешь!*<br>- О чем этот рассказ? (Ответы детей: - о товарищах, о дружбе, о взаимопомощи, о доброте).<br>- Почему вы так решили? (Ответы детей).<br>- Как, по вашему мнению, поступил Миша? (Ответы детей: - Плохо, не по-дружески).<br>- Почему вы так решили? (Ответы детей: - Он задавал вопросы и давал советы, но не поделился завтраком, не помог товарищу.)<br>- Как поступил Володя? (Ответы детей: - Он поделился завтраком, помог Вите.)<br>- Каким слово можно назвать Володю? (Ответы детей: - Друг, добрый человек.)<br>- Какими качествами характера должен обладать хороший друг? (Ответы детей).<br>1.Ребята, если мы до этого говорили о ваших друзьях, причину вашей дружбы. Сегодня будем говорить о вас. Какие вы друзья?<br>**(И)** Учащиеся пишут текст на тему ***«А какой ты друг?»***<br>Подумай, что тебе надо изменить в себе – в своем характере, привычках, увлечениях, - чтобы и с тобой людям захотелось дружить.<br>***ФО по дескрипторам:***<br>Пишет текст по теме,<br>Приводит 2-3 аргумента,<br>Не допускает грамматических ошибок,<br>Соблюдает каллиграфические нормы письма. |
| **Конец урока** | **Рефлексия**<br>Это рефлексия из категории "понравилось / не понравилось", "интересно / скучно", "было весело / грустно".<br>Данный вид рефлексии помогает учителю оценить общее настроение класса. Чем больше позитива, тем лучше понята тема. |

| | | |
|---|---|---|
| Дифференциация – каким образом Вы планируете оказать больше поддержки? Какие задачи Вы планируете поставить перед более способными учащимися? | Оценивание – как Вы планируете проверить уровень усвоения материала учащимися? | **Здоровье и соблюдение техники безопасности** |

* * * * * * * * * * *

*Алматы қаласы, Азаматтық авиация академиясы. Авиация колледжі*
*Қазақ тілі әдебиеті пәнінің оқытушысы Оразаева Жазира Кудайбергеновна*

**Сабақтың тақырыбы:** М. Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы.
**Сабақтың мақсаты:**«Абай жолы» роман-эпопеясының дүниежүзілік классикаға енген шығарма екенін таныту.
**Сабақтың міндеттері:**
**а) білімділік:** эпопеяның негізгі оқиғалары бойынша Абайдың феодалдық қоғаммен бетпе-беткелуін,халық үшін күрес жолының басталуын түсіндіру.
Абай бейнесін талдай отырып,өз ойларына қорытынды жасай білуге дағдыландыру.
**ә)дамытушылық:** дағды-машығын,таным белсенділігін дамыту.Өз беттерінше салыстыру,қорытынды жасай білу,шығармашылықпен жұмыс жасауға дағдыландыру.
**б)тәрбиелік:** туған елін сүю,құрметтеу,адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіру.Адал махаббат пентаза достықты үлгі ету,жауыздық пен қатыгездіктен,тағылықтан жирендіру.
Ұлттар достығына деген құрмет сезімін арттыру.

**Сабақтың әдісі:** әңгімелеу,проблемалық сұрақтар,әдеби дискуссия
**Сабақтың түрі:** топтық жұмыс
**Сабақтың көрнекілігі:** М.Әуезов,А.Құнанбаев портреттері, буклет, кесте-сызба, кітап көрмесі, интербелсенді тақта.
**Сабақтың барысы:**
**І.Ұйымдастыру**.Оқушылардың сабаққа қатысуын,оқу құралын түгендеп,назарын сабаққа аудару.
**ІІ.Үй тапсырмасы.**Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығы, Абайдың қара сөздері.
**ІІІ.Жаңа сабақ.**

- Мұғалім сөзі:Абай жолы-халық жолы. Абай туралы романдар-Абайдың ел-жұрты,қоғамдық ортасы,әлеуметтік қоршауы,дәуірі,заманы туралы романдар. Абай-Әуезов қолындағы шамшырақ. Ілияс Омаров сөзімен айтсақ: «Әуезов сол шамшырақты қолына ұстап,көшпелі феодализмнің небір меңіреу түкпірлері мен қараңғы қапастарын аралап кетеді де, зорлық-зомбылық,қатал жауыздық, әділетсіздік сияқты қара күштердің ойнағы болған неше түрлі бұралаң шатқалдарды көз алдыңа жарқыратып әкеледі. Демек, «Абай жолы» Абайдан гөрі кең. «Абай жолының» бас кейіпкері-Абай. Романның бірінші кітабында балғын жас шәкірт Абаймен жарысып ауылға қайтсақ, ақырғы кітабында алпысты алқымдатып,қайтыс болған ел ағасы-ақын Абайдың жаназасына қатысамыз. Сонда елу жылдай өмірдің айғағы боламыз.Жарты ғасыр өмір.

Роман-эпопеяның 1-кітабы-1942 ж 2-кітабы-1947 ж 3-кітабы-1952 ж 4-кітабы-1956 жылдары жарық көрді.
Романды жазып шығуға жазушының 14 жылдан астам уақыты кетті. Романның жазылуы туралы М.Әуезов былай деген: «Әлдеқашан бел асып кеткен керуеннің айдаладағы жұртына кешігіп жеткен жүргінші сөніп қалған от орнынан болмашы жылтыраған бір қызғылт шоқ тауып ап,оны демімен үрлеп,тұтатпақ болды десек,романға материал жинаған менің де халім дәәл сол әрекет сияқты еді».
**Кесте-сызбамен жұмыс.** Абайдың іс-әрекеті топтастырылған кесте-сызбаны басшылыққа алып, әңгімелеу әдісімен жұмыс жүргізу. Алдын ала берілген топтық жұмыс бойынша әр топ эпопеяның кітаптарынан Абай бейнесін ашатын басты оқиғаларды іріктеп алып,төмендегі үлгі негізінде жинақтап келеді. Сол бойынша топ жетекшілерінің есебі тыңдалады.

| № | Негізгі бөлімдер | Оқиғалар | Абайдың іс-әрекеті |
|---|---|---|---|
| 1 | «Қайтқанда » | Қодар мен қамқа өлімі | Әке қолындағы қаннан үркеді. Қатты шошып,ауырып қалады |
| 2 | «Қат-қабатта» | Абайдың Қарқаралыда Шөжені алғаш көруі | Шөже өнеріне сүйсінеді.Әкесі үшін қатты ұялады.Шындықты мойындайды. |
| 3 | «Жолда» | А) Абайдың Қарқаралыда Шөженің өткір сынға толы өлеңін естуі,оның әсері<br>Б) Бөжейдің батасы.Сәби Кәмшаттың аяулы халі | Алғаш рет әкесінің қаталдығына қарсы шығуы (Кәмшат мәселесі бойынша) |
| 4 | «Шытырман да» | А)Шығыс әдебиетінің асыл қазыналарын бас алмай оқуы.<br>Ә) Алғашқы махаббат<br>Б) Сорлы Кәмшаттың ауруға шалдығуы | Тоғжанды сүйе тұра ескілікке қарсы шыға алмайды. Іштей қатты қиналады. |
| 5 | «Бел-белесте» | А) Бөжейдің қаралы көші.Зарлы жоқтаудың Абайға әсері.<br>Ә) Ағасы Тәкежанмен қақтығысы,әкесінің ісіне наразы болуы | Әкесінің Бөжей аулына істеп отырған әділетсіздігін бетке айтады. |

**4) Ой сергіту.Блиц-турнир**. Оқушылардың Абай туралы мәліметтерін молайту мақсатында және қызығушылығын ояту үшін екі топқа сұрақтар беру.
І топ. Абайдың сүйікті жары (Әйгерім)
Абайды «Қазақтың бас ақыны» деп айтқан кім? (А.Байтұрсынов)
Абайдың құрмет тұтқан замандасы,суырып салма ақын (Байкөкше)
Абай дәстүріні жалғастырушы ақын інісі (Шәкәрім)

Абай айқындап берген бес асыл іс (талап,еңбек,терең ой,қанағат,рахым)
«Жайнаған туың жығылмай» өлеңін кімге арнаған? (інісі Оспан қайтыс болғанда)
Абайдың қолжазба мұраларын жүргізуші (Мүрсейіт)
Абай туралы шығарылған алғашқы көркем фйильм атауы (Абай әні)
«Татьянаның қырдағы әніне» айналған Абай аудармасы
(«Қараңғы түнде тау қалғып»)
II топ. «Абай тілі» сөздігінің авторы (І.Кеңесбаев)
Абайдың жеңгелері қойған есімі (Телқара)
Абайдың Семей кітапханасында танысқан орыс досының есімі (Михаэлис)
Әйгерімнің шын есімі (Шүкіман)
Абайдың аяқталмай қалған дастаны («Әзім әңгімесі»)
Абайдың ең жақын досы (Ербол)
Абай айқындап берген адамгершілікке жат бес дұшпан
(өсек,өтірік,мақтаншақ, еріншек,бекер мал шашпақ)
«Етімді шал сипаған құрт жесін» деп жартастан құлап өлген қыз туралы өлеңі қалай аталады? («Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында»)
Абайдың домбыраға арнаған ән өлеңі (Желдірме)

**5) Проблемалық сұрақтар.Әдеби дискуссия.**

-Абай Қодар мен Қамқаны,Кәмшатты неге өлім тырнағынан арашалай алмады?
-Ата емес,адамның ұлы болуды қалай түсінесің? Абай ол биікке жете алды ма?
-Абай неге халық жағына шықты? Себебі неде?
-Абай өмірден түңіле ме?
-Қалай ойлайсыңдар,Құнанбай мен Абай арасындағы келіспеушілік,қайшылық тек әке мен бала арасындағы өкпе наразылық па?

**6) Абай және орта.**Тақтада теріс қаратып кеспе қағаздар ілінеді. Романдағы Абай мен оның айналасындағы топтың байланысын ашамыз.
Әке бейнесі Орыс достары
Ғашықтары Аналар бейнесі
Халық Өнерпаз қауым

**7.Венн диаграммасы.**Абай мен Мұхтар ерекшелігі мен ұқсастықтарын салыстыру

| <u>**Абай**</u> | | <u>**Мұхтар**</u> |
|---|---|---|
| 19 ғ/ң асу шыңы,ақыл-ойдыңалыбы,ақын.Араб,парсы шығыстың классикалық поэзиясын меңгерді.Жаңа дәуірдің басы.Халықтың ұлы болды.Абай ақиқатты ақын сөзімен таныды. | Кемел<br>Талант<br>Суреткер-психолог<br>Ауыз әдебиетін терең меңгерген.Орыс,Еуропа мәдениетіне ден қойды. ЮНЕСКО көлемінде мерейтойлары атап өтілді | 20 ғ/ң заңғар биігі,прозашы,драматург,ұстаз,қоғам қайраткері. Ғасырлық туынды арқылы бір халықтың энциклопедиясын жасады. |

**IV. Жаңа сабақты бекіту.**Оқушылар слайдта көрсетілген сызба бойынша Абай жолының қандай жол екенін өз түсініктері бойынша айтады. Романнан үзінді келтіре отырып,дәлелдейді.
Әділет жолы Өнер жолы
Абай жолы Адам ұлының жолы
Халық үшін күрес жолы Достық жолы

**V.Үйге тапсырма**. Төмендегі кестені басшылыққа ала отырып, эпопея бөлімдері бойынша әр оқушы өзіне ұнаған Абай сөзінен викторина дайындайды.

| | |
|---|---|
| Бөлім | |
| Абайдың сөзі | |
| Қай оқиғада айтылған? | |
| Кімге айтылған? | |

**VI. Бағалау.**

* * * * * * * ** * ** * *

*Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Қаражота ауылы Б.Момышұлы атындағы орта мектеп КММ. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*
*Нурмаханова Аққыз Ильгерибасовна*

**Қысқа мерзімді жоспар**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Мектеп:** | Еңбекшіқазақ ауданы Б.Момышұлы орта мектеп КММ | Мұғалім аты-жөні Нурмаханова Аққыз Ильгерибасовна | |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Шынықсаң шымыр боласың | | |
| **Сынып:** | 5-сынып | | |
| **Күні:** | | Қатысқан оқушы саны: | Қатыспағаны: |
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | **Т/А** 3.Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну,негізгі және қосымша ақпаратты анықтау.<br>**Ж**.2.Жанрлық ерекшеліктеріне сай рәсімделуі мен құрылымын сақтап,хат,жарнама,хабарлама құрастырып жазу.<br>**ӘТН**.4.Жұрнақ арқылы жасалған туынды және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану. | | |
| **Сабақтың мақсаттары:** | **Барлық оқушылар орындай алады:**<br>Мәтінді түсініп,тыңдайды, негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды. | | |
| | **Оқушылардың көпшілігі:** Туынды және күрделі сөздерді ауызша тілдесім барысында қолданады. | | |
| | **Кейбір оқушылар:** Жанрлық ерекшеліктеріне сай рәсімделуі мен құрылымын сақтап,хат,жарнама,хабарлама құрастырып жазады. | | |
| **Бағалау критерийлері** | 1.Мәтінді түсініп, тыңдайды,негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды.<br>2.Жанрлық ерекшеліктеріне сай хат,жарнама,хабарлама құрастырып жазады.<br>3.Туынды және күрделі сөздерді ауызша тілдесім барысында қолданады. | | |
| **Тілдік мақсат** | **Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:**<br>Спорттық кешен,шаңғы,асық ату,ойын | | |
| **Пәнаралық байланыс** | Дене шынықтыру | | |
| **Құндылықтарға баулу** | Салауатты өмір салтын ұстану,қазақтың ұлттық құндылықтарын дәріптеу | | |
| **Алдыңғы оқу** | Спорттық ойын түрлері | | |
| | Жоспар | | |
| **Жоспарланған уақыт** | Жоспарланған жаттығу түрлері. | Ресурстар | |
| **Басы**<br>**3 минут** | 1.**Сәлемдесу.Сабаққа дайындығын тексеру**.<br>**«Сәлем хат»**тәсілі бойынша әуен қойып, әуен тоқтағанда хат кімнің қолына түседі сол оқушы сұраққа жауап беру арқылы өткен сабақтағы білімдерін пысықтау.<br>2**. Психологиялық ахуал қалыптастыру.**<br>Шаттық шеңберін құру **. «Жүректен –жүрекке»** Бір-біріне бүгінгі күндеріне сәттілік тілейді.<br>3.**Топқа бөлу.**<br>Ұлттық спорттық ойындардың суреттерін тақтаға іліп қойып, кім қандай ойынға қатысады деп сол бойынша топқа бөлемін..<br>• «Асық ату»<br>• «Теңге алу»<br>• «Арқан тартыс»<br>• «Аударыспақ»<br>Сабақ мақсаттарын таныстырып өту. | Интербелсенді тақта<br>Әуен<br><br>Сурет | |

| | | |
|---|---|---|
| **Ортасы** | 1-тапсырма.Топтық жұмыс **«Дара диаграмма»** әдісін пайдаланамын.<br>1.Мәтінді тыңдаңдар.<br>2Мазмұнын түсіндіріңдер<br>Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты дара диаграммасына салып анықтаңдар.<br>Негізгі ақпаратты жаз Қосымша ақпаратты жаз<br>**Дескриптор:**<br>-Мәтінді түсініп,тыңдай алады.<br>-Мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты анықтай алады.<br>**ҚБ**: «Шапалақ ұру» арқылы бағалау<br>2-тапсырма. «**Сұқбат» әдісі**н пайдаланамын.<br>1. «Сұқбат» әдісі бойынша мәтінді диалогқа айналдырыңдар.<br>2.Мәтінге сұрақ дайындаңдар<br>3Ауызша тілдесу барысында туынды және күрделі сөздерді кірістіріңдер.<br>**Дескриптор.**<br>-Мәтінді диалогқа айналдыра алады.<br>-Мәтінге сұрақтар дайындай алады.<br>-Тілдесу барысында туынды жән күрделі сөздерді кірістіре алады.<br>**ҚБ.»Кемеңді боя»**<br>**Сергіту сәті:** «Қаражорға» биіне билету<br>3-тапсырма. «**РАПТ» әдісі** бойынша топтық жұмыс<br>1.Мәтіннің рәсімделуі мен құрылымын сақтаңдар.<br>2.Мәтіннің құрылымын сақтай отырып, «РАПТ» әдсі бойынша «Шымбұлақ»спорт кешені тақырыбында<br>І топ: хат<br>ІІ топ: хабарлама<br>ІІІ топ: жарнамалау мәтінін құрастырып жазыңдар.<br>**Шымбұлақ спорттық кешені**<br>**Дескриптор:**<br>-Мәтіннің құрылымын сақтай алады.<br>-Мәтіннің құрылымын сақтай отырып,хат,жарнама,хабарлама құрастырып жаза алады.<br>**ҚБ. «Екі жұлдыз бір тілек»** | Маркер,<br>А3 форматы<br><br>Кесте<br><br>Сурет<br><br>Оқулық<br>Мәтін<br><br>Сурет<br><br>«Қаражорға» әуені<br><br>Шымбұлақ» спорттық кешенінің суреті, |
| **Соңы** | Оқушылар рефлексиясы<br>**Үйге тапсырма:** Спорттық ойындардың түрлеріне байланысты презентация жасап келу. | Сурет |

| **Қосымша ақпарат** | | |
|---|---|---|
| **Саралау-оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз, қабілетті оқушыларға тапсырманы қалай түрлендіресіз?**<br>**«Дара диаграмма»әдісі** бойынша<br>**Барынша қолдау қажет ететін оқушыларға** қосымша ақпараттар беру арқылы қолдау көрсетемін.<br>**Орташа қолдау қажетететін оқушыларға** ойын нақты жеткізу үшін жетелеуші сұрақтар қоямын.<br>**Төмен қолдау қажет ететін оқушыларға** өз көзқарасын нақты дәлелдермен жеткізуін сұраймын.<br>**«Сұқбат» әдісі бойынша**<br>**Барынша қолдау қажетететін оқушыларға** туынды және күрделі сөздердің жасалу ережесін еске түсірту арқылы қолдау көрсетемін.<br>**Орташа қолдау** қажет ететін оқушыларға ауызша тілдесу барысында туынды және күрделі сөздерді мейліеше көп қолдануға бағыттаймын.<br>**Төмен деңгейлі қолдау** қажет ететін оқушыларға мәтіндегі диалогты рөлдерге келтіріп айтуын ұсынамын.<br>«Рапт» әдісі .**Барынша қолдауқажет ететін оқушыларға** спорттық кешен туралы түсініктерін кеңейтетіндей ақпарат беремін.<br>**Орташа қолдау** қажет ететін оқушыларға хат,хабарлама, жарнамалауды стильге сай жазылуын басты назарда ұстау керектігін ескертемін.<br>**Төмен деңгейлі қолдау** қажет ететін оқушыларға хат,хабарлама,жарнаманы сыни тұрғыдан ойлап жазуды ұсынамын. | Бағалау-оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?<br><br>Әр тапсырмадан соң дескриптор арқылы бағалаймын.<br>ҚБ түрлері "Екі жұлдыз,бір тілек", "Бес саусақ", "Кемені боя", "Шапалақ ұру" әдістері арқылы бағалау. | Денсаулыққа және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс<br><br>Партада дұрыс отыруын қадағалау,АКТ-ны қолданғанда қауіпсіздік шараларының сақталуын қамтамасыз ету. |

**«АБАЙ ЖӘНЕ XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН»**

*Алматы қаласы, Медеу ауданы, Б. Момышұлы атындағы № 131 мектеп-лицейі*
*Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Садырбекова Куляш Барлыбековна*

Абай Құнанбаев – қазақтың бас ақыны. Бұлай деп бағалаған Ахмет Байтұрсынов еді. Абай атаның туғанына биыл 175 жыл толып отыр. Артына қалдырған мұрасы әлі күнге халық жүрегінде, мәңгілік елімен бірге жасай береді. Неге десеңіз, Абай ілімі – толық адам тәрбиелеу ілімі. Осы жолда өз сөзімен айтсақ, «мыңмен жалғыз алысты». Ол әр қазақты рухани жағынан жаңғыртып, ар тезіне салуды мақсат етті. Абайдың рухани қайғысының таңбасы:

Ыза шығар ғылымнан,
Қайғы шығар ілімнен.
Ыза мен қайғы қысқан соң,
Зар шығады тілімнен, - деп жырлаған, халқына жаны ашыған ақынның рухани дертін сеземіз. Әрі күйініп, әрі қайғырып, әрі ызаланып тудырған ойшыл да сыншыл ақынның саяси-әлеуметтік мазмұндағы сатиралық лирикасынан сол дәуірдегі Абай ата өмір сүрген отаршылдық, бодандық шындықты тануға болады. Дегенмен сол Абай заманынан бері ел жаңғырды.

Еліміз сан ғасырлар бойы арман еткен тәуелсіздікке қол жеткіздік. Өзге елдермен тереземіз тең. Шүкір, заман да жақсарды, адам да жақсарды. Сол замандағы жұрттың көбі сауатсыз болса, бүгінде бәріміз сауаттымыз. Жастарымыз қазіргі кездегі қоғам өміріне сай ғылым мен техниканың тілін меңгерген. Мемлекеттік басқарудың барлық саласында білікті мамандар қызмет етуде. деп жырлаған, халқына жаны ашыған ақынның рухани дертін сеземіз. Әрі күйініп, әрі қайғырып, әрі ызаланып тудырған ойшыл да сыншыл ақынның саяси-әлеуметтік мазмұндағы сатиралық лирикасынан сол дәуірдегі Абай ата өмір сүрген отаршылдық, бодандық шындықты тануға болады.

Дегенмен сол Абай заманынан бері ел жаңғырды. Еліміз сан ғасырлар бойы арман еткен тәуелсіздікке қол жеткіздік. Өзге елдермен тереземіз тең. Шүкір, заман да жақсарды, адам да жақсарды. Сол замандағы жұрттың көбі сауатсыз болса, бүгінде бәріміз сауаттымыз. Жастарымыз қазіргі кездегі қоғам өміріне сай ғылым мен техниканың тілін меңгерген. Мемлекеттік басқарудың барлық саласында білікті мамандар қызмет етуде.

Абай данадан қашықтаған сайын, ол кісінің ілімі Темірқазық жұлдызындай жарқырап, халқына жол көрсетіп тұр.

Абай мұрасы – даналық жолы. Абайдың адам болар жан асық болар бес ісі: талап, еңбек , терең ой, қанағат, рақым... мектеп партасындағы балаларға таныс. Сол бес асыл іс біздің бәріміздің бойымызда бар ма? Бес дұшпан: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ. Осы бес дүшпаннан қашықпыз ба? Бес асылға ұмтылып, бес дұшпаннан қашық болған адам ғана Абай данышпанға жақындай алады. Абай әлеміне жақындауымыздың баяулығын қысқартайық. Сонда ғана жас ұрпақ жолы жарқырап, жолы ашылады. Сондықтан «Абайтану» саласындағы жұмыстар жүргізілуі керек. Барлық оқу саласында «Толық адам» ілімі оқытылуы тиіс. Бұл – рухани қажеттілік. Сонда ғана ұрпағымызға дәстүрлі тәрбие бере аламыз.

Қазір әлемде жаһандану процесі жүріп жатыр. Олардың танымдары мен азғындаған рухани мәдениеті жас ұрпақ санасына, жүрегіне әсер етпеуі керек. Сондықтан өзіміздің ұлттық дәстүрмен, тарихи құндылықтармен тәрбиелеу басты мәселе. Осы мәселені басты назарда ұстауымыз керек. Абайдың «Толық адам» ілімінің оқулықтары, хрестоматиясы даярланып, тез арада жастар қолына тиюі шарт. Жаңа буын жас ұрпақ дүниетанымдық өзгерісті сезіне алса, ой-санасы жақсарады.

Түркі тілді халықтар 49 ұлттан тұратын еді. Оладың 27-сі Ресей миссионерлік саясатының құрбанына айналды. Қалған 22-сі, ішінде қазақ ұлты бар ұлттардың тағдыры қалай болады деген ой әркімді де мазалайды. Тарихтан түркі халықтары тоталитарлық идеологияның қысымына түскенін білеміз. Бірақ ұлттық сана, ұлттық дәстүрінен қол үзген емес.

Ұлтымыздың дүниетанымына рухани қазына көзі Абайдың әдеби мұрасы жол бастар рухани күшке айналуы тиіс. Абай насихатын тыңдау, түсіну, күнделікті тіршілікте қолдану тәуелсіз мемлекеті жоқ, басы бодандық ноқтасында тұрған ел жағдайында мүмкін емес еді. Абай мұрасын түсіну – жалпы қоғам үшін өте қажет. Абай – қазақтың төлқұжаты.

Бүгінге дейін Абайды тану саласында айтарлықтай жұмыстар жүргізілді. Абайтану ғылымы өзінің жаңа даму кезеңіне асты. Абайды тану үшін Абайтануға қажетті жағдай жасау керек. Алдағы уақыттың үлесі – «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» сериясында жариялау, электрондық ғылыми база кеңістігінде үш, төрт, ... тілде орналастыру, тағы басқалар.

XXI ғасыр – Абай мұрасынан нәр алған, рухани асыл мұраларды бойына жинаған, ұлттық тәрбиенің нәрінен, бес асыл қасиеті бойында бар, рухани мұрамызды бойына жинаған жас ұрпақ тәрбиелеу міндеті кезек күттірмейтін жұмыс.

* * * * * * * *

*Жамбыл обл. Қордай ауданы, Қордай ауылы. № 47 орта мектеп*
*Бастауыш сынып мұғалімі  Молдажанова Лязиза Арыстанбековна*

**Сабақтың тақырыбы: Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?  Сауат ашу**
**Сабақтың мақсаттары** Барлығы: Жаңа білімді меңгереді.
Көбі: Тақырыпты түсініп, тыңдап, жетекші сұрақтар арқылы талқылайды.
Кейбірі: Алған білімді өмірде қолдана алады.
**Жетістік критерийлері:** Айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады. Нақты сөйлеу арқылы, мәселені түсінгенін көрсете алады.
**Құндылықтарды дарыту:** Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
**Пәнаралық байланыс: Көркем еңбек, әдебиеттік оқу сабағы**
**АКТ қолдану дағдылары: Аудиожазба, видеожазба, таныстырылым.**
**Тілдік құзыреттілік: Сырғанақ-каток**
**Сабақтың барысы:**
**Кіріспе:Шаттық шеңбер жасап тұрады.**
Үш тілде сәлемдесеміз  :қазақша, орысша, ағылшынша
-  Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш!
- Балалар, біз сауат ашудан **«Табиғатқа саяхат»** деген бөлімді аяқтағалы отырмыз. Сондықтан бүгін біз **қысқы орманға** саяхатқа шығамыз.
-Қысқы орман қандай болады деп ойлайсыңдар?
-Орманға қандай көлікпен баруға болады?
-Олай болса, бүгін біз үш автобуспен саяхатқа шығамыз. Қыс болғандықтан біз қалай киінуіміз керек?
Пальто, тон, бас киім, қолғап, бөкебай.
Автобусқа кіру үшін тапсырмаларды орындауымыз керек.
1-тапсырма: **«Ана мен Бала »** ойыны
Өткен әріптердің бас әріп пен кіші әріптерін сәйкестендіру

| **1-қатар** | **2-қатар** | **3-қатар** |
|---|---|---|
| П    р | О    ө | М   д |
| А    п | Ө   ш | Д   б |
| Т    с | Ш   ж | Б   м |
| С    т | Ж   о | Ы   т |
| Р    а | П  ы | Т   ы |

**Дескриптор**
Өткен әріптердің бас әріптері мен кіші әріптерін біледі
Бас әріп пен кіші әріптерді сәйкестендіреді
**«Кубизм»** ойыны, яғни өткен әріптер бойынша сөздерді кезек-кезек тізбектей оқыту.
Ал енді, автобусқа отырдық енді орманға тез жету үшін
**«Қыс қызықтары»** деген бейнеролик көріп барайық. Қыстың қызықтарына нелер жатады екен. Сонымен «Қыс қызықтарын» топтастыру.

**Қыс қызықтары**

**Дескриптор**
Қыс қызықтарын айтады
Қыс қызықтарын топтастырады
-Міне балалар орманға да жеттік
Аңдардың бәрі аш жүр оларға не жетіспейді?
-Шөп жетіспейді.
Олар бізден қорқып тұр, Біз келесі тапсырмаларды орындасақ, шөбімізді бере аламыз.
**Аңдарға шөп беру**
**№1 Өлеңді мәнерлеп оқы.**
Қар жамылып күллі алап,
Жүрмедік біз құр қарап.
Бір топ бала бірлесіп,
Жасап алдық сырғанақ.
**Дескриптор**
Өлеңді мәнерлеп оқиды
Өлең не туралы екенін айтады
Ары қарай кеттік. Құстар сайрай алмай тұр, себебі олар да қыста жем таба алмай тұр. Жемсауытымызды қойып, жем шашып кетуіміз керек. Бірақ олар қорқып тұр, біздің келесі тапсырмамызды орындасақ біз жем шаша аламыз.
Көмектесе аламыз ба?

Енді тағы бейнероликке назар аударып, сырғанақты қалай жасау керектігін көріп, нөмірлерді орнына дұрыстап қою арқылы өз орнын табу.
**«Ақтиінге жаңғақ беру»№2 Сырғанақты қалай жасайды, әңгімеле.**
1) Ашық жерге көп қарды үйеді.
2) Оның бетін тегістейді.
3) Тегістелген қар бетіне су құяды.
4) Оны  қатқанша қояды.
5) Жып-жылтыр сырғанақ пайда болады
**Дескриптор**
Сырғанақты қалай жасау керектігін айтады
Сөйлемдерді орнына дұрыс қояды
«**Аққала жасау»** мультигін көру
Оқушыларға аққала жасату. Дайын аққалаларды дұрыс орнына жапсырту.Көңіл-күйлерін белгілету
**«Құстарға жем шашу»**
**Оқулықпен жұмыс**
№3 Берілген жауаптардың сұрақтарын болжа. Сонан соң диалогті сыныптасыңмен рөлге бөліп оқы.
Бұл жылдың қай мезгілі?
-Бұл-қыс мезгілі.
-Қыста ауа райы қандай болады?
-Күн суытады. Қар жауады.
-Балалар не істейді?
-Балалар аққала соғады. Сырғанақ тебеді
**Дескриптор**
Мәтінді өз бетінше оқиды
Берілген сұрақтардың жауаптарын болжайды
Диалогты сыныптастарымен оқиды
**«Қасқырға көмек Дәптермен жұмыс: Диктант жазу.**
**Қыс**
Қар жауды. Дала суық. Балалар ойнады. Қыс тамаша!
**«Қоянға көмек»Шығармашылық тапсырма:**
1-топ: «Қыс» туралы мәтін құрастыру
2-топ: РАФТ «Қар»
3-топ: Артық затты алып тастау.
**Сабақты қорыту.**
**Дебат жүргізу.**
Қыстың пайдасы мен зияны
**Дескриптор**
Қардың пайдасн айтады
Қардың зиянын айтады
**РефлексияКері байланыс «Күн мен бұлт»**
-Бүгінгі сабақта бәрін түсіндім, сабақ ұнады деген оқушылар сары жолақшаларды күннің жанына, ал сабақ қиын болады,түсінбедім деген оқушылар көкшіл түсті тамшыларды бұлттың астына жапсырады
Бағалау.
-Бүгінгі сабақ қандай?    -Тамаша!
-Қыс мезгілі қандай?      -Тамаша!
-Ауа райы қандай?         -Тамаша!
-Көңіл күйіміз қандай?  -Тамаша!
-Келген қонақтарымыз қандай?  -Тамаша!  Бізде бәрі тамаша!

* * * * * * * * *

## ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА АБАЙДЫ ТАНЫТУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

*Қызылорда облысы, Шиелі ауданы «№ 50 Абай атындағы орта мектебі» КММ*
*Тарих пәнінің мұғалімі Ахетов Руслан Мырзағұлұлы*

Адамның дүние туралы түсінігі алғашында анық емес, оны реттейтін оқыту арқылы жиналатын білім қоры, өйткені ол ақыл –ой жұмысын туғызады. Бірақ білімді бере беру жеткіліксіз, ақылдық қуатын арттыру керек.

Ол үшін түрлі жаттығулар, балаға сөйлеу, ойлау, сұрақ-жауап тәсілдері қолданылған. Мұғалім сабақ үстінде оқушылардың дүниетанымының, білімге құштарлығының, қисынды ойлауларының азаматтық тұрғыдан қалыптасуы –тәрбиелеуге өте көп көңіл бөлуі қажет. Осыған орай, сабақтың бірден бір белсенді өтуіне себепші, оқушылардың өз деңгейін көрсетуге ықпал ететін құралдың бірі- тақырыптың мазмұнына сәйкес жасалған дидактикалық материал болып табылады.

Дидактикалық материал – сыныпта немесе үйде өздігінен жұмыс істеу үшін оқушыларға таратылатын немесе бүкіл сынып алдында мұғалімнің көрсететін көрнекі оқу құралының ерекше үлгісі (көп жағдайда карталар, кестелер, мәтіндері, цифрлары және суреттері бар карточкалар, реактивтер және т.б.). Дидактикалық материалдар – үлестірмелі материалдар, әр баланың қабілетіне қарай, өткен тақырыпты үлгере алмайтын оқушыларға қосымша үлестірмелі материалдар, аралас сабақ материалы, үй тапсырмалары, ұзартылған күн тобының тапсырмалары, бақылау жұмыстары, сыныптар бойынша тест тапсырмалары (тақырыптық, тоқсандық,жарты жылдық, жылдық), дидактикалық ойындар болып бөлінеді.

Дидактикалық материалдарға өзіндік жұмыс тек оқыту сипатында жаңа өтілген материалдарды пысықтауға және бекітуге арналып беріледі. Ол тапсырмалар оқушылардың біліктіліктерін, дағдыларын қалыптастыруға көмектесуге және олардың білімдерін тексеруге бағытталады. Дидактикалық материалдар ретінде дидактикалық ойындарды қолдану оқушылар үшін өздерін еркін сезінуге, ізденімпаздық, тапқырлық қасиеттерін көрсетуге ұмтылдырады [6, 5 б]. Ойын үстінде бала қуаныш пен реніш сезімдерін сезінеді. Дидактикалық ойындардың сапалылығы: олардың сабақтың әр кезеңіндегі орны мен міндетін, мақсатын дәл анықтауға, оны қолданудың теориясы мен практикасын мұғалімнің жетік меңгеруіне, шеберлік танытуына, ойынға қажетті материалдарды алдын-ала дайындап алуына, ойын үрдісіне оқушыларды белсенді қатыстыруына байланысты болады.

Осы тұрғыда тарих сабағында Абайдың тұлғасын таныту барысында оқушылармен қандай дидактикалық тапсырмалар мен жұмыстар жасауға болады?

**Б** Оқушыларға ұлы ағылшын жазушысы У.Шекспир мен Ұлы Абайдың портреттерін көрсету

**Ж** Келесі сұрақты қою:

Суреттерде кімдер бейнеленген?

Осы тұлғалар туралы небілесіңдер?

Қандай еңбектері үшін әлемге танымал болды?

Еңбектердің бүгінгі күні қандай маңызы бар?

**Ж** «Ұлы», «Танымал» ұғымдарын қалайтүсінесіңдер? Бүгінгі күні ұлы, танымал болуы үшін қандай қасиеттерге ие болу қажет?

**Сөздікпен жұмыс:**

Ұлы – великий

Танымал – известный, популярный

Медресе –мусульманская духовная школа

Мәдениет – культура

Абайдың қысқаша өмірбаяны (ЦБР мультимедиасы арқылы)

**Зерттеу (Қара сөздер, оқулықпен жұмыс)**

Абайдың қарасөздерінің бүгінгі күнгі өзектілігі мен маңыздылығын анықтау үшін зерттеу тапсырма беру

**Ж** Қарасөздерді келесі бағыттар бойынша жұптарға бөліп беру:

- Білім, ғылым, еңбек.
- Адамгершілік, достық, зұлымдық, бірлік.
- Мал мүлік.
- Билік.
- Дін мен дүниетаным.

**Талдау (топтық/ жұптық)**

1. Қарасөздердің негізгі ойын анықтау.
2. Қарасөздердің құндылықтарын анықтау.
3. Бүгінгі күнмен байланысын анықтау. (Мысалдармен көрсетеді).
4. Абай заманы мен бүгінгі күннің өмірін салыстырып, Венн диаграммасын пайдалана отырып, құндылықтардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау.

Жұптар талдаған қарасөздердің ішінен ең басты, мықызды дегендерін таңдап, қағаз бетіне жазып, сынып қабырғаларына жабыстырады.

**Ж** Жұптарға бүгінгі күндегі бір проблемалық жағдаятты беріп, Абайдың қарасөздеріне негізделе отырып, жағдаятқа талдау жасайды (дұрыс немесе бұрыс қылық), оны қалай
шешуге болады? қандай кеңес бересін?Оқушылар өздерінің таңдаулары мен кеңестерін негіздеу қажет.
Сұрақ:
•Қазіргі жастардың жалпы адами құндылықтарға көзқарасы қандай және қандай баға береді?
•Өмірде өзінің лайықты орнын тауып, нәтижелі өмір сүру үшін адамға қандай қасиеттер керек?
**Деректермен жұмыс.** Оқушыларға Абай туралы жазылған пікірлер мен естеліктерді ұсыну және кесте бойынша жұмыс жасату

| Не білемін? | Не білгім келеді? | Қандай жолмен (қалай) білуіме, анықтауыма болады? |
|---|---|---|
| | | |

**«Білім ағашы».** Ағашқа сұрақтар жазылады/ ілінеді (стикер), оқушылар берілген сұрақтарға жауап береді
-Абайдың балалық кезі туралы не білесің?
-Абайдың дүниеге көзқарасын қалыптастыруға қандай факторлар әсер етті?
-Абайдың орыстың зиялы қауым өкілдерімен қарым қатынасы қандай болды?
-Абайдың аудармашылық қызметі туралы не білесің?
-Абайдың халық ағарту ісіне қосқан үлесі қандай болды?
-Ақынның шығармаларын ата
-Абайдың өлеңін жатқа үзінді оқы
-Абай жайлы роман жазып шығарған автор кім**?**
**Б/Т «Үш сөйлем»**
Біз Ұлы Абайды бүгінгі күні қалай естесақтауға тиіспіз? сабақ тақырыбының сұрағын қою. Оқушылар жауаптарын қысқа әрі нақты үш сөйлем арқылы білдіреді.
«Қане, тап». Оқушыларға суреттер көрсетіледі, олар кейіпкерді танып, Абайға қатыстылығын, байланысын анықтайды
4.Александр Македонский (Абай «Ескендір» поэмасын жазды)
5.Жаз («Жаз» өлеңі)
6.Қарға мен түлкі (Абай И.Крыловтың «Қарға мен түлкі» мысалын аударды)
7.Шәкәрім Құдайбердіұлы (Шәкәрім Абайдың шәкірті)
8.А.С. Пушкин (Абай А.С. Пушкиннің шығармаларын аударды)
9.М.Әуезов (М. Әуезов «Абай» романын жазды)
«Тарихи әліппе» Берілген әріптерге сөздер құрастыру (тақырыпқа сәйкес сипаттама беру)
1.А - Б - А - Й (И) –
Жазбаша тапсырма беру (қалыптастырушы бағалау)
Қорытынды.
Әр оқушыға бір стикерден таратылады:
-Стикердіңбір беті: сабақта өзім үшін ең маңызды дегенқандай дүниені ұғындым?
Екінші беті: бұнытүсінуге қандай екі фактор әсер етті? деген ой тұжырым жазуға тапсырма беру.
***Тапсырма №1. Дұрыс жауабын анықта:***
***2.Абайдың өмір сүрген жылдары:***
*А) 1835-1865 жж В) 1845-1904жж С) 1855 -1915жж Д)1862-1910 жж*
***3.Абайдың табиғат тақырыбындағы алғашқы өлеңі***
*А) Қыс В) Күз С) Жаз Д) Жазғытұры*
***4.19 ғ. е.ж. қазақ халқының болмысы осы еңбектерінде зерделенді:***
*А) «Масғұд» В) «Қара сөздер» С) «Ескендір» Д) «Әзім әңгімесі»*
***5.Абайдың қоғамдағы саяси жағдайларға көзқарасын білдіруі қай оқиғаға наразылығынан байқалады?***
*А)Болыстықтан бас тартуы В)Ресей реформаларын сынауы С) Әкесі Құнанбайдың кейбір істерін қолдамауы Д) Қоғам кемшілігіне арнап, мысал өлеңдер шығаруы*
***6.«Абай жолы» романының авторы кім?***
*А) А. Байтұрсынов В) М. Дулатов С) М.Әуезов Д) Ш. Құдайбердіұлы*
***Тапсырма №2. Төменде берілген кестені толтырып, кемінде әр шығармадан сол қоғамдағы 1 өзгерісті анықтаңыз.***

| **Абайдың өлеңдері мен аудармалары** | **Сол қоғамда қандай өзгерістер орын алғанын анықтаңыз.** |
|---|---|
| | |
| | |
| | |
| | |

***Тапсырма №3 Мәтінмен жұмыс.***
Ұлы ақын, ағартушы және қазақтың жазба әдебиетінің негізін салушы Абай Құнанбаевтың өмірі Ресей империясының 1868 жылы қабылдаған «Уақытша ережесінен» туындаған Қазақстанды отарлау саясатының тереңдей түскен кезінде өтті. Қазақтың елі де, жері де өзгенің қолына көшіп, түрлі әкімшілік-басқару реформалар қоғамның ішкі ерекшеліктері мен рухани сұраныстарын ескермей, жоғарыдан зорлықпен таңылды. Сөйтіп, өзі де жалпы демократиялық үрдістер мен мәдени құндылықтар жағынан Батыс өркениетінен әлдеқайда артта қалған Ресей империясының отары болуының зардабынан қазақ халқы рухани дербестігінен айырылуға бет алып еді.
Өз қайшылығы мен қиыншылығы өзіне жететін, оның үстіне отаршылдықтан елеулі өзгеріске ұшыраған, түрлі жағымсыз қасиеттерге ие болған замандастарын көрген Абай 1889 жылы жазған «Ішім өлген, сыртым сау» атты өлеңіндегі: «Кісі алдында кірбеңдеп, Шабан, шардақ (дәрменсіз – Ә.Б.) және шау (тосырқап, тоқырап қалу – Ә.Б.) Мұндай ма едің ана күн, Мұның қалай, батыр-ау?» деуі де, осыдан үш жыл кейін жазған «Тоғызыншы сөзінде»: «Мен өзім тірі болсам да, анық тірі де емеспін. Әншейін осылардың ызасынан ба, өзіме-өзім ыза болғанымнан ба, яки бөтен бір себептен бе? – еш білмеймін. Сыртым сау болса да, ішім өліп қалыпты. Ашулансам, ызалана алмаймын. Күлсем, қуана алмаймын, сөйлегенім өз сөзім емес, күлгенім өз күлкім емес, бәрі де әлдекімдікі»
«Отыз сегізінші сөзінде»: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек. Әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық деп білесің» дей отырып, бұлардың да ішкі себеп-салдарларын ашып береді. «Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеден ешнәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық болады. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады. Залымдық – адам баласының дұшпаны» деп білімсіздік пен залымдықтың адамды әлеуметтік топтан айырып, хайуандар, тіпті жыртқыштар әлеміне қосатынын айтады.
«Жиырма төртінші сөзінде» Абай: «Біздің қазақтың достығы, дұшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, жұрт тануы ешбір халыққа ұқсамайды. Бірімізді біріміз аңдып, ұрлап, кірпік қақтырмай отырғанымыз» болмаса «Жүз қараға екі жүз кісі сұғын қадап жүр ғой, бірін-бірі құртпай, құрымай тыныш таба ма?» деп күйінеді.
1.***Берілген үзінділермен танысып, қоғамда орын алған 3 жағдайды сипаттаңыз***
***2.Берілген үзіндіден осы деректің авторы жайлы қандай ақпарат алуға болады?***
***3.Абай сипаттауына баға беріңіз, немен келісесіз, ал қайсымен келіспес едіңіз?***
Қорыта айтқанда, дидактикалық материалдар оқушылар мен білімгерлерді өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландырады, олардың ойлау қабілеттерін, ізденімпаздылығын арттырады, сөз қорын молайтуға көмектеседі, олардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырады, бағдарламалық материалдарды қажет деңгейде меңгеруге ықпал етеді.

* * * * * * * * * *

## БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ - БІЗДІҢ ӨМІРІМІЗДЕ ҚАНШАЛЫҚТЫ МАҢЫЗЫ?

*Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Әймен ауылы.*
*«Әймен орта мектебі» КММ. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің*
*мұғалімі Нук Еркегул*

21 ғасыр білім мен ғылымның,бұқаралық ақпарат құралдарының қарыштап дамыған заманы. Бұқаралық ақпарат құралдары адам өміріне терең еніп,онымен тығыз байланысқа түседі.Ол әр адамның өміріне көп әсерін тигізуде. БАҚ құралдары арқылы біз кеңінен түрлі ақпарат ашып,білімімізді ұлғайтудан басқа дүниетанымызды кеңейтіп отырамыз.Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және 21 ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы қызу қолдау табуда. Президентіміз « Абайдың ақылын алсақ,айтқанын істесек,ел ретінде еңселенеміз,мемлекет ретінде мұратқа жетеміз»- деп жазды.

Ақпараттық заманда адамзат БАҚ құралдары арқылы тәрбиеленіп келе жатқаны белгілі.БАҚ саяси процестердегі ең ықпалды құрылымдардың бірі және бүгінгі саяси сахнадағы негізгі құрал болып табылады.

Сондықтан баспасөз, радио мен теледидар қазіргі қоғамға ықпал ететін және жанама түрде тәрбиелейтін мықты институт. Елбасымыздың жоғарыда айтылған рухы биік қанатты сөздері мен игілікті іс – шаралары,бұқаралық ақпарат құралдары арқылы бізге де,ұстаздар қауымына да шабыт бергендей болды. «Абай мұрасы- халқымыздың асыл қазынасы » болғандықтан Әймен орта мектебінде 175 іс-шараның жоспары жасалынып,оқушыларды шығармашылыққа дағдыландыру қолға алынды. Ұстаздар арасында коучингтер өткізіліп, Абайдың өлеңдері, поэмалары,әндері жан-жақты талқылануда. Мектеп ұжымы Абайдың шығармашылығынан 175 іс-шараны жоспарлап, әр күн сайын сыныптан тыс жұмыстар жүргізілуде. Оған дәлелді іс-шаралардың бірі кеше ғана Еңбекшіқазақ ауданында, Рахат мектебінде өтілген «Абай оқулары» байқауының нәтижесі.Байқаудың нәтижесі бойынша ауданымызда Абай мұрасын жалғастырған,Абай ізін қуған талантты әрі дарынды оқушыларымыз бізді қуанышқа бөледі.Атап айтсам, «Өлең сөздің патшасы,сөз сарасы» бөлімі бойынша «Бәйтерек орта мектебі», Сембинова Айгерім Абайдың 130 өлеңін, 2 поэмасын жаттағаны үшін 1-орынмен марапатталды. Жетекшісі: сағындықова Гүлнұр Жұматайқызы.

«Еңбек орта мектебінен» 7 а сынып оқушысы Тұрдыбай Самал 3-орынға ие болды. Жетекшіс:Кеклова Алмагүл Мукамгалиевна. «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» номинациясы бойынша «Әл-Фараби атындағы орта мектеп» Ахатов Жамбыл 2-орынмен марапатталды. Жетекшісі: Шауелова.А.А. 1-орынмен «Бәйтерек орта мектебі» Игерді Ақтолқын марапатталды. Жетекшісі:Сағындықова.Г.Ж. Бұқаралық ақпарат құралдарының бүгінгі таңдағы маңыздылығы ,міне осында.Кеше ғана мемлекет тарапынан қолға алған өзекті мәселелермен әрқашан танысып отырамыз.Қазіргі таңда әрбір отбасы БАҚ қамтамасыз етілген.

Күнделікті телеарналардағы жаңалықтарды көру,газет-журналдар оқу,ғаламтор желісін қолдану-осының барлығы адамзаттың жаңалыққа жандары құштар екенін дәлелдейді.Нопалеон: «Жауға қарсы жүздеген мың қол әскерден төрт газеттің ойсырата соққы беру мүмкіндігі зор»-деген. Ал француз жазушысы Бальзак баспасөзді «төртінші билік» деп те атады.Алайда БАҚ ішінде керексіз,жалған,адамды түзу жолдан бұзатын ақпараттар жеткілікті.Бұл кішкентайлар мен жастарға үлкен қаупін тигізеді.Неліктен? Олар әлі толық жақсы мен жаманды ажырата алмайтынын әр адам біледі.Бұл БАҚ-пен тығыз байланысты.Жастар керексіз ақпаратты БАҚ-тан алып,жалған білім немесе дұрыс емес дүниетанымға ие болуы мүмкін.Ойындар,теледидар жастарға өте зиянды әрі қауіпті болып табылады.

Қорытындылай келе,әрбір салиқалы ұрпақ БАҚ-та тиімді қолдануы тікелей өзіне байланысты.Ата-ана әрқашан баласының дұрыс БАҚ-ты қолдануына ескертпелер жасап,талап қойып отырғаны дұрыс деп есептеймін.

* * * * * * * * * *

## «АБАЙ КУНАНБАЕВ – ВЕЛИКИЙ ПОЭТ, ИМПРОВИЗАТОР И КОМПОЗИТОР КАЗАХСКОГО НАРОДА»

*Бородулина Анна Михайловна*
*учитель начальных классов Фёдоровской ОСОШ №1*
*Теректинского района, Западно-Казахстанской области.*

Внеклассное мероприятие, посвящённое 175-летию со дня рождения великого поэта, импровизатора и композитора казахского народа Абая Кунанбаева.

**Тема: «Абай Кунанбаев – великий поэт, импровизатор и композитор казахского народа»**
**Цель классного часа:**

- расширить знания учащихся о жизни и творчестве Абая Кунанбаева,
- способствовать расширению и углублению знаний учащихся о жизни и творчестве Абая Кунанбаева; показать значение произведений Абая для подрастающего поколения.
- развивать умения учащихся пользоваться дополнительной литературой: справочной, мемуарной, документальной, анализировать их, продолжить развитие устной речи у учащихся, умение обобщать и делать выводы; продолжить формирование умения анализировать прочитанное.
- вызвать уважение и интерес к произведениям Абая, гордость к тому, что этот великий человек - наш соотечественник, познакомить с его трудами, в которых поэт призывает к справедливости, честности, порядочности; раскрывая идеи поэта, просветителя.

**Оборудование:** портреты Абая, плакаты-высказывания Абая, презентация, кластер, домбра, библиотечка произведений Абая.
**Подготовительная работа:** изучение произведений Абая и знакомство с литературой об Абае.
**Ход мероприятия:**

**«Человек, запомнивший слова мудрых, сам становится благоразумным» Абай Кунанбаев**

**1. Организационный момент.**
- Здравствуйте, ребята! Сегодня мы проведем с вами классный час, посвященный Абаю Кунанбаеву. В 2020 году этому многоликому человеку исполняется 175-лет со дня рождения.
- А почему Абая называют многоликим? Кем он был? / ответы учащихся/
- Эпиграфом к классному часу будут слова Абая«Человек, запомнивший слова мудрых, сам становится благоразумным». Пусть они станут вашим девизом в жизни.

**Сценка «Библиочеллендж»**
**Жанель:** Ребята, давайте поговорим о чём –нибудь важном и интересном.
**Элинура:** Предложение принимается!
**Ясмина:** О чём же будем говорить?
**Жанель:** Да о том, что узнали недавно. Я вот, например, узнала, что настоящее имя Абая - Ибрагим. Оказывается, его мама в детстве звала Абаем, что в переводе означает “внимательный”.
**Элинура:** А я прочитала о том, что Абай с раннего возраста начал писать стихи, но первое стихотворение было напечатано, когда поэту было сорок лет и называлось оно “Лето”.
**Ясмина:** Послушайте, кроме того, что Абай писал стихи, он ещё был талантливым композитором.
**Элинура:** Абай Кунанбаев знал несколько языков и переводил на казахский язык произведения Лермонтова, Крылова. Особенно ему нравилось переводить А.С.Пушкина.

**Жанель:** А почему?
**Ясмина:** Да потому что взгляды Пушкина были во многом схожи со взглядами Абая. И кто знает, если бы Александр Сергеевич так рано не ушёл бы из жизни, то они обязательно бы встретились.
**Элинура:** Девочки, я придумала! А давайте, организуем челлендж.
**Жанель:** А что это такое ?
**Ясмина:** Челлендж-это жанр интернет-роликов, в которых блогер выполняет задание на видеокамеру и размещает его в сети и предлагает выполнить этозадание пользователям, то есть бросить вызов.
**Стихотворения А. Кунанбаева в исполнении детей:**
**Жанель:** Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де - бір кірпіш, дүниеге
Кетігін тап та, бар қалан!
Қайрат пен ақыл жол табар
Қашқанға да, қуғанға.
Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға.
**Айша:** Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті - басы - ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.
**Элинура:** Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
**Никита:** Пусты без мысли слова.
И сам учись, и учи.
Лишь знаньем жив человек,
Лишь знаньем движется век.
**Диас:** Лишь знанье — светоч сердец.
Лишенный учеников
Учитель — словно вдовец.
**Максим:** Людей суди по уму,
Но не по облику их.
Разумен будь и правдив
В делах и думах своих, —
Так мудрецы говорят.
**Дания:** Пойми совет их простой
И, осознав, не забудь.
Да будет праведен путь,
Твоей души молодой!
**Данияр:** Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.
**Ислам:** Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге.
**Рустем:** Сын мой, подрастешь и ты,
Взлетишь на крыльях мечты.
Выше облаков, возможно, взойдешь ты,
Да сбудутся твои чудесные мечты.
**Диляра:** Пусть будет хладен ум твой, словно лёд,
Пусть сердце теплотой к себе влечёт,
Будь сдержан, терпелив на всякий случай.
Иначе над тобой зло верх возьмёт.
Ясмина:Құлақтанкіріп, бойды алар
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй.
**Али:**Дүниеойдан шығады,
Өзімді өзім ұмытып,
Көңілім әнді ұғады,
Жүрегім бойды жылытып.

- Молодцы, ребята! Сегодня мы определим, какие именно стороны соединил в себе великий гений казахского народа. Для того чтобы начать наш классный час, вы должны сосредоточиться быть не только зрителями, но и соучастниками нашего мероприятия. Вы согласны раскрыть с нами все стороны Абая?

Для начала, давайте познакомимся немного с его биографией. В 2020 году исполняется 175 лет со дня рождения великого Абая.

Настоящее имя — Ибрагим, но прозвище Абай (каз. Абай «внимательный», «осторожный»), данное матерью, закрепилось за ним на всю жизнь. Абай родился в 1845 году в Семипалатинской области, среди голубых Чингисских гор. Он был сыном главы рода Тобыкты, степного царя, властного и коварного Кунанбая. По происхождению и по воле отца Абай должен был стать таким же правителем, как и Кунанбай. Но судьба пытливого и талантливого от природы Абая сложилось по-иному. Акыны и сказатели воспитали в нем искрению любовь к родному народу, его истории и богатому культурному наследию, от матери он унаследовал доброе сердце, в котором с каждым днем росло возмущения против насилия и зла, чинимого баями. Учился в медресе муллы Ахмет-Ризы в Семипалатинске и одновременно посещал русскую школу. Абай не собирал и не хранил свои творения, так как при его жизни еще не было традиции публиковать свои произведения. Поэтому многие его труды, написанные экспромтом, порой наспех, иногда просто на клочке бумаги, для нас навсегда утеряны. Дошли до нас те стихи, которые люди знали наизусть. Оставшиеся были включены в рукописи муллы Мурсеита.

Абай не исправлял, не обрабатывал однажды написанное. Сам он не раз признавался, что если бы обрабатывал свои творения, они, наверняка, стали бы более совершенными. Но и в том, первозданном виде творения Абая являются высшими образцами человеческого гения.

На формирование взглядов Абая Кунанбаева оказало огромное влияние:

- овладение арабским, персидским и другими восточными языками;

•знакомство с произведениями великих поэтов и ученых Востока - Фараби, Навои, Низами, Саади, Джами, Фирдоуси, Сайхами и др.;

•изучение русского языка и литературы;

•знакомство с русскими политическими ссыльными Б. П. Михаэлисом, Н. И. Долгополовым, С. С. Гроссом. А. А. Леонтьевым и др.;

•знакомство по русским переводам с произведениями Гете, Байрона и других западноевропейских классиков;

•изучение по русским переводам античной литературы, западной философии. Знакомство с произведениями Спинозы и Сансера, учением Дарвина.

В поэтических произведениях выдвинуты насущные проблемы казахского народа:

- социальные;
- общественные;
- моральные.
- Абай Кунанбаев – великий поэт, гордость казахского народа, он выступил новатором, обновив поэтическое мышление, раздвинул его горизонты, внёс более десятка новых форм, обогативших казахское стихосложение.

Кем же был Абай? **Поэт-просветитель**– это первое качество, которое мы раскрыли в великом Абае Кунанбаеве.

**Викторина**

•Назовите валюту Республики Казахстан.**(тенге)3 буква**

•Кто ни в жару, ни в стужу, не снимает шубу?**(овца)1 буква**

•Никого она не обижает, а все ее толкают?**(дверь)2 буква**

•Как называется глава посёлка, города, столицы в Казахстане?**(Аким)1 буква**

•Как называется богатырь в казахском эпосе?**(Батыр)3 буква**

•Какое имя носила наша столица до название Астана?**(Акмола)4 буква**

•Как называется верхняя часть юрты?**(шанырак)5 буква**

Абай Кунанбаев был**новатором**казахской поэзии: он ввел такие стихотворные формы как новые шестистишья и восьмистишья; новаторский характер носят стихи, посвященные временам года. Истинный мыслитель, художник слова, Абай Кунанбаев внес значительный вклад в развитие художественной прозы.

**Прослушивание песни А.Кунанбаева«Көзімнің қарасы»**

**Абай переводчик.**Для перевода Абай отбирал произведения, которые более всего отвечали духовным вопросам казахского народа. Создал около 56 переводов из произведений А. С. Пушкина, М. Ю. Лермонтова, И. А. Крылова. Пушкин и Лермонтов, пожалуй, были самыми любимыми поэтами Абая. Его волновали правдивость, высокое мастерство, жизнеутверждающая сила их произведений. Абай стремится познакомить с творчеством этих великих русских поэтов жителей казахских аулов и во второй половине 19 века начинает переводить отрывки из романа» Евгений Онегин и стихи Лермонтова. Таким образом, благодаря Абаю еще в 19 веке письмо пушкинской Татьяны и стихи Лермонтова стали известны в казахской степи.

Как же еще проявил себя Абай?

**Философ:** Стал Абай плоды своих раздумий, разговоров наедине с самим собой, записывать в прозе – в “Словах”, каждое из которых посвящалось отдельной теме, важной по его глубокому убеждению, для казахов, для их просвещения, становления вровень с другими народами и процветания. Таких “Слов” с 1890 года по 1898-й набралось 45. Они содержат назидания соплеменникам, в них его концентрированная боль за свой народИх отличительной особенностью является проникновенность, доверительность интонации, образность языка. Сокровенные думы поэта о гражданском долге человека, о смысле бытия адресованы молодому поколению.

**Абай композитор.**Абай был также талантливым и оригинальным композитором. Им создано около двух десятков мелодий, которые популярны в наши дни. Некоторые свои лирические стихи Абай Кунанбаев переложил на музыку, а песня на его стихи «**Көзімің қарасы**» («Ты зрачок глаз моих», перевод М. Петровых) стала народной. Поэт, осознавая способность песни через мелодию передать красоту мира, не терпел бесталанных произведений.

Абай сочинил много песен. Большинство из них не были записаны и потерялись навсегда. Некоторые песни Абая в наши дни воспринимаются как народные творения. Дети Абая также любили песни и стремились учиться игре на музыкальных инструментах.

а.Сегодня, ребята, мы узнали о многих достойных качествах Абая.

Имя гениального сына степи, Абая в наше время известно всему миру. Стихи и песни, философские воззрения, слова и мысли его находят отклик в сердцах людей своею человечностью, любовью, глубиной.

Вчитываясь в абаевские произведения, убеждаешься, что по силе и выразительности реалистичных образов, по многогранности и идейного содержания, по тематическому разнообразию, творчество Абая представляет настоящую энциклопедию жизни казахского народа.

Великий сын казахского народа Абай Кунанбаев оставил в наследие прекрасные творения. В них воплощена вся его жизнь, его мечты о светлом будущем. Его пламенные стихи никогда не утратят своей силы и свежести. Абай вечно с народом. Спасибо за внимание!

**Групповая работа.**Учитель предлагает учащимся выполнить задания в группах.

Задание. Дети оформляют и защищают КЛАСТЕР. В центре листа бумаги написано слово АБАЙ, учащимся необходимо в виде схемы изобразить свои ассоциации по данной теме. Затем спикер от каждой команды защищает свою работу. Учитель подводит итог.
Новатор, поэт, просветитель, философ, композитор, переводчик.
Задание 2. Волшебная домбра– учащиеся одной команды бросают кубик и составляют вопрос для другой команды, начинающийся на то слово, которое выпало на кубике. По 3 вопроса.
**Творческая работа**: После прослушивания стихотворения «Қыс», дети рисуют рисунки по теме.

**Қыс (прослушивание аудиозаписи)**
Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап, келіп қалды.
Дем алысы - үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң -**қыс**келіп, әлек салды.
Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды.
Бұлттай қасы жауып екі көзін,
Басын сіліксе, қар жауып, мазаңды алды.
Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,
Алты қанат ақ орда үй шайқалды.
Әуес көріп жүгірген жас балалар,
Беті-қолы домбығып, үсік шалды.
Шидем мен тон қабаттап киген малшы
Бет карауға шыдамай теріс айналды.
Қар тепкенге қажымыс қайран жылқы
Титығы құруына аз-ақ қалды.
Қыспен бірге тұмсығын салды қасқыр,
Малшыларым, қор қылма итке малды.
Соныға малды жайып, күзетіңдер,
Ұйқы өлтірмес, қайрат қыл, бұз қамалды!
Ит жегенше Қондыбай, Қанай жесін,
Құр жібер мына антұрған кәрі шалды.

**Зима (выразительное чтение учителя)**
В белой шубе, плечист, весь от снега седой,
Слеп и нем, с серебристой большой бородой,
Враг всему, что живет, с омраченным челом
Он, скрипучий, шагает зимой снеговой.
Старый сват, белый дед натворил много бед.
От дыханья его — стужа, снег и буран.
Тучу шапкой надвинув на брови себе,
Он шагает, кряхтя, разукрашен, румян.
Брови грозно нависли — нахмуренный вид;
Головою тряхнет — скучный снег повалит.
Злится он, словно бешеный старый верблюд,
И тогда шестистворная юрта дрожит.
Если дети играть выбегают во двор,
Щиплет нос он и щеки им злою рукой;
В армяке, в полушубке дубленом пастух
Повернулся к холодному ветру спиной.
Конь разбить безуспешно пытается лед,
И голодный табун еле-еле бредет.
Скалит жадную пасть волк — приспешник зимы,
Пастухи, день и ночь охраняйте свой скот!
Угоняйте на новое место табун,
Не беда, если вам не придется поспать,
Лучше вам с бедняками делиться скотом!
Не давайте волкам средь степей пировать!

**Закрепление.** Предлагаю детям ответить на вопросы:
1. В каком году родился А.Кунанбаев? (10 августа 1845г )
2. Назовите настоящее имя Абая. (Ибрагим)
3.Как звали отца Абая? (Кунанбай Ускенбаевич)
4. Кто являлся первым воспитателем и учителем Абая? (бабушка Зере)
5. В каком городе Казахстана открыт республиканский литературно-мемориальный дом-музей Абая? (Семей)
6.Что раскрывал в своих произведениях Абай Кунанбаев? (пороки людей, высмеивал социально зло и невежество).
**Рефлексия**. Расскажите, ребята, что нового и интересного узнали на классном часе об Абае Кунанбаеве?

* * * * * * * * * *

## АБАЙ – ҰСТАЗ АҚЫН

*Шымкент қаласы, «Таза бұлақ» бөбекжай*
*бақшасының меңгерушісі Қабылбекқызы Назым*

Қайсыбір суреткер болмасын, ол шығармалары арқылы өзінің ой-өрісін, ақыл-парасатын, білім деңгейін, сезім-толғаныстарын, дүниеге көзқарасын, жалпы өзінің алуан түрлі қырлары мен сырларын танытатыны белгілі.
Абайдың бар байлығы, ең асыл қазынасы – оның қазақ поэзиясында бұрын-соңды болып көрмеген теңдесі жоқ, ғаламат жырлары десек, ол өзінің парасатқа тұнған, інжу-маржандай төгілген өлең сөзімен сан мыңдаған оқушысы мен тыңдаушысының жүрегін сырлас, мұңдас, жанашыр дос ретінде жаулап алған еді.
Ғұламалардың ұғымынша, суреткер тек талант иесі ғана емес, ол ең алдымен, адам, адамдық жолындағы күрескер де болуға тиіс.
Бұл жерде Абайдың творчествосымен өз ортасына белсенді ықпал жасаған күрескер ақын екендігі туралы болуы керек. Ақын шығармаларын оқып отырғанда оны туған халқының қамы, әсіресе жастардың болашағы қатты мазалағандығын байқаймыз.
Абай қандастарының істен гөрі сөзге үйірсектігіне, жалқаулығына, әрекетсіздігіне, қарттығына, надандығына, пәлеқорлығына күйінді. Сондай-ақ, ақын өз өлеңдерінде халықты өсірмейтін ала ауыздық, бітімсіздік,берекесіздікті үнемі қырына алып сынап,мінеп отырды. Абайдың бар арман,мақсаты қаналудың қаспағында екі өкпесінен тепкіленіп күй кешіп жатқан халқын қапас қамау түнектен, мешеуліктен құтқару, оқу-

білімге,ілімге шақырып ұмтылдыруболды. Осы жолда ол өзінің бар асылы – өлең- жырларын өз ұлтының игілігіне жұмсады,қажеттіне жаратты.
Сонымен Абай шығармаларында ақынның өз бейнесі қалай сомдалған? Көзі қарақты оқушы ақын жайлы көркем шығармаларды,ғылыми зерттеулерді оқымай тұрып-ақ, тек Абай шығармаларын зерделеп оқып шыққанның өзінде мынаған көзі жетер еді: Абай өмір бойы адамдықтың, әділеттің туын көтерген жаны жомарт ізгілік жыршысы, қалың елі қазағын емірене сүйген, оның келеңсіз қылықтарына жаны күйген үлкен жүректі патриот ақын,заманының,замандастарының кемістік, міндерін, олқылықтарын бүкпесіз көрсеткен шыншыл ақын,іргелі ел болудың, өзгелерден қалмаудың жолын көрсете алған данышпан ақын, имандылық пен жақсылықтың қас жауы – зұлымдықпен алысып өткен күрескер ақын, қоғамды да, адамды да сауықтырушы,айықтырушы, емші ақын.
Бұған қоса Абайдың біреу байқар, біреу байқамас үлкен бір қасиеті бар. Ол оның ұстаз ақын екендігі. Бұл жерде әңгіме Абайдың жастарды оқуға үндеген ғылым,білім тақырыбындағы өлеңдері туралы емес. Олар Абайдың озық дүниетанымынан туған өлеңдер. Оқу, өнер-білім тақырыбындағы өлеңдер Абайдың алдында Ы.Алтынсаринде,кейін XX ғасыр басындағы ақындардың барлығында да болған. Абайдың ғылым,білім туралы өлеңдерінде ешкімге ұқсамайтын ерекшелік болғанымен,мұндай тақырыпта шығарма жазған барлық ақындарда мотив – біреу. Ол – ағартушылық идеядан туған халықты оқуға,өнер-білімге шақыру.
Абай шәкірттеріне тақырып беріп қана қоймай, олардың өлеңдерін үлкен талап тұрғысынан қатты сынап, түзеп, жолын айтып отырған. Кей кезде шәкірттерінің шығарғандары ұнамаған уақытта міндерін өлеңге қосып жіберген. Мәселен, Абай «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңін Ақылбай, Көкбай, Әріп, Шәкәрім өлеңдерінің кейбір міндерін сынау үшін шығарған.Өлеңнің бірінші тармағы Ақылбайдың «Дағыстан» поэмасындағы «Ер сөзін ерікkеннен еттім ермек» деген сөзіне жауап болса, сол өлеңдегі:

«Сөз айттым «Әзірет Әлі айдаһарсыз»,
Мұнда жоқ «алтын иек сары ала қыз».
Кәрілікті жамандап, өлім тілеп,
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз»,

дегенде, «Әзірет Әлі айдаһарсыз» деп Көкбайдың қисса жазғыштығын, «Алтын иек сары ала қыз» деп Әріп ақынның «Зияда» деген қиссасындағы сұлу қызды сипаттауын, соңғы екі тармақта «Кәрілік туралы» деген өлеңіндегі айтқандары үшін Шәкәрімді сынап, мінеген.

Ақын мен ақындық, өлең мен ән, жалпы өнер тақырыбының Абай шығармаларында үлкен орын алуы да сондықтан болса керек. Өлең мен әннің, ақындықтың не екенін, ақын мен әншінің қандай болуы керектігін Абай шәкірттеріне ең алдымен көркем сөз құдіреті арқылы түсіндіреді.

Шығыс, батыс әдебиетінің, өзіне дейінгі қазақ әдебиетінің інжу-маржандарын зерделеп оқу, әдебиеттің халықтық негіздерін зерттеу Абайды өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап, ақын мен ақындықтың мұрат-мақсаты жайлы жаңа көзқарасқа алып келеді. Абай сөз өнерін ең алдымен үлкен қоғамдық күш, әлеуметтік тартыстың құралы деп таныды. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» атты өлеңі бұл тұрғыда ақынның бағдарламасы тәрізді. Ақын жақсы өлеңді даналықтың айғағы деп ұғады да, реалистік поэзияның сыр-сипаты қандай болатындығын терең ашып береді.

Өмірде Абайдың айналасына көптеген ақын шәкірттерді топтастырған ұстаз ақын болғандығы даусыз шындық. Абай оларға тақырып беріп, өлең, дастан жазғызып отырған. Мағауияның дастанын тікелей Абайдың ақыл-кеңесімен жазғаны белгілі. Бірақ Мағауия дастанының ел ішінде таралмауына қарағанда, ақылшы Абай да, дастанды жазушы Мағауия да Кеңгірбай туралы шын ойларын ел-жұртқа жария етпей жасырын ұстағанға ұқсайды. Мұның сыры неде екенін білу үшін Абайдың өз сөзіне жүгінген жөн. Ол 40-сөзінде: «Осы біздің қазақтың өлген кісісінде жаманы жоқ, тірі кісісінің жамандаудан аманы жоқ болатұғыны қалай?... Қазақтың шын сөзге нанбай, құлақ та қоймай, тыңдауға қолы тимей, пәлелі сөзге, өтірікке сүттей ұйып, бар шаруасы судай ақса да, соны әбден естіп, ұқпай кететіні қалай?» дейтіні бар.

Осы айтқандай, біріншіден, өлген адамды жамандауға болмайды деген түсініктегі халыққа бір рулы елдің аруақты бабасы атанған адам туралы бұрып айтылмаған сөздің түрпідей тиерін Абай жақсы білді. Кеңгірбай туралы шындықты бар болмысымен қабылдауға елдің дайын емесін сезген Абай жұртты өзінен шошындырмау үшін де жария етпеуі мүмкін. Оның үстіне Абайдың өзі айтқандай, қазақтың шын сөзге нанбайтын надандығы тағы бар.

Екіншіден, егер Абай Кеңгірбайды Еңлік пен Кебектің жендеті деп елге жария етсе, таяқтың бір ұшы Қодар мен Қамқаны өлтірген өз әкесі Құнанбайға тиер еді. Соңғы кезеңдегі зерттеулерге қарағанда, Қодар мен Қамқаның өлімінің себебі, оған Құнанбайдың қатысы өмірде Әуезов романындағыдай болмағанға ұқсайды. Осы орайда Шәкәрімнің «Қодардың өлімі» деп аталатын жыр дастаны тарихи тұрғыдан да, көркем туынды талабы тұрғысынан да өмірдің шындығына сай келеді делініп жүр. Абай да әкесінің Қодар өліміне қатысын осылай Шәкәрімше ұғынып, түсінсе керек. Қалай болған күнде де кісі өліміне себепкер болу жақсы емес. Бірақ осы оқиғаға қатысты арғы-бергі деректерді қарастырып, зерделеу Құнанбай күнәсін біздің санамызда қалыптасқандығын анағұрлым жеңілдете түседі. Күнәлары жөнінен Құнанбай мен Кеңгірбайды қатар қоюға болмайды. Абай: «Сөз айтсақ, түгел тыңдап тұра алмайтын» жұрттың өз сөзінің байыбына жетіп, түсінетініне күмәнді болды. Сондықтан да ол өзінің Кеңгірбай туралы ойларын ел-жұртқа дақпырт қылмай, құпия ұстауы мүмкін.

Романда Абай мен оның айналасындағылардың, шәкірттерінің Кеңгірбайдан көп бері өмір сүрген Құнанбай туралы көзқарасы да аңғарылып қалып отырады. Бірақ өмірде Құнанбай мен Абайдың арасы дәл осы романдағыдай болған еді деп айту қиын. Осы уақытқа дейін жұртқа беймәлім болып жасырын ұсталып келген деректерде, тіпті Мұхтар Әуезовтың өзі жазған Абайдың алғашқы өмірбаянында да әке мен бала өмірде еш уақытты дүрдараз болмағандығы анық айтылады. Осы деректерге сүйенсек, шындығында Абайдың өмір бойы әкесі Құнанбайдың досын дос, қасын қас көріп өткендігіне көз жеткізуге болады. Романда әке мен баланың қарым-қатынасын көрсетуде тағы да сол кезеңде үстемдік құрған барлық мәселеге таптық тұрғыдан қарайтын саясаттың ықпал еткендігі байқалады. Коммунист
идеологтарға ірі феодал, бай-шонжар, аға сұлтан әке Құнанбаймен жауласқан, бүкіл тобықты аруақ тұтқан Кеңгірбайдан ел билеген атаны айыптайтын Абай ғана ұнайтын.
Құнанбай қажы туралы жазылып жүрген соңғы деректерге қарасақ, оның Абайдың тәрбиесіне, адам, азамат ретінде қалыптасуына көп ықпал еткен, пенделіктен жоғары тұрған жан екендігін көруге болады.
Әр заманның өзінің жақсы өзгеріс, өзгешіліктерімен қатар қулық, сұмдық, зұлымдықтың небір құйтырқы түрлерін ала келетініне талай ұрпақ куә. Кеңгірбайлардың кезінде «Жеті жарғы» дүниеге келген Төле, Қазыбек, Әйтекелердің заманында болып көрмеген парақорлық деген пәле шыға бастап еді. Парақорлық жүрген жерде шындық бұрмаланбай тұрмайды, зорлық пен қиянатқа жол ашылады. Жаман қылық қашан да жұққыш қой. Абай да өз заманында парақорлық пен пәлеқорлықтың онан да зор көкесін көрді, отаршылдық саясат тудырған талай сұмдықтардың куәсі болды. Бұның бәрі ұлы ақынды барынша жиіркендіріп ашу мен ызаға булықтырды. Сондықтан Абай өмір бойы парақорлық пен пәлеқорлықты, екіжүзділік пен мақтаншақтықты, жалқаулық пен надандықты қырына алып өтті.

Сондықтан Абай Кеңгірбайды парақорлығы үшін, екі жасқа кескен жолсыз жазасы үшін адамшылық тұрғысынан айыптағын еді. Сол арқылы Абай ұстаз ақын ретінде өзінің адамгершілік тұлғасымен,жеке басының үлгі-өнегесімен шәкірттерін өмірдің шындығын ізгілік тұрғысынан танып таразылауға үйретті.

* * * * * * * * * * *

## АБАЙ ҮНІ – ХАЛЫҚ ҮНІ

*Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, «Оқушылар сарайы» МКҚК*
*Нұрмұқанова Гакку Байқуанышқызы*

«… Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!…»

Абай атамыз болашақ ұрпаққа сөзін осылай арнады. Бұл өткеннің құлазыған ғасырларынан өзіне бейтаныс, басқа, бірақ жарқын болашаққа сенімді жол салған ақынның айтқан сөзі еді.

Бізге өзінің кіршіксіз ақ жүрегін, тербеткен сансыз ойларын тамаша шығармалары мен жалынды жырларының бетінен, әр жолынан, әрбір сөзінен бізге соншама ыстық, соншама жарқын леп еседі. Абай лебі, Абай үні- ана тынысы, заман тынысы, халық үні. Абай атамыздың жарқын бейнесі, жалынды жыры бізбен бірге мәңгі жасап келеді.

Ұлы ғұлама ақын, моралист – ойшыл, қазақ елінің, бүкіл түркі тектес халықтарының ортасынан шыққан әлемдік тұлға. Өмірі, істеген ісі, жазған өлеңдері мен сөздері өз халқының тағдырымен тығыз байланысып, оның болмыс-бітімінің айнасындай болып жатыр және шығармасының сая бағында өсу, тәрбие алу – қазақ халқының бүгінгі ұрпақтарының алдағы тұрған міндеттерінің бірі.

Абай атамызға әр оралған сайын «көкірек көзің ашылады», азаматтық ірілік пен адамдық ұғымдардың жаңа қырларына, сырларына жолыққандай боласың.

Поэзияда, музыкада, қоғамдық-азаттық ой-пікір саласында өлмес-өшпес шығармалар берген Абай атамыз қазақ халқының өткен замандағы өмірін зерттеуші біздің ұрпаққа таңғажайып тұлға болып көрінеді.

Барша қазақ баласы Абай атамызды тануға, білуге, мақтануға тиіс. Ұлы ақын өз халқын өркендеген, өскен, еркін халық ретінде көруді арман еткен. Сол аңсаған арманына жетіп отырмыз.

Олай болса, жүрегі қазақ деп соққан қазақ жұрты Абай атамыздың шығармаларын бойтұмардай сақтап жүруі тиіс.

* * * * * * * * * * *

**АБАЙ ҚАЛДЫРҒАН ІЗ – МӘҢГІЛІК МҰРА!**

*Атырау облысы Құрманғазы ауданы Приморье селосы*
*Ю.А.Гагарин атындағы жалпы орта мектебі*
*Бастауыш сынып мұғалімі Удербаева Айнур Маратовна*

Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе.
Даналықты көздесең
Жат, тоқып ал көңілге, - деп Сұлтанмахмұт Торайғыров бабамыз жырлағандай, Абай – мен үшін өлеңнің атасы. Абай Құнанбайұлы қазақ халқының басындағы мәңгі өшпес жарық жұлдызы.

Қай халықтың болмасын өсіп-өркендеуі, ақыл-ойы мен санасының, әдебиеті мен мәдениетінің, өнері мен білімінің – қысқасы, бүкіл рухани жан дүниесінің дамуы, жалпы адамзаттық өркениетке ұмтылысы – сол халықтың өміріне, ұлт ретінде адами болмысы мен рухына іргелі бетбұрыс жасаушы ұлы дарындардың тарихи еңбегімен, қайталанбас қайраткерлік тұлғасымен тығыз байланысты болып жатады .

Қазақ халқы үшін сондай дара тұлға, әрбір сөзі даналықтың үлгісіндей болған ұлы ақын, ойшыл-философ Абай еді. Ол өзінің құдіретті талантымен, көреген ойшылдығымен қазақтың жаңа жазба әдебиетінің негізін салып қана қойған жоқ, сонымен бірге өзінің қаламгерлік қуатымен бүкіл қазақ қоғамын тәрбиелеген, жақсылыққа жол сілтеуші ұлы қайраткер, адалдықты, шындықты ту етіп көтерген нағыз халық қамқоршысы болды. Абай – қазақ халқының ар-ожданы, ұлттық мақтанышы және намысы. Себебі дүниежүзілік ауқымға сай қазақтың ұлттық санасын оятқан және оны қалыптастырған адам – Абай. Қазақ даласында небір үлкен тұлғалар өмір сүрген, бірақ та дәл Абайдай өз заманына дейінгі дала данышпандарының даналық мәйегін меңгерген, бүкіл көшпелілер дүниетанымын, рухани болмысын, парасатын, көреген ойының мүмкіндіктерін танытқан, сол арқылы бүкіл адамзат санасының дамуына айрықша үлес қосқан дара тұлға болған емес.

Абай қазақ қоғамын ерінбей еңбек етуге шақырды. Кедейшіліктен құтылудың бір тәсілі егіншілікпен айналысу, қолөнер кәсібін және сауда-саттық жасауды үйрену екенін айтты. Ол былай деп жазды:
«Егіннің ебін,
Сауданың тегін
Үйреніп, ойлап, мал ізде».

Оның басқаша ойлауы мүмкін де емес еді. Қазақ даласында жиі болып тұратын жұт қарапайым халықты ауыр қайғы-қасіретке душар ететін. Абай жастардың бойындағы кеселді кемістіктерді, арсыздық пен ұятсыздықты, дөрекі надандықты тәрбие және білім беру арқылы жоюға үндеді.

Сонымен қатар ұлы ақын, ағартушы Абай музыка саласында да кең ауқымды мұра қалдырды. Абай әндерінің бізге толық жеткен себебі — олардың халықтың жүрегінде сақталуға сапасы сай келетін шығармалар болғандығынан да, халық санасынан өшпес орын алды. Абай әндерінің өзгешелігі — мелодиялық, ырғақтық жақтарындағы жаңалықтарында, идеялық мазмұнының ашықтығында.

Абай халықты бақытты болашаққа бастар жолды іздеді .Жастардың бойындағы кеселді кемістіктерді, арсыздық пен ұятсыздықты, дөрекі надандықты тәрбие және білім беру арқылы жоюға үндеді. Ақын ол үшін қазақ балаларын оқытатын мектептерді көптеп салуды жақтады. Атап айтқанда, ол былай деп айтты: «Балаларды ата-аналарынан алып, мектепке беру керек, олардың біразын мамандықтың бір түрін, біразын басқа мамандықтарды игеруге бағыттау керек. Мектептерді көбейту қажет, оларда тіпті қыздар да оқитын болсын».Ұлы ақын өз шығармаларында халықты ғылыммен белсене айналысуға үндеді. Әркімді өзінің өткен әр күніне міндетті түрде есеп беріп отыруға, келер ұрпақты парасаттылыққа шақырды.

Абайдың пікірінше, адам болу үшін оның бойынан үш түрлі фактор табылуы тиіс.

**Біріншіден,** баланың шыққан тегі жаксы болуы керек, **екіншіден,** оның әлеуметтік жағдайы немесе қоршаған ортасы жағымды болуы шарт, **үшіншіден,** балаға адамгершілік тұрғысында тәрбие берілуі қажет. Абай парақор билеушілерді, ашкөз судьяларды, надан молдаларды әшкерелеп отырды. Халықтың игілігіне жету жолындағы Бұл қырсықты ғылым мен білім аркылы ғана жоюға болады деп есептеді. Ол жастарға үздіксіз еңбек етіп, білім алуды міндет етіп қойды. Білім алуға жұмылған еңбек әрқашанда жемісті және ізгілікті болатынын қадап айтты. Қараңғылықтан шығар, елді өркениетке жеткізер жалғыз жол — оқу-білім екенін көзі қарақты жастарға түсіндірді.

Абай отандық тарихымыз бен әдебиетімізде аса көрнекті орын алады. Абай қазақтың ұлттық жазба әдебиетінің негізін қалады. Абай есімі дүние жүзі халықтары әдебиетінде Шекспир, Пушкин, Гетелермен қатар тұрады. Ақынның мол әдеби мұрасы тек бір халықтың ғана емес, бүкіл адамзаттың рухани қазынасы саналады. Осындай мәңгі жасыл нәрлі мұраның асылын қанып ішіп, өміріне қажетті дүниелерді бойына жия білген әрбір жас ұрпақ – нұрлы да шуақты болашақтың иесі боларына кәміл сенемін.

* * * * * * * * * * *

*Түркістан облысы, Арыс қаласы № 8 В.Комаров атындағы жалпы орта мектебінің*
*қазақ тілі пәнінің мұғалімі  Құрманқұлова Шолпан Шағырбайқызы*

**Сабақтың  тақырыбы: Абай әлеміне саяхат**
**Сабақтың тақырыбы:** Абай әлеміне саяхат. Әсемпаз болма әрнеге…
**Сабақтың мақсаты:** Ақын Абаймен танысу, ұлы ақын  Абай өлеңдері арқылы оқушыларды адамгершілікке, әдептілікке, еңбекқорлыққа, адам бойындағы асыл қасиеттерге баулу.
**Дамытушылық мақсаты:** Оқушылардың ойлау шеберлігін, сөйлеу мәдениетін жетілдіру, сөз мағынасын түсінуге бағыттау, ой - өрісін дамыту.
**Тәрбиелік мақсаты:** Өнерге баулу, жақсы мінез - құлықты дәріптеу.
Сабақтың әдісі: Әңгімелеу, сұрақ - жауап, тахтамен жұмыс, ой қозғау.
Сабақтың көрнекілігі: Абайдың портреті,буклет,реферат, деректі фильм.
**Сабақтың барысы:**
Ұйымдастыру кезеңі. Оқушыларға сабақтың тақырыбы, оның мақсаты және негізгі әдістерімен таныстыру.
Психологиялық дайындық. Балалар, бүгінгі тәрбие сабағымызды бастамас бұрын «Адамдықтың белгісі, иіліп сәлем бергені» демекші, «Сәлеметсіздер ме?» деп амандасып алайық.
Мұғалім: Балалар, білесіңдер ме, таңертең тұрып, көзімізді ашып, терезеге қарасақ алдымен арайлап атқан таңды, күннің нұрын көреміз. Бүгін көңіл - күйіміз осы күн сияқты керемет. Бүгінгі сабағымыз да, тақырыбымыз да ерекше. Балалар, сабаққа жақсы көңіл - күймен келдік пе?
Бүгінгі ашық тәрбие сабағымызда ұлы ақын Абай әлеміне саяхат жасаймыз, Абай атамызбен таныса отырып, Абай атамыздың айтқан адамгершілік, адамның асыл қасиеттері жайлы ой бөлісеміз.
Сыныпта Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» әні қойылады.
**I. Кіріспе: Әңгімелеу.**
а) Ұлы ақын Абаймен танысу.
Слайд арқылы Абайдың суреті көрсетіледі.
Мұғалім: Балалар, Абай қазақтың біртуар ұлдарының бірі, данышпан ақын, ойшыл, аудармашы, қазақ халқының болашағы, мына сендерге асыл мұра, жақсы адам болуды өсиеттеп қалдырған ұлы ақын. Абай атамыз сендерге «әсемпаз болма әрнеге», «ақырын жүріп, анық бас», «адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп», «ғылым таппай мақтанба» деп сендерге қазақ халқының патриоты болсын деп мағыналы өлеңдер қалдырған.
Абайды танымайтын бір де бір қазақ жоқ. Абайдың өлеңдерін бүкіл қазақ жатқа біледі. Себебі Абай атамыз «бүкіл қазақтың атасы». Абай атамыз «адам боламын десеңіз ілім, білім ізде, оқы, тоқы, әріп таны, ойнап босқа жүрме» дейді. Ендеше, балалар, жақсы адам азамат боламын десек, ұлы Абаймен танысып, оның ақындық әлеміне, оның сазгерлігіне саяхат жасап қайтайық.
ә) Абайдың дүниеге келуі (деректі фильм)
Абайдың сыныпқа келуі. Деректі фильмді көріп болған соң, сыныпқа Абай кіреді. Абай балалармен танысып, әңгімелеседі. Марғұлан: Әсемпаз болма әрнеге. Нұрмахан: Ғылым таппай мақтанба өлеңдерін айтады.
Абай қонақ боп отырады.
**II. Негізгі бөлім.**
а) Абай өлеңдеріндегі адамгершілік, адамның асыл қасиеттері жайлы. (слайд)
Мұғалім: Абай өлеңдеріндегі адамның асыл қасиеттерін және жақсы адам болу үшін адамның бойында «бес асыл іс» болу керектігін, сондай - ақ адам бес нәрседен алыс болу керектігі айтылады.
Абай атамыз сендерге «оқу үйрен, оқы, тоқы, әріп таны, ойнап босқа жүрме, кезкелген істе ақырын жүріп, анық бас, көрсеқызар, қызғаншақ болма, мейірімді бол, достарыңа көмек қолын соз» дейді. Жаңа Марғұлан мен Нұрмахан айтқандай, сендердің бойларыңда «бес асыл іс» яғни, талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым. Осы жақсы адам болуға кедергі жасайтын адамның бес дұшпаны бар, яғни өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ. Осы бес жаман нәрсені бойларыңа жолатпаңдар, сендер міндетті түрде жақсы адам боласыңдар, балалар!
ә) Сұрақ - жауап. Интерактив тақтада бірнеше ақындардың суреті көрсетіледі. Оқушылар сол суреттердің ішінен Абайдың портретін көрсетеді.
Оқушыларға бірнеше сұрақтар беріледі.
1. Абайдың шын аты кім?
2. Абай қай жерде дүниеге келген?
3. Абайдың әкесінің аты кім?
4. Әжесінің аты кім?
5. Анасының аты кім?
6. Абайдың руы қандай? Оқушылар жауап береді.
б) Абай айтқан «бес асыл іс» пен «бес дұшпанды» топтастыру. (тахтамен жұмыс)
Оқушылар тақтаға шығып үстелдің үстіндегі Абай айтқан адамның жақсы, жаман қасиеттерінің ішінен «бес асыл істі» алып сары шеңбердің айналасына қыстырып шығады. Жарқыраған күні пайда болады. Бір топ оқушылар Абай айтқан «бес дұшпанды» топтастыру тапсырылады. Оқушылар тақтаға шығып, үстел үстіндегі адам қасиеттері жазылған қағаздарды тақтаға қыстырады. Тақтада қураған ағаштың суреті пайда болады. Оқушыларға адамның жақсы қасиеттері мен жаман қасиеттері туралы түсіндіріледі.

в) Сергіту сәті. «Көңілді күн» әні.
г) Абай – сазгер. Абайды сазгерлігі туралы айтылады. Оқушылар «Желсіз түнде жарық ай» әнін орындайды.
ғ) Мақал - мәтелге айналып кеткен Абай сөздері (слайд)
Ақын өлеңдеріндегі қанатты сөзге айналып кеткен қандай өлең қатарларын білесіңдер? Сұрақ қойылады. (слайд)
- Ақырын жүріп, анық бас
- Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп!
- Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.
- Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға.
Оқушылар жауап береді.
**ІІІ. Қорытынды.**
Жүректен - жүрекке. Ортада тұрған екі ағашқа адамның жақсы және жаман қасиеттері туралы әртүрлі мазмұндағы суреттерді саралап, жақсы мазмұндағы суреттерді көгеріп тұрған ағашқа қыстырады. Адамның жаман қасиетіне байланысты суреттерді қураған ағашқа қыстырады.
Мұғалім оқушылардың тапсырманы қалай орындағанын айтып өтеді.
Мұғалім: Сонымен балалар, бүгін ақын, Абай атамызбен таныстық. Абай атамыз айтқан адами қасиеттерді бойымызға сіңіре алдық.
«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп Абайдың жас ұрпаққа, сендерге айтар ақылы да, өсиеті де көп. Ол сендерді адамгершілік жолға, адалдыққа үгіттейді. Бүгін біз, балалар, Абай әлеміне аяқ бастық. Абай әлемін түгел саяхаттап шықтық деп айта алмаймыз.
Балалар, сендер, мына жарқыраған күн сияқты, Абай айтқандай мейірімді, сабырлы, иманды, жылы жүректі болыңдар. Бүгін тәрбие сағатымызда аз да болса, жақсылықтың нұрын, адамгершіліктің дәмін алдыңдар.
Ортаға Абай ата шығып, балалармен қоштасады.
Ал, балалар, Абай айтқандай
- Еңбекқор боламыз ба? (Иә)
- Мейірімді боламыз ба? (Иә)
- Білімді боламыз ба? (Иә)
- Сабырлы боламыз ба? (Иә)
- Әдепті боламыз ба? (Иә)
- Өсекші боламыз ба? (Жоқ)
- Өтірікші боламыз ба? (Жоқ)
- Адал боламыз ба? (Иә)
**Көріскенше күн жақсы, балалар!**

* * * * * * * * * * *

## АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ – ИМАНДЫЛЫҚ РУХЫ

*Атырау қаласы № 34 көп салалы мектеп-гимназиясының жоғары санатты*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Жаннат  Тасмағанбетқызы Ізтелеуова*

Қазақ халқының рухани дүниесі жағынан Әкесі, ұлы ойшыл, барлық еңбегінде имандылық қасиетті көрсете білген, тамаша суреткер Абай атамыздың туғанына-  биыл 175 жыл толғалы отыр. Бүгінгі заман жастарына берілер барлық тәлім-тәрбие өз ұлтымыздың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрімен тікелей байланысты болса, ойшыл Абай атамыздың даналық өлеңдерінен, әрбір қара сөздерінен «қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп ет жүрегі елжіреген ақынның туған халқы нәр алып, санасына сіңірсе, оның рухына бұдан үлкен тағзым етудің болмағандығы деп ойлаймын. Ол тар заманда «соқтықпалы соқпақсыз жерде, мыңмен жалғыз алысып» халқының көшін  жаңа жолға- мәдениет пен өнер-білімнің жолына бағыттады.
Абай:
Әуелде жас қартаймақ, туған өлмек,
Тағдыр жоқ, өткен өмір қайта келмек.
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек,-деп құдай жолы имандылыққа тәрбиелеудің басты күші екендігін айтады.
Абай қазақтың әрбір ұл-қызының еркі, бостандығы, ой-санасын жетілдіру мен ер жеткізу үшін күресті. Жастарды халқын сүю, адам баласы үшін қызмет етуге шақырды, адамгершілікке тәрбиеледі. Ақын сөздеріне үңілсек: «Адамның адамшылығы- ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» дегендей, бүгінгі таңдағы ұстаздар, соның ішінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері үшін ғұлама ақынның ұрпақ тәрбиесіне байланысты тебіреніспен жазған сөздерін, имандылыққа деген саналы құштарлығын шәкірт бойына сіңіру- негізгі жұмыс деп білемін.
Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті-
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.
Осыны біл, талап қыл, өнер, кәсіп ізде,
Қайғы келсе, оған да ерме.
Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,

Мұнан тапқан шын асыл, тастай көрме,-деп ақынның өзі айтқандай, Абайдың педагогикалық көзқарасы-инабаттылықққа, парасаттылыққа, имандылыққа тәрбиелеуші- ұлы Жол. Абай қазақтың мағынасы терең, тілі орамды, өрнегі шебер, кестесі көркем жаңа әдебиетін жасады. Ол халқына: «Мақсатым- тіл ұстартып, өнер шашпақ» деген сертіне жетіп «іші- алтын, сырты- күміс» өлең қазынасын қалдырды. Ол қазына- қазақ халқының өз тұсындағы тұрмыс-тіршілігі, дүние тануы, мінез-құлқы, зар-мұңы, тілек-арманы. Мұғалімдердің негізгі мақсаты- үздіксіз білім беру мен тәрбие саласында абайтану жұмысын жетілдіріп, дамыту. Ал Абай дүниесі-халықтық тәрбие.

Абай атамыздың шығармаларын жас ұрпақты тәрбилелеу жолында қандай дәрежеде пайдаланудамыз? Абайдың әрбір нақылға айналып кеткен сөздері мен өлеңдерінен шәкірттер қандай өмірлік тәрбие алуда?-деген сұрақтар ұстаздарды мазалайтыны сөзсіз.

Шәкірттерін Абай шығармаларының түпсіз тұңғиық тереңіне сүңгітіп, оның өлеңдерінен бас алмай оқитындай дәрежеге жеткізу үшін сабақ барысында алуан түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану- мұғалім шеберлігі. Осыған байланысты өзімнің өткізген сабақтарымнан, істеген жұмысымнан аз да болса Абай шығармалары мен халықтық тәрбиенің ұштасқан сәттерінен тұжырым жасап, ақынның педагогикалық жағынан өзге ойшылдардан оқшау тұрған өз ерекшелігін айтқым келді. Бала тәрбиесінде ең шоқтығы биік болып көрінетін құдіреттің бірі- халық педагогикасы. Абай тәрбиелі болуға шынайы сүйіспеншілікпен, үлкен жауапкершілікпен қарайды. Ол адам баласының тіршілігінде тәлім-тәрбиеге ерекше мән беріп, өмірінің ақырына дейін өзінің ағартушылық міндетін терең сезініп өткен және өзі жазып қалдырған педагогикалық еңбегінде ойларын саралап бөліп, жіктеп көрсеткен.

Олар**: ақыл-парасат, ұждан-ар, қанағат, әділет-шапхат, тұрмыстық тәлімдер, достық мұра**. Мен педагогикалық тәрбиеге байланысты Абай сөздерін қазақ тілі сабақтарында пайдаланып, Абай шығармаларын халықтық педагогикамен үнемі ұштастырып өткіземін. Абайдың «Күз» өлеңін өткен кезде өлеңдегі табиғат көрінісінің адам өмірі, тұрмыс-тіршілігімен байланыстылығын аштым. Оқушылардың ойлау қабілетін арттыру мақсатында халықтық педагогикаға байланысты киіз үй және оның құрылысымен таныстырдым.

Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес, бала шулай.
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айырылған ағаш құрай,- деп күзді суреттеген ақын ізінше-ақ, кедей үй тұрмысын көрсетеді. Күзгі суықтағы бай мен кедей үйлерінің тіршілігін бір-біріне қарама-қарсы қояды.

Біреу малма сапсиды, салып иін,
Салбыраңқы тартыпты жыртық киім.
Енесіне иіртіп шуда жібін,
Жас қатындар жыртылған жамайды үйін.

Осы жерде «ене мен келін» сөзінің мағынасы ашылып, олардың арасындағы сыйластық айтылады.

Шуда жіпті түйенің мойын жүнінен шүйкелеп, ұршықпен иіретіні бейнетаспадан көрсетілді. Киіз үйдің құрылысы туралы айтылды. «Киіз үй- көшпелі халықтың негізгі баспанасы. Ол тез жығып, шапшаң тігіледі. Киіз үй төрт бөлшектен тұрады: кереге, уық, шаңырақ, есік. Кереге қанаттардан, қанат сағанақтардан құралады. Сағанақтарды бір- біріне қиғаштап қайыспен көктейді. Қайыс түйе, жылқы, өгіз терісінен жасалады. Киіз үйдің алты қанаты болады, керегенің екі түрі бар, олар: желкөз, торкөз. Желкөз қатты желге төзімді болса, торкөз жаңбырда су жібермейді. Шаңырақ екі бөлшектен тұрады: шеңбер және күлдіреуіш, шеңберге уықтар сұғынатын қаламдық иеді. Күлдіреуіш арқылы үйге жарық түседі. Ол жарты ай сияқты шыбықтардан иіледі. Шаңырақ оюмен бедерленеді. Қазақ өмірінде шаңырақтың маңызы зор. Ол- атадан балаға деген мұра. Киіз үйдің басқа бөлшектері тозса, оны жаңартады, ал шаңырақты сақтайды. Ошақ түтінінен ол қараяды, сондықтан оны «қара шаңырақ» дейді. Киіз үйдің есігі сықырлауық, табалдырықтан құралады». Осыдан кейін туырлық, үзік, түндік, киіз есік туралы және туырлық пен кереге арасына шым ши салынатыны айтылды. Осы сабақ нәтижесінде оқушылар қазақтың көшпелі тұрмыс-тіршілігін (күздеу, жайлау, қыстау, көктеу), адамдар арасындағы сыйластықты, қазақтың киім түрлерін (шидем, шекпен), киіз үйдің құрылысын, Абайдың бала тәрбиесіндегі асыл қасиеттері мен бес дұшпанын, мақал-мәтелдер мен Абайдың нақыл сөздерін, өлең құрылысын, ақынның сазгерлік өнерін білсе, жатқа айту, жазба жұмысы, сурет салу бойынша дауыс ырғағын келтіру, сөйлем құрастырудағы логикалық ойлау қабілеті қалыптасып, өз беттерімен ізденгіштігі байқалды. «Қыс» өлеңін өткенде 1888 ж орыс поэзиясының классикалық үлгісінен туған, жанды адам, мазасыз, сұрампаз, еселеп алып, тыным бермейтін кәрі құдадай дүлей қыстың кескінін ақын суреттеуінше түсіндірдім. Мал баққан малшының бет қаратпайтын аяздағы қимылы, қыста қар теуіп, қажымайтын жылқылардан да әл кетіп, титығының құруы, қыспен бірге қасқырлардың да малға шауып маза бермейтіндігі айтылды . Бұл өлеңнің шығу тарихына тоқталсақ -1884 ж қыс қатты болып, ел жұтаған. Қар сәуірдің бесінде кетеді. Осыған орай айтылса керек. «Кәрі құда» сөз тіркесін анықтатып, Тұрағұл Құнанбаевтың «Әкем Абай туралы» мақаласын қолдандым.

Қазақтың тарихы, фольклоры, этнографиясы, психологиялық ерекшеліктері- Абай шығармаларының барлығында кездеседі.Суреткерлік, көркемдік тәсіл аталған мәселелердің алуан сыры бейнелілікпен суреттеу жағдайына әкеледі.

Қазақ тұрмысындағы аңшылық, саятшылықтың ғажап бір түрі- бүркіт салып, аң аулау. Осыған байланысты Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» өлеңдерінде қазақ елінің табиғатпен етене араласқан табиғи бітім-болмысы танылады. Түні бойы жауған қар таң ата тоқтағаннан кейінгі

қысқы қалыпты халқымыз **қансонар** деп атаған, интербелсенді тақтадан жауған қардың түрлеріне анықтама берілді: **қасат қар**- ұзақ жатқан қалың қар, **қиыршық қар**- жентектелген түйіршік қар, **қылау-** ауадағы су буынан немесе салқын тұман тамшыларынан түрлі зат бетіне, ағаш бұтақтарына қонатын мұз қабаты, **қырау**-суық күзде тоңазыған дымқыл ауаның бір нәрсеге қар тәрізді ағарып қонған түрі, **қырбық қар**- жұқа жауған қар, **мұздақ қар**- үстін мұз торлаған, көкшіл түсті жылтыр сырғанақ қар, **омбы қар**- ат бауырлайтын қалың қар, **сонар қар**- алғаш жауған қалың қар, **ақша қар**-жаңа жауған таза қар, **алақанат қар**- бір аумаққа жауып, бір аумаққа жаумай, жерге ала түскен қар, **анжыр**- қардың еріп қатуы, қарғынға аралас қатқан қарлы мұз, **боз қырау**- күзгі күнгі тоңазудан болатын шық, **жапалақ қар**-ірі түйіршікті жапырақтап жауған қар,**жылбысқы қар**-жерге түскенде астыңғы қабаты ери беріп, беті көпіршіген жұмсақ қар, **күпсек қар**- беті қатқан, жаяу жүргенде ақсақ ойылатын қалың қар, **сүрі қар-** ерте түсіп, ерімей, қыс бойы қалыңдаған, тозаң топырақ сіңіп, беті күлгін тартқан нағыз қар,**сіреу қар**- ұзақ мезгіл мызғымай жатқан аяқ бастырмас, көлік жүрісіне бөгеу қатты қалың қар, **ұлпа қар**- түйіршіктері үлбіреген жеңіл үлпек қар, **үйме қар**- боранды жел сырғытып, бір жерге тау-төбе болып үйілген қар, **үрме қар**-жел үрлеп жиынтықтанған тығыз қар. Қасында жолдасы бар аңшының ат үстінде ыңғайлы ықшам киім киіп, қалың қарда қанша малтыса да рахаттанып аңшылық құрған сәтін көрсеткенін өлең мазмұны арқылы түсіндірдім. Саятшылық өнердің құдіреті, жүйрік ат пен бүркітті баптау әдістеріне тоқталдым.

Абай ағартушылығының бір саласы- білім-ғылымға үйренумен қоса ерінбей еңбек етуге үндейді. Адамның тұрмыс жағдайын да, жан дүниесінің жақсылық сезімдерге бөленуін де жетілдіретін еңбекті өлеңдеріне арқау етеді. Себебі өнер мен еңбекті бір-бірінен ажырата алмайсың. Өлеңдегі бейнеленетін табиғат, бүркіт салу, қағушы, бүркітшілер орны, бүркіттің ұшуы, түлкіні алуы, жалпы саятшылық-өнердің бір түрі. Оны Шоқан, Абай, Ақан сері, Шәкәрім және басқа қайраткерлердің қатты ұнатқандығы, оған олардың қырандар жайлы жазған шығармалары куә. Саятшылық өнері арқылы халық табиғатпен қоян-қолтық араласып, бір-біріне жақындығын сезінеді. Мысалы: Шоқан бала кезінен Сырымбеттің сай-саласын аралап, құс салып, ит жүгіртетін. Шешесі Зейнептің төркіні- Шорман аулына қыдырып барғанда, Омар деген құсбегіге ертіп жібереді. Саятшылар Шоқанға Баянауылдың ең көрікті жерін аралатады. Аюлы-Нияз тауының маңында, Омар дабыл қаққанда Шоқан қолындағы лашынның томағасын алып, толқытып тастап жібереді. Лашын аспанға шырқап жіберіп, бір көк мойын үйректі іліп түседі.

Ақан сері:
Тағы да аң көрінсе, атайын деп,
Атына ол мінеді даярланып.
Шәкәрім:
Жапанда жалғыз жаттым елден безіп,
Жалықсам, аң қараймын тауды кезіп,- десе Абай қазақ халқына тән аңшылық түрін суреттеу арқылы ұлттық мінез-құлықтарды, дарқандықты, серілік сипаттарды аңғартады.
Ұқпассың үстірт қарап, бұлғақтасаң,
Суретін көре алмассың көп бақпасаң.
Көлеңкесі түседі көкейіңе
Әр сөзін бір ойланып салмақтасаң.
Мұны оқыса, жігіттер, аңшы оқысын,
Біле алмасаң, құс салып, дәм татпасаң. Саятшылық, аңкөс, құсбегі, бүркітші, салбурынбап, бүркіттің жасына қарай аталуына, тоқталып, мақал-мәтелдер айтқызамын.
Мыс:
Баба бүркіт барлап ұшар
Балапан бүркір шарлап ұшар.
Атбегі аяғына қарай,
Құсбегі қиягына қарай.
Аңды не көрінбеген атады, не ерінбеген атады.

Абайдың қарасөздерін оқытқанда оның ағартушылық, адамгершілік жайлы пікірлерін оқушылар тереңірек білу үшін өлеңдері мен қарасөздеріндегі сабақтастықты ашу керек. Мысалы: «Болыс болдым мінекей»- үшінші қарасөзбен, «Жасымда ғылым бар деп ескермедім»- жиырма бесінші, «Бір дәурен кемді күнге бозбалалық»- он тоғызыншы қарасөзбен байланыстылығын айтқан жөн. Абай өзінің саналы өмірінде шынайы достық, достыққа апарар сезімді өмір бойы аңсап, уағыздаумен өткен. Ол шынайы сүйе білуді нағыз дарындылық пен таланттылық деп ұққан. Абай үлкен достықты адамгершілік тұрғысынан іздейді. Достық тақырыбындағы лирикасына тоқталғанда, ақынның өз басынан кешкен өмір сабағына сүйене отырып, достық пен махаббаттың шын бағасын:
Махаббатсыз дүние бос,
Хайуанға оны қосыңдар.
Пайда, мақтан, бәрі-тұл,
Доссыз ашу тұшымас,-деп жас ұрпақты өзі аңсаған достыққа, махаббатқа үгіттейді.
Кемеңгер ақынның көкірегін шерменде еткен әділетсіз қоғам мен білімі жоқ ортаның аяусыз тартқызған азабын аңғармау мүмкін емес. Абайдың адам тәрбиесі хақындағы көзқарастары аса үлкен мәнге жетіп, болашақ ұрпақтың көкірегін оятар, сәулелі шапағына айналары сөзсіз. Абайдың қай кезде де ақыл-нақыл болып кеткен

афоризмдерін сабақта орнымен қолдана білсек, одан қастерлі рух үні жоқ. Оның әрбір қара сөзі, жыр жолы қанатты мақалға айналған. Әр адам Абайды оқу арқылы, өзін-өзі көріп біледі. Сондықтан Абай-ерекше туған табиғат-тәңірдің перзенті.

Ішім толған у мен дерт, сыртым дүрдей, Мен келмеске кетермін түк өндірмей.

Өлең шіркін, өсекші жұртқа жаяр. Сырымды тоқтатайын айта бермей,- деген ақын өлеңдерін табанына тікен кірген, маңдайын желге сүйдірген, ананың әлдиімен, домбыраның күңгір даусымен өсіп келе жатқан, өз ана тілін сүйе білетін әрбір оқушы қауымның жаттап өсуіне тікелей міндеттіміз. Бұл- біздің ұстаздық парызымыз. Абай- танудың жоғарғы сатысында тұрған – Мағжанша айтсам «Алтын хәкім». Осы ойыма дәлел болатын жауабым- менің де ақындық жолым десем артық болмас. Мен Абай әлеміне арнаған өзімнің жүрекжарды жыр жолдарыммен қорытындылаймын.

**Ұлы Абайға**

Ақын баба, аруағыңнан айналдым.
Данышпандық қасиетіңе қайранмын.
Сол заманғы надандығын халқыңның
«Ыстық қайрат, нұрлы ақылмен » ойға алдың.

Халқың үшін «айқай салдың жартасқа»
Ғылымды іздеп шарқ ұрғансыз тау-тасқа.
Сөзіңді ұғар жан тата алмай қиналдың,
Өнер жолы, ғылым жолы-бір басқа.

Өтті заман, арман еткен кез келді.
Надандықтың түп-тамыры өзгерді.
Көкірегінде сәулесі бар ұрпағың-
Арттағыға өзің айтқан сөзге ерді.

Дара тұлға, жарық жұлдыз Ай сәуле,
Бір өзіңіз- қазақтағы өр кеуде.
Айтар сөзге сиятұғын шамшырақ-
Ұлы Абайым мәңгі тірі жүр деуге!

Егемендік туын тіктік бұл күні.
Бір өзіңнен басталды өмір тірлігі.
Айқара ашып қазақ деген халқың тұр
Еркіндік пен бостандықтың түндігін.

Ұлы сөзің Абай ата, бақ болсын,
Ұрпағыңа адалдығың жақ болсын.
Желеп-жебеп жата берші халқыңды,
Тілегі мен жүрегі елдің ақ болсын!

* * * * * * * * * * *

## ЖАҢАША ОҚЫТУ - ЗАМАН ТАЛАБЫ

*Ақтөбе қаласы № 33 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің*
*химия және биология пәнінің мұғалімі Жумина Гулзипа Нурмахановна*

*“...Адамзат үшін ХХІ ғасыр технологиялардың ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып,” өмірге енгізу игеру және жетілдіру – бүгінгі жас ұрпақ, сіздердің еншілеріңіз... Ал жас ұрпақтың тағдыры-ұстаздардың қолында”. Н.Ә.Назарбаев.*

Қазір елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып,әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда.Бұл педагогика тарихы мен оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі “өзгерістерге байланысты болып отыр.Себебі білім беру жүйесі өзгерді.Білім берудің мазмұны жаңарды,жаңа көзқарас,жаңаша қарым-қатынас пайда болды.Шілде айынан бастап жаңартылған білім беру курсын бастадық. Осы курстың бағдарламасы мен мақсат - мүддесімен танысып, көп жаңаша көзқарастар пайда болды. Тренеріміз Клара Сапаевна бізге жаңаша ой тастап ,жаңаша сабақ жүргізу әдістерін үйретті. Атап айтар болсақ, бірінші күннен бастап таныстыру “Өрмекші торы” тренингі өте сәтті шықты. Жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламасы- сәтті де,сауатты ұрпақ кепілі болады деп сенемін.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының маған қатты ұнағаны спиральды қағидатпен және пәндердің кіріктіріліп оқытылуы.Оқу мақсаттарын қоя білу және аша білу мен үшін де білім алушылар үшін де өте маңызды екеніне көзім жетті. Бағалау жүйесіне келсек мен үшін қиындық туғызған жоқ. Себебі, осыдан 5 жыл бұрын деңгейлік курс бағдарламасын тәмамдаған болатынмын. Сондықтан да қалыптастырушы бағалау мен жиынтық бағалауды оқып уйрену жеңіл болды.Маған саралау тәсілдерін меңгеріп, әрі қарай жетілдіру аз да болса қиындық туғызды. Кез - келген ұстаз алдында отырған шәкірттерін қайтседе жақсы, жан - жақты, білімді, сыни ойлап, сындарлы сөйлейтін,теорияны практикамен ұштастырып,мектеп қабырғасынан алған білімін өмірде пайдалана алатын дарынды тұлға етіп шығарғысы келеді.Осы мақсатта үздіксіз білім беріп, терең еңбектенеді. Абай атамыз айтқандай: “Ақырын жүріп , анық бас
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық еткен жалықпас,
Үйретуден балаға.”-деп өзіме осы өлең жолдарын, ұстаздың жолыма .жалау етіп алдым.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында өз пәнін ғана емес, сонымен бірге шәкірттерін шексіз сүйетін, өз уақытын аямайтын, білім алушылардың білімге деген қажеттілігін өтейтін , “жанамын” деген баланың жүрегіне от беретін мейірімді, білімді де шыдамды, ұлағатты ұстаздар ғана қажырлы жұмыс жасайды деп сенемін.

* * * * * * * * * * *

**ЛИТЕРАТУРНЫЙ ЧАС. «ПЕРВЫЙ ПОЭТ КАЗАХОВ – АБАЙ»**

*Актюбинская область, Мугалжарский район, город Кандыагаш ОСШ №2*
*Классный руководитель: Амиржанова Базаргуль*

**Цель:** расширить знания учащихся о жизни и творчестве Абая Кунанбаева, способствовать расширению и углублению знаний учащихся о жизни и творчестве Абая Кунанбаева; показать значение произведений Абая для подрастающего поколения, вызвать уважение и интерес к произведениям Абая, гордость к тому, что этот великий человек - наш соотечественник.
*Ведущий: Здравствуйте дорогие гости. Мы рады приветствовать вас на нашем Литературном часе, который посвящён великому казахскому поэту Абаю Кунанбаеву.*
*Абаем создано около 170 стихов, 56 переводов, написаны поэмы, «Слова назидания», «Қара сөздер»*
*Известно, что Абай всегда мечтал быть не только сыном отца, а сыном отечества. И сегодня он достиг своей мечты и гордо восседает на самом почётном месте нашего торжества, как признанный всем миром мудрый и прозорливый учитель, поэт и гений человечества.*
*Это слова нашего Президента Нурсултана Назарбаева о великом АБАЕ.*
***Биография Абая Кунанбаева.** Абай Кунанбаев (Ибрагим Кунанбаев) родился 29 июля 1845 года в Казахстане в аристократической семье феодала. Прозвище Абай в биографии Кунанбаева было получено еще в детстве от матери.Получил хорошее образование – учился в Семипалатенском медресе, а также в русской школе.*
*Кунанбаев с юношеских лет увлекался литературой (русской, европейской), а также работами восточных ученых. Много сил в своей биографии Абай Кунанбаев приложил для сближения русской и казахской культур. Он взывал свой народ к изучению русского языка.*
*Скончался великий писатель и деятель 23 июня 1904 года, подавленный смертью двоих сыновей.*
*Сейчас наши ребята покажут, что же они знают о жизни этого великого человека. Знают они не так уж и мало и вы сейчас в этом убедитесь.*
***Сценка:***
***Джамал :** Ребята, давайте поговорим о чём –нибудь важном и интересном.*
***Акжан:** Предложение принимается!*
***Жанель :** О чём же будем говорить?*
***Джамал :** Да о том, что узнали недавно. Я вот, например, узнал, что настоящее имя Абая - Ибрагим. Оказывается , его мама в детсве звала Абаем, что в переводе означает “внимательный”.*
***Акжан :** А я прочитала о том, что Абай с раннего возраста начал писать стихи, но первое стихотворение было напечатано, когда поэту было сорок лет и называлось оно “Лето”.*
***Жанель:** Послушайте, кроме того, что Абай писал стихи, он ещё был талантливым композитором.*
***Джамал :** Абай Кунанбаев знал несколько языков и переводил на казахский язык произведения Лермонтова, Крылова. Особенно ему нравилось переводить А.С.Пушкина.*
***Акжан:** А почему?*
***Жанель :** Да потому что взгляды Пушкина были во многом схожи со взглядами Абая. И кто знает, если бы Александр Сергеевич так рано не ушёл бы из жизни, то они обязательно бы встретились.*
***Акжан:** Ребята я придумала! А давайте, почитаем стихи Абая.*
***Акжан:** Не для забавы я слагаю стих,*
*Не выдумками наполняю стих.*
*Для чутких слухом, сердцем и душой,*
*Для молодых я свой рождаю стих.*
*Кто сердцем прозорлив и чуток, тот*
*Поймет, что в каждый я влагаю стих.*
***Жанель :** Сам хозяин ты судьбы своей.*
*Труд — отрада, лень — жестокий бич.*
*Мало толку в пышности речей,*
*Если смысла знанья не постичь...*
*На фоне музыки выходит ученик в образе Абая, в костюме (шапан и головной убор)*
***Абай: (Ахмедияр)** Хорошо я жил или плохо, а пройдено немало; в борьбе и ссорах, судах и спорах, страданиях и тревогах дошел до преклонных лет; выбившись из сил, пресытившись всем, обнаружил бренность и бесплодность своих деяний, убедился в унизительности своего бытия. Чем теперь заняться, как прожить оставшуюся жизнь?*
***Ведущий:** Так начинает Абай «Слово первое» своего духовного завещания. После долгих размышлений он, наконец, решил:*
***Ахмедияр**: Возьму я в спутники бумагу и чернила, стану записывать свои мысли.*
*(берет в руки лист бумаги и перо)*
*Пойми меня сердцем своим –*
*Для тебя загадкой предстану,*

*С бесправьем боролся, в бездорожье путь искал,*
*С тысячью один бился – не осуждай. (Абай уходит)*
*С интерактивной доски зачитываются слова – высказывания великих людей об Абае.*
***Алихан Букейханов:*** *Абай представляет собой недюжинную поэтическую силу и является гордостью казахского народа. Чудные его стихи, посвящённые 4 временам года (весне, лету, зиме, осени), сделали бы честь знаменитым поэтам Европы.*
***Ахмет Байтурсынов:*** *Первый поэт казахов Абай Кунанбаев. Ни в раннем, ни в позднем периоде истории казахов нет поэта, превосходящего его по величию духа.*
***Сабит Муканов:*** *Не все гении – поэты, не все поэты – гении. Абай был и тем, и другим.*
***Чингиз Айтматов:*** *Как олицетворение интеллектуальности, нравственной и духовной культуры своего народа, Абай есть, несомненно, национальное достижение мирового порядка.*
***Ведущий:*** *Абай- предан своему народу ,своей Родине.*
*Работа с пословицами о Родине(собери и значение)*
*1.Жить - родине служить.*
*2. Если народ един, он непобедим.*
*3.Кто за Родину горой, тот и герой.*
*4.Где кто родится, там и пригодится.*
***Литературно – музыкальная композиция.***
***Лёша:*** *Пройдя свой путь раздумий и страданий,*
*Он стал у основанья снежных гор,*
*Как дружбы свет, как прошлому укор,*
*Величественным и строгим изваяньем.*
***Жанель:*** *Поэт глядит на нас из далека*
*В открытом взоре мысли созиданий,*
*И поколеньям новым на века*
*Он держит книгу мудрых назиданий.*
***Лимана:*** *Песнь его по степи летит!*
*Возносится до горных кручей!*
*На снежных пиках в вышине*
*И на скалистой крутизне*
*Мы видим след певца могучий!*
***Вика:*** *Взглянет он зорче степного орла,*
*Струны раздумий в душе теребя,*
*Против невежества, против зла*
*Он обращает свой гнев, скорбя.*
***Альхан:*** *Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,*
*Жок барды, ертегіні термек үшін.*
*Көкірегі сезімді, тілі ормады,*
*Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.*
*Бұл сөзді тасыр ұкпас, талапты ұғар,*
*Көңілінің көзі ашық, сергек үшін.*
***Алтын:*** *Он видел: берёзу сломила гроза,*
*И пуля бегущую лань настигала.*
*На тёмной реснице блеснула слеза,*
*А сердце тревога и жалость сжигала.*
*Он встретил холодные милой глаза,*
*Разлука, как чёрная ночь, набегала,*
*По смуглой щеке покатилась слеза,*
*А сердце обида и горечь сжигала.*
***-Ребята какое сейчас время года?***
***- Какие ассоциации у вас возникают с этим временем года?***
***- А хотите узнать , что писал Абай о зиме***
*Звучит стихотворение Абая «Зима»*
***Кымбат***
*В белой шубе, плечист, весь от снега седой,*
*Слеп и нем, с серебристой большой бородой,*
*Враг всему, что живет, с омраченным челом*
*Он, скрипучий, шагает зимой снеговой.*
*Старый сват, белый дед натворил много бед.*
*От дыханья его — стужа, снег и буран.*
*Тучу шапкой надвинув на брови себе,*
*Он шагает, кряхтя, разукрашен, румян.*
***Сева***
*Брови грозно нависли — нахмуренный вид;*
*Головою тряхнет — скучный снег повалит.*
*Злится он, словно бешеный старый верблюд,*
*И тогда шестистворная юрта дрожит.*
*Если дети играть выбегают во двор,*
*Щиплет нос он и щеки им злою рукой;*
*В армяке, в полушубке дубленом пастух*
*Повернулся к холодному ветру спиной.*
***Вика***
*Конь разбить безуспешно пытается лед,*
*И голодный табун еле-еле бредет.*
*Скалит жадную пасть волк — приспешник зимы,*
*Пастухи, день и ночь охраняйте свой скот!*
*Угоняйте на новое место табун,*
*Не беда, если вам не придется поспать,*
*Лучше вам с бедняками делиться скотом!*
*Не давайте волкам средь степей пировать!*
***Звучит «Көзімнің қарасы» (звук уменьшается ученик читает стихотворение Абая)***
***Рамазан:***
*Красивою песней под струнный звон.*
*Ты весь охвачен в ночной тиши*
*Песни меня забирают в полон,*
*Как я, люби их от всей души.*
*От дел привычных уйти спеша,*
*Я забываю весь белый свет.*
*Внимает песне моя душа,*
*И сердца пламенем я согрет.*

***Ведущий:* Мог ли Абай, будучи сам переводчиком, допустить, что спустя годы «заговорит» с читателями на азербайджанском, арабском, башкирском, киргизском, немецком языках?!**
***Стихотворение «Горные вершины» на двух языках (казахский, русский,)***

***Акжан:***_ҚАРАҢҒЫ ТҮНДЕ ТАУ ҚАЛҒЫП_
*Қараңғы түнде тау қалғып,*
*Ұйқыға кетер балбырап.*
*Даланы жым-жырт, дел-сал ғып,*
*Түн басады салбырап.*
*Шаң шығармас жол дағы,*
*Сілкіне алмас жапырақ.*
*Тыншығарсың сен дағы,*
*Сабыр қылсаң азырақ.*

***Джамал:***
*М.Ю. Лермонтов*
*Горные вершины*
*Спят во тьме ночной;*
*Тихие долины*
*Полны свежей мглой;*
*Не пылит дорога,*
*Не дрожат листы…*
*Подожди немного,*
*Отдохнешь и ты.*

***Ведущий:***
*Абай создал мелодии к своим переводам, отрывкам из «Евгения Онегина». Имя Пушкина и имена его героев, Онегина и Татьяны, пролетев над степями на крыльях этих песен, стали такими же родными для казахского народа, как имена казахских акынов и героев казахских эпических поэм.*
***Прослушивается песня на казахском языке «Татьяна хаты»***
***Ведущий:*** *Не только лирика Пушкина и Лермонтова волновала Абая, сатира русского баснописца Крылова нашла восторженный отклик в душе поэта. Басни Крылова в переводе Абая рассказывались по всей казахской степи.*
*А мы хотим показать вам сценку на басню*
***«Стрекоза и муравей»***
*Попрыгунья Стрекоза*
*Лето красное пропела;*
*Оглянуться не успела,*
*Как зима катит в глаза.*
*Помертвело чисто поле;*
*Нет уж дней тех светлых боле,*
*Как под каждым ей листком*
*Был готов и стол, и дом.*
*Всё прошло: с зимой холодной*
*Нужда, голод настает;*
*Стрекоза уж не поет:*
*И кому же в ум пойдет*
*На желудок петь голодный!*
*Злой тоской удручена,*
*К Муравью ползет она:*
*«Не оставь меня, кум милой!*
*Дай ты мне собраться с силой*
*И до вешних только дней*
*Прокорми и обогрей!» —*
*«Кумушка, мне странно это:*
*Да работала ль ты в лето?»*
*Говорит ей Муравей.*
*«До того ль, голубчик, было?*
*В мягких муравах у нас*
*Песни, резвость всякий час,*
*Так, что голову вскружило».—*
*«А, так ты...» — «Я без души*
*Лето целое всё пела».—*
*«Ты всё пела? это дело:*
*Так поди же, попляши!»*

***Ведущий:*** *Имя Абая для нас и многих людей на всех континентах стоит вровень с именами Шекспира, Гёте, Пушкина и Мольера.*
***Единство мы должны беречь.***
***Мир – счастье для страны родной.***
***Напрасно никогда не спорь,***
***За истину, за правду стой. А. Кунанбаев.***
***Акжан:***
*Всем пресытиться может душа –*
*Только песня всегда хороша.*
*Если ты вдохновенно поёшь,*
*Грудь ликует, свободно дыша.*
*Звучит песня «Я привет шлю, Каламкас» («Айтым сәлем, Қаламқас»)(фото ролик)*
*Спасибо за внимание!*

* * * * * * * * * * *

**АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 175 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ТӘРБИЕЛІК ІС-ШАРА**

| | |
|---|---|
| Тәрбие сағаты | Қызылжар орта мектебі ММ 3-сынып<br>Целиноград ауданы Ақмола облысы |
| Бастауыш сынып мұғалімі | А.С.Абишева |
| Тақырыбы | Абай Құнанбайұлы «Ескендір» поэмасы. |
| Мақсаты: | Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына байланысты «.Ескендр» поэмасын оқыту.<br>“Ескендір”поэмасының тақырыбы мен идеясын түсіндіру; мәнерлеп айту дағдысын, адамгершілікке, рухани имандылыққа тәрбиелеу, поэманың тереңіне бойлату.<br>-Оқушылардың білімін, ой-өрістерін тереңдетіп, жаңа сөздер, жаттығу жұмыстары және ойын түрлері арқылы тілдерін машықтандыру |
| Нәтиже: | Абай Құнанбайұлы туралы ой-өрістері кеңейеді. «Ескендір»прэмасымен танысады.Шығармашылық қаблеті дамиды |
| Сілтеме | Презентация«Ұлы даланың-Ұлы Абайы» Видио-фильм «Александр Македонский».Алдын ала1-2 шумақтан жаттап келу. |
| Топқа бөлу | Әр топта Мазайканың (А4 парағы сөз жазылған 5-ке бөлнеді)бір бөлігі партада жатады, жапсырып шыққан топ атауын тақтаға іледі, оқушы өзінің қалған жартысын табу керек. 28 оқушы<br>1-топ Абай-ақын<br>2-топ 45 қара сөзі бар<br>3-топ Саяси қайраткер<br>4-топ Ағартушы<br>5-топ Композитор<br>6-топ Аудармашы<br>7-топ Семей өңірі |
| **Қызығушылығын ояту** | Кіріспе сөз: Абай Құнанбаев Ұлы қазақ дей отыра биылғы жылы туғанына175 толуына орай еліміз дүркіретіп той жасауда,бүгін біз Абайдың «Ескендір» деген поэмасына тоқталамыз.<br>Презентация. «Ұлы даланың-Ұлы Абайы» презентация арқылы қысқаша шолу.(Шығармалары.,Туған туысқандары.аудармалары) |
| **Мағынаны тану** | 1.Александр Македонский фильмін көру(олкім болған,түрмысы,киімі,әскери жорықтары)<br>2. «Өрмек» -әдісі арқылы ,шеңберде тұрып,өрмек тоқып,поэманы оқиды.Өрмек ортасында қағаз бен қауырсын тұрады.Оқып болғаннан кейін өрмекті жоғары көтеріп, ортадағы қағаз бен қауырсынды жоғары көтеріп,Абай Құранбайұлының шығармаларынан рухани азық алатынымызды дәріптейміз деп ,поэманы оқуды аяқтау. Өрмек жіпті жинау.<br>3.Мұғалімнің қорытынды сөзі.<br>Абай дастанында әділдік, данышпандық, жауыздықтар сөз болады. Бірақ мұндағы әділ де, данышпан да, философ та Ескендір емес, Аристотель. Дастанда екі образ бар. Бірі –Ескендір, екіншісі –Аристотель.Абай Аристотель есімін құрметпен айтады, «ақылы мол», «жеке-дара», «хакім адам» деп бағалайды. Ал Ескендір болса, дәріптелмей, сыналады. «Мақтан сүйгіш, қанішер, тойымсыз, қаһарлы,кекшіл, есер, өзімшіл, тоқтау көрмей өскен жан». |
| **Рефлексия** | -Поэмадан не түсіндік? Оқушылардың пікірінен кейін, садақтың оғына жазылған сөздерді оқып ,қынға салып отырады.<br>-Пендешіліктенарылуға, арлы болуға, күлкіге қалмауға ашкөзділіктен сақтануға, имандыболуға, қанағат етуге, ойланып ісжасауға үйрендік.<br>Осымен танымдылық тәрбие сағаты аяқталды. |

* * * * * * * * * * *

*Алматинский обл. Талгарский район . село Даулет сш №11*
*учитель географии 1 категории: Дугарева Галина Юрьевна*

**Открытый урок** **<u>В 11 «Б» классе</u>**
**<u>Тема:</u>** <u>ЗАРУБЕЖНАЯ ЕВРОПА</u> (ОБОБЩАЮЩИЙ УРОК – КВН).
**<u>Цель:</u>** Обобщить знания, навыки по капиталистическим странам Зарубежной Европы (одного из 3-х центров современного капитализма). Закрепить и систематизировать знания об отраслевой и территориальной структуре хозяйства стран Зарубежной Европы, о современных этапах развития. Отработать практические навыки у учащихся в работе с картами (физической и политической). Научить ребят творчески мыслить, добывать знания, быстро находить правильный ответ и облекать его в остроумную форму, внимательно слушать, понимать своих товарищей, выручать команду в трудную минуту, воспитывать любовь к чтению.
|---|---|
| Білу | Зат есім дегеніміз не? |
| Түсіну | Жұмбақты оқып шешуін тап. Шешуіне қатысты екі сөйлем құра. Сызбаға зат есім жайлы білгеніңді жаз. |
| Қолдану | Ребусты шешіп, шешуіндегі сөзге әңгіме құра. |
| Талдау | Мәтінді көшіріп жаз. Зат есімді тап, жалқы, жалпы зат есімдерді ажырат. |
| Жинақтауы | Артық сөзді тап. Кітап, дәптер,қайшы, қалам. |
| Бағалауы | Шағын эссе жаз<br>Сенің атың кім? Сенің сүйікті жануарың бар ма? Ол үшін не істей алатындығыңды ойландың ба? Жануарларды қорғауға сенің тигізер үлесің қандай? |

Оқушылардың шығармашылығын дамыту мақсатында бес жолды өлең, сурет бойынша әңгіме құрастыру, тақырып төңірегінде өлеңдер құрастыру жұмыстарын жүргіземін.
Мысалы 1 «Бес жолды өлең»
<u>Не?</u> Отан
<u>Қандай?</u> үлкен қымбат
<u>Не істейді?</u> Қорғайды дамиды оқытады
<u>Түйін</u> Отан оттан да ыстық.
<u>Синоним</u> Ел

Мысал 2 «Сөз ойла, көп ойла» Балықшылар (бал, балық, бақа, лақ, ара, шар т.с.с.)
Мысал 3 «Өлең шығарайық»
Жеріміз .... ...... қазақпыз Еркіндік .... ..... жырлаймыз.
Бұл жұмыстардың соңында свот талдау жүргізіп, қорытынды жасаймын.
Оқушылардың ғылыми ізденушілік жұмыстарын дамыту мақсатында «балық сүйегі», «өрмекші», «әдебиет үйірмесі» әдістерін қолданамын.
Мысалы1: «Әдебиет үйірмесі»
Баяндаушы - әңгімені мазмұндайды.
Зерттеуші - әңгімедегі негізгіні анықтайды.
Сілтемеші - сөздіктермен жұмыс жүргізеді.
Сұрақ құрастырушы - сұрақтар даярлайды.
Дәнекер - өмірмен байланыстырады.
Бейнелеуші - әңгімедегі негізгі кейіпкерді суреттейді.
Мысал 2: «Балық сүйегі»
Тақырыбы: «Өнер білім бар жұрттар» Ы. Алтынсарин

| | Оқу тапсырмасы |
|---|---|
| Білу | Ы. Алтынсарин туралы не білетініңді балық сүйегіне жаз.<br>Өлеңді мәнерлеп оқып шық. |
| Түсіну | Сарай не арба сөздеріне сипаттаманы балық сүйегіне жаз. |
| Қолдану | Қазіргі уақыттағы көлік түрлерін балық сүйегіне жаз. |
| Талдау | Айшылық алыс жерлер, көзді ашып жұмғанша сөйлем құра. |
| Жинақтау | Өнер, білім жайлы мақал-мәтел жаз. |
| Бағалау | Өлеңді қазіргі өмірмен салыстыр, дәлелде. |

Осындай жұмыстарды жүргізу арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттырамын.
Жаңашыл мұғалімнің кәсіби шығармашылық әрекеттерінің нәтижелілігінің болуы оқушысының табыстылығымен тікелей байланысты.
Оқушыға дайын білім мен идеяларды ұсыну емес, оқушылардың өздерінің білім мен идеялар құруға, яғни сындарлы оқыта отыра функционалдық сауаттырығын арттыруға болады. Осы орайда В.А.Сухомлинский «Баланы білім, ақиқат, ереже мен формулалар қоймасына ойландырып қоймас үшін оны ойланту керек» деп айтқан сөздерін негізге ала отыра, заман талабына сай жаңа заман оқушысының функционалдық сауттылығы жоғары болуы тиіс деп ойлаймын. Ал оқушының функционалдық сауаттылық деңгейін арттыруда баланы ойлантуымыз маңызды болып табылады. Яғни оқушы мектеп қабырғасында алған білімдерін өмірде қолдана білсе ғана ол табысты бола алады. Ол үшін баланың алған білімінің дұрыс бағалануы басты назарда болуы тиіс. Мұғалім сабақ жоспарын құру барысында қай бала қалай бағаланатыны туралы жеке қарап, алдын ала бағалау шкалаларын қарастырып, болжам жасай отыра, оны жоспарына енгізіп, барлық сабақ үрдісін бағалау қажеттігін ескерген жөн. Оқушы өзін-өзі талдау, өзіне-өзі баға беру мен рефлексия жасау тәжірибесін үйренуі, оқу үдерісі ғана емес, бағалау үдерісінің де белсенді қатысушысы болуы керек.Оқушының функционалдық сауаттылығын арттырудағы, сындарлы ойлантудағы келесі маңыздыларының бірі – кері байланыс деп есептейміз. Оқушының оқу үрдісінде алған білімдерін келешекте қолдану үшін оқушының қандай деңгейде екендігін, яғни өзінің біліміне өзі сындарлы баға беруге көмектесіп қана қоймай, өз проблемасымен жеке қалмай, қолдау арқылы шешімін табуда маңызды. Кері байланыс үдерісінде оқушылардың жауабын мадақтау және жеке мақсатты көрсеткіштерді белгілеуді көздейтін бағалау. Ол оқушыларды өздерінің жұмысына қатысты айтылған пікірлер жайында ойландырып, оларды келешекте жетілдіру мүмкіндіктерін табуға ынталандырады. Сондықтан да астарлы бағалай отыра,сыни ойлай білу және өзіндік жұмыс істей білу қабілеттілігі мұғалімнің жаңа идеяларды тудыруға, сабақ үдерісін одан әрі дамытуда маңызы зор болып табылады. Сондықтан бүгінгі оқушының функционалдық сауаттылығын арттыруда жаңа формациядағы мұғалім бойында төмендегі кәсіби құзыреттілігі болса мақсатымызға бірге жетпекпіз, ол:
- оқушыларға қамқорлық көрсете білетін, оған ықпал жасай алатын және өз бетінше шешім қабылдауда бағыт-бағдар беретін;
- әрбір оқушының пәнді түсінуді қалай құрылымдау қажеттігін ойластыра білетінін сезінетін, осы көзқарастар тұрғысынан білімі мен тәжірибесін қалыптастыратын;
- оқушының білім беру бағдарламасы деңгейлері бойынша ілгері жылжуын өрістету мақсатында мазмұнға сәйкес кері байланыс орната алатын кәсіби білімі мен түсінігі бар;
- оқытудың мақсаты мен сабақтың нәтижелі де табысты өту өлшемдерін, өзі мен оқушыларының бұл өлшемдерге қандай дәрежеде сәйкес келетіндігін білетін;

- оқушылардың игерген білімі мен оқушылар мойындаған «Біз қайда бара жатырмыз?», «Қандай іс-әрекет жасау керек?», «Одан әрі не істеу керек?» деген сияқты табыстылық өлшемдері арасындағы алшақтықты жою үшін не істеу керек екенін білетін;
- бастапқы идеядан өзге идеяларды өрістете байланыстыратын және сол идеяларды оқушылардың өздері құрастырып, жандандыра алатындай етіп жинақтап, толықтырып, тереңдетіп бере алатын мұғалімдер. Бұл құзыреттіліктер деңгейлік бағдарламада көрсетілген.
Жаңаша әдіс-тәсілдер оқушының кеңінен ойлануына, көркем тілмен өз ойын ашық жеткізуіне жол ашатыны мысалдар арқылы дәлелденіп, талданды. Белсенді оқытуда мұғалімнің ұйымдастырушы болып оқушыны орындаушылықтан ізденімпаздылыққа жетелеп, көшбасшылық қабілеттерінің дамуына көп көмегін тигізетінін білдім. Оқу мен тәрбиенің ұштасатындай, білім мен дағдының оқушы бойында қатар нәр алып, логикалық ойлауының тереңге тамыр жайып өсуіне де ықпалы мол.
«Жай мұғалім хабарлайды, жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет мұғалім көрсетеді, ұлы мұғалім шабыттандырады» - деген Уильян Уордтың даналығын есте сақтай отырып, қазіргі таңда бәсекеге қаблетті, алған білімін өмірде қолдана алатын жеке тұлға қалыптастыруда ұстаздардың еңбегі биіктерден көріне берсін!

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**


- Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі2012-2020 жылдарға арналған ұлтық іс-қимыл жоспары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы).
- ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.-Астана, 2010.
- Оразахынова Н., Кенжебаева Г. М. - «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақаласы, 2012. - Б. 42-47


* * * * * * * * * * *


*Алматы облысы, Талғар ауданы әкімдігінің «Талғар ауданының білім бөлімі» ММ*
*«Мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар № 11 білім беретін орта мектебі» КММ*
*Бастауыш сынып мұғалімі, Мектепалды даярлық топ жетекшісі Оразбакова Райхан Сабазқызы*


**Білім беру саласы:** Қатынас Шығармашылық **Бөлімі:** Сауат ашу негіздері.
**Тақырыбы:** «Б б »дыбысы және әріпі
**Мақсаты:** «Б б » дыбысы және әрпімен таныстыру, «б»дыбысынан басталатын сөздер айтқызып , буынға бөлуді үйрету,сөздік қорларын толықтыру, балаларды мейірімділікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
**Сабақтың түрі:** Топтық жұмыс.
**Әдіс – тәсілдері:** Түсіндіру, сұрақ-жауап.
**Көрнекілігі:** әртүрлі суреттер, бетіне әріп жазылған суреттер т.б
**Билингвальді компонент:** бақа-рыба-froq

| Оқу іс -әрекетінің кезеңдері | Педагогтың іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Сәлеметсіздерме балалар!<br>Бүгінгі сабақта көңіл күйіміз қандай?<br>-Ендеше бізге бүгін көптеген қонақтар келіп отыр екен.Әрі қарай сабағымызды жақсы көңіл-күймен бастайық.<br>Шаттық шеңбері.<br>Біз қандаймыз,қандаймыз,<br>Шұғылалы таңдаймыз.<br>Күлімдеген күндейміз,<br>Ренжуді білмейміз.<br>Қуанасың сенде,<br>Қуанамын менде,<br>Қуанайық достарым,<br>Арайлап атқан күнге.<br>Балалар кәне барлығымыз шашылып жатқан суреттерден бір-біреуден алып, сурет құрастырамыз.Құрастырылған суреттер:Бәйтерек,балапан,ботақан.Үш топ болып бөлінеді.<br>Бәйтерек қай қалада орналасқан?<br>Тәуелсіз ел болғанымызға неше жыл?<br>Балапан қандай құстың баласы?<br>Ботақан қай жануардың төлі?<br>-Бүгінгі сабақта үш топ болып жұмыс жасаймыз. | Балалар орындарынан тұрып амандасады.<br>-Жақсы<br><br>-Иә<br>Балалар қимыл -қозғалыс арқылы орындайды.<br><br>Астана<br>-25жыл<br>-Тауық<br>-Түйе<br>Бәйтерек тобы<br>Балапан тобы<br>Ботақан тобы болып бөлінді. |

| | | |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушылық<br>- ізденістік | -Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Қыс мезгілінің қай айы?<br>-Қыс мезгілінің ерекшеліктері қандай?<br>-Қыс мезгілі ұнайма, несімен ұнайды?<br>-Жарайсыңдар жақсы жауап бердіңдер.<br>-Ендеше бәріміз тақтадағы суреттерге қарайықшы. Ортасында үлкен қарша жан жағында кішкентай қаршалар тұр.Қаршалардағы өтілген әріптерді бір – бірлеп айтқыза отырып қайталау, үлкен қаршадағы әріпті жұмбақ шешу арқылы табамыз<br>Жұмбақ шешу<br>- Алыстағы көлде, Кеште де, түндеде.<br>Бақ-бақ етіп, Шулайтын ол не<br>-Дұрыс таптыңдар.<br>-Бақа деген сөзде ең бірінші қандай әріп естіліп тұр?,<br>-Өте дұрыс айттыңдар<br>-Кәне бәріміз бірге Б дыбысын айтайық<br>-Б дыбысын айтқан кезде ерініміз бір-біріне тиіп,дауыс екпінімен «Б» дыбысы пайда болады. Б дыбысы созып айтуға келмейді.Б дыбысы дауыссыз дыбыс. Бдыбысы көк текшемен белгіленеді. Бдыбысы сөз басында ,ортасында келеді екен.<br>-Ендеше мен сендерді үш топқа бөлдім Әр топтың партасында суреттер шашылып жатыр. Сол суреттерден Б дыбысынан келетін сөздер табайық.<br>-Топтық жұмыс:<br>1-топ -Бүркіт созін буынға бөлу<br>2-топ -Балапан сөзіне сөйлем құрау.<br>3-топ -Арба сөзіне дыбыстық талдау жаса.<br>-Бағалау: Топтарды шапалақтау арқылы бағалау.<br>-Сергіту сәті:<br>-Боран соғар оң жақтан,<br>-Боран соғар сол жақтан.<br>-Қар лақтырып ойнасақ,<br>-Су өтеді қолғаптан.<br>-Билингвальді компонент: бақа-лягушка-froq<br>-Дәптермен жұмыс: Б дыбысын баспа түрінде тақтаға ,ауаға,ломинатты түрде жазу.<br>-19-тапсырманы ауызша буынға бөлу<br>-Бақа өлеңін туралы тыңдалымды балалар тыңдайды.<br>-Өлеңде не туралы айтылған?<br>-Бақа қайда болады?<br>--Бақаның түсі қандай?<br>-Топтық жұмыс:<br>1-топ -Бірдей балықты тауып бояту.<br>2-топ -Ермексаздан балапан жасау .<br>3-топ -Түрлі түсті қағаздан бағдаршам жапсыру.<br>-Әр топқа барып көмектесу.<br>-Бағалау: Әр топтың жұмысын жұлдызша арқылы бағалау. | -Қыс<br>-Желтоқсан<br>-Қыста күн суық,қарлы,аязды болады.<br>-Иә ұнайды. Сырғанақ тебеміз,аққала жасаймыз, коньки тебемиз.<br><br>-А,Т,Н,Ғ,Р,О,Қ,М.<br><br>-Бақа<br><br>-Б б<br><br>-Бәрі бірге Б дыбысын айтады.<br><br>Әр топтағы суреттерден Б дыбысынан келетін сөздерді табады.<br><br>Бүр-кіт<br><br>Аулада балапандар жайылып жүр.<br>А-дауысты<br>Р-дауыссыз<br>Б-дауыссыз<br>А-дауысты<br><br>Балалар қимыл-қозғалыс арқылы сергіту сәтін орындайды.<br><br>Үш тілде айтады.<br><br>Балалар ломинат бетіне Б дыбысын жазып орындайды.<br><br>Ба-қа,ба-лық,бал-та,ба-ла-пан т.б<br>-Бақа туралы<br>-Суда<br>-Жасыл<br>Әр топ өзінің жұмысын орындайды.Түрлі-түсті бояу,ермексаз,түрлі-түсті қағаз т.б. |
| Рефлексиялық-түзетушілік. | -Біз қандай әріппен таныстық ?<br>-Б әрпі қандай дыбыс ?<br>-Бдыбысынан басталатын сөздер айтып көрейік ? | -Б дыбысы<br>-Дауыссыз дыбыс<br>Балық,балдырған,бүркіт бағдаршам,балта,балға,т.б |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** «Б» ыбысының дауыссыз дыбыс екенін
**Игерді:** «Б» дыбысынан келетін сөздерді буынға бөлуді,сөйлем құрауды,дыбыстық талдау жасауды
**Меңгереді:** «Б» дыбысын танып көрсете білуді.

* * * * * * * * * * *

*Алматы қаласы Бостандық ауданы № 146 мектеп-лицей*
*Бастауыш сынып мұғалімі Искендрова Ләззат Тоқтаровна*

| | |
|---|---|
| **Пән: Әдебиеттік оқу**<br>**Атақты тұлғалар**<br>**Күні: Сынып: 3 «Е» сынып** | **Бостандық ауданы № 146 мектеп- лицейі**<br>**Мұғалімнің аты-жөні: Искендтрова Л.Т.** |
| **Сабақ тақырыбы** | **Күй атасы** |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 3.1.4.2 – сөйлеу барысында иллюстрациялар, көрнекіліктер, фотосуреттер қолдану. |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар:** мәтіннің тақырыбын анықтай алады, негізгі ойды табады.<br>**Көптеген оқушылар:** шығармашылыққа негізделген сұрақтар қояды.<br>**Кейбір оқушылар:** берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады. |
| **Бағалау критерийлері** | • мәтіннің тақырыбын анықтай алады, негізгі ойды табады.<br>• шығармашылыққа негізделген сұрақтар қояды.<br>• берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады. |
| **Құндылықтарды дарыту** | Оқуға, білімге деген қызығушылығын арттырып, еңбекке баулу.<br>Жеке және топта жұмыс жасай алу, ынтымақтастық. |
| **Пәнаралық байланыстар** | Дүниетану, қазақ тілі. |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу; |
| **Ресурстар** | Топқа бөлуге арналған парақшалар, интерактивті тақта, жұмыс дәптері, қалам мен түрлі түсті қарындаш, стикер, видеоматериалдар., постер, кері байланыс парағы т.б |
| **Бастапқы білім** | 6-тарау өткен бөлімдерде алынған білім мен дағдыларға негізделген. Оқушылар мақал-мәтелдерді шығармашылықпен қолдануды, өз ойын айтуды, топпен, жұппен жұмыс тәсілін меңгеріп, басқаның ойын қорытындылауды, негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін анықтауды игерді. |
| **Сабақтың барысы** | |

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** |
|---|---|
| **Сабақтың басы** | **Жаңа топ құру**<br>**Психологиялық ахуал қалыптастыру.**<br>«Поезд» жаттығулары психологиялық және физикалық қобалжулықтан арылу, дұрыс пікір қалыптастыру. Ойын шеңберде өткізіледі. Алдымен бірінші, екінші деп саналу керек. Бірінші қадам - алақанмен шапалақтау, екі рет аяғымен тоқылдату. Екінші қадам - екі шапалақ, бір топылдату. Қозғалыс кезекпен қайталанады: бірінші - екінші - бірінші - екінші және т. с. с шеңбер бойынша: пойыз доңғалақтарының шуылын салып көрсетеді. Ойын барысының өн бойында қарқын үнемі тездетіледі. **«Сыйлықтар» арқылы топқа бөлінеді. Оқушыларды қалаған сыйлықтарын алып, 1,2,3 топтарға бөлініп отырады.**<br>**Жұмыс ережесін келісу**<br>• Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!<br>• Уақытты үнемдейміз!<br>• Нақты,дәл жауап береміз!<br>• Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз!<br>• Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз!<br>**<u>Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда)</u>**<br>Тест.<br>**<u>ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау.</u>**<br>**Оқу мақсатын таныстыру**<br>**Күтілетін нәтижені анықтау** |
| **Сабақтың ортасы** | **Ширату тапсырмасы.**<br>**Күшіңе сенбе, ісіңе сен**<br>**Ер еңбекте сыналады. Жекен Жұмаханов.**<br>**Белсенді оқу тапсырмалары(топта, ұжымда)** |

| | |
|---|---|
| | ***Дескриптор:***<br>• мәтіннің тақырыбын анықтай алады, негізгі ойды табады.<br>• шығармашылыққа негізделген сұрақтар қояды.<br>• берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.<br>**ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.**<br>**Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау** |
| **Сабақтың соңы** | **Жаңа білім мен тәжірибені қолдану**<br>**Топтық жұмыс. «Галлерияда ой шарлау»**<br>Берілген тақырыпта топтық жұмысы жүргізіліп, әр топтың жұмысы қабырғаға ілінеді де, оқушылар жүріп, аралап, оған әр оқушылар кішкене жапсырма қағазға бағасын беріп, пікірін жазып жабыстырып кетеді. Ең жақсы баға алған топтың жұмысы қаралады.<br>**ҚБ: Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау.**<br>**«Ойлан, Жұптас, Пікірлес»**<br>Оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгенен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған интербелсенді тәсіл. Тақтада сұрақ/тапсырма жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен жазғанын 3-4 минут талқылайды, пікірлеседі. Мұғалімнің екі-үш жұпқа өз пікірлерін бүкіл сыныпқа жариялауын сұрауына болады.<br>**(ҚБ) “Екі жұлдыз, бір тілек” әдісі.**<br>**Рефлексия (жеке,жұпта,топта, ұжымда)**<br>Кері байланыс парағы. |

| **Саралау –оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз?**<br>**Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?** | **Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?** | **Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы** |
|---|---|---|
| Саралау іріктелген тапсырмалар, нақты бір оқушыдан күтілетін нәтижелер, оқушыға дербес қолдау көрсету, оқу материалдары мен ресурстарын оқушылардың жеке қабілеттерін есепке ала отырып іріктеу (Гарднердің жиындық зият теориясы) түрінде болуы мүмкін.<br>Саралау уақытты ұтымды пайдалануды есепке ала отырып, сабақтың кез келген кезеңінде қолданыла алады. | Бұл бөлімде оқушылардың сабақ барысында үйренгенін бағалау үшін қолданатын әдіс-тәсілдеріңізді жазасыз | Денсаулық сақтау технологиял ары. Сергіту сәттері мен белсенді іс-әрекет түрлері.<br>Осы сабақта қолданылат ын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары. |
| Сабақ бойынша рефлексия<br>Сабақ мақсаттары /оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен?<br>Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен? | Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз. | |
| Жалпы баға<br>Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?<br>1:<br>2:<br>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?<br>1:<br>2:<br>Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет? | | |

* * * * * * * * * * *

*Алматы қаласы, Бостандық ауданы № 146 мектеп- лицейі*
*Бастауыш сынып мұғалімі Жубаниязова Айтуған Жубайқызы*

| | |
|---|---|
| **Пән: Әдебиеттік оқу**<br>**5- тарау: Өнер**<br>**Күні:**<br>**Сынып: 3-сынып** | **Мектеп:**<br>**Мұғалімнің аты-жөні:**<br>**Қатысқандар саны: 26**<br>**Қатыспағандар саны: 0** |
| **Сабақ тақырыбы** | **Өнер алды – қызыл тіл** |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 3.2.4.1 – өлең, мысал, нақыл сөз, аңыз, бата, әңгіменің жанрлық ерекшеліктерін анықтау;<br>3.1.4.1 – сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді вербальды емес тілдік құралдарды қолдану. |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар:** мәтіннің тақырыбын анықтай алады, негізгі ойды табады.<br>**Көптеген оқушылар:** шығармашылыққа негізделген сұрақтар қояды.<br>**Кейбір оқушылар:** берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады. |
| **Бағалау критерийлері** | • мәтіннің тақырыбын анықтай алады, негізгі ойды табады.<br>• шығармашылыққа негізделген сұрақтар қояды.<br>• берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады. |
| **Құндылықтарды дарыту** | Оқуға, білімге деген қызығушылығын арттырып, еңбекке баулу.<br>Жеке және топта жұмыс жасай алу, ынтымақтастық. |
| **Пәнаралық байланыстар** | Дүниетану, қазақ тілі. |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу; |
| **Ресурстар** | Топқа бөлуге арналған парақшалар, интерактивті тақта, жұмыс дәптері, қалам мен түрлі түсті қарындаш, стикер, видеоматериалдар., постер, кері байланыс парағы т.б |
| **Бастапқы білім** | 5-тарау өткен төрт тараудан(1-4) алынған білім мен дағдыларға сүйенеді. Оқушылар алдыңғы өткен құрылымды (шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетіне баға беруді, мәтін бойынша өздігінен сұрақтар құрастырып, мүмкін болатын жауаптарды болжап, жоспар құруды үйрену) ұстанып, әңгімелерді жоспарлап, мазмұнын айта және өз ойын жаза алуы керек. |
| **Сабақтың барысы** | |

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** |
|---|---|
| **Сабақтың басы** | **Жаңа топ құру**<br>Қызығушылықты ояту. Сыныпты қалыпқа келтіру. Ойсергек.<br>Күлімдеп күн бүгін, (қолын көтеріп, суретті нұсқайды) Қарады маған да. (қолын кеудесіне қояды)<br>Күлімдеп күн бүгін, (қолын көтеріп, суретті нұсқайды) Қарайды саған да. (қасындағы оқушыны нұсқайды)<br>Сәлем деймін достарға, Сәлем барша ұстазға! Тату болып халықтар, Аман болсын балалар! Топқа бөлу:<br>І топ: Батыр ІІ топ: Би ІІІ топ: Шешен ІV топ: Ақын<br>Өткен тарауды қайталау айдары.<br>Шашылған сөздерден әр топ өз атына байланысты мақал-мәтел құрастыру.<br>**Жұмыс ережесін келісу**<br>• Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!<br>• Уақытты үнемдейміз!<br>• Нақты,дәл жауап береміз!<br>• Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз!<br>• Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз!<br>**«Сиқырлы кубизм» әдісі** арқылы үй жұмысын сұрау. Жұптастырып айтқызу.<br>**<u>ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау.</u>**<br>**Оқу мақсатын таныстыру**<br>**Күтілетін нәтижені анықтау** |

| | |
|---|---|
| **Сабақтың ортасы** | **Ширату тапсырмасы.**<br>**Оқылымалды тапсырма. Аузы дуалы шешендердің бірі Төле би туралы оқулықтағы мәтін тыңдалады.**<br>**Оқылым.**<br>**«Қарлығаш әулие»**<br>**Автор айдарымен танысу. Төле би**<br>**Топтық жұмыс.**<br>**Тапсырма.**<br>**І топ. Төле бидің «Қарлығаш әулие» атану себебін түсіндір.**<br>**ІІ топ. Төле бидің нақыл сөздерін түсініп оқы және өз сөзіңмен қалай түсінгеніңді айт.**<br>**ІІІ топ. Мәтінде берілген мына тіркестердің мағынасын түсіндірме сөздікті пайдаланып жаз.**<br>**«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама»**<br>**«Қызғыштай қорыған құс»**<br>**«Бір ауыз сөзі мың ауыз сөзге татитын»**<br>**«Шын әулиенің өзі»**<br>**Берілген нақыл сөздің бірін таңдап, соған қатысты диалог құр.**<br>**Халқыңа адал бол,**<br>**Жауыңа қатал бол,**<br>**Досыңа адал бол!**<br>**Өзің білмесең, білгендерден үйрен,**<br>**Үйренгеннен ештеңең кетпейді.**<br>• ***Дескриптор:***<br>• мәтіннің тақырыбын анықтай алады, негізгі ойды табады.<br>• шығармашылыққа негізделген сұрақтар қояды.<br>• берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.<br>**ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.**<br>**Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау.**<br>**(Ұ) (Ө) «**Суреттер сөйлейді» стратегиясы бойынша «Өнер» тақырыбына байланысты әртүрлі өнерлер туралы суреттер таратылады. Мұғалімнің қолдауымен суреттерге талдау жасалады.Сол суреттерге сүйене отырып шығармашылық жұмыс түрінде өзінің ұнататын өнері туралы сурет салу ұсынылады. |
| **Сабақтың соңы** | **Жаңа білім мен тәжірибені қолдану**<br>**Топтық жұмыс. «Галлерияда ой шарлау»**<br>Берілген тақырыпта топтық жұмысы жүргізіліп, әр топтың жұмысы қабырғаға ілінеді де, оқушылар жүріп, аралап, оған әр оқушылар кішкене жапсырма қағазға бағасын беріп, пікірін жазып жабыстырып кетеді. Ең жақсы баға алған топтың жұмысы қаралады.<br>**«Кім жылдам?»** ойыны. Берілген нақыл сөздерді қандай тақырыпта қолдануға болады?<br>• Жеті жұрттың тілін біл, Жеті түрлі білім біл.<br>• Дұшпан күлдіріп айтады, Дос жылатып айтады.<br>• Еңбек ерлікке жеткізер, Ерлік елдікке жеткізер.<br>• Жақсы туса – елдің ырысы, Жаңбыр жауса – жердің ырысы.<br>Кітап – білім бұлағы, Білім – өнер шырағы.<br>**ҚБ: Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау.**<br>**«Ойлан, Жұптас, Пікірлес»**<br>Оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгенен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған интербелсенді тәсіл. Тақтада сұрақ/тапсырма жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен жазғанын 3-4 минут талқылайды, пікірлеседі. Мұғалімнің екі-үш жұпқа өз пікірлерін бүкіл сыныпқа жариялауын сұрауына болады.<br>**(ҚБ) "Екі жұлдыз, бір тілек" әдісі.**<br>**Рефлексия (жеке,жұпта,топта, ұжымда)**<br>«Жетістік баспалдағы» кері байланыс. |

| **Саралау –оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз?** | **Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру** | **Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы** |
|---|---|---|

| **Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?** | **деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?** | |
|---|---|---|
| Саралау іріктелген тапсырмалар, нақты бір оқушыдан күтілетін нәтижелер, оқушыға дербес қолдау көрсету, оқу материалдары мен ресурстарын оқушылардың жеке қабілеттерін есепке ала отырып іріктеу (Гарднердің жиындық зият теориясы) түрінде болуы мүмкін.<br>Саралау уақытты ұтымды пайдалануды есепке ала отырып, сабақтың кез келген кезеңінде қолданыла алады. | Бұл бөлімде оқушылардың сабақ барысында үйренгенін бағалау үшін қолданатын әдіс-тәсілдеріңізді жазасыз | Денсаулық сақтау технологиял ары. Сергіту сәттері мен белсенді іс-әрекет түрлері.<br>Осы сабақта қолданылат ын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары. |
| Сабақ бойынша рефлексия<br>Сабақ мақсаттары /оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен?<br>Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?<br>Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?<br>Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен? | Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз. | |
| Жалпы баға<br>Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?<br>1: 2:<br>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?<br>1: 2:<br>Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет? | | |

* * * * * * * * * * *

*Түркістан облысы, Отырар ауданы, Жамбыл атындағы мектеп-лицейі*
*Бастауыш сынып мұғалімі Ахаева Гүлдариға Сейтханқызы*

| **Сабақ: қазақ тілі** | **Мектеп: Жамбыл атындағы м/л** | |
|---|---|---|
| **Ортақ тақырып:** | **«Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті»** | |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **Зат есім** | |
| **Күні: 17.02.2020ж** | **Мұғалімнің аты: Ахаева.Г.С** | |
| **Сынып: 2 «А»** | **Қатысқандар:** | **Қатыспағандар:** |

| | |
|---|---|
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | 2.4.2.3 Сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) ажырату<br>2.2.4.1 Мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау |
| | Тыңдалған мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріп, мәтінде жалпы не туралы айтылғанын түсінеді; |
| | Зат есімдерді тауып айтады; |
| | Берілген тақырып бойынша тұжырым жасайды; |
| **Бағалау критерийлері** | 14.Сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) ажыратады;<br>15.Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтайды; |
| **Тілдік мақсат** | **Сөз таптары** |
| | Түйінді сөздер мен сөз тіркестері:<br>Тірек сөздердің айтылуын ,есте сақтау дағдысын қалыптастыру; тірек сөздерді сабақ барысында қайталату. Жұрнақ пен жалғау; |

| | |
|---|---|
| | Талқылауға арналған сұрақтар:<br>Не себепті......деп ойлайсыз<br>1. Сөздер мағынасына қарай қандай сөз таптарына бөлінеді?<br>2. Зат есім дегеніміз не?<br>3. Зат есімдерге қандай сұрақтар қойылады?<br>4.Адамға қатысты сөздерге қандай сұрақтар қойылады?<br>5.Заттар мен жануарларға қандай сұрақтар қойылады? |
| **Алдыңғы оқу** | Зат есім |
| **Ишара** | Жасыл-түсіндім; сары– сыныптасымның көмегімен түсіндім;<br>қызыл- көмек қажет, түсінбедім. |
| **Жоспар** | |
| **Жоспарланған уақыт есебі** | Жоспарланған жаттығу түрлері (төмендегі жазбаларды сіз жоспарлаған жаттығу түрлерімен ауыстырыңыз) |
| **Басы**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**Ортасы** | **Психологиалық ахуал қалыптастыру.**<br>Қазақ тілім-өз тілім,дана тілім<br>Абай,Мұхтар сөйлеген дара тілім<br>Қастерлейді ұл-қызың мәңгі сені<br>Болашағым,бақытым,дара тілім.<br>Балалар бір-бірімен амандасады.<br>**Топқа бөлу:** Оқушыларды трубкамен үш топқа бөлемін.<br>Топ ережесін таныстыру.<br>**1-топ. Жүйріктер.**<br>**2-топ. Зеректілер.**<br>**3-топ. Ойшылдар.**<br>**Бағалау: «От шашу,басбармақ,күлегештер,бағдаршам» арқылы бағалау.**<br>**Өткен сабақты пысықтау:**<br>**«Сөздер банкасы» әдісі.**<br>**Мақсаты:** Алдыңғы білімді жаңа біліммен ұштастыру. Оқушыларға бірнеше сұрақ қою арқылы зейінін сабаққа шоғырландыру. Өтілген материалды қорытындылайды.<br>1. Сөздер мағынасына қарай қандай сөз таптарына бөлінеді?<br>2. Зат есім дегеніміз не?<br>3. Зат есімдерге қандай сұрақтар қойылады?<br>4.Ауыз әдебиетіне нелер жатады?<br>5.Қандай салт- дәстүрімізді білесіңдер?<br>**Жаңа сабақ:**<br>**Бейнежазба тыңдау (Тыңдалым.Айтылым)**<br>**«Серпілген сауал» әдісі арқылы жаңа сабақты ашу.**<br>1. Бейнежазбадан не көрдіңдер?<br>2. Қандай ой түйдіңдер?<br>3. Адамға қатысты сөздерге қандай сұрақтар қойылады?<br>4. Заттар мен жан- жануарларға қандай сұрақтар қойылады?<br>**ҚБ: От шашу арқылы бір-бірін бағалау.**<br>**Оқулықпен жұмыс.**<br>**10- жаттығу. Өлеңді түсініп оқы. ҰЖ**<br>Шағала көлін қорғайды,<br>Шопан төлін қорғайды.<br>Егінші жерін қорғайды,<br>Батыр елін қорғайды.<br>• Өлең мазмұны бойынша сұрақтар қой, жауап бер.<br>• Өлеңнен кім? не? сұрағына жауап беретін сөздерді тап.<br>**Дескриптор:**<br>1. Өлеңді түсініп оқиды, мазмұны бойынша сұрақтар қояды;<br>2. Өлеңнен кім? не? сұрағына жауап беретін сөздерді тауып айтады;<br>3. Бір-бірін тыңдап толықтырады<br>**Қ/ Б: Басбармақ арқылы бір-бірін бағалау.**<br>**Дәптермен жұмыс 11-жаттығу Ө.Ж.**<br>Өлеңді қатесіз көшіріп жаз.<br>Ұл – қызыңа ерген<br>Немереңіз, әже.<br>Немереңнен өрген |

| | |
|---|---|
| | Шөбереңіз, әже. Сұлтан Қалиұлы<br>**Дескриптор:**<br>1. Өлеңді сауатты көшіріп жазады.;<br>2. Әріптердің биіктігі мен мөлшерін сақтап жазады;;<br>3. Өлең мазмұны туралы өз пікірін айтады, өз ойларымен бөліседі;<br>**ҚБ: Күлегештер арқылы бағалау** |
| | **Топтық тапсырма.**<br>**Дескриптор:**<br>1. Өлеңді жалғастырып айтады;<br>2. Сөздерге сұрақ қойып, зат есімдерді табады;<br>3. Өлең мазмұны туралы өз пікірін айтады, өз ойларымен бөліседі;<br>**Дескриптор:**<br>1. Жеті атаны біледі;<br>2. Зат есімді тауып атайды;<br>3. Салт- дәстүрді біледі;<br>**Қ/Б. Бағдаршам арқылы бір-бірін бағалау.**<br>**Қорытынды:**<br>Суреттердегі зат есімді тапқызамын.<br>Суреттерден жыл мезгілдерін айтқызамын.<br>**Қосымша мәлімет**. Абай Құнанбаевтың 172 жылдығына орай мәліметтермен танысболу. |
| **Соңы** | **Үй тапсырмасы: 14-жаттығу. Ереже жаттау.**<br>**Кері байланыс:** |

**Қосымша мәліметтер**

| | | |
|---|---|---|
| Саралау-оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз?<br>Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз? Қабілетті оқушыға қосымша карточкалар беремін.<br>**Барлық оқушылар орындай алады:** Тыңдалған мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріп, мәтінде жалпы не туралы айтылғанын түсінеді;<br>**Оқушылардың көпшілігі орындай алады:** Зат есімдерді тауып айтады;<br>**Кейбір оқушылар орындай алады:** Берілген тақырып бойынша тұжырым жасайды; | Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?<br>Жұптық, топтық, өздік жұмыста жұлдызша,житондар арқылы бағалаймын. Мадақтау, марапаттау арқылы бағалауды жүзеге асырамын. | Пән аралық байланыс:<br>өмір қауіпсіздік негізі. Музыка.<br>АКТ мен байланыс<br>Құндылықтармен байланыс:<br>Рухани-жаңғыру бағдарламасы:<br>«Бәсекеге қабілеттілік»<br>«Сананың ашықтығы »<br>(тәрбие элементі) |

| |
|---|
| **Рефлексия**<br>Сабақтың мақсаты мен оқу мақсаттары орындалды ма? Бүгін оқушылар не үйренді?<br>Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті?<br>Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма ? (тапсырмалар сәйкес болды ма?)<br>Уақытты қалай пайдаландым?<br>Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге? |

* * * * * * * * * * *

*Түркістан облысы, Отырар ауданы Жамбыл атындағы мектеп-лицейі*
*Бастауыш сынып мұғалімі Сериева Әлия Сыпатаевна*

| | | |
|---|---|---|
| **Мектеп: Жамбыл атындағы мектеп-лицейі** | | |
| **Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: «Табиғаттың таңғажайып құбылыстары».**<br>**Сабақ тақырыбы: Зат есім** | | |
| **Күні:16.01.2020 ж.** | **Мұғалімнің есімі: Сериева Әлия** | |
| **Сынып:4 «В»** | **Қатысқандар саны: 18** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабаққа негізделген оқу мақсаты** | 4.3.5.1 Зат есімнің тәуелдік жалғауларын, олардың түбірге жалғану ерекшеліктерін білу;<br>4.4.2.3 Мәтіннің қатесін тауып түзету,тәуелдік жалғаулы зат есімдерді табу. | |
| **Сабақ мақсаттары:** | **Барлық оқушылар:** Зат есімнің тәуелдік жалғауларын, олардың түбірге жалғану ерекшелікерін біледі.Тыңдалған материал бойынша өз пікірін білдіру, мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау, оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстары жүргізу арқылы оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдылары жетілдіріледі.<br>**Көптеген оқушылар:** Мәтіннің қатесін тауып түзейтін болады.<br>**Кейбір оқушылар:** Мәтіннің қатесін тауып түзетеді,тәуелдік жалғаулы зат есімдерді табады. | |
| **Тілдік мақсат** | **Пәндік терминология мен тірек сөздер:**<br>Сөз таптары,зат есім,зат есімнің тәуелденуі т.б.<br>**Сабақта диалог /жазу үшін пайдаланылатын тіл:**<br>*Талқылау үшін сұрақтар:*<br>-Сөз таптары дегеніміз не? -Зат есім нені білдіреді?<br>-Зат есімнің тәуелденуі дегеніміз не? | |
| **Құндылықтарды дарыту** | Мәңгілік ел; Еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы, еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қорғауға, өңірлік мәселелерді шешуге болашақ жастарды жұмылдыру. | |
| **Пәнаралық байланыстар** | Әдебиеттік оқу-мәтін;дүниетану- қыс суреттері; Ағылшын тілі,орыс тілі- сөздік . | |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Оқушыларға https://www.i-mektep.kz алынған зат есімнің тәуелденуін көрсетемін. | |
| **Бастапқы білім** | 3-сыныпта өткен «Сөз таптары», алдыңғы бөлімде қарастырылған . | |
| **Сабақтың барысы** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығулар** | |
| **Басталуы**<br><br>**7 мин** | **Қызығушылықты ояту кезеңі.**<br>**Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру.**<br>**Сыныпты 3-топқа бөлу.(Жемістермен алма, алмұрт, банан)**<br>**1. Алғырлар 2. Тапқырлар 3. Ойшылдар**<br>**Психологиялық дайындық:**<br>**Мынау менің жүрегім,**<br>**Бәрі осыдан басталған.**<br>**Мынау басым ақылды,**<br>**Бәрін осы басқарған.**<br>**Мынау менің оң қолым**<br>**Мынау менің сол қолым,**<br>**Барлық істі атқарған.**<br>**“Ой ашар”. Өткен сабаққа шолу**<br>**II. Шеңберде «Кім көп біледі» әдісі арқылы.**<br>**1.Сөз таптарын ата. 2.Етістік дегеніміз не?**<br>**3.Сан есім дегеніміз не?Сұрақтарын ата?**<br>**4. Сын есім дегеніміз не?**<br>**5.Табиғаттың таңғажайып құбылыстарын ата?**<br>**Табиғаттың таңғажайып құбылыстарын ағылшын тілі,орыс тілінде айту.**<br>**<u>Дескрипторы:</u>**<br>**-Сұрақтарға жауап береді.**<br>**- Табиғаттың таңғажайып құбылыстарын атайды.**<br>**<u>ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау.</u>**<br>**Оқу мақсатын таныстыру**<br>**Күтілетін нәтижені анықтау** | |

| | |
|---|---|
| | **Топ ережесін таныстыру** |
| **Ортасы<br>26<br>мин** | **Мағынаны тану.Ой ашар.**<br>Оқушыларға https://www.i-mektep.kz алынған зат есімнің тәуелденуін көрсету.<br>Оқулықтағы тапсырмаларды топта, жұпта, жеке орындау.<br>**Дескриптор:**<br>-Тыңдалған материал бойынша өз пікірін білдіру, мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау, оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстары жүргізу арқылы оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдылары жетілдіріледі;.<br>-Мәтінді оқиды,тәуелдік жалғаулы зат есімдерді табады;<br>-Мәтіндегі қарамен жазылған сөздерді үш жақта тәуелдеп жазады;<br>-Тәуелдік жалғау жалғағанда қай сөздің соңғы дыбысы өзгеретінін табады;<br>Жыл мезгілдері туралы пікірлерін білу.Қазір жылдың қай мезгілі.Қыс туралы кімнің өлеңдерін білесіңдер?<br>**ҚБ: бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.**<br>«Жасырынған сөзді тап» әдісі. 18-жаттығу.<br>**Дескриптор:**<br>-Әріптер қатарында жасырынған сөйлемді оқиды;<br>-Тапқан сөйлемді жазып,тәуелдік жалғаулы сөздің астын сызады;<br>«Балық аулау» әдісі.Жұптық тапсырма.Балықтың сұрақтарына жауап беріп, ұпай ал.<br>Дәптермен жұмыс:<br>Қаңтардың он алтысы. Сынып жұмысы.<br>19-жаттығу.Мақалдың қатесін тауып жаз.<br>**Дескриптор:**<br>-Мақалдың қатесін табады;<br>-Мақалды топта талқылайды;<br>**ҚБ: күлекештер арқылы бір-бірін бағалау.**<br>«Тапқыштар»әдісі арқылы 20-жаттығуды орындау.Ребусты шешіп жұмбақтың жауабын табу.Жұмбақта тәуелденіп тұрған зат есімдерді тауып,қай жақта тұрғанын айт.<br>**Дескриптор:**<br>- Ребусты шешіп жұмбақтың жауабын таба алады;<br>-Жұмбақта тәуелденіп тұрған зат есімдерді тауып,қай жақта тұрғанын айта алады.<br>-Шабақ сөзімен ребус құрастыра алады;<br>Сергіту сәті.Қызыл өрік.<br>Шығармашылық тапсырмалар.<br>Тапсырмаларды топта, жұпта, жеке орындау. |
| **Аяқталуы<br>7 мин** | **Үй тапсырмасы 21- жаттығу. Оқушылардың күнделігіне жаздыру.<br>Бағалау.Асықтарды санау (қоржынға салу).<br>Үздік топты анықтау (жеке оқушыны, топты)<br>Рефлексия (жеке, жұпта,топта, ұжымда). «*Конверт*»** кері байланыс. |

| | |
|---|---|
| **Қосымша ақпарат** | |
| **Саралау** - Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз? | Топтық тапсырмаларды саралау бойынша беру.<br>Қабілеті жоғары оқушыларға өз бетінше жұмыс істеуге мүмкіндік жасау.<br>Қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек көрсету. |
| **Бағалау** - Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайыз? | Қалыптастырушы бағалаулар дескрипторлар негізінде және «Бас бармақ» әдісі арқылы жүзеге асырылады.<br>Ұжымдық, өзіндік жұмыстар барысында сөз таптарын, зат есімді ажырата алуын бағалау. |
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br>Сабақтың оқу мақсаты шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді?<br>Сыныптағы ахуал қандай болды?<br>Мен орындаған саралау шаралары тиімді болды ма?<br>Мен бүкіл уақыт ішінде үлгердім бе?<br>Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен? | |
| Қорытынды бағамдау | |

| |
|---|
| Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1. 2.<br>Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1. 2.<br>Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиындықтары туралы не білдім?<br>Менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектеседі, неге көңіл бөлу керек?<br>1. 2. |

* * * * * * * * * * *

*Түркістан облысы. Отырар ауданы Т.Ибрагимов атындағы жалпы орта мектебі*

*Бастауыш сынып мұғалімі : Жұмабаева Базаркүл Батырханқызы*

| | | |
|---|---|---|
| **САБАҚ: Әдебиеттік оқу**<br>**Көк кептер.** | **Мектеп: Т.Ибрагимов** | |
| **Күні: 18.10.2019ж** | **Мұғалімнің есімі:** Жұмабаева Б. | |
| **СЫНЫП: 2 «Б»** | **Қатысқандар саны: 20** | **Қатыспағандар:** |
| **Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)** | 2.1.1.1 тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру<br>2.2.1.2 - шығарманы іштей оқып, ондағы қажетті ақпараттарды белгілеп оқу<br>2.3.3.1 - шығармашылық жұмысын мұғалімнің көмегімен сурет, каллиграмма, аппликация, фотосуреттер арқылы ұсыну | |

| | |
|---|---|
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар:** |
| | 16.Оқулықта берілген тапсырмаларды орындайды. Тақырыпты меңгереді. |
| | **Оқушылардың басым бөлігі:** |
| | 17.Тақырыптың маңызы туралы дәлелдеп айтып бере алады. |
| | **Кейбір оқушылар:** |
| | 18.Білімді сыныптастарына түсіндіріп оқулықтан тыс ресурстар қоса алады. |
| Бағалау критерийі | -Мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді;<br>-Шығарманы іштей оқып, ондағы қажетті ақпараттарды белгілеп оқиды; |
| Ресурстар | Оқулық, суреттер, интерактивті тақта, топқа бөлуге арналған кеспе қағазда және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер. |
| Әдіс-тәсілдер | Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия. |
| Пәнаралық байланыс | Музыка, қазақ тілі, көркем еңбек. |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар,ескертпелерді жазыңыз)** |
| Басталуы 5 минут | **Сәлемдесу**<br>Білімге әркез сенеміз, Біліммен өсіп өнеміз.<br>Қош келдің асыл қонақтар Иіліп сәлем береміз<br>**Топқа бөлу2 минут** Оқушылар шар түстеріне қарай 5 топқа бөлініп отырады. |
| Ортасы 20 минут | ***Өткенге оралу.*** Жанкүйерлер<br>Фудболдан өзің жанкүйер болатын командаларың бар ма? Білгенін әңгімелеп беру<br>Нағыз достық дегенді қалай түсінеміз?<br>**Жұмбақ**<br>***Бейбітшілік құсы деп***<br>***Айтады оны барша жұрт***<br>Машқар Гумеро 1927 жылы 11 қарашада Башқұртстанның Асқын ауданындағы Күбияз елді мекенінде ауыл молдасының отбасында туған. 1937 жылы үй-ішімен Солтүстік Қазақстан облысына көшіп келіп, қазақ орта мектебінде оқыған. Ұлты татар болғанымен, шығармаларын тек қазақ тілінде жазады.<br>«Ана мен бала», «Үш күн, үш түн», «Жоғалған кілт» және т.б. шығармалары бар.<br>***Білу және түсіну 10 минут***<br>**Оқушылар оқулықтағы негізгі тақырыппен танысады.**<br>**Аудио жазба арқылы мәтінді тыңдайды**<br>Мәтін кейіпкерлері |

| | |
|---|---|
| | Не істеді?<br>Сенің пікірің Көрші әйел –Зияда апай Нүсіпбек Аймаған<br>Нүсіпбекке болысты. Қателігін сезді Нүсіпбекті жамандыққа қимады.<br>**Топтық жұмыс. «Кір қыстырғыш» әдісі**<br>1.Нүсіпбектің орнында сен болсаң қайтер едің? Аймағанның орнында болсаң ше?<br>2. Шала – жансар көк кептерді қалай өлімнен құтқарып қалуға болады? Не істейтініңді рет –ретімен санамалап айт. 3. Нүсіпбек пен Аймаған арасындағы достыққа өз көзқарасыңды білдір.<br>4. Нүсіпбек пен Аймағанды сипатта. 5.Әңгімеден үзінді көрсету |
| Сергіту сәті<br>2 минут | ***«Қарлығаш» би билеу*** |
| Аяқталуы 20 минут | **Құстарға қамқорлық жасау** **Ұя құрастыру**<br>Мақал – мәтелдер жаласын табу 1.Жаман ат жолда қалдырады,<br>Жаман жолдас ұятқа қалдырады. 2. Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа,<br>Жаманмен жолдас болсаң , қаларсың ұятқа<br>3. Жаралы құсқа тас атпа.<br>4. Құс терісіне қарай сұлу, Адам ісіне қарай сұлу.<br>5. Жапалақ мақтанса, жардан қоян алдым дер,<br>Жаман мақтанса жақсының жағасынан алдым дер. |

**Үйге тапсырма: оқу, дәптермен жұмыс. Екі түрлі түсініктеме күнделігі** Оқушылардан дәптердің бетін (не таратылып берген парақты) ортасынан вертикаль сызықпен бөлу сұралады. Мәтінді оқу барысында олар:

| Бөліктің оң жағына | Сол жағына |
|---|---|
| **Мәтіндегі қатты әсер еткен тұстарды, үзінділерді жазады.** | Сол әсер еткен үзінділер жайлы пікір жазады (нені еске түсіреді, себеп-салдары қандай, қандай сұрақ бар т.б.) |

| **Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?** | **Бағалау – Оқушылардың үйренгенін тексеру Бағалау парақшасы** | **Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтардағы байланыс** |
|---|---|---|

| **Оқушының аты-жөні** | | | | | **Балл** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

| **Рефлексия** | |
|---|---|
| Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма?<br>Бүгін оқушылар не білді?<br>Сыныптағы ахуал қандай болды?<br>Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе?<br>Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен? | Иә, бүгінгі сабақ өз мақсатына жетті.<br>Оқушылар әңгімені түсіне алды.Сабақта топтық жұмыс жақсы өтті, оқушылар белсенділікпен тапсырманы орындауға, өзгелерді тыңдауға үйренді.<br>Саралау тапсырмаларын да орынды пайдаланды.<br>Сабақта уақыт кезеңдерін ұтымды пайдаланылды.<br>Келесі сабақтарда АКТ-ны көп пайдалануды ұйғардым, оқушының ойлау қабілетін, сөздік қорын молайтатынына сенімдімін. |

**Қорытынды бағамдау**

Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?

1 . **«Өткенге оралу»** әдісі арқылы орындалған жеке жұмыста алдыңғы білімді жаңа біліммен ұштастыра отырып, берілген материалдар талдау жасағаны тиімді болды.

2.**«Әлемді шарлау»**әдісі.

Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?

1. Ресурстарды тиімді қолдану және оқушыларға жеткілікті дәреде үлестіру жақсартуға ықпал жасады.
2. Тапсырмалар шынайы өмірмен байланысты болуы оқушының есінде қалуына септігін тигізді.

Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?

1. Сыныптың ұйымшылдығы көрінді.
2. Жекелеген жұмыстарда дәптермен жұмыс жүргізуге көңіл бөлу

* * * * * * * * * * *

*Тараз қаласы М. Мақатаев атындағы № 14 орта мектеп жанындағы шағын орталықтың І-ші кіші «Балбөбек» тобының тәрбиешісі Мукашова Б.Б.*

**Ұйымдастырылған ашық оқу қызметі**

**Білім беру аймағы**: Таным. Қатнас. Шығармашылық.
**Бөлімі**: Көркем әдебиет. Сөйлеуді дамыту. Сурет салу.
**Тақырыбы**: Үй жануарлары
**Мақсаты**: Балалардың төрт түлік мал туралы, олардың төлдерін ажырата білуге және пайдасы жайлы алған білімдерін бекіту
**Дамытушылық**:
Балалардың сөздік қорларын дамыту.
**Тәрбиелік:** Үй жануарларына деген қамқорлыққа тәрбиелеу.
**Көрнекіліктер:** Ауыл, үй жануарлары суреттері, жүннен жасалған киім түрлері, карточкалар.
**Сабақ түрі:**Саяхат сабақ.
**Әдіс-тәсілдері:** Жұмбақ шешу, өлең оқу, әңгіме, дид-қ ойын, сұрақ – жауап.
**Инновациялық технология: Монтессори.**
**Қауіпсіздік ережелерін сақтаймыз.**
**Билингвалды компонент:** Сиыр – корова, қой – баран, ешкі – коза, ат – лошадь, түйе – верблюд.

| **Іс-әрекет кезендері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| Мотива-циялық қозғау-шылық | **Шаттық шеңбері**<br>Арайлап таң атты,<br>Жайнай түсті даламыз<br>Қайырлы таң балалар,<br>Қайырлы таң апайлар!<br>Балалардан жыл мезгілін сұрау?<br>Сөзжұмбақ шешу (тақырыпты шешу)<br>- Қандай үй жануарларын білесіңдер?<br>- Неліктен үй жануарлары дейді?<br>- Олардың қандай пайдасы бар?<br>Қайдан кездестіруге болады? | Орындарынан тұрып, амандасады.<br>Көктем мезгілі<br>Шешуі: Үй жануарлары.<br>Түйе, жылқы, сиыр, қой.<br>Адамдардың көмегімен өседі. Сүті, еті, жүні пайдалы. Ауылда |
| Іс-әрекет кезендері | Аулға саяхатқа бару. Жолда көңілді болу үшін ән «Қошақаным» айту<br>1. Үйге кіру үшін мына жұмбақтарды шешейік.<br>2. Кішкене ғана бойы бар,<br>3. Кезікті бір жануар, Айналдырып киген тоны бар. Үстінде екі тауы бар.<br>4. Басында екі таяғы бар, төрт аяғы, сақалы бар.<br>5. Өзі сұлу жануар, батыр мінсе көлік<br>Педагог балаларға тақтадағы сурет арқылы үй жануарлары туралы толық ақпарат береді<br>Қонақа ата келеді.<br>Атаның тапсырмасы «Төлдерін тап» ойыны;<br>Балалар өз беттерімен орындап, бір бірін тексереді.<br>Сергіту сәті:<br>Атқа жақсы қараймын,<br>Жал құйрығын тараймын.<br>Мініп алып сол атқа,<br>Барып жүрмін қонаққа.<br>«Дастарқан жаю» Ғажайып қаптың ішінен тағам және жүннен тоқылған киім түрлерін алып, олардың қай жануардың өнімінен жасалатынын айту, дастарқанға қою. Барлығының алғысына бөленіп, сыйлығын алып, тобымызға оралайық.<br>Д/О: «Аудармашы» Үй жануарларының орысша, қазақша атау;<br>Д/О: «Кім қалай дыбыстайды?»<br>Лақтар, марғаулар, күшіктер, бұзаулар, қозылар тобы болып бөлінеді. Қай төлдің аты аталады сол топ | «Қошақаным» әнін айтады.<br>Жұмбақ шешеді.<br>Қой. Түйе. Ешкі. Сиыр.<br>Жылқы.<br>Олар туралы тақпақтарын айтады.<br><br><br><br>Карточкада орындап, тақтадағы жауаптар<br>бойынша бір-бірін<br>тексереді.<br>Тағам, жүннен тоқылған<br>киімдерді атап, олардың<br>қай жануардың өнімі<br>екенін, қымыз, шұбат жайлы<br>айтады, дастарқан жаяды.<br>Сиыр – корова<br>Түйе – верблюд<br>Жылқы – лошадь<br>Қой – баран<br>Коза – ешкі<br>Бұзаулар - Мө – мө<br>Қозылар – Мә – мә<br>Лақтар – Мәә – мәә<br>деп дауыстайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | дауысын келтіреді.<br>былай дейді екен. Жылқы – кісінейді, сиыр – мөңірейді, Қой, ешкі – маңырайды, түйе – боздайды. | |
| Рефлексия<br>лық кезең | - Қандай үй жануарларын?<br>- Төлдерін білеміз бе?<br>- Сабақ сендерге қызықты болды ма?<br>Балаларды мақтап, мадақтау.<br>Атаның сыйлығын таратып беру.<br>Қонақтармен үш тілде қоштасады. | Сұраққа жауап береді.<br>Қой. Түйе. Ешкі. Сиыр.<br>Қозы, бота, лақ, бұзау.<br>Балалар қонақтармен үш тілде қоштасады.<br>Балалар атаға рахмет айтып қоштасады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Білуі тиіс:**Үй жануарлрының аттарын, төлдерін білу.
**Меңгеруі тиіс:**Әр жануардың өзіне тән ерекшелігі мен берер пайдасын;
**Үйренуі тиіс:**Тақырыпқа сай жұмбақтар, өлеңдер, әндер.

* * * * * * * * * * *

| | | |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: 8.3А бөлім: Квадраттық функция**<br>Мектеп: «Мақаншы орта мектеп - бақша»КММ | | |
| **Күні:**<br>**Сынып: 8** | Мұғалімнің аты-жөні: Молкаева Алтын Кыдыргажиновна | |
| | Қатысқандар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтыңтақырыбы** | **Квадраттық функцияға есептер** | |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 8.4.1.3 түріндегі квадраттық функцияның қасиеттерін біледі және графигін салады | |
| **Сабақтың мақсаты** | Оқушылар түріндегі квадраттық функцияның қасиеттерін және графигін есептер шығаруда қолданады. | |
| **Бағалау критерийлері** | Квадраттық функцияның қасиетін біледі<br>Квадраттық функцияг рафигін салудың әдісін біледі<br><br>Квадраттық функция графигін салады<br>Квадраттық функция графигін салудың алгоритмін қолданып есептер шығарады<br><br>Оқушының өз ойын толық жеткізе алуы. | |
| **Тілдік мақсат** | Оқушылар квадраттық функциялардың графиктерін салу алгоритмін сипаттайды, қасиеттерін айта алады.<br>**Пәнге қатысты лексика мен терминология:**<br>квадраттық функция; парабола төбесі, парабола тармақтары;<br>симметрия осі; функцияныңнөлдері; квадрат екімүшелік;<br>дискриминант; параллель көшіру; х осінесығу; х осіненсозу;<br>оңға/солғажылжыту; өсу/кемуаралығы; таңбатұрақтылықаралығы;<br>у осіменқиылысунүктесі.<br>**Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер:**<br>парабола тармақтары …бағытталған;<br>график Охосінен… (жоғары, төмен) орналасқан;<br>квадраттық функция графигіОуосін… (жоғарыдан, төменнен) қияды, өйткені*с* …0 (>,<);<br>таңба тұрақтылы қаралығын табу үшін алдымен функция нөлдерін табамыз;<br>мәндер жиынын табу үшін парабола төбесінің ординатасын тапсақ жеткілікті;<br>функцияның монотонды аралығын табу үшін парабола төбесінің абсциссасын табу жеткілікті. | |
| **Құндылықтарды дарыту** | Өмір бойы білім алуға бейімдеу, дұрыс шешім қабылдау, қоғамдық өмірге қатысу, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау қабілетін қалыптастыру. Құндылықтарды дарыту жұптық, топтық жұмыстар арқылы жүзеге асырылады. | |
| **АКТ қолдану дағдылары** | презентация | |

| | |
|---|---|
| **Бастапқы білім** | Квадраттық функция графигін қалай салу керектігін біледі, оның қасиеттерін анықтай алады. |
| **Сабақ барысы** | |
| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланғаніс-әрекет** |
| **Сабақтың басы** | **1.Ұйымдастыру бөлімі**<br>Психологиялық ахуал қалыптастыру, топқа бөлу.<br>Үй тапсырмасын тексеру.<br>**2. Өткен сабақты қайталау («Элективті тест»)**әдісі<br>1. Берілген функциялардық қайсысы квадраттық функция болады?<br>А) у=5х$^{3}$-6 В) у=7х-1 С) у= 4х$^{3}$+х+1 Д) у=-3х$^{2}$+х+7<br>19.Берілген көпмүшелердің қайсысы квадрат үшмүше болады?<br>А) 2х+3 В) х$^{3}$– х -7 С) х$^{2}$-19х Д) 3х$^{2}$-9х -1<br>20.Суреттеу=х$^{2}$-4функцияның графигі қандай түске боялған?<br>А) қызыл В) көк С) жасыл Д) басқа<br>4. у=(х+5)$^{2}$функцияның графигіну=х$^{2}$функцияның графигінен қалай алуға болады?<br>А) Ох осі бойымен 5 бірлік оңға В) Ох осі бойымен<br>5 бірлік солға С) Оу осі бойымен 5 бірлік төмен<br>Д) Оу осі бойымен 5 бірлік жоғары жылжыту арқылы алуға болады.<br>5. Квадраттық функцияның графигі қалай аталады?<br>А) түзу В) гипербола С) парабола Д) элипс |
| **Сабақтың ортасы** | **3. Топқа тапсырма:**<br>1 - топ. Квадраттық функцияны зертте.<br>2 - топ. Квадраттық функцияларды сәйкестендіруді орында.<br>3- топ. Квадраттық функцияның графигін сал<br>Қалыптастырушы бағалау жүргізіп отырамын.<br>**4. Сергіту сәті. «Ән шырқау әдісі»**<br>**5. Жеке жұмыс** оқулықтан есеп шығартамын.<br>**6. Жұппен жұмыс**. Әр топтан бір оқушыны шақырып<br>«Сағат бағытымен кездесу» әдісі арқылы екінші оқушыны таңдап алып бірге тапсырма орындау. |
| **Сабақтың соңы** | **7. Сабақты қорытындылау үшін « Мен ...»** сөзіне топтастыру арқылы кері байланыс жүргіземін. |
| **Сабақтың соңы** | **Рефлексия. «Блоб ағашы» әдісі.** Мақсаты: оқушылар өз – өздеріне баға береді, өздерінің деңгейлерін айқындайды.<br>**Үйге тапсырма** |

*ШҚО Үржар ауданы «Мақаншы орта мектеп-бақша» КММ*
*Информатика пәнінің мұғалімі Садықова Маржан Қасымқанқызы*

| **Мектеп «Мақаншы орта мектеп-бақша»** | **Пәні Ақпараттық коммуникациялық технологиялар (АКТ)** | **Мұғалім аты- жөні**<br><br>**Садықова Маржан Қасымқанқызы** | **Сыныбы: 3 «Б»** | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы: Презентацияға нысандарды кірістіру** | | | | |
| **Сілтеме** | 21.3 – сынып оқулығы<br>22.Тақырыптық презентация | | | |
| **SMART мақсат** | • PowerPoint – та мәтінді , суреттерді немесе фигураларды, Smart кірістіруге болатыны туралы жалпы мәліметтер беру, түсіндіру, баяндау | | | |
| **Күтілетін нәтижие** | Теориялық білімдерін тәжірибеде қолдана алады, яғни презентациямен еркін жұмыс жасай алады.<br>Алған білімдерін өмірде,қалай қолдану керектігін,оны пайдаланудың мүмкіндіктерін тудыру, сабаққа деген қызығушылығын арттыру | | | |
| **Түйінді идеялар** | Слайд бетіне мәтін қосу<br>Тұсаукесердің слайдына сурет кірістіру<br>Дыбыс және видео кірістіру | | | |
| **Әдіс - тәсілдері** | «Тұрғын және үй ойыны », «бағдаршам», | | | |

| **Пәнаралық байланыс** | Геометрия, шет тілі | | |
|---|---|---|---|
| **Кезең** | **Мұғалімнің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар** |
| **Сабақтың басы** | | | |
| **Ұйымдастыру кезеңі** | Жағымды психологиялық ахуал орнату.<br>Оқушыларды топқа біріктіру.<br>«Тұрғын және үй ойыны »<br>Оқушылар екеу-екеу қолдарын көтеріп ұстасады,үйдің шатырын жасайды.Шатырдың астына бір оқушы кіріп тұрғын болады.Сәлден соң мұғалімнің нұсқауымен тұрғын екеу болады.Осылай төрт оқушыдан шағын топтар құралады.<br>1-топ: Құрлысшылар үйі 2-топ: Жазушылар үйі<br>3-топ: Суретшілер үйі | Ойын арқылы топқа бөлінеді | А4 жазулар |
| **Үй тапсырмасы** | Бағдаршам әдісі.<br>Әр бала қолына қызыл және жасыл түсті қағаздар беріледі. Қойған бірнеше сұраққа байланысты балалар қолындағы қағазын көтереді. Сұраққа жауабы дайын болса, "жасыл" түсті, сұрақ жауабын білмейтін болса "қызыл" түсті қағазды көрсетеді. Жасыл түсті көрсеткен кез келген оқушыдан жауап сұралады. Жасыл түсті қағазды мүлдем көтермеген оқушыларға сұрақты қайталап қоюға болады не жауап берілген соң қызыл түсті қағаз көрсеткен кез келген оқушыдан жауапты қайталап беруін сұрау қажет.<br>1.Power Point дегеніміз не?- (суреттер мен мәтіндер кірістіруге, оларға қимыл-қозғалыс жасауға арналған программа.)<br>2. Power Point программасын қалай іске қосамыз? (Пуск- Все программы - Power Point)<br>3.Презентацияға жаңа бетті қалай қосамыз?<br>( Главная –Создать слайд)<br>4.Презентацияны қалай сақтаймыз?<br>( Файл-Сохранить как)<br>5.Презентацияның кеңейтілімі қандай болады ?<br>(.pptx)<br>6.Презентацияны қалай безендіреміз?<br>(Дизайн мәзірі арқылы) | Жасыл түсті көрсеткен кез келген оқушы жауап береді.Жасыл түсті қағазды мүлдем көтермеген оқушы жауапты қайталайды. | Интерактивті тақтамен жұмыс Қызыл, жасыл түстті дөңгелек қағаздар |
| **Сабақтың ортасы** | | | |
| **Жаңа сабақ**<br>**Білу**<br>**Түсіну** | «Құрастыр және көрсет» әдісі арқылы оқушылар жаңа сабақты меңгереді.<br>6.топ: біз құрлысты бастамас бұрын онын сұлбасын сызып аламыз ия балалар.Ал оны сызу үшін бізге фигуралар қажет ал ол фигураларды қалай презентацияға кірістіруімізге болады?<br>7.Топ:Жазушылар әдемі жазғанды жақсы көреміз бе? Ендеше жазуды безендіру үшін презентацияға WordArt нысанын қалай қоямыз?<br>8.Топ: Суретшілер презентацияға суреттерді қалай кірістіреміз? Экран бетін қалай суретке түсіреміз?<br>Топтарға тақырыпшалар бөлініп беріледі. Оқушылар тақырыпты түсініп оқып, командалар тізбегін құрастырады және көрсетіп қорғайды, ал мұғалім интерактивті тақтада орындалуын көрстіп толықтырып отырады.<br>Сергіту сәті: | Жаңа сабақ бойынша алып отырған ақпараттарды үлгеріп, дәптерге түртіп алып отыру.<br>Түсінбегенін дер кезінде сұрау<br>**Топтар бір-бірін смайликтер арқылы бағалайды:** | Компьютер<br>Интерактивті тақта<br>Тақырыптық слайдтар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Қолдану** | **Компьютерде орындайық**<br>**Презентация құр.**<br>***1.Power Point программасын іске қос***<br>***2.Слайдтқа дизайн таңдап безендір***<br>***3.Word Art нысанын таңдап, тақырыбын***<br>***«Су туралы мақал-мәтелдер» деп жаз***<br>***4.Жаңа бет қос 5.Бірнеше фигура қойып, іштерін бояа. 6.Фигураның ішіне су туралы мақал –мәтел жаз. 7.Жаңа бет қос 8.Тақырыпқа сәйкес Сурет қой.*** | Презентация құрады. | Компьютер, интерактивті тақта |
| **Талдау** | Орындаған практикалық жұмысын талдап береді | Өз ойларымен бөліседі | |
| **Сабақтың соңы** | Орындаған практикалық жұмысын талдап береді | Өз ойларымен бөліседі | |
| **Жинақтау Бағалау** | Әр тапсырмадан кейін ақша арқылы бағалау<br>Оқушылардың компьютерде орындаған жұмыстарын тексеріп, бағалау | | |
| **Үйге тапсырма** | Нысандарды компьютерлік тұсаукесерге кірістіру тақырыбына дайындалу және төмендегі тапсырмаларды орындау. Презентация құру.<br>***I) Тапсырма: «Ынтымақ күніне» презентация*** | Күнделіктеріне үй тапсырмасын жазады | |
| Рефлексия | Сабақтан алған әсерлері мен ұсыныстарымен бөліседі:<br>1-топ: «Құрлысшылар үйі фигуралар арқылы»<br>3-топ: «Суретшілер үйі смайликтер арқылы<br>2-топ: «Жазушылар үйі жазбаша түрде» | Сабақтан алған әсерлері мен ұсыныстарымен бөліседі. | Фигуралар, түрлі түсті қағаздар смайликтер |

*Алматы облысы, Панфилов ауданы, Садыр ауылы*
*«Садыр орта мектебі»коммуналдық мемлекеттік мекемесі*
*Бастауыш сынып мұғалімі Мухтарова Зайтунам Зординовна*

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Бөлүм:** | **Пән: «Әдәбий оқуш**<br>**Синип:** 4«Ә » | **Алматы облысы Панфилов ауданы Садыр ауылы «Садыр орта мектебі» КММ Мухтарова Зайтунам Зординовна** | |
| | **Қатнашқанлар сани:** | **Қатнашмиғанлар сани:** | |
| **Дәрисниң мавзуси: Абай Құнанбаев”Қиш”.** | | | |
| **Оқуш мәхсити** | 4.1.4.2 – сөзләш җәриянида иллюстрацияләрни, көрнәклик қуралларни, фоторәсимләрни қоллиниш, презентация өткүзүш, видеоролик ясаш. | | |
| **Дәрис мәхсити** | **Күтилидиған нәтиҗиләр:**<br>Оқуғучиларниң ойлаш, ижадий издиниш қабилийәтлири тәрәққий ейтиду.<br>**Һәммә оқуғучилар билишкә тегиш:**<br>Мәтиндә немә тоғрисида ейтилғанлиғини билиду<br>**Оқуғучиларниң көпчилиги билишкә тегиш:**<br>Тиңшалған мәтин бойичә қоюлған соалларға жавап берип, мәтиндә немә тоғрисида ейтилғанлиғини чүшиниду.<br>**Бәзи оқуғучилар билишкә тегиш:**<br>Муәллимниң ярдими билән асасий ойни ениқлайду.<br>Илимға, билимгә дегән қизиқиши ашиду. | | |
| **Тиллиқ мәхсәт:** | **Оқуғучилар адәмләрниң охшаш мүҗәз-хулқини тәһлил қилиду**<br>**Дәристә диалог /йезиш үчүн пайдилинидиған тил:**<br>Тәһлил қилиш үчүн соаллар:<br>• Абай Құнанбаев ким?<br>• У қәйәрдә туғулди?<br>•Униң қандақ қара сөзлирини билисиләр? | | |
| **Алдинқи оқуш** | Қарниң қандақ пайдиси бар? | | |
| **Режиләнгән вақит:40 мин** | **Режиләнгән паалийәт** | **Мәнбәләр** | |

<table>
<tr>
<td>Дәрисниң уюштурулуши5мин</td>
<td>Оқуғучилар билән саламлишип, тиничлиқ минутини қуруш.<br>-Балилар,қени, һәммимиз көзүмизни бир аз жумуп, тәсвирләп көрәйлиқчу.<br>-Һазир қиш мәзгили<br>-Қарниң чүшиши қандақ?<br>–Қар аппақ,йәр жаһанни қаплап туриду.<br>Қар охшаш һәммимизниң көңли ақ болуп, бир-биримиз билән достлишип, ярдәм берип жүрәйлуқ.<br>Қишму худди анидәк, Ақ йол тиләр һәммигә.<br>Мол һосул еп келәр Әмгәк әткән адәмгә</td>
<td>оқуш қурали<br><br>қар, рәңлик сүрәтләр</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>Өтүлгән мавзулар үстидә иш ишләш<br>- Қарниң қандақ пайдиси бар? мавзуси бойичә иш.<br>Оқуғучиларға мавзуни оқутуп, соалларни қоюш арқилиқ мәзмунини сораш.<br>-Қар қачан яғиду? -Қарниң қандақпайдиси бар?
<table>
<tr><td>Баһалаш критерияси</td><td>Дескриптор</td></tr>
<tr><td>мустәқил иш ишләйду</td><td>Тапшурмини толуқ орунлайду.</td></tr>
</table>
1.Сөһбәт жүргүзүш<br>Видеоролик көрситиш<br>- Абай Құнанбаев ким?<br>-Униң қандақ шеирлирини билисиләр?<br>Абайниң һәқиқий ети -Ибраһим болған. Абай дәп момиси Зере әркилитип қойған. Бала вақтида иккки анининиң оттурисида тәң өскән. Абайни йәңгилири Телғара дәп әркилитипту. М.Әуезовниң өзи Абай тоғрисида язмақ болған романини әң дәсләп “Телғара” дәп атиған екән. Шу Телғара дана Абайға айнилип, улуқ шаир болди.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Дәрисниң беши<br><br><br><br><br><br><br>Дәрисниң асасий қисми 20мин муәллимниң көрсәтмиси</td>
<td>2.Луғәт иши орунлаш.<br>3. Шеирни оқутуш<br>Мәзмунини чүшәндүрүш<br>-1884 жили Шәмәй тәвәсидә қиш қаттиқ болуп әл ач келип,мал қирилған екән.Қишта яққан қар апрель ейида бирақла ериған екән. Абайниң бу шеири шу чағда йезилған екән. Шуниң үчүн шаир қишни «Ақ кийимлик, ғоллуқ, ақ сақаллиқ»зор адам ретидә тәсвирлигән.<br>5.Шеирниң мәзмунини ечиш: Соал-жавап:<br>1.Автор қишни кимгә охшитиду?<br>2.Қиштики адәмләрниң һаятини қандақ тәсвирлигән?<br>Тепип оқуш<br>-Шаирниң қишни сүрәтлигәнйерини ким тепип оқуп бериду?<br>-Балилар вә қойчи тоғрилиқ ейтилған йерини ким тепип оқуп бериду?<br>6.Топ бойичә иш.<br>I-топ: Қишниң сүритини ясайду.<br>II-топ: Абайниң шеирлирини ядқа ейтиду.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>2 мин</td>
<td>Тетиклитиш сәргитиш минути<br>Уссул ойнитиш</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>3 мин</td>
<td>Йеңи дәрисни пишшиқдаш<br>Соалларға жавап бериш.<br>1.Китап бойичә иш<br>2.Өз бети билән қиш тоғрисида тепишмақ ейтиду<br>Қишта маңиду бир кемә, язда ятиду у немә?
<table>
<tr><td>Баһалаш критерияси</td><td>Дескриптор</td></tr>
<tr><td>шеирни ипадилик оқуйду</td><td>Тапшурмини толуқ орунлайду.</td></tr>
</table></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Хуласиләш бөлүми<br>5 мин</td>
<td>1.Өтүлгән мавзу тоғрисида сораймән.<br>1. Соалларға жавап бериш</td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| 5 мин | Әкси бағлиниш ясаш<br>**Өзини-өзи баһалаш:**<br>2. Сүрәт бойичә иш<br>«ББҮ» җәдвили билән иш.<br>Җәдвәлниң үчинчи бөлигини толтуруш. Җүп билән пикирлишип, тәһлил қилиш. Топта елан қилип, диалог түзүш арқилиқ ортақлишиш<br>Рефлексия<br>-Бүгүнки дәрис силәргә яқтиму<br>-Бүгүнки дәристин немә билдим?<br>**Чүшәнмидим Чүшәндим, бирақ... Чүшәндим** | |
| **Қошумчә әхбарат** | | |
| **Дифференциация – Балиларға қандақ ярдәмлишисиз? Қабилийәтлик балиларға қандақ тапшуруқларни берисиз?** | **Баһалаш – оқуғучиларниң билимини назарәт қилишни қандақ режиләйсиз?** | **Пәнарилиқ бағлиниш, саламәтлик вә бехәтәрлик ӘКТ Қәдрийәтләроқуш, уйғур тили** |
| Назарәт қилиш соаллири | Муәллимниң өз дәрисигә баһа бериши:<br>Дәрис мәхситигә йәттимму?<br>Дәрис мәхситигә йәтти дәп ойлаймән.<br>Оқуғучилар немә үгәнди?<br>-Таш ялап сақайған кейик тоғрисида чүшәнчә алди.<br>-Балилар арисидики мунасивәт қандақ болди?<br>Оқуғучилар арисидики уюштурған оқуш/оқутуш паалийитим утуқлуқ болдиму?<br>Режиләнгән вақитни үнүмлүк пайдиландиму?<br>Режиләнгән вақит үнүмлүк болди | |
| Хуласә баһа | **Дәрисниң әң утуқлуқ пәйтлири**<br>1.Соалларға жавап бериш<br>2. Мәтинни толуқ баянлаш<br>**Дәрисни яхшилашқа өз төһписини қошқан икки утуқлуқ пәйт:**<br>1: Мәтин бойичә тәсвирләш<br>2: Мәзмунини баянлаш<br>**Кәлгүси дәрисни өткүзүшкә өз төһписини қошидиған бүгүнки дәристин синип вә һәрбир оқуғучи тоғрилиқ немә билдим?**<br>1: Қийин сөзләрниң мәнасини толуқ билиш.<br>2: Нормиға мас оқуш | |

**«АСЫЛ СӨЗДІ ІЗДЕСЕҢ, АБАЙДЫ ОҚЫ ЕРІНБЕ»**

Әдеби кеш сценарийі


*Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Ұзынарық ауылы, Қ.Байболов атындағы жалпы білім беретін орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

*Кудиярова Шолпан Турмаханбетовна*


**Мақсаты**: Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы туралы тереңірек мәлімет беру, өмір жолы мен шығармашылығын таныту, адамгершілікке тәрбиелеу, Абай ақынның даналығын, рухани асыл мұраларын насихаттау, құрмет ету. Ұлы ақынның өнегелі өмірімен таныстыру, шығармаларына шолу жасау, өлеңдерін, қара сөздерін мәнерлеп айтқызу, көріністер қою.

**Көрнекілігі**: Абай портреті, кітаптар, шығармалары, қанатты сөздер, Фотослайдтар, видео, аудио жазбалар

Абай туралы қанатты сөздер:

« Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы –соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ » Ахмет Байтұрсынұлы

«Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы — заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр». Мұхтар Әуезов

«Абай өз заманынан анағұрлым биік тұрған ақын еді» Ғабит Мүсірепов

«Орыстар үшін — Пушкин, ағылшындар үшін –Шекспир, грузиндер үшін — Руставели… қандай ұлы құбылыс

болса, Абай да қазақтар үшін сондай теңдессіз құбылыс». Қайсын Кулиев
«Абай әлемге ашылған терезе еді, оның жаны жаңарып жатқан дүниенің алыстағы сарынын сезе білді… Гете мен Толстой сынды көптеген заңғар гуманист тұлғалардың далалық бауырласы екенін танытты».
Шыңғыс Айтматов
«Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс». Нұрсұлтан Назарбаев
**«Адамзаттың Абайы» атты видеоролик қойылады.**
**Сұлтанқұлова Аружан:** Дана Абайды
Қазақтың ақылына балаймын.
Туатұғын алдынан ғасырына балаймын!
Ақылының нұры бар, Абайы бар қазақтың,
Жан алаңы, мұңы бар — қазағы бар Абайдың.
**Жансая:** Арлы Абайды
Қазақтың қайраты деп ұғамын,
Қайда барса айбыны, айбаты деп ұғамын!
Жер шарының шиырлап, қай жағынан шығайын,
Құбылаға бұрғандай, Абайға бет бұрамын!
**Әліби:** Сара Абайды
Қазақтың жүрегі деп білемін,
Жүректі шер меңдесе, таба алады кім емін?
Ақындардың ірісі, ғашықтардың пірі едің,
Жайған сәби саусағын, қайран менің жүрегім!
**Оңғарбай Ақниет:** -Қайырлы күн, құрметті оқушылар, ұстаздар қауымы !
«Қазақтың бас ақыны -Абай Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы - соңғы заманда қазақ даласында, қазақ баласында біз білетін ақын болмаған...», — деп жазған Ахмет Байтұрсынов. Ендеше,ұлы халықты ұлысы,дархан халықтың данасы, қазағымның басты ақыны- Абай Құнанбайұлына арналған «Адамзаттың Абайы»атты әдеби-сазды кешке қош келдіңіздер!
Әрине Абай атамыз туралы айта беру артық емес.Бір қарағанда таныс тақырып ,таныс бейне секілденгенмен,ол туралы білетініміз тым аз.Ендеше ұлылықтың сырына қанық болғымыз келсе,даралықтың қандай болатынын ұғынғымыз келсе ,дана Абай әлеміне шарлап қайтайық құрметті халайық!
**Қартаева Аяулым:** Абай – қазақ даласын надандықтың айсыз қараңғы түні бүркеп, тұншықтырып тұрған кезде ,еліне дем болуға ,қараңғы жерге нұр болуға ағып келген жарық жұлдыз. Ол мың қырлы, мың тәлімі бар ұлы ақын.Осы уақытқа дейін Абай туралы қанша айтылып,қаншама зерттеу жұмыстары жазылып келсе де, ол әлі талай тың жұмыстарға негіз болмақ. М Әуезовтен бастап  қазақ ақын жазушылары мен ғұламаларының Абайға соқпай өткені жоқ.
Абайдың кіршіксіз ақ жүректі тербеткен сансыз ойларынан ,тамаша шығармалары мен жалынды жырларының әрбір бетінен, әрбір жолынан,әрбір тармағынан,әрбір шумағынан, әрбір сөзінен бізге соншама ыстық, соншама жарқын леп еседі. Абай лебі, Абай үні- , заман тынысы, халық үні. Абайдың жарқын бейнесі, жалынды жыры бізбен бірге мәңгі жасап келеді.
**Оңғарбай Ақниет**:  Ұлы Абай 1845жылы Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданына қарасты Шыңғыстау бауырында дүниеге келген. Әкесі Құнанбай аға сұлтан, болыс болса, аталары Өскенбай, Ырғызбай атақты, әйгілі билер, Тобықты руының билеушілері болған.
**Қартаева Аяулым:** Жас шағында Абай тәрбиені жұмсақ мінезді, мейірімді анасы Ұлжан мен кәрі әжесіЗереден алады. Ол жас кезінен өлең-жыр, әңгімеге әуес болып, әжесі мен анасы айтқанертегі-аңыздарды құмартып тыңдап өседі.. Ауыл молдасынан арабша сауат ашқан Абайды әкесі он екі жасында Семейге оқуға жібереді. Абай Ахмет- Ризаның медресесінде оқыды. Медреседе араб, парсы тілдерін жақсы меңгереді. Шығыс ақындары Низами, Сағди, Фзули, Хафиз шығармаларымен танысады. Медреседе оқып жүріп, үш ай «Приходская школада» орысша оқиды.
**Оңғарбай Ақниет**: Әке үміті мен тәрбиесі босқа кетпей, ел билеу ісіне ерте іліккен Абай 12 жыл болыс, 6 жыл би болып қызмет атқарады.Ал, Абайдың поэзиясына көркемдік әлеміне үңілген сайын, адам жаны тебіреніп, сезім көкжиегі кеңейіп, бар болмысы сөзбен айтып жеткізе алмайтындай ләззат алады.
**Қартаева Аяулым:** Ақынның қай өлеңін алсақ та, астарлы ойы мен идеясынан адамгершілікке тән қасиеттерді бойына дарыта алған, адами рухты сіңіріп өсу керек деген ойды білеміз.Осыған орай, Абайдың  өлеңдеріне кезек берсек.
**Жарылқап Аружан** «Ғылым таппай мақтанба»
**Есен Лаура** «Әсемпаз болма,әрнеге»
Абайдың келесі бір топ өлеңдер шоғыры табиғат лирикасына арналады. Олар: «Жазғытұры», «Қыс», «Күз», «Қараша ,желтоқсан мен сол бір-екі ай» Абайдың жыл мезгілдеріне арналған осы өлеңдерінен қазақ өмірінің тіршілігі суреттеледі.
Бұл өлеңдерде табиғат аясында сол табиғаттың ауа-райына үндесе тіршілік ететін халықтың ұлттық ерекшелігі бейнеленген.
**Жақсылық Анель** «Қыс»

**Үсен Нұршат** «Жазғытұры»
**Жұмағұлов Жасұлан** «Қараша ,желтоқсан мен сол бір-екі ай»
**Төлебек Саят**: «Күз»
**Маратбек Арайлым**: «Жаз»
Академик Зәки Ахметов Абай ақындығының теңдесі жоқ екендігін, сонымен бірге оның аса дарынды сазгер болғанын, көптеген әдемі,әсерлі әндер шығарғандығын айтқан.
**Оңғарбай Ақниет::**
Құлақтан кіріп бойды алар,
Әсем ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй ,-деп Абай атамыз өзі айтқандай оқушылардың орындауында «Желсіз түнде жарық ай» әніне кезек берсек.
**Жақсылық Сырым:**
Шам-шырағы қазақтың –ұлы Абай,
Бағдарымсың бет түзер Құбыладай!
Ана тілдің арқасы, ұғып келем,
Желілерін ойыңның үзіп алмай.
Талант таудың ұшпағы -ұлы Абай,
Таңдан, әлем, қазақтың ұлы қандай!
Әр тасыңнан бастау-ап, өлең-бұлақ,
Сыбдыр қаққан балбөбек тілі балдай.
**Қартаева Аяулым:** Қазақтың рухани кемеңгері, ойшылы, білім мен бостандық жолындағы қажымас күрескері — Абай бұл күндері бүкіл адамзатқа ортақ үлгі тұтар тұлғаға айналып отыр.
**Оңғарбай Ақниет**: Өлең сүйер,өнер сүйер, көпшілік қауым! Өлмейтін артына сөз қалдырған кемеңгер Абай Құнанбаевқа биыл 175 жыл толып отыр. Бұл әдеби кешіміз Абай мерейтойына, Абай рухына арналады.
**Қартаева Аяулым:**
Туғаннан дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кіреді денең
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,
Ойлансайшы бос қақпай ,елең-селең...деп, Абай атамыз айтқандай келесі сөз кезегін Абай өлеңдерінен нәр алған оқушыларға берейік
**Майлыбек Мирас** «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат»
**Бейсен арман**«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін»
**Әлиасқар Актілек**«Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да»
**Қартаева Аяулым** Өздеріңіз білетіндей, Абай- қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаушы және қазақ халқын орыс әдебиетімен таныстырушы, табыстырушы.Ол өзінің аудармалары арқылы қазақ жұртын орыс классиктерінің шығармаларымен таныстырған адам.
Олай болса, Абай аудармаларына негізделген көріністерді тамашалаңыздар.
**5 сынып оқушылары «Шегіртке мен құмырсқа» мысалын көрсетеді.**
**Ғашықтың тілі-тілсіз тіл,**
**Көзбен көр де,ішпен біл,-**
**Ән. «Татьянаның сөзі»Тобағабыл Сымбат**
**Горные вершины,**
**Спят во тьме ночной;**
**Тихие долины ,**
**Полны свежей мглой;**
**Не пылит дорога,**
**Не дрожат листы..**
**Подожди немного,**
**Отдохнешь и ты.**
**Оңғарбай Ақниет**: Неміс ақыны Гетеден орыс ақыны М.Ю.Лермонтов аударған «Горные вершины» өлеңінің қазақ тіліндегі Абай атамыз аударған.
**«Қараңғы түнде тау қалғып» әніне кезек берсек . Арысбай Ташолпан**
**Қартаева Аяулым** Абай шығармашылығындағы елеулі орын алатын бір сала -оның поэмалары. Олар: «Ескендір», «Масғұт», «Әзім әңгімесі». Абай өзінің поэмаларында да,өлеңдеріндегі секілді әлеуметтік – адамгершілік идеяларын көтерді.
**10-сынып оқушылары «Ескендір» поэмасынан көрініс көрсетеді**.
Абайдың қарасөздері-ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын,философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін прозалық шығармалары. .Абайдың жалпы қарасөздерінің саны-45. Абайдың қарасөздеріне кезек берейік.
**Қолтай Феруза бесінші қарасөз**

**Жақсылық Анель он тоғызыншы қарасөз**
**Абай қарасөздеріне байланысты 8-сынып оқушылары 17-қарасөзден көрініс көрсетеді.**

Жаманға «жар» деген-ақ ,ән көрінер,
Жақсы ән білсе, айтуға кім ерінер
Жарамды әнді тыңдасаң, жаның еріп
Жабырқаған көңілің көтерілер,-дей келе Абайдың әні **«Көзімнің қарасын»қабыл алыңыздар. Орындайтын 7-сынып оқушысы Төлебек Рамазан**

**Оңғарбай Ақниет**:«Абай мұрасы — қазақтың ең қасиетті қазынасы. Абай өзінің халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды. Ғасырлар бойы қалың елін, қазағын жаңа биіктерге, асқар асуларға шақыра береді,»,-деп Елбасымыз Абай мұрасына ерекше баға береді.

Жүрегіңнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма,-

деп ақынның өзі айтқандай, «соқтықпалы, соқпақсыз жерде өсіп», тар жол, тайғақ кешу өмір кешкен, өкініш пен өксігі көп, қайғысы мен қасіреті мол қараңғы қапас өлкеде де, ел мұңдарын «асау жүрегінен» ағыта, шабытты жыр ғып төккен алып Абай атамыз туралы да көптеген шығармалар жазылды. Соның бірі ақынның құрдасы жыр даңғылы Жамбыл атамыз Абайдың портретін көргенде «Мынау тұрған Абайдың суреті ме?», ақынның баласы Әбіш өліміне көңіл айтып «Сәлем айт, барсаң Абайға» атты өлеңдер жазған екен.

**Асқар Әлия** «Мынау тұрған Абайдың суреті ме?»

**Мамыралы Жанна** «Сәлем айт, барсаң Абайға»

**Оңғарбай Ақниет**: Абай –мың қырлы ,мың тәлімі бар ақын.Бүгінгі кешімізде сол мың қырының бірерін ғана өзімізше түсініп,әңгіме етпек болдық.М.Әуезовтың өзі «Абай жолы»роман -эпопеясын жазуда 20жыл уақытын сарп еткенде «Абай –дария ,мен оны шөмішпен қалқып қана алдым»десе біз бүгінгі кешімізде сол дарияның жағасына ғана келдік.Ал сол дарияның тереңіне сүңгіп ,інжу-маржанын теретін ұрпақ,болашақ ғалымдар мен ғұламалар өздеріңсіңдер»

Барша қазақ баласы Абайды тануға, білуге, Абаймен мақтануға тиіс. Ұлы ақын өз халқын өркендеген,өскен, еркін халық ретінде көруді арман еткен. Сол Абай аңсаған арманына жетіп отырмыз.

Олай болса, жүрегі қазақ деп соққан қазақ жұрты Абайдың өлеңдерін бойтұмарындай сақтап жүруі тиіс.Артына өлмейтін мұра қалдырған ұлы Абай данышпанымыздың 175 жылдығына арналған әдеби-сазды кешіміз осымен аяқталды.

**Қартаева Аяулым** Абай сөзіне құнығa тесілесіз.Содан сабыр тауып ,жігеріңіз қанаттанады.Кештеу болса да Абай сәулесімен оятқан Аллаға мадақ айтасыз. Көкірек ашылып,ақын қазынасын қуана ақтарасыз.Оқып үлгергіңіз және тезірек арқатірек тапқыңыз келеді.Сонда бізге ,ақын ізімен сапарға шыққандарға Абай мұрасы маржан шөккен теңіз екен.

**Адамзаттың Абайына арнау (Балалар шығармашылығы)**

Мәңгі өшпес ұлы Абайдың ұлы аты,
Сан ғасырға озық болар ұлағаты.
Пір тұтады ұрпағың әр сөзіңді,
Шығыс пенен батыстың жамағаты.
Абайым адамзаттың мақтанышы,
Үлгі алар әрбір сөзі ,әрбір ісі.

Ақылдың кені дерсің ұғар болсаң,
Түсініп жырларына ,ой тасташы.
Қазақтың жүрегінен орын алған,
Ешбір ақын тең келмес,ешкім оған.
Бір ғасырда бір туған ұлы тұлға,
Құны биік,орны бөлек дара болған.

Қ.Байболов атындағы жалпы білім беретін орта мектептің 10-сынып оқушысы Сұлтанқұлова Аружан

**Ұлы Абайдың 175 жылдығына арнау**

Ұлы Абай ұлағаты көркем,дана,
Ұрпағы жұрттан бөлек , елден дара.
Алыс –жақын қазақтың басын жиып,
Ұқтырды Алла сөзін, жолын сара.
Бастады медреседен білім алып,
Халқына жазба өлеңнің негізін салып.
Әкенің үкімімен ел биледі,
Қалың елі қазағына танылды анық.

Алланың өзін растап,сөзін растап,
Болыс пенен билерді жүрді даттап.
«Көңілі қалып достан да, дұшпаннан да»,
Қиналды,жан таба алмай, сөзін ұқпақ.
Сөзінде сатира мен лирика бар,
Ұрпағы күліп тұрып, ұғып алар.
Үйретті ақырын жүр,анық бас деп,
«Қайратың мен ақылың жолды табар».

Қ.Байболов атындағы жалпы білім беретін орта мектептің 10-сынып оқушысы Сәдуақас Жұпар.

**Сұлтанқұлова Аружан:** Кешіміздің соңын президентіміз Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаевтың сөзімен аяқтаймыз..

Абай мұрасы –біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық.

**Сүйінбай Әліби**: Абай арманы –халық арманы.Халық арманы мен аманатын орындау жолында анбағанымыз абзал.

**Саттарбек Жансая**: Абайдың өсиет-өнегесі XX1 ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді.

Көңіл қойып, тыңдағандарыңыз үшін көп-көп рахмет!

* * * * * * * * * * * * *

*Түркістан облысы. Отырар ауданы. Темірбек Ибрагимов атындағы жаплы орта мектебі*
*Қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі:Көлбаева Дариға Бердибаевна*

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні:** қазақ тілі<br>**Сабақтың тақырыбы:** Көліктің пайда болу тарихы | | **Мұғалімнің аты-жөні:** Көлбаева Дариға<br>**Күні: 5.02.20ж** |
| Сынып: 5 «Б» | Қатысуға тиісті оқушылар саны: 22 | Қатыспаған оқушылар саны: |
| Сабақ негізделген оқу мақсаттары | 5.1.4.1. тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау.<br>5.3.5.1. оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты сақтай отырып, жинақы мәтін жазу. | |
| Сабақ нәтижесі: | **Оқушылардың барлығы орындай алады:**<br>Тірек сөздер мен жетекші сұрақтарды анықтай алады.<br>**Оқушылардың көбісі орындай алады:**<br>оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты анықтайды,сұрақтарға жауап береді.<br>**Оқушылардың кейбіреуі орындай алады**:<br>материалдары бойынша негізгі ақпаратты сақтай отырып,жинақы мәтін жазады. | |
| Бағалау критерийі | - тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтайды.<br>- негізгі ақпаратты сақтай отырып,жинақы мәтін жазады. | |
| Ойлау дағдысы | Түсіну, қолдану | |
| Құндылықтарға баулу | Оқушылардың қауіпсіздігі мен ережелерін қатаң сақтауын ескерте отырып,тәрбиелей оқыту. | |
| Тілдік құзіреттілік | Тірек сөздер,жетекші сұрақтар,сын есімнің мағыналық түрлері. | |
| Ресурстар | Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер. | |
| Әдіс-тәсілдер | Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия. | |
| Пәнаралық байланыс | бейнелеу,тарих, қазақ әдебиеті | |
| Алдыңғы оқу | **Біледі**:Бағдаршам не үшін қажет?<br>**Білу керек**: жол ережелері туралы не білесіздер?<br>**Қосымша білім**: көліктер қашан,қайда пайда болды? | |

**Сабақтың жоспары**

| **Жоспарлы уақыт** | **Сабақ барысы :** |
|---|---|
| **Басталуы**<br>**5 минут** | Сәлемдесу.<br>Топқа бөлемін : **«Билеттер арқылы»** топқа бөлінеді. Оқушыларды кассадан билеттер алып, 1,2,3,4 вагондарға(парталарға) бөлініп отырады.<br>**1-топ:** **3-топ:**<br>«Жарқын өмір» вагоны «Бақыт» вагоны<br>**2-топ:** **4-топ:**<br>«Сүйіспеншілік» вагоны «Достық» вагоны<br>**Психологиялық ахуал қалыптастыру:**<br>Оқушыларды түгелдеу. Оқу құралдарын байқау.<br>***Бір-бірімізді тыңдаймыз десек 1 рет қол шапалақтаймыз!***<br>***Ұйымшыл боламыз десек 2 рет***<br>***Белсенділік танытамыз десек 3 рет шапалақтаймыз!*** |
| Жаңа білім<br>10 минут | **Түсіну**<br>**Жұмбақтар шешу.**<br>Көзін ашып жұмады.<br>Бағыт **сілтеп тұрады**. (Бағдаршам)<br>Ала таяқ ұстаған,<br>Жол тәртібін нұсқаған.<br>Өміріңді күзеткен,<br>Ысқырығы **күшті адам**.(Автоинспекция қызметкері)<br>Арқаным тым ұзын.<br>Ала алмайсың **бір үзім**. (Жол)<br>Сөйлеуді білмейді<br>Бірақ «Тоқта,жүр»-**дейді**. (Бағдаршам)<br>Бір жолда екеуі жарысады |

<table>
<tr><td></td><td>Бір-бірінен оза алмай алысады (темір жол)<br>«Жариялау» әдісі<br>БЕЙНЕЖАЗБА ТАМАШАЛАУ<br>Көлік және жол белгілері ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕСІҢДЕР? Сұрағы аясында ролик тамашалаймыз.Ролик барысын топпен талқылап,өз ұстанымдарын спикер сайлап жариялайды.</td></tr>
<tr><td>Ортасы<br>15 минут</td><td><u>Қолдану</u><br>Тапсырмалар орындау<br>3-тапсырма<br>-суреттегі көліктерді даму бойынша орналастыру<br>Дескриптор:<br>-- тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтайды.<br>- негізгі ақпаратты сақтай отырып,жинақы мәтін жазады.<br>ҚБ:Шапалақпен құрмет<br>ӘТН:<br>Сын есімдер мағынасына қарай екіге бөлінеді:<br>1.Сапалық сын есімдер (әдемі,қызыл,ұзын..)<br>2.Қатыстық сын есімдер (көрікті,алғыр,білімді..)<br>1-тапсырма.<br>-мәтін негізінде сын есімдерді анықтап,мағынасына қарай анықтаймыз.<br>Мыс: қысқы(сапалық)мерзімұзақ(сапалық)қашықтық...<br>Дескриптор:<br>-жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтайды.<br>- негізгі ақпаратты сақтай отырып,жетекші сұрақтарға жауап береді.<br>ҚБ: сөзбен мадақтау.<br>«Қарлы кесек» әдісі<br>Жаттығудың сипаттамасы:<br>Оқушылар бір біріне А4параққа сұрақтар жазып,жауабын күте қарсы топқа лақтырады, тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір пікір бойынша бірлесіп алға шығып сөйлей алады.<br>Сұрақ- жауап:<br>-Көшеде өтіп бара жатқан автобус, трамвайдың артынан жабысуға, қыста жабысып сырғанауға бола ма?<br>-Балалар, жаяу қай жолмен жүруге болмайды?<br>-Қала көшесімен келе жатқанда абай бол! Асықпа! Тек тротуар немесе жол жиегі мен ғана жүр. -Көшеде жүру тәртібін не басқарады?....</td></tr>
<tr><td>Сергіту сәті<br>2 минут</td><td>«Ақылды саусақтар»ойыны</td></tr>
<tr><td>Аяқталуы<br>Сабақты бекіту<br>5 минут</td><td>Ой қорыту «БББ»кестесі</td></tr>
<tr><td>Бағалау<br><br>Кері байланыс<br>3минут</td><td>«Мен үшін екі жаңалық» кері байланыс<br>Сабақтан алған әсерлерін бүгінді екі жаңалық негізінде бір-біріне жеткізеді.<br><br>Үйге тапсырма: 5-тапсырма (84бет)</td></tr>
</table>

<table>
<tr><td colspan="3">Қосымша ақпарат</td></tr>
<tr><td>Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?</td><td>Бағалау - Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</td><td>Пәнаралық байланыс<br>Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері<br>АКТ-мен байланыс</td></tr>
<tr><td>материалдары бойынша негізгі ақпаратты сақтай отырып,жинақы мәтін жазады</td><td>-сөзбен мадақтау<br>-шапалақпен қошемет</td><td>бейнелеу,тарих, қазақ әдебиеті<br>жол ережелерін қатаң сақтау<br>жол ережесі туралы ролик көр-у</td></tr>
</table>

<table>
<tr><td>Рефлексия<br>Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма?<br>Бүгін оқушылар не білді?<br>Сыныптағы ахуал қандай болды?<br>Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма?</td><td>Әрине<br>Көліктің тарихы туралы ақпарат алды<br><br>Белсенді<br>Әрине тиімді болды</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен? | **Үлгердім**<br>**Еш өзгеріссіз,жоспарға сай өттім** |

| |
|---|
| **Қорытынды бағамдау**<br>Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1: **Жұмбақтар шешу.**<br>2: **«Қарлы кесек»** әдісі<br>Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1:Мәтінмен жұмыс<br>2: **«Жариялау» әдісі**<br>Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?<br>**Келесі сабаққа тиімді әдістер қолдана білсем сабақ нәтижелі боларын білдім** |

* * * * * * * * * * * * *


*Түркістан облысы, Отырар ауданы, Жамбыл атындағы мектеп-лицейі*
*Бастауыш сынып мұғалімі Налибаева Айсұлу Бердібекқызы*


<table>
<tr><td>Пән: Қазақ тілі<br>Бөлімі: Өнер</td><td colspan="2">Мектеп: Жамбыл атындағы мектеп-лицейі Мұғалімнің аты-жөні: Налибаева А. Б.</td></tr>
<tr><td>Күні: 17.01.2020ж</td><td colspan="2">Сабақ тақырыбы: № 70 сабақ Зат есім.18-20 жаттығу</td></tr>
<tr><td>Сынып: 3 Б</td><td>Қатысқандар саны: 18</td><td>Қатыспағандар саны: 0</td></tr>
<tr><td>Оқу мақсаты:</td><td colspan="2">3.2.4.1 өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау;<br>3.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету;<br>3.4.2.3 сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу;</td></tr>
<tr><td rowspan="6">Сабақтың мақсаты:</td><td colspan="2">Барлық оқушылар:</td></tr>
<tr><td colspan="2">-мұғалімнің қолдауымен мәтіннің тақырыбын, ондағы негізгі ойды анықтайды;<br>-мұғалімнің қолдауымен жіберілген пунктуациялық, грамматикалық қателерді тауып, түзетеді;<br>-сөз таптары кестесін қолданып, сөйлемнен сөз таптарын табады;</td></tr>
<tr><td colspan="2">Оқушылардың көбі:</td></tr>
<tr><td colspan="2">-мәтіннің тақырыбын, мұғалімнің қолдауымен ондағы негізгі ойды анықтайды;<br>-жіберілген пунктуациялық, грамматикалық қателерді үлгі/талдау негізінде тауып, түзетеді<br>-сөз таптарының сұрақтарын қолдана отырып, сөйлемнен сөз таптарын таба алады;</td></tr>
<tr><td colspan="2">Оқушылардың кейбірі:</td></tr>
<tr><td colspan="2">-мәтіннің тақырыбы мен ондағы негізгі ойды анықтай алады;<br>-жіберілген пунктуациялық, грамматикалық қателерді тауып, түзетеді;<br>-сөйлем құрамындағы сөздерді сөз таптарына ажыратып, олардың орнын тәртібін біледі;</td></tr>
<tr><td>Бағалау критерийлері</td><td colspan="2">- мәтіннің тақырыбын, ондағы негізгі ойды анықтайды;<br>-мұғалімнің қолдауымен жіберілген пунктуациялық, грамматикалық қателерді тауып, түзетеді;<br>- зат есімдерді тауып, талдау жасай алады және жекеше, көпше түрге айналдырып жаза алады;<br>
<table>
<tr><td>№</td><td>Сұрақтар.</td><td>иә</td><td>жоқ</td></tr>
<tr><td>1</td><td>Бүгінгі сабақта мен белсенділік таныттым ба?</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>2</td><td>Зат есім туралы жаңа білім игердім бе?</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>3</td><td>Дәлелдер келтірдім бе?</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>4</td><td>Сұрақтарға жауап бере алдым ба?</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>5</td><td>Сөйлем арасынан зат есімді таба алдым ба?</td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| **Тірек сөздер** | **Пәндік терминология мен тірек сөздер**<br>Зат есім,жалқы есім, жалпы есім<br>**Сабақта диалог /жазу үшін пайдаланылатын тіл:**<br>Талқылау үшін сұрақтар:<br>-Жандарбек Әміре Қашаубаевтың орнында болса не істер еді?<br>-Оқиға қай заманда болған деп ойлайсың?<br>-Осы оқиға арқылы автор не айтқысы келді? |
| **Пәнаралық байланыс** | Әдебиеттік оқу, дүниетану, музыка |
| **Құндылықтар** | Өнер адамдарын құрметтей білуге баулу |
| **Алдыңғы меңгерілген білім** | Зат есім туралы 2-сыныпта игерген білімдеріне негізделіп меңгертіледі. |

**Сабақ барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**<u>1-5 минут</u>**<br>5 минут | **І. Ұйымдастыру кезеңі.**<br>Психологиялық ахуалды орнату:<br>***Қазақ тілім -өз тілім , ана тілім,***<br>***Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім***<br>***Қастерлейді ұл -қызың мәңгі сені***<br>***Болашағым , бақытым , дара тілім*** .<br>**Алтын ережемен таныстыру.**<br>**Жұмыс ережесін келісу**<br>- Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!<br>- Уақытты үнемдейміз!<br>- Нақты,дәл жауап береміз!<br>- Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз!<br>Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз!<br>**Топқа бөлу, топ басын сайлау.**<br>**ІІ. Қызығушылықты ояту.**<br>**<u>Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда)</u>**<br>Ережені еске түсіру<br>**«Серпілген сауал» Сұрақ жауап әдісі**<br>*1 Зат есім деген не ?*<br>*2 Зат есім сұрақтарын ата ?*<br>*3 Жалқы есім деген не ?* | Сәлемдесу, түгелдеу, оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру<br><br><br><br><br><br><br><br>Топқа болу |
| | *4 Жалпы есім деген не?*<br>**<u>ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау.</u>** | |
| **Сабақтың ортасы** | **ІІІ. Жаңа білімді меңгерту.**<br>**Сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтау.**<br>Сабақ тақырыбы және оқу мақсаттары таныстырылады. Оқушыларға бағалау критерийі айтылады.<br>**<u>Топтық жұмыс .</u>**<br>**«Ойлан, жұптас, бөліс»** әдісі арқылы орындалады. | *«Қазақ тілі» оқулығы 3-сынып. «Атамұра баспасы» 2018 ж.* |
| | *Оқулықпен жұмыс.*<br>*18-жаттығу*<br>**Мәтінді түсініп оқып, ат қою. Сұрақтарға жауап беру. Мәтіннен зат есімдерді табу. Олардың жалқы есім, жалпы есім екенін анықтау.**<br>Мәтінді түсініп, мәнерлеп оқиды.Мәтінге ат қойып,негізгі ойды анықтайды.<br>Мұзафар Әлімбай өмірімен таныстыру.<br>**Сұрақтар:**<br>*1. Әртістер қайда барды?*<br>*2. Құрманбек Жандарбеков неге мұңайды?*<br>*3. Кең маңдайлы, келбетті жігіт Құрманбекке не деді?*<br>*4. Халық клубқа қалай жиналды?* | оқулық<br><br>Топпен жұмыс<br>Мәтін бөліктері<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Бейне көрсетілім |

<table>
<tr>
<td>Сергіту сәті:</td>
<td>
5. Халықты клубқа кім жинап берді?<br>
6. Мәтіннен зат есімдерді тап. Олардың жалқы есім, жалпы есім екенін анықта.<br>
Әміре Қашаубаев пен Құрманбек Жандарбеков туралы қысқаша мәлімет беріледі.<br>
<u>ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.</u><br>
Бағалау дескрипторы:<br>
1.мәтінді түсініп оқиды;<br>
2.сұрақтарға жауап береді;<br>
3.мәтіннің негізгі ойын анықтайды;<br>
4.мәтіннен зат есімдерді табады;<br>
Абайдың «Көзімнің қарасы» әні<br>
3.3.5.1 (МК; Ө; Т; Қ) Нақыл сөздерді қатесіз жазу. (Дәптермен жұмыс)<br>
Мағынасын талқылау.<br>
19-жаттығу.Нақыл сөздерді қатесіз көшіріп жазады. Өзара бір - бірінің жазғанын тексереді. Нақыл сөздерге байланысты өз ойымен бөлісіп, топта талқылау жасайды.<br>
Бағалау дескрипторы:<br>
5.берілген сөздерді қатесіз көшіреді;<br>
6.қателерді тауып,түзете алады;<br>
Топтық жұмыс<br>
1-топ. Постермен жұмыс.<br>
Қыс «Бес жолды өлең құрастыру»<br>
2-топ .<br>
ҚБ тапсырмасы<br>
Мәтінді оқы.<br>
Мәтіннен кестенің әр бағанына сәйкес 2 сөз тауып жаз.
<table>
<tr><th>Зат есім</th><th>Етістік</th><th>Сын есім</th><th>Сан есім</th></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Дескриптор Білім алушы<br>
7.зат есімдерді анықтайды<br>
8.етістіктерді анықтайды<br>
9.сын есімдерді анықтайды<br>
10.сан есімдерді анықтайды<br>
3-топ.<br>
Сурет қиындыларын құрастыру. Мозайка әдісі.<br>
Сөйлем құрастыру және сөйлемнен сөз таптарын табу.<br>
4-топ.<br>
Саралау. Тест<br>
1) Жалқы есімді белгіле<br>
а) ақын ә) жұмысшы б) Әміре<br>
2) Жалпы есімдер қатарын белгіле<br>
а) қанат, Есіл, Ақтөбе ә) сурет, ән, мүсін б) ақ, сары, әдемі<br>
3) Көптік жалғауларды тап.<br>
а) –тай, -тей, -дай ә) –ға, -ге,-та б) –лар, -лер, -дар<br>
4) Сөйлемнен зат есімдерді тап.<br>
Сауытбайдың тойына көп адам жиналыпты.<br>
5) Зат есім сұрақтарын белгіле.<br>
а) кім? кімдер? не? нелер? ә) не істеді? қайтті? б) қандай?қай?<br>
Топтық жұмыс ұйымдастырылады.Топ оқушылары жұмыстарын тақтаға іледі. Топ оқушылары бір- бірінің жұмыстарын стикерлер арқылы бағалайды<br>
<u>ҚБ: Бағдаршам түстері арқылы бірін бірі бағалайды.</u> қызыл түс- қате көп сары түс-1 қате бар жасыл түс- қате жоқ
</td>
<td>
Дәптермен жұмыс<br><br>
Постер қорғау<br><br>
Сурет қиындылары<br><br>
Тест жұмысы
</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr><td>Қорытынды бөлім<br><u>35-40 минут</u><br>5 минут</td><td>Кері байланыс<br>Сабақты қорытындылау.<br><table><tr><th>Оқушылардың аты-жөні</th><th>Белсенділігі</th><th>Қызығушылығы</th><th>Топпен жұмыс</th><th>Өзіндік жұмыстарды орындай алуы</th><th>Жетістігі</th></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table><br>Топ басшы бағалау.<br>Үй тапсырмасы: Мәтінді түсініп оқу. 20-жаттығу</td><td>Бағалау парағы</td></tr>
</table>

| Саралау –оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз? | Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы |
|---|---|---|
| Топтық тапсырмаларды саралау бойынша беру. **Қабілеті жоғары оқушыларға одан әрі дамуы үшін көмек қажет ететін оқушыларға қайта түсіндіру арқылы қолдау көрсетіледі.** | **Қалыптастырушы бағалаулар дескрипторлар негізінде өзін-өзі бағалау, жұпта бағалау және мұғалімнің бағалауы арқылы жүзеге асырылады.** | **Топта бірі-бірі тыңдау. Сыныпта қауіпсіздік ережелерін сақтау.** |

| | |
|---|---|
| **Рефлексия**<br>Сабақ мақсатына жеттім бе?<br>Оқушылар не үйренді?<br>Ынтымақтастық атмосферасы орнады ма?<br>Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма?<br>Жоспарланған уақытты ұстандым ба?<br>Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен? | Бүгінгі сабақ өз мақсатына жетті.<br>Оқушылар сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) таба алды.<br>Таңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап бере алды.<br>Бұл сабақта топтық жұмыс жақсы өтті, себебі оқушылар бірлесе жұмыс атқарғанда топ мүшелері белсенділік танытты.<br>Сабақта уақытты тиімді пайдаланылды.<br>Келесі сабақтарымда топтық бағалауды қолға алуды ұйғардым, себебі оқушылардың белсенділігін молайтатынына сенімдімін. |

| |
|---|
| **Қорытынды бағалау**<br>Сабақтың ең ұтымды кезеңдері.(оқытуды да, оқуды да ескертіңіз)<br>1: Әр тапсырма соңында ҚБ тәсілдері тиімді жүргізіліп отырды. Топ басшылары топтағы әр оқушыны бағалауды жетік меңгерген.<br>2: Мәтінді топқа бөліп оқуда жете меңгерді. Сабақ барысында оқу мақсаттары толық қамтылды.<br>Сабақты жақсартуға септігін тигізген екі әдіс. (оқытуды да, оқуды да ескертіңіз)<br>1: Ресурстарды тиімді қолдану және оқушыларға тиімді жеткілікті дәрежеде үлестіру ықпал етеді.<br>2:Бағалау арқылы оқушылардың материалды меңгеру дағдысын қалыптастыруым және кері байланыс алуым.<br>Келесі сабақты жоспарлауға септігін тигізетіндей осы сабақтан сыныптағы және жеке оқушылар жайлы не білдім?Сыныптың шығармашылығын байқай отыра әлі де қосымша тапсырма беруге болады? |

* * * * * * * * * * * * *

## «ТӘРБИЕШІ БОЛУ – БАҚЫТ»

*Ақмола облысы, Бурабай ауданы. Щучинск қаласы*
*МКҚК «Ақбота» бөбекжайы тәрбиешісі Даукиева Улбосын Еламановна*

Тәрбиеші болу маған кішкентай кезімнен арман болды,арманымды жүзеге асыру үшін , Маңғыстау облысынан Көкшетау қаласына келіп оқуға түстім. Білім алып, мамандық алған орын - Ж.Б Мусин атындағы педколледжі. Ж.Б Мусин атындағы педколледжге 1994 жылы оқуға түсіп, 1998 жылы диплом алып, мектепке дейінгі тәрбиеші мамандығы атандым. Тәрбиеші мамандығы - ол менің мамандығым. Осы мамандықпен мен Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучинск қаласындағы «Ақбота» бөбекжайында жұмыс атқарып жүрмін. Балабақшада тәрбиеші болу кез келген өнер сияқты көп қырлы және ауыр еңбек. Әр түрлі жағдайларға байланысты тәрбиешінің түрлі рөлдерге жие енуіне қажеттілік болып жатады:балалар үшін ол барлығын білетін ұстаз да, ойын кезіндегі жолдасы да, жан –дүниеңді түсінетін және қиын сәтте қол ұшын беретін жақын адам да. Тәрбиеші дегеніміз - балалардың ақыл сұрап баратын данасы, ересек досы.

Менің ойымша жақсы тәрбие беру - бұл бақшадағы материалды меңгерудің жоғары көрсеткіштері ғана емес, ең біріншіден ол - балалардың қуануы, күлімдеуі. Баланы сүйе білу дегеніміз - ол көп ойлану, іздену, қандай да бір жаңа жолдарды ашу, керек десеңіз, үйреншікті әдеттеріңді өзгерте білу.

  

Қазақ ағартушысы М Жұмабаев «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызымет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті»-деген. Жас ұрпаққа сапалы тәрбие және сапалы білім беру деңгейі ең алдымен тәрбиешінің даярлығына , оның іс-тәжірибесінің қалыптасып , шыңдалуына байланысты.

Ұлағатты ұстаз , еңбекқор тәрбиеші болу-менің де арманым, ұстанып келе жатқан қағидам. Тәрбиеші – маңызды тәлім-тәрбие өнегесінің бастаушысы, жарқын үлгісі, бала қиялын самғатып, арманына қанат бітіретін басты тұлға.

Бүгінгі жас өркеннің ертеңгі әлеуметтік –саяси қоғам мүшесі ретінде қалыптасуында бала-бақшаның маңызы зор екендігі белгілі. Бала адамзаттың болашағы болғандықтан, мектепке дейінгі тәрбие саласында жасалатын жұмыстар қыруар дегім келеді. Халқымыздың сан-ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, « Адамның бақыты-балада» деген екен.

Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі даңқ пен атақтан, мансап пен қызыметтен іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе.Адамға нағыз бақытты –тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса адам-өмірінің мәні-өз ұрпағы.

Елбасымыздың салиқалы саясатын іске асыру үшін өзімнің жан-тәнімізді де , күш-жігерімізді де, сүйіспеншілігімізді де, өмірге құштарлығымызды да аянбай, бере білуіміз қажет. Бұл жерде, әрине , оларға өз бойындағы жақсылықты ғана дарытқан жөн.Өйткені тәрбиеші –адамды жасаушы адам.

Ол табиғаттың таңғажайып құбылысын –баланы, өзінің нұрлы ақылымен , жылы жүзімен тәрбиелейді. Болашақ үшін қызымет ету-парасаттылық, ал парасаттылық –сен адамдарға, қоғамға, халқына, бала өсіріп отырған әрбір отбасына әкелетін қуаныш. Балабақшадан бастап, тәрбиені түрлі өнермен, мысалы: музыка сабақтарымен ұштастырған жөн деп есептеймін. Балалардың жан-жақты болып дамуы өте маңызды. Сол болашақ жеткіншек үшін әрбір тәрбиеші тынымсыз еңбек етуге борышты.

Балабақшадағы бала биікке самғар мұзбалық қыран құстың балапаны іспетті, оған ерекше күтім, жан-жылуы керек. Егер баптаушы білімді , білікті, мейірімді болса, ол қара қанат балапанның қанаты бақша «ұясында» қатайып, «мектеп» деген белеске барғанда , сол жерге қонғанда тегеуріні мықты болады.

Ал мықтылығы-оның дүниетанымында, сауаттылығы мен адамгершілігінде. Егер де мен әр баланы талаптандыра білсем, бұл үлкен бақыт қой, себебі «талпынған бала –талпынған құстай, құмары қанбас, алысқа ұшпай» демекші, бұл балалар-әрбір тәрбиешінің еңбегіндегі бір-бір асу ғой...

Балабақшада жұмыс істеу кезінде мен өз мамандығымды таңдағандығыма ешбір күмән келтірмедім.

Менің ойымша, тәрбиеші-өте қызықты мамандық: сені балалар жақсы көреді және сенен әрдайым қандай да бір жаңа нәрселер күтеді, ал мен болсам, олардың өмірімен бірге өмір сүремін,табыстарына қоса қуанамын. Мен шығармашыл болуға ұмтыламын, сондықтан да болар, маған тек балалар бауыр басып қана қоймай, олардың ата-аналары да жиі келіп жатады. Біз олармен бірігіп, әр баланың балалық шағын бақытты ету үшін көп күш саламыз.

Егер «Неліктен тәрбиеші болу-бақыт?»-деген сұрақ қойылса, мен былай деп жауап берер едім:

-әр тәрбиеші таң нұрымен ілесе келген әр сәбидің мөлдіреген көздерін көруімен бақытты;

-әр тәрбиеші сол балақайлардың періште тілінде сөйлеген бал тілін естуімен бақытты;

Әр тәрбиеші бүлдіршіндердің шынайы да сыңғырлаған күлкісін естуімен бақытты;

Әр тәрбиеші біріне-бірі ұқсамайтын балалардың тәтті де, ерке қылығын сезінуімен бақытты;

Әр тәрбиеші икемсіз саусақтарға жан бітіріп, түрлі дағдылар үйретуімен бақытты;

Әр тәрбиеші қанша балаға қызықты ертегі айтып, қиялын самғатып –ұшыруымен, алғашқы білім беруімен , сауатын ашуымен бақытты;

Әр тәрбиеші сол кішкентай шәкірттерінің ұядан ұшып, өмірдің толқынына қосылып , үлкен, мықты , дарынды азаматтар болғандығына куә болып,сол жеткіншектердің тағдырына аз да болса, өзінің үлесін қосқандығымен бақытты....

Мен де сол бақытты тәрбиешілердің бірімін.

* * * * * * * * * * * * * *

*Алматы облысы, Панфилов ауданы, Садыр ауылы*
*«Садыр орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі*
*Информатика пәнінің мұғалімі Мансурова Инаватхан Акимжановна*

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың тақырыбы | **Компьютерде зиян келтірмей қалай жұмыс істеуге болады?** | |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме) | 5.4.1.1 - қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтамаудың салдары туралы талдау жасау | |
| **Сабақ мақсаты** | техника қауіпсізідгі ережелерін бұзу кезінде өзінің денсаулығына зиян салдарын анықтау<br>компьютермен жұмыс кезінде техника қауіпсіздігі ережелерін қолдану | |
| **Бағалау критерийі** | техника қауіпсіздігі ережелерін біледі және айтады: жұмыс кезінде, жұмыстан кейін, кабинетте жұмыс алдында ережелерді сақтайды<br>техника қауіпсіздігі ережелерін бұзу кезінде себептер мен салдарының өзінің денсаулығы үшін салдарын айқындайды;<br>компьютермен жұмыс кезінде техника қауіпсіздігі ережелерін қолданады. | |
| **Тілдік мақсаты** | **Оқушылар істей алады:**<br>дұрыс сымбаттылық мәселесінің маңыздылығын талқылауды (сөйлеу дағдысы мен тыңдау)<br>денсаулығын сақтап қалуға көмектесетін жаттығулар кешенін суреттеуге (жазу дағдысы)<br>**Пәндік лексика мен терминология**<br>Көру нашарлауы, сымбатының бұзылуы, сіңір созылуы, денсаулық пен қауіпсіздік, қауіп<br>Білек, мойын, қол, арқа, иық, омыртқа, іш, буындар<br>Қатайту, созу, бойын еркін ұстау, баурау.<br>**Ауызекі сөйлесуге/жазуға пайдалы сөйлем қатары**<br>**(сіңір созылуының жарақаттық сипатының созылмалылығынан,көздің шаршаңқылығы/ширыққандығы)** қашып құтылу үшін алдымен ........., сонан соң .......... қажет.<br>Сымбаттылықты жақсарту үшін сіз біріншіден………..көз жеткізуіңіз, сонан соң ………..<br>Қауіпсіздікті сақтау ............тәуелді. | |
| **Пәнаралық байланыс** | Адам анатомиясы, адам сүлдесі. Физика (электр құралдары мен электрмагниттік сәуле шығару) | |
| **Алдын ала білімі** | Оқушылар компьютердің негізгі қызметі, негізгі бөлшектері, компьютер қандай қызмет көрсету саласында өолданлатыны туралы біледі. | |
| **Ресурстар** | 1.Жалпы білім беретін мектептер 5 сынып үшін Информатика-оқулығы. | |
| Сабақ барысы | | |
| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
| Сабақтың басы<br>5 минут | «Екі жұлдыз, бір тілек» тренингін жасау арқылы оқушылардың жақсы көңіл – күйлерін, сыныптың ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. Барлығын ортаға шығып шеңбер құрду. Мен және оқушылар бір – бірімізге допты лақтыру арқылы өз ұсыныстарымыз бен тілектерімізді білдіргізу<br>Оқушылардың мұндағы мақсаты жақсы тілектер арқылы өз жұптарын тауып, бір топ болып құралу.<br>***Сабақтың басталуы.***<br>***(У) Суреттерге қарап, сабақтың тақырыбы мен мақсатын айтыңдар.***<br>***(Г)*** Оқушылар сабақ тақырыбын атайды: Денсаулығын және техника қауіпсіздігі ережесін сақтау.<br>Техника қауіпсіздігін сақтау туралы видео көруге беріңіз<br>http://bilimland.kz/ru/#lesson=16720<br>***(У)*** Егер сіз техника қауіпсіздігін сақтамаған жағдайда, не болады?<br>Оқушылар сабақтың міндеті мен мақсатын атайды**:**<br>Бүгін біз техника қауіпсіздігі ережелерін сақтамағанның қандай | Жаттығулар көрсетілімі немесе видео материалдар. |

| | | |
|---|---|---|
| | салдар болатынын білетін боламыз. Біз қауіпсіздік туралы айтамыз. Компьютермен жұмыс кезінде өзініңң жұмысын қалайй дұрыс ұйымдастыру керек. .<br>(У) Информатика оқулығын ашыңдар. 8 беттегі диалогты оқыңдар.<br>(У) Түйінді сөздерді қолданып, жұптасып диалог құрастырыңдар. (П) Жұптасып диалог құрастырады.<br>(У) Диалог нәтижесі бойынша қорытынды жасаймыз.<br>***Мұғалім үшін нұсқаулық:*** оқушыларды жеке өз диалогтары бойынша қорытынды жасауды сұраңыз.<br>**Қорытынды:** «компьютерге тәуелділік», «көз аурулары» пайда болмас үшін ережелерді сақтау керек. | |
| Сабақтың ортасы<br><br>8 минут<br><br><br><br>1 минут<br><br><br><br><br>5 минут<br><br><br>3 минут<br>16 минут | Жаңа сабақты түсіндіру<br>.**У) Ойланып, бөлініңдер:**<br>Суретің қандай сұраққа жауап береді?<br>**- Компьютермен жұмыс кезінде не істеуге болмайды?**<br>**- Компьютер бізге қалай ықпал етеді – қауіпсіздік техникасын бұзу;**<br>**- Компьютердің зиянды ықпалынан қорғану үшін не істеу керек?**<br>Топтарға жаңа тақырып бойынша Кітаппен жұмыс атқару үшін әр топқа кітаптағы тапсырмалармен жұмыс істеуді тапсыру.<br>Берілген тапсырманы уақытылы орындау, сұрақтарға нақты жауап беру. Кітаптағы тапсырмаларды топпен біргіп жұмыс істейді, талқылайды, зерттейді.<br>Оқулықпен жұмыс жасаймыз<br>**№1** топқа тапсырма. Жалпы қауіпсіздікке қойылатын жалпы талаптар қандай ? (суретпен, сызбамен қорғау)<br>**№ 2** топқа тапсырма. Апат жағдайындағы қауіпсіздік талаптар .<br>( топтастыру, оқушылар акт тақтаға жазады )<br>**Мұғалім үшін нұсқаулықтар:**<br>**Жоғары деңгей дағдысы:** сараптау және бағалау<br>Алдын ала сыныптағы оқушылар санына сәйкес суреттерді басып алыңыз (мысалы: 12 сурет). Сабаққа дейін кабинетте суреттерді жасырып қойыңыз. Оқушылар суреттер тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарды таңдау үшін, курветкаларда сұрақтар дайындаңыз (сурет бойынша):<br>**- Компьютермен жұмыс кезінде не істеуге болмайды?**<br>• **Компьютер бізге қалай ықпал етеді – қауіпсіздік техникасын бұзу;**<br>• **Компьютердің зиянды ықпалынан қорғану үшін не істеу керек?**<br>**Оқушылар әрекеті** Кабинетте суреттерді тауып, топқа бөлінеді.<br>**(У) «Сен маған, мен саған» тапсырмасы**<br>Сонымен, біз үш топқа бөліндік**.**<br>Топта бір-біріңмен бөлісіп, суретте не бейнеленгенін көрсетіңіз және неге оны осы топқа айқындағаныңыз туралы айтып беріңіз.<br>**Мұғалім үшін нұсқаулық:** бұл тапсырма сөйлеу дағдысын дамыту үшін бағытталған. Бұл тапсырмаға 3 минөт уақыт беріңіз.<br>**2 тапсырма «Постер құрастыру»**<br>**(Г)** Топтар суреттерін,түрлі түсті қарындаштар мен фломастерлер пайдалана отырып постер құрастырады 5 сынып оқулығының 9 бетіндегі материалды пайдаланыңыз (көз үшін жаттығулар мен қол ьуындары үшін жаттығулар)<br>**- Компьютермен жұмыс кезінде не істеуге болмайды?**<br>**- Компьютер бізге қалай ықпал етеді – қауіпсіздік техникасын бұзу;** | <br><br><br>Сергіту сәті<br>Сұрақ парақшалары<br>.<br><br><br><br><br><br><br>Оқулық, дәптерлер.<br><br><br><br>Ойын ойнайық. |

| | | |
|---|---|---|
| | **- Компьютердің зиянды ықпалынан қорғану үшін не істеу керек?**<br>**Есептеуіш техника кабинетіндегі қауіпсіздік ережесі**<br>1. Жалпы техника қауіпсіздігің ережелеріне қойылатын талаптар төмендегідей:<br>Ø Компьютерді тоққа қосатын сымдарға, қос тілді розеткілерге, штеккелерге тиісуге және жабдықтарды мұғалімнің рұқсатынсыз жылжытуға тыйым салынады;<br>Ø Мұғалімнің рұқсатынсыз сыныптан шығуға және кіруге болмайды;<br>Ø Дербес компьютерде суланған қолмен және дымқыл киіммен жұмыс істеуге болмайды;<br>Ø Дербес компьютердің жанына портфельдер, сумкалар, кітаптар қоюға тыйым салынады. Үстелде қалам мен дәптер ғана болуы тиіс;<br>Ø Пернелік тақта үстіне артық заттар қоюға болмайды; Компьютерлік сыныпта жүгіруге, ойнауға, жанындағы құрбыларын алаңдатуға, бөгде жұмыстармен шұғылдануға тыйым салынады.<br>2.Дербес компьютерде жұмыс жасау алдындағы қауіпсіздік ережесінің талаптары.<br>Ø Дербес компьютерді іске қосу кезінде оның сыртқы қорабының дұрыс жұмыс жасап тұрғандығына және сымдарының қатесіз жалғанғанына көз жеткізу керек;<br>Ø Жұмыс жасау кезінде сымдардың дұрыс жалғанғанына ерекше бөлінуі керек.<br>3.Оқүшының дербес компьютермен жұмыс жасау кезіндегі техника қауіпсіздігінің ережесіне қойылатын талаптар:<br>Ø ЭЕМ-мен жұмыс жасау кезінде көзді экраннан 60-70 см қашықтықта ұстау керек;<br>Ø Сыныпқа кірушілермен орнынан тұрмай амандасуға рұқсат етіледі;<br>Ø Көзі шаршаған жағдайда орнынан тұрмай-ақ, көз жаттығуын орындауға болады;<br>Ø Электр тоғымен зақымданған алғашқы дәрігерлік көмек көрсету тәсілдерін, от сөндіру құралдарымен жұмыс істеуді және өрт сөндіру тәсілдерін білуі қажет.<br>4. Апаттық жағдайдағы техника қауіпсіздігінің ережелеріне қойылатын талаптар:<br>Ø Жұмыс жасап отырған кезде дербес компьютерден ақау табылса, күйік иисі шықса немесе өзгеше дыбыс дыбыс пайда болса, онда машинамен жұмысты тоқтатып, мұғалімге хабарлау керек; | |
| Сабақтың соңы<br>2 минут | Сонымен біз бүгін компьютермен жұмыс істеу кезінде өзіне қалай зиян келтірмеу? туралы білдік.<br>***Стикерде өздеріңіздің бүгін қалай жұмыс істегеніңіз туралы сурет салып беріңіз:***<br>***Үйге тапсырма***<br>5 сынып Информатика оқулығының 8-9 бетін оқу.<br>Компьютермен жұмыс кезінде орындау үшін ұсынылатын жаттығулар ойлап тап.<br>* Отбасы мүшелерін байқап көр: олар компьютермен жұмыс кезінде дене мен көз үшін жатығулар жасай ма.<br>* Отбасы мүшелері үшін кесте құрастыр: компьютер алдында қанша уақыт отырамыз.<br>Рефлексия<br>Бүгінгі сабақта болған көңіл – күйді бас бармақ саалынған суреттер арқылы бағалау. | Смайликтер |
| Дифференциация – оқушыларға көбірек қолдау көрсетуді қалай | Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеру жоспарыңыз?<br>Сөйлеу-речи-speeches | Пәнаралық байланыс<br>Денсаулық |

| | | |
|---|---|---|
| жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырмалар қоюды жоспарлап отырсыз? | | және қауіпсіздік техникасының сақталуы<br><br>АКТ Құндылықтармен байланыс (тәрбие) |
| Қолдау көрсету. Қабілеті жоғары оқушылар айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады. | Оқушылар өздері жасаған бет-бейнелеріне қарап бір-біріне көңіл- күйлерін айтады. (қуанышты, көңілді, көңілсіз, ашулы) | Өнер, ана тілі сабағы Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу. |

* * * * * * * * * * * * *

*Түркістан облысы,Төлеби ауданы,Ә.Молдағұлова атындағы шағын жинақты негізгі орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Амантаева Ботагоз Нурлибековна*

**Сабақтың тақырыбы: Абайды тану – ұлтты тану**
**Сабақтың мақсаты:**
1. Оқушыларды ұлы кемеңгер ақын Абай Құнанбаев шығармаларымен таныстыру. Ақынның өлеңдері мен қарасөздерін оқыту арқылы адамгершілікке, еңбекқорлыққа, адалдыққа баулу. Білімге деген құштарлығын арттыру.
2. Оқушылардың сөйлеу, мәнерлеп оқу қабілеттерін, тіл байлықтарын, сөздік қорларын дамыту.
3. Мейірімді, адал болуға, адамгершілікке, жаман әдептерден бойларын алыс ұстауға тәрбиелеу.
4. Дамытпалы поэзия сабағы.
**Тәсілдері:**ой қозғау, сұрақ-жауап, сахналық көрініс, шығармашылық көрініс.
**Көрнекілігі:**Абай Құнанбаев, А.С. Пушкиннің портреттері, кітаптар көрмесі.
**Пәнаралық байланыс:**ана тілі, дүниетану, ән- әуез
**Сабақтың барысы**
Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылар назарын сабаққа аудару.
«Ата толғау» күйі қосылып тұрады.
Біреулерге болғанмен айдала,
Басын иіп тәу етеді бар дана.
Ұлы Абайды дүниеге әкелген,
Құдіретіңнен айналайын, сардала.
**Мұғалімнің кіріспе сөзі**
- Балалар, бүгінгі сабақта біз қазақтың ұлы ақыны Абай атамыз туралы ой бөлісеміз. Әрбір жас ұрпақ кішкентай кезінен бастап Абай атаның әнімен сусындап, жырларынан нәр алып келеді.
Мырзагелді Кемел: «Мен қазақты үшке бөлер едім. Біріншісі - Абайды оқығандар, екіншісі - Абайды оқысам деп жүргендер, үшіншілер - Абайды оқымағандар».
- Балалар, сендер осының қайсысына жатасыңдар?
- Біз бірінші топқа жатамыз. Ұлылығы әлемге танылған Абай атаның шығармаларымен танысып жатырмыз. Бүгінгі заман адамы «сегіз қырлы, бір сырлы» болып өсуі керек. Оның бастысы, біздер үшін- әдептілік.
Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң – арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та бар қалан,- деп Абай атамыз айтқандай, кішіге мейірімді, досыңа қайырымды, еңбексүйгіш, шыншыл да қамқор болсаң, өсе келе ата- анаңның, Отаныңның мақтаны боласың.
**«Ата толғау» күйі қосылып тұрады.**
**Бастаушы.**Ой қозғау.
Парасатты болып туған,
Шыңғыстаудың Абайы.
Ән мен жырын мұра қылған,
Сарыарқаның Абайы.
Нақылымен сана құйған,
Қазағымның Абайы.
Ақылымен дана болған,

Бүкіл әлем Абайы,- деп ақын Жұмағазы Алмабаев жырлағандай, Абай есімін естігенде есімізге не түседі? Соны мына күннің әрбір шапағына жазып көрсетейік.

**1- оқушы.**Абай – ақын, Абай – дана, ойшыл, заман суреткері. Абай – аудармашы. Абай – сазгер. Абай жас кезінен өте зерек, момын бала болып өсті.

**2- оқушы.**Жиырмасыншы ғасырдың Гомері атанған жыр алыбы Жамбылдан «Абайдың ақындығы туралы не айтасыз?» дегенде: «Абай ақын ғана емес, ол ғұлама» деп жауап берген екен.

**3- оқушы.**Мынау тұрған Абайдың суреті ме?
Өлең сөздің ұқсаған құдретіне.
Ақыл, қайрат, білімді тең ұстаған,
Өр Абайдың төтеген кім бетіне?- деп жырлапты жыр алыбы Жамбыл.

**4-оқушы.**Абай 1845 жылы 10 тамызда Семей облысы Жидебай жерінде Шыңғыстау етегінде дүниеге келген. Негізгі хатқа түскен аты Ибраһим болса да, әжесі Зере еркелетіп «Абай» деп атап кеткендіктен, біз де солай айтып жүрміз.

**5-оқушы.**Абайдың атасы Өскенбай дала халқының әділ биі болған.

**6-оқушы.**Абайдың әкесі Өскенбайұлы Құнанбай өз заманындағы атақ- даңқы алысқа кеткен беделді адамдардың бірі болған. Қарқаралы уезінің аға сұлтаны болып сайланған. Шешесі Ұлжан шешендікпен, тапқырлықпен аты шыққан.

**7-оқушы.**Абай 10-12 жас аралығында мұсылманша оқып, хат таныған. Ал 12 жасындаСемейдегі Ахмет Риза медресесіне оқуға түседі. 14 жасында үш ай орыстың Приходская школасында орысша сабақ оқиды. 15 жасынан бастап, әкесіне көп көмегін тигізеді. Ел- жұрты Абайды би етіп сайлайды.

**8-оқушы.**Абай – ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған адам.
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боларсың елден бөлек,- дейді Абай ата.

**9-оқушы.**14 жасында сықақ өлеңдер шығарған. Ол жастар арасында кең таралған. Жаңа заманның ретімен Абай білімге ден қойып, араб, парсы, түркі тілдерін үйренді. Сол кезде шығыс тілдерін Абайдан артық білетін адам болмаған.

**10-оқушы.**Ендеше, біз абайтанудың бірінші баспалдағында тұрмыз. Біраз өлеңдерін, қара сөздерін оқып талдадық. Өмірімен таныстық.

**11-оқушы.**Абайдың орыс әдебиетіне бет бұруына себепкер оның орыс достары Грось пен Михаэлис болды. Ол екеуі де Абай уылында қонақта болып, Абайды орыс әдебиетімен таныстырған. Абай Пушкин, Лермонтов, Крылов, Толстой, Тургеневтің еңбектерін оқыған. Абай қазақ тіліне «Евгений Онегинді» аударды.
Қазақ тіліне И.А. Крыловтың бір қатар шығармаларын аударды. Қазір біз И. А. Крыловтың «Қарға мен Түлкі» мысалын тыңдап көрейік.

**Мұғалімнің түсіндірмесі. Ой-толғаныс.**

Абайдың 1890-1898 жылдар арасында жазған шығармалары «қарасөз» деп аталады. Жалпы саны қырық бес бөлек шығарма. Абайдың қарасөздері адамды адам болуға, ізгі ниетті адамгершілік қасиеттерінің мол болуына, жаман дағдыларын аулақ болуға үйретеді. Олай болса, Абай қарасөздерімен танысайық.

**Оқушылардың қарасөздерді оқуы.**

Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ емес. Одан басқа нәрселерменен оздым ғой демектің бәрі де ақымақтық. ( Он сегізінші қара сөз)
Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең – оқыт, мал аяма. Әйтпесе, бір ит қазақ болып қалған соң, саған рақат көрсетер ме, өзі рақат көрер ме, яки жұртқа рақат көрсетер ме?(Жиырма бірінші қара сөз)

**Шығармашылық жұмыс**

1. Абай Құнанбаевтың жыл мезгілдеріне байланысты қандай өлеңдері бар? («Қыс», «Жазғытұры», «Жаз», «Күз»). Өлеңдерді мәнерлеп оқу.
2. Оқушылар шығармашылығы (Абай ата жайлы өлеңдер).

**«Ұлы ақын - Абай ата»**
Абай атам- данышпан, ұлы ақын,
Қазақ халқын танытқан әлемге айқын.
Елін, жерін, Отанын әнге қосып,
Өлеңімен жырлаған халқын жақын.
Орыс халқы мақтанса Пущкинменен,
Абай атам- ұлы ақын, еңбегі ерен.
Қос ақынның оқысаң өлеңдерін,
Махаббатың артады елге деген.

**«Абай ата»**
Ата сөзі- қазақтың бойтұмары,
Оқысаң, ашылады ой тұманы.
Қиналсаң, ақыл қосып ақылыңа,
Жырларында жанашыр ой тұрады.
Қазаққа бөлек екен Абай орны,
Талапшыл, қанағатшыл, терең ойлы.
Өнер- білім, ғылымды қадірлеумен
Қазақ елін ақиқат жолға қойды.

**Шағын көрініс**

Тыныштық. Абай өлең жазып отыр.
Есіктен досы Ербол кірді.
**Нұрбол.**Абай досым, тағы өлең жазып отырмысың?! Шаршадың ғой... Бір сәт демалсаңшы.
**Саят.**Ербол, тыңдашы (ыңылдап)
Көзімнің қарасы,
Көңілімнің санасы.
Бітпейді іштегі,
Ғашықтың жарасы.
**Нұрбол.**Абай неткен әдемі ән! Ғажап, жаңа ән, жаңа өлең! Тамаша! Абай, Сүйіндік ауылында екі күннен кейін алтыбақан болғалы жатыр екен. Соған барсақ қайтеді. Осы әнді жастарға сый етіп тартайық!

**Саят**(басын изеп): Жарайды.
Жастар жиналып «Айттым сәлем, қаламқас» әнін айтып отыр.
Саят, Нұрбол шетте отырады.
**1-қыз.**Қыздар, қыздар, Құнанбай қажының баласы Абай келіп тұр.
**2-қыз.**Қасындағы Нұрбол ғой.
**3-қыз.**Абай, Ербол, келіңдер. Төрлетіңдер. Қош келдіңдер!
**Абай**. Ойын- сауықтарың қызық болсын!
**Ербол**. Ән-күйлерің қанатты болсын!
**Топ.**Бірге болсын! Айтқаның келсін!
**4-қыз.**Ортамызға Абай келіп қалған екен. Неге өлеңдерін оқып, әнін салмаймыз?!
**Топ.**Ал кім сөзге ұста, кәне, бастап жіберейік.
**5-қыз**. «Өлең- сөздің патшасы, сөз сарасы»
**Ербол.**Сүйіндік ауылының жастары, тыңдаңыздар! Абай сендерге жаңа әнін сый қылып тартады. Қабыл алыңдар!
Ән шырқалады «Көзімнің қарасы».
**Топ.**Неткен тамаша ән. Терең, сырлы. Рахмет, Абай.
**«Желсіз түнде жарық ай» әні шырқалады.**
**Аңшы жігіт**(ентелеп келіп): Уа, Абай ақынның құрбы- құрдастары, амансыңдар ма!
**Топ.**Армысың, бейтаныс жіт!
**Ербол.**Ассаламаумағалейкум, жас жігіт!
**Абай.**Жолың болсын, жігітім!
**Қыздар.**Орта толсын!
**Аңшы.**Аң аулап жүріп, алыстан Абай әнінің сазды әуенін құлағым шалып, ат басын бұрдым. Ақын Абай қарсы болмас, осы ауылдың қыздарының әнін, өлеңін тыңдағалы келдім.
**6- қыз.**«Құлақтан кіріп бойды алар».
Аңшы жігіт. Бәрекелді, ризамын өлеңіңе Таңшолпан!
**7-қыз**. «Ғылым таппай мақтанба»
**Топ.**Ой, бәрекелді!
**Абай.**«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін»
**Бастаушы.**Міне, сіздер Абайдың бозбала шағынан бір көрінсті тамашаладыңыздар.
**12-оқушы.**Абай 1904 жылы дүниеден өтті. Абай өмірден озса да артына көп мұра қалдырды. Өлең- жырлары, қарасөздері мәнді де мағыналы болды.
**13-оқушы.**Жазушы Төлен Әбдіков. «Абай халқымыздың мақтанышы ғана емес, біздің ұлттық ұранымыз. М. Әуезов Абайды әлемге таныту арқылы әлемге қазақты танытты»,- деді. М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясымен қысқаша әңгімелер арқылы танысып келе жатырмыз. Енді осы әңгімелерді еске түсірсек. «Бала Абай».
**Ойды түйіндеу**
Бүгінгі сабағымызды Сұлтанмахмұт Торайғыровтың мына өлеңімен аяқтағым келеді.
Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе.
Адамдықты көздесең, Жаттап, тоқы көңілге.
Қамшының сабындай ғана қысқа өмірінде артына өшпес із, өлмес өсиет қалдырып кетуді ақын сөзімен айтсақ:
Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған...
Қасиетті қара сөздерден ғибрат алып қана қоймай, өмірлік нұсқау алдық. Қазақ сөзінің киесі қонған бұл қара сөздер кез келгенімізге өмірлік бағыт-бағдар, ақыл қосушы. Сондықтан, балалар, біз Абай атаны жадымызда ұстаймыз.

* * * * * * * * * * * *

## «М. МОНТЕССОРИ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ»

*Түркістан облысы,Төлеби ауданы,Ұзынарық ауылы «Береке» бөбекжайы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны меңгерушісі Агментаева Рабига Абилдакызы*

Қазіргі уақытта жас ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуына ізгілік, ғылымилық, жүйелілік ұстанымдарына негізделген үздіксіз экологиялық білім беру жүйесін құру, оның тәрбиелік мүмкіндіктерін саралау өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Сондықтан да соңғы республика көлеміндегі мектепке дейінгі мекемелерде экологиялық тәрбие жұмысы бұрынынғы қалыптасқын бағдарламадағы «Балаларды табиғатпен таныстыру» бөлімінен бастау алады.

К.Д. Ушинский – баланы табиғатпен жастай таныстыра дамыту, оның өзіндік логикалық ойын, сөз қорының, санасының жетілуіне әсері мол екенін көрсеткен. Ал табиғатпен таныстыру – балалардың танымын дамытудың басты құралдардың бірі. Мұнда балалардың қоршаған орта жөніндегі ұғым түсініктерін байытатын жалпы және нақты ғылыми мәліметтер алуының маңызы зор. Табиғатпен таныстыру барысында «Табиғат – бүкіл тіршілік атаулының алтын ұясы, тал бесігі, өсіп-өнер мекені» екендігі жөнінде нақты түсініктер беріледі.

Табиғаттағы әдемілікті сезініп, қабылдау дағдысы өзінен-өзі келе қоймайды, оны дамыту, жағымды іс-әрекет түріне айналдыру ата-аналардың және тәрбиеші-ұстаздардың көмегімен жүзеге асырылады. Демек, оларды өз бетінше әрекет жасауын бақылау, оның мазмұнын талдау балалардың жеке басы ерекшеліктерінің экологиялық тәрбиелілігінің деңгейін анықтауғы мүмкіндік береді. Мұндай іс-әрекет түрлері арқылы баланың жеке тұлға ретіндегі дамуын оның экологиялық тәрбиесімен тікелей сабақтастықта байланыстыруға болады.

Экологиялық тәрбие жаңа категория, ол экология ғылымымен және оның тармақтарымен тікелей байланысты.

Ал экологиядағы негізгі түсініктер мыналар:

а) жеке алынған ағзаның өзінің өмірсүру ортасына ие болған бір аймақтағы экожүйелердің қызметі;

ә) өмір сүретін тірі ағзалардың қоғамдастығы және олардың өзара бір-бірімен қарым-қатынаста болуы.

Бұл екі ұғым мектеп жасына дейінгі балалардың қоршаған орта, табиғат жайындағы түсінігін дамыту арқылы көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қоршаған ортаға деген жағымды қарым-қатынасты айқындаудың бір формасы баланың күнделікті іс-әрекеті.Демек, экологиялық тәрбие үрдісінде көрініс табатын іс-әрекеттің мынадай түрлерін атауға болады:

— табиғаттағы әр түрлі оқиғаларды бейнелейтін немесе табиғатты қорғау, көркейту іс-әрекетін білдіретін сюжетті-рольді ойын;

— балабақша алаңында (табиғаттағы еңбек) тіршілік объектілері үшін немесе оларды күтіп-баптауды жүзеге асыру, сондай-ақ, заттарды қайта өңдеу (ойыншықтарды, кітаптарды және т.б. жөндеу) іс-әрекеті;

— табиғаттан алған әсерлерін және адамдардың табиғаттағы іс-әрекеттері негізінде бейнелеу өнерінің туындыларын жасау;

— табиғатпен тілдесу, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің объектілерімен еркін түрде байланыс жасау – бақылау, оларды еркелету, күтіп-баптау іс-әрекеті, қолға үйрету мен белгілі-бір жағдайға бағындырып үйретуді қамтитын кешенді іс әрекет;

— тәжірибе жасау – бақылау нәтижесндегі өз пікірін айтумен сабақтасып келген іс жүзіндегі танымдық іс-әрекет;

— тіл, сөйлесу іс-әрекеті, сұрақтар, хабарламалар, әңгіме, диалогқа қатысу; — табиғатқа байланысты кейбір мәліметтер мен қызықты да құпия әсерлер жөнінді пікір алмасу, әңгімелесу арқылы табиғат жайындағы түсініктерін айқындау;

— табиғат жайлы мазмұндағы телехабарларды, суреттерді көріп тамашалу, шағын шығармалар оқу балалардың табиғат жөніндегі қалыптасқан түсініктерін айқындайтын және жаңа ықпал ететін іс-әрекет жасау;

— бақылау — өз бетінше дамытумен бірге табиғат туралы және табиғаттағы адамдардың іс-әрекеттері жөнінде мәліметтерді алуды қамтамасыз ету;

Бақылау- табиғаттағы сезімдік тұрғыда тану әдісі, мақсатқа бағытталған қабылдау, сезім мен тиімділіктің бірлігі көрінетін танымдық күрделі үрдіс. Ол табиғатпен, тіршілік объектілерімен, қоршаған ортамен тікелей байланыста болуды қамтамасыз етеді. Табиғи объектілер мен табиғат құбылыстарын бақылауды ұйымдастыру балаларды табиғатпен таныстырудың негізгі тәсілі болып табылады. Ұзақ мерзімді бақылаулаларды ұйымдастыру — өсімдіктер мен жануарлардың өмір сүру ортасымен өзара байланыста болу, балалардың сол ортаға деген бейімділігін танудың алғы шарты. Бақылау балаларға табиғат жөніндегі нақты түсініктерді меңгертіп, ойлау қабілетін , тілін дамытады. Өсімдіктерді, жәндіктерді, құстарды бақылау арқылы бала көптеген жаңалықтарға тап болады. Ал жүйелі бақылау баланың жеке басының бақампаздығын аңғартады, осының әсерінен баланың дүниетанымы кеңейіп, қоршаған ортаға деген өзіндік көзқарасы пайда болып, білуге деген ынтасы арта түседі. Ал баланың табиғаттан алған әсерін әңгімелеп, суреттеп беруі оның қиялына қанат бітіріп, табиғат жөніндегі түсінігін айқындауға ықпалын тигізеді.

Балалармен экологиялық бағыттағы іс-әрекет түрлері кезінде нақты нәтижелерге қол жеткізу тәрбиешілердің кәсіби шеберлігін танып, экологиялық тәрбие жұмысы кезінде тиімді әдіс-тәсілдерді игеруін қамтамасыз етеді.Экологиялық тәрбиеде жақсы нәтижеге жету – әр әдіс түрінің тәжірибе мен моделденген іс-әрекетінің бір-бірімен байланыста болуында.Сондай-ақ, заттарды күтіп-баптауда, оларды жөндеуде және жаңартуға қатысу балаларға қажетті тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруға септігін тигізеді.

*Мектепке дейінгі*жастағы балалардың үлкендермен және құрдастарымен арадағы қарым-қатынасы күрделіленіп, іс-әрекетінің мазмұны мен формасы нығайып, жетіле түседі. Негізінен бұл жастағылардың әрекеті қарапайым еңбек түрлерін орындауға бағытталады.Өзінің жас шамасына сәйкес тапсырмаларды ынталылықпен орындау нәтижесінде қоғамдық еңбек мотиві ерекше сипатқа ие болады. Табиғаттағы пайдалы жұмыс түрін орындауда ынталанушылық көрініс табады.Табиғат аясында тәрбиеші ұсынған әр түрлі тапсырмаларды өздігінен орындау дағдыларының дамуы баланың оқу ісіне, білім алуға бейімделуіне ықпал етеді. Кішкентай балаларға қарағанда бұл жастағылардың ұғыну, қабылдау әрекеті неғұрлым мақсатты сипатқа ие болып, табиғаттағы бейнеленген нәрсені немесе заттың түсіне қарай, тәрбиеші көрсеткен көрнекіліктерге ерекше назар аудара алады.Бұл жаста балалар судың қажеттілігін, бастау, бұлақ, қайнардың қайдан пайда болатыны туралы түсініктерді тәрбиешілердің көмегімен түсініп, суды үнемдеп жұмсау дағдылары пайда бола бастайды.

Қыс айларында топ бөлмесіндегі ауладан әкеліп қойған бұтақтарды бақылау барысында жасанды түрмен бүршіктер, жапырақтардың пайда болғанын еске түсіріп, табиғи құбылыстардың нәтижесінде барлық ағаштар бүршіктеніп, жапырақ жайып, кейбіреулерінің гүл жаратындығы жөнінде түсінік қалыптасады.

Дәрілік өсімдіктер туралы мағлұмат беріліп, олардың пайда, зиянына тоқталып, өсіп тұрған жерін қоршап қою сияқты іс-әрекет түрлерін атқара алады.Мектеп жасына дейінгі балалардың табиғат туралы түсінігін қалыптастыруда олардың жас кезеңдерінің, ыңғайлы кезең екендігін, нақты компоненттерді тірек ете отырып (*мотивациялық-құндылық, эмоционалдық-сезімдік, іс-әрекеттік*) шешімін іздестіруге болатынын дәлелдейміз.

Балабақшада балалар табиғатпен жан – жақты терең таныстырып отыру тек экология оқу іс – әрекетінде ғана емес, тіл дамыту оқу іс –әрекетінде де өз жалғасын табуы қажет.Ол үшін балалардың жасына, тәрбиеленетін тобына байланысты.Мен өз жұмыс істейтін «Қоңырау» тобында Экология және Қоршаған орта сабақтандыра көп ізденіп жұрнал және әдістемелік құралдар арқылы өз сабақтарымды жандандырып өтуге тырысамын. Сабақтың тақырыптары белгілі бір жүйе бойынша топтастырамын. Мысалы Экология немесе Қоршаған ортамен таныстыру сабағын балалардың бір-біріне деген ыстық лебіздерін, ойларын, алақандарының жылуын, жылы тілектерін бір – біріне беру, айтудан бастауға болады. Мәселен: Сәлеметсіз бе балақайлар! Қайырлы таң, балалар! Бүгін күн қандай тамаша! - деген жылы сөздер бала жүрегіне әсер етіп көңіл-күйін бір сергітіп тастайды. Халқымның нақыл сөзін ескере отырып **«Жақсы ұстаз айтады, көрнекті ұстаз көрсетеді, ұлы ұстаз шабыттандырады»** дейді сөз соңында балаларға стандарт талабына сай етіп, күнделікті жаңашаландыру әр тәрбиешінің өз жұмысындағы кәсіби шеберлігіне байланысты деймін.

* * * * * * * * * * * * *

## «АБАЙ-ӘЛЕМДІК МӘДЕНИЕТТІҢ ТҰЛҒАСЫ» (ТАҒЫЛЫМДЫ КЕШ)

*Түркістан облысы,Төлеби ауданы,Ә.Молдағұлова атындағы шағын жинақты*
*негізгі орта мектеп директоры Ауганбаев Мурат Айдосович*

**Мақсаты:**
- Абай шығармашылығын жас ұрпақтың «жүрегіне терең бойлатып», Абайдың жұмбақ әлемінің тылсым сырларына үңілту;
- «Сөз патшасы - өлең» құдіретінің асыл сөз маржандарын бойларына сіңірту, ой - қиялдарын поэзия әлеміне енгізу;
- Ғұлама Абай мұрасын, нақыл сөздерін, философиялық ой - толғауларын насихаттау

1 - оқушы: Армысыздар, қадірменді ұстаздар, әдебиет сүйер қауым, білім нәріне құмар оқушылар!
2 - оқушы: Қазақ халқының ұлы ақыны, әдеби тілінің негізін салушы, аудармашы, сазгер, дана, дара тұлға Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған «Абай-әлемдік мәдениеттің тұлғасы» атты тағылымды кешке қош келдіңіздер!
Эпиграф: «Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай біздің ұлттық ұранымыз болуға тиіс».
1 - оқушы: Абай мұрасы - қазақтың ең қасиетті, теңдесі жоқ, алтын қазынасы. Заман ауысып, уақыт өткен сайын халқымыз ғұлама Абайдың рухани дүниесіне терең бойлап, оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі. Абай өзінің туған халқымен мәңгі - бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы қалың елін қазағын жаңа биіктерге, асқар асуларға шақыра береді.
2 - оқушы: Ұлы Абайдың шығармашылығы бүгінгі заман талабына сай қайта түлеп, жыл өткен сайын жаңғырып ұрпақ тәрбиесінде өзіндік үлес қосып келеді.
**Слайд:** Абайдың Балалық және жастық шағы.
1 - оқушы: Ақын шығармалары - оның қазақ әдебиеті тарихында ерекше орны бар классик ақын екендігін дәлелдейді. М. Әуезов Абайды «Қазақтың классик әдебиетінің атасы, қазақ поэзиясының күн шуақты асқар биігі» деп атауы да жайдан жай емес.
2 - оқушы: 80 - жылдардың орта кезінен бастап Абай ақындық жолға біржола бет бұрады. Бұл кездегі өлеңдері - толысқан ой - сананың жемісі.
**Слайд:** «Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл бөлсеңіз» Ғылым, білім туралы көзқарасы
- «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» - «Интернатта оқып жүр» - «Ғылым таппай мақтанба»
**Музыкалық номер:** Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» әні
1 - оқушы: Абай – озық мәдениетті насихаттаумен қатар, әлеуметтік - азаматтық санасы өскен, халықтың үлкен қайраткері.
**Слайд:** «Қалың елім, қазағым, Қайран жұртым» Халық, замана, адам
• Сабырсыз, арсыз, еріншек» • «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ» • «Өлсем орным қара жер»
• «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес»
**Би: Мектеп оқушылары**
2 - оқушы: Абай жас ұрпаққа айтар ақылы да, уағызы да аз болмаған. Ол халық тәжірбиесін танытқан шындықты айта отырып, жастарды адамгершілік жолға, адал достыққа үгіттейді.
**Слайд:** «Кемді күн қырық дәурен тату өткіз, Жетпесе біріңдікін бірін жеткіз»
Махаббат, достық лирикасы
• «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат»
• «Есіңде бар ма жас күнің»

• «Ұяламын дегені көңіл үшін»
**Музыкалық номер:** Абайдың «Көзімнің қарасы» әні
1 - оқушы: Абай өзінің поэзиясымен қазақтың көркем әдебиетін өлшеусіз биікке көтерді, әдеби тілді дамытып, қалыптастыруда аса үлкен еңбек сіңірді.
«Көркем сөздің асылы - поэзия» деп жоғары бағалай отырып, ақын мен ақындықтың мұрат - мақсаты жайлы жаңа көзқарасын білдіреді.
**Слайд:** «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы»
Ақындық, ән, өнер адамы
• «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ел»
• «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін»
• «Өлең сөздің патшасы»
2 - оқушы: Абай - сазгер. Оның көп өлеңдері өз әнімен тараған 30 - дан астам әні бар, 3 күйі бар. Бүгінгі таңда нотаға түскен, орындалып жүрген классикалық туындылар.
**Слайд:** Абай – сазгер.
«Құлақтан кіріп, бойды алар,
Әнді сүйсең, менше сүй»
Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» әні
2 - оқушы: Табиғат лирикасы – Абайдың дүниежүзілік озық поэзиядан алған бір үлгісі.
Ақын неғұрлым данышпан болса, соғұрлым табиғатпен терең араласып, оның құшағына тұтас қамтып алады. Табиғатты адаммен, ортамен барынша байланыстыра көрсетеді.
**Слайд:** Табиғат лирикасы
«Жаз» (1886 ж) «Жазғытұры»
«Қыс» (1888 ж) «Күз»
1 - оқушы: Абай – данышпан, Абай – кемеңгер. Ол орыс әдебиеті классиктерінің, Европаның бірталай ақындары мен ғалымдарының, ежелгі заман даналарының туындыларымен танысады. Солар арқылы әдеби білімін, дүниетанымын кеңейте түседі.
2 - оқушы: Абай – әдебиеттегі шебер аударма жасаудың үлгісін көрсетті. 70 - 80 шақты аудармалары өзге тілден дәл, нақ аударылған.
**Слайд:** Ұлылар үндестігі
• А. С. Пушкин және Абай. «Евгений Онегиннен» 8 өлең аударған, көбі – Онегин мен Татьяна хаттары.
• М. Ю. Лермонтов пен Абай.
• Крылов және Абай.
«Татьянаның хаты» өлеңі
**Аудармасы - «Құмырсқа мен Шегіртке» (көрініс)**
1 - оқушы: Абайдың поэмалары: «Масғұт», «Ескендір», «Әзім әңгімесі».
Бұл поэмалары қазақ өмірінің шындығын суреттеуге құрылмаған. Шығыстық оқиғалар сарынында жазылған. Идеясы – ұстаздық, тәрбиелік ой - мақсаттарға бейімдеп, көпке үлгі көрсету.
**Би: Мектеп оқушылары**
**Слайд:** «Масғұт» поэма – достықты қадір тұтады, ер мен әйел теңдігін жақтайды.
**«Ескендір» поэмасы (көрініс)**
2 - оқушы: Абайға дейін қазақ әдебиетінде болмаған үлгі – ол Абайдың қара сөздері.
Абайдың қара сөздері – көркем шығарма түрінде емес, ақынның өмір сабақтары туралы ойларын, содан туындайтын даналық, философиялық түйіндерді жинақтаған публицистикалық үлгіде жазылған ақыл - өнеге, өсиет, ғибрат сөздер. Жалпы қара сөздер саны 46. Оның 46 - сы аяқталмаған. Абайдың қара сөздері өз кезі үшін де, бүгін де бағасы зор.
**Мектеп оқушылары Абайдың қара сөздерін мәнерлеп айтып береді.**
1 - оқушы: Абайдың шығармашылығын аса жоғары бағалаған А. Байтұрсынов: «Абай – қазақтың бас ақыны. Онан асқан бұрын - соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» деп жазды.
2 - оқушы: Парасатты болып туған,
Шыңғыстаудың Абайы.
Ән мен жырын мұра қылған,
Сарыарқаның Абайы.
Нақылымен сана құйған,
Қазағымның Абайы.
Ақылымен дана болған,
Бүкіл әлем Абайы!
1 - оқушы: Құрметті, әдебиет сүйер қауым! Абайдың шығармашылығына арналған тағылымды кеш соңына жетті. Поэзия әлемінде келесі кездескенше қош, сау болыңыздар!

* * * * * * * * * * * * *

## ҰСТАЗЫ ЖАҚСЫНЫҢ - ҰСТАМЫ ЖАҚСЫ

*Түркістан облысы,Төлеби ауданы ,«Балаби» бөбекжайының меңгерушісі*
*Ахметова Лаззат Абдыкалыккызы*

Қазіргі заманда адамзат алдында тұратын міндет- өз ісін,өмірін жалғастыратын салауатты,саналы ұрпақ тәрбиелеу.Менің ұғымымда, алдымыздағы әрбір бала қайталанбас бір ғажайып әлем десек, сол зерттелмеген таза құпияға терең үңіліп, баланың басқаға ұқсамайтын ерекше қасиеттерін тану, оның жүрегіне, жан дүниесіне жол таба білу – біздердің, бұлжытпас борышымыз. Бала тәрбиесі, оның ішінде балабақшадағы сәбилерді тәрбиелеу үлкен мәртебе.«Адамды тәрбиелеу - демек оның ертеңгі қуанышқа ие болатын келешек жолын тәрбиелеу». А. С. Макаренко. Сондықтан біз балаларымыздың болашағына, тәрбиесіне жауапты жандармыз. Мектепке дейінгі ұйымдардағы жұмыстардың басты бағыты оқу тәрбие процесін жүйелі жоспарлау, жаңа инновациялық технологияларды ендіре отырып балаларды дамытудың тиімді жолдарын қарастыру. Міне осындай жұмыс жүйесі балабақшада қалыптасқан.
Барлық ұстаз атаулы Қаратаудың қойнауындай тереңде жатқан кенді ашып,білім мен ғылымның жемісінің дәмін таттыратын,армансызға арман ұялатып,қанатсызға дарын қанатын бітіретін ғажайып күш иесі.Сондайақ балабақшадағы әдістемелік жұмысқа жетекшілік ететін бірден - бір адам, ол - әдіскер. Басқару қызметінің негізгі ерекшеліктерімен заңдылықтарын білместен әдістемелік жұмысты сауатты ұйымдастыру мүмкін емес. Педагогикалық үрдістің тиімділігі әдіскердің барлық басқару қызметтерін бірдей дәрежеде сапалы орындауымен анықталады. Сондықтанда әдіскер мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту, тәрбие және дамыту әдістемелері және жүйелі басқару мәселелерін де білікті болуы керек. Әдіскер өз жұмысын ғылыми негізде теориялық тұрғыда сауатты жүргізе білсе, онда практикада жүйелілік, біріздiлік қалыптасып, нәтижесі табысты болмақ. Әдіскердің өмірден алған тәжірибесі, қабілеті, адамгершілігі, қарапайымдылығы, мінез - құлқы әлдеқайда жоғары деңгейде болуы тиіс. Ол қандай қиын жағдай болсын, кедергілерге қарамастан педагогтармен тікелей тынымсыз жұмыс жасайды.
Әдіскердің бір бойында бірнеше қызмет бар. Ол жаңа үрдісте заманауи технологияларды енгізу арқылы сабақтар, семинарлар, ғылыми жұмыстар мен және тағы да басқа сайыс - байқауларды ұйымдастырып өткізуші, басқару арқылы нәтижелерге қол жеткізуін қолдаушы болып танылады.
Тәрбиеші – жүрегі жақсылық пен жаңалыққа толы ұлы тұлға. Сол бойындағы барлық білім мен білікті, тәрбиені баланың жүрегіне жеткізу үлкен қасиет. Тәрбиеші тәрбиесін шын қабылдаған бала болашақта сөзсіз ұлы тұлғаға айналады. Ұлы Абай атамыз:
«Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға,
Ұстаздық еткен жалықпас,
Үйретуден балаға!» - деп жырлап кеткендей, әрбір ұстаз бұлақ түбінен асыл тас іздегендей балаға мән мен мағынаға толы білімді үйретуі керек. Бүлдіршіндерді тәрбиелеуде, тәрбиешілердің осындай қым - қуат тіршіліктен шаршамай, талмай еңбек етіп, кішкентай бүлдіршіндеріміздің бойына ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік сіңіріп, өз - өзіне деген сенімділікке тәрбиелеуде тәрбиешілер шешуші рөл атқарады.
Мен өзімнің әріптестеріме жаңа инновациялық, әдістемелік көмек беріп, оларға мейірімділікке, шыдамдылыққа, кешіре білуге бағыт бердім. Қызметтестеріммен тең жағдайда сырласып, тыңдап, мен өз балабақшамның жұмысын жетілдіріп, жоғары деңгейде көтере алатыныма сенемін.
Менің әдістемелік қызметімнің нәтижелігі өз педагогтарымның өзін – өзі тануға ықпал жасау. Әрбір маман шығармашылығын, шеберлігін, талантын жаңғыртып, өз ісінің шебері атанса мен оны еңбегімнің жемісі деп түсінемін.
Педагогтардың осылайша шығармашылығын дамыта отырып, қазіргі заманғы педагогикалық теориямен практиканы басшылыққа алып, жұмыс жасаудамын. Педагогикалық озық технологияларды сабақ барысында пайдаланып, балалардың шығармашылығын дамытуға ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы жүзеге асырдым. Бес жастағы бала зейінін дамытып, жеке тұлғаға айналдыру әр тәрбиешінің басты міндеті.
Менің өмірдегі ұстанымым:
1. Мейірімділік, шыдамдылық, кешіре білу, педагогтармен тең жағдайда сырласу;
2. Тәрбиешінің мүмкіндіктеріне сену, ойын әрқашан құлақ қоя тыңдау;
3. Өз мамандығын сүюі және мақтан тұту.

Мен өз ісімді шеберлікпен атқарып, балабақшамдағы тәрбиешілердің заман талабына сай білімдерін жетілдіріп, шығармашылықпен жұмыс жасауына қолымнан келгенше көмектесуге тырысамын. «Адамның адамшылдығы - ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады»деген Абай сөзін өмірлік қағида еткен әрбір тәрбиеші, ұстаз. Ал басшылықтың міндеті сол- ол өзінің ұжымын біліп, күшті мен әлсіз тұстарын байқап олардың жұмыс жасауына сенімділік ұялата білу қажет.

Менің жұмысым сол мен педагогтарыма өзін ашуына көмектесемін. Өздерінің бойындағы таланттарын, шеберліктерін көрсетуіме мүмкіндік беремін. Оларға жәрдем беру мен үшін ол қуаныш. Мен тәрбиешілеріме қол үшін бере отырып , балабақшадағы балаларға және олардың ата-аналарына да көмегім деп білемін. Ол үшін

мен тек білімімді көтеріп қана қоймай, менің бойымда ашық, жаным таза, жүрегі жұмсақ, жұмысымен балаларға деген сүйіспеншілік болу қажет деп білемін.

Менің жұмыс барысында ұстанатын қағидаларым:

Ешқашан «Мен білмеймін» дегенді айтпау, ең бастысы - білуге деген құштарлық.

Әрдайым айналамдағыларға өз білгенімді үйретуге көмектесу.

Өз сезіммімен көңіл- күйімді бағындырып ұстау.

Басқа адамның пікірін құрметтеу

Адамды тыңдай білу.

Кейде маған жұмыс қиын болып кететін сәттеріде болады, бірақ мен берілмеймін. Мен өзімнің мамандығымды босқа таңдамағанымды өзіме және басқаларға дәлелдеймін. Қорыта келгенде, әрбір маман иесі болу үшін әртүрлі қабілеттермен өз ісіңе деген қызығушылықпен, әрдайым білуге деген құштарлықтан туындайды.

Барлық ұстаз иесі ол - технолог, педагог, ізденуші, сараптамашы, басқарушы. Ең бастысы балаларды және өз мамандығын жақсы көретін жан болуы керек деп ойлаймын.

* * * * * * * * * * * * *

*Түркістан облысы,Төлеби ауданы «Балаби» бөбекжайының тәрбиешісі*

*Байзакова Лаура Алтынбекқызы*

**Топ:** Ортаңғы топ
**Оқыту білім беру саласы:** «Әлеуметтік орта»
**Оқыту түрі:** Қоршаған ортамен таныстыру, экология
**Тақырыбы:** Судың қасиеттері.
**Мақсаты:** Су туралы мағлұмат беру, тәжірибе жасау арқылы судың қасиеттерімен таныстыру. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін, қызығушылықтарын арттыра отырып, табиғаттың әдемі сұлулығын көре білуге және оған қамқор болуға тәрбиелеу.
**Көрнекіліктер**: Су, құм, сүт, мұз, жалпақ табақ.
**Технология:**«Дьенеш блогі»
**Сөздік жұмыс:**Сұйық сусымалы.

| Іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивация лық қозғаушы.**<br><br><br><br><br>**Ұйымдастыру.**<br><br><br><br>**Жұмбақтар.**<br><br>**Тақпақ.**<br><br><br>**Мақал-мәтел.**<br>**Сергіту сәті.**<br>**Тәжірибе жасау.**<br><br><br><br><br><br><br><br>**Қортынды.** | Шаттық шеңберге тұрғызу.<br>Күндей жарқырап,<br>Айдай арайлап,<br>Жұлдыздай жарқырап,<br>Судай мөлдір, таза көңілмен,<br>Бүгінгі күндік бастайық.<br>Тәрбиеші: Табиғат дегеніміз не?<br>Табиғат қандай болады?<br>Тірі табиғатқа нелер жатады?<br>Ал өлі табиғатқа ше?<br>Қане, балалар, барлығымыз мына жұмбақты шешейік.<br>Жалт-жұлт еткен,<br>Жылғадан өткен.<br>Бұл не?<br>Аспаннан домалап,<br>Көп моншақ төгілді.<br>Бұл не?<br>Олай болса бүгінгі оқу іс-әрекетеріміз су туралы.<br>Су туралы кім не біледі?<br>Дұрыс.<br>Ал кім тақпақ біледі?<br>Ал кім мақал-мәтел біледі?<br>Балалармен би қимылдарын жасау<br>Енді балалар тәжірибе арқылы судың қасиеттерімен танысамыз.<br>І. Судың түсін ажырату,<br>Судын түсі қандай болады?<br>1. – тәжірибе.<br>1 - стаканда су – қасық салу. Көріне ме?<br>2 - стаканда сүт – қасық салу. Көріне ме? | Балалар шаттық шеңберін жасайды.<br>Бізді қоршаған орта.<br>Тірі және өлі.<br>Жануарлар, гүлдер, ағаштар.<br>Қар, су, тас, жаңбыр, күн.<br>Су.Жаңбыр.Сумен жуынады,<br>Гүл суарады, малдар суішеді.<br>Сылдыр, сылдыр, сылдыр су,<br>Сылдыр суға бетіңді жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Аппақ бетің, маңдайың.<br>Судың да сұрауы бар.<br>Су - тіршілік көзі.<br>Сусыз өмір жоқ.<br>Су - тазалықтың досы.<br>Суға түкірме.<br>Суды ластама.<br>Көрінеді.<br>Көрінбейді.<br>Болады.<br>Стаканның пішіндей. |

| | | |
|---|---|---|
| **Күтілетін нәтиже:**<br>**Білуі керек:**<br>**Меңгеруі керек:**<br>**Жасай білуі:** | II. Судың түсін өзгерту.Әр балаға бояу жағылған қылқалам беру. Суды арластырады.<br>Тәрбиеші: Судың түсін өзгертуге бола ма?<br>III. Тәжірибе.<br>2 стакан, пішіндері әр түрлі.<br>Бұлардың ішінде су бар.<br>Судың пішіні қандай?<br>Тәрбиеші: Суды қандай ыдысқа құйсаң ыдыстың пішіні сондай болады.<br>Су – сұйық зат екен.<br>IV. Тәжірибе.<br>Енді стаканға құм салам. Ол да стаканың пішініндей.<br>Сондай құм сұйық зат болғаны ма?<br>Осыны тексеріп көз жеткізейік.<br>Суды жалпақ табаққа төгем, су жайлып кетті.<br>Яғни су – сұйық зат.<br>Ал құмды төгейін, ол үйіліп қалды.<br>Олай болса, құм сұйық зат емес, сусымалы зат екен.<br>Демек, су мен құм әр түрлі заттар екен.<br>Құм – сусымалы зат.<br>Су – сұйық зат.<br>V. Тәжірибе.<br>Мұз, жылы су, ыстық су, салқын су.<br>Мұзды алақанға салып ерту.<br>Қайнаған ыстық суы бар шәйнектің қақпағын ашсақ бу шығады.<br>Су қайнағанда бу тамшыларына айналады.<br>Біз бүгін не істедік?<br>Нелерге?<br>Судың сұйық зат екенін білу.<br>Тәжірибе арқылы судың қасиеттерінің өзгеріп отыратынын менгерту.<br>Тәжірибе жасап, бастаған істерін аяғына жеткізе алады. | Балалар өз ойларын айтып, тәжірибе жасағандарын бір-біріне қызығушылық пен бөліседі |

* * * * * * * * * * * * *

*Түркістан облысы,Төлеби ауданы ,«Балаби» бөбекжайының тәрбиешісі*
*Женсикбаева Майра Сагынаевна*

**Білім саласы**: Коммуникация
**Оқу қызметі**: Сөйлеуді дамыту
**Тақырыбы:** "Табиғат -анамыз"
**Мақсаты:** Балаларды қоршаған ортаға деген көзқарасын кеңейтіп, табиғатты сүюге, қамқор бола білуге , табиғат байлығын, сұлулығын сезіне білуге сурет көрінісін әңгімелеп, бейнелей білуге үйрету.
**Көрнекіліктер:** Табиғатқа байланысты суреттер, жылдың төрт мезгілі.шаблондар,қима қағаздар
**Әдіс-тәсілдер:** Күтпеген сәт, дидактикалық ойындар, сұрақ-жауап, түсіндіру,оқу , әңгімелеу.

| Әрекет кезеңдері. | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс -әрекеті. |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы күш. | Балалар көңіл күйлерің қалай ?<br>Жылулық шеңберіне тұрып, жылы сөздер айту.<br>-Балалар, қуанышымызды бір-бірімізге жеткізейік.<br>Біз қандаймыз, қандаймыз<br>Шұғылалы таңдаймыз<br>Күлімдеген күндейміз<br>Ренжуді білмейміз<br>Қуанамын менде<br>Қуанасын сенде<br>Қуанайық достарым<br>Арайлап атқан күнге<br>-Жарайсыңдар балалар, енді бәріміз күнге қарайықшы | -Балалар таңырқай қалады.<br><br>-Балалар Дымбілмеспен амандасады.<br><br>Хормен айтады<br><br>Жарайды<br><br>Мезгілді атайды,күннің суығанын, адамдардың жылы киінгенін айтады. Жапырақтар сарғайып жершге түсетінін айтады. |

| | | |
|---|---|---|
| Іздену ұйымдастырушы<br><br>Рефлексивті коррекциялауыш | -Күн бізге не береді?<br>Олай болса күнмен амандасып алайық.<br>Сәндетіп даламыз<br>Сәулетті қаламыз<br>Сәлем күн анамыз!<br>Балалар бүгін аптаның қай күні?<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Бір жылда неше жыл мезгілі бар?<br>-Балалар күздің қандай белгілерін байқадыңдар?<br>-Қандай айлар күз мезгіліне жатады?<br>Жарайсыңдар балалар ,біреу есік қаққандай болдыма?<br>Кім болды екен?<br>-Ендеше есікті ашып көрейік.<br>Топқа Дымбілмес келеді.<br>-Сәлеметсіздер ма? Мен Дымбілмеспін, сендердің сабақтарына қатысуға болама?<br>-Мен сендерге мына гүлдерді алып келдім, бұл жай гүл емес, сиқырлы гүл, ішінде бірнеше маған қойылған сұрақтар бар мен сол сұрақтардың жауабын қанша ойлансамда таба алмай келемін, маған көмектесіңдерші балалар?<br>-Жарайды Дымбілмес қош келдің сенде мына біздің балалардың қасына отырып бізге қонақ бол!<br>-Біздің балалар өз білгендерін аянбай ортаға салады сенде осы балалардан сабақ ал.<br>-Алдымен балалар мен сендерге табиғат әлеміне байланысты жұмбақтар жасырайын. Осы жұмбақтардың жауабы біздің жаңа оқу іс-әрекетімізге байланысты.<br>1. Бір зат бар дүниеде құшағы кең<br>Ұшқан құс, жүйріген оқ бәріне тең<br>Адамзат, жан жануар соның арқасында<br>Мәңгілік өсіп өнеген. (Жер)<br>2. Таңмен көзін ашады<br>Әлем нұрын шашады<br>(Күн)<br>-Балалар адамдар күннің жарығы және жылуынсыз өмір сүре алама?<br>-Ал жануарлар мен өсімдіктер ше?<br>-Әрине жоқ жер бетіндегі барлық тіршілік иелеріне сәуле, жарық,жылу өте қажет балалар.<br>-Ал ауасыз тіршілік етуге болама?<br>-Жарайсыңдар балалар<br>Жұмбақтың шешуін дұрыс таптыңдар?<br>-Балалар бүгінгі біздің оқу іс-әрекетіміздің тақырыбы<br>"Табиғат-анамыз" деп аталады.<br>-Ендеше біздер бүгін осы бізге өмір сыйлаған , қоршаған орта табиғат туралы сыр шертеміз.<br>-Алдымен мен сендерге Н.Жанаев атамыздың "Табиғат анамыз" деген өлең жолдарын оқып берейін.<br>Өлеңнің мазмұнын түсіндіру.<br>-Өлеңде не туралы айтылған?<br>-Музыка әуені арқылы табиғат құбылыс, дыбыстарын естірту<br>-Табиғат екіге бөлінеді<br>-Өлі табиғат жәнетірі табиғат<br>-Өлі табиғатқа ауа, су, күн, жер,тау, тастар | -Балалар жұмбақтың шешуін табады.<br><br>-Жоқ өмір сүре алмайды.<br>-Жан-жануарларғада, адамдарғада күннің сәулесі өте қажет<br><br>Балалар тәрбиешінің қойған сұрақтарына жауап береді<br>Жоқ ол ауасыз өмір сүру мүмкін емес<br><br>Балалар жаңа тақырыппен танысады<br><br>Өлеңді мұқият тыңдайды.<br><br>Зейін қойып тәрбиешіні тыңдайды.<br>Табиғат туралы айтылған<br><br>Балалар тәрбиешімен бірге өлі және тірі табиғатты қайталап айтып отырады.<br><br>Балалар бір -бірлеп Дымбілмеске жасанды гүл ешқашан өспейтінін айтады.<br>Себебі бұл жасанды гүлдің тамыры жоқ, ешқашан өспейді.<br>Тәрбиешінің көмегіне жүгініп қимыл-қозғалыспен бірге қайталап көрсетеді.<br><br>-Күз мезгілінде болады.<br>-Төрт мезгіл бар |

| | | |
|---|---|---|
| | жатады.<br>-Тірі табиғатқа -адамдар, жануарлар, өсімдіктер жатады.<br>Балалар қоректенбейтін , тыныс алмайтын, ештеңені сезбейтін, өспейтін нәрселерді біздер өлі табиғатқа жатқызамыз.<br>Тірі бөлме өсімдіктермен жасанды гүлдерді салыстыру.<br>Ия дұрыс балалар бұл жасанды гүш ешқашан өспейді. Тірі бөлме өсімдігіне қараңдаршы қалай жайқалып бой көтеріп келе жатыр.<br>Бұл гүлдергеде күтім керек, оған су құю, түбін қопсыту, оғанда жарық, сәуле , ауа керек.<br>Егерде сендердіде ата-аналарың күтіп баптамаса, сендерге жақсы киім кигізбесе, жақсы тамақ бермесе сендерде бұлай үлкен болып өспес едіңдер.<br>Бұл гүлдердіде күту керек, оларды ескерту керек екен балалар.<br>Сендер сияқты өсімдіктер өміріндеде арнайы тәртіп сақталады. Дәні жерге түскеннен кейін, тамыр жайып өседі. Оны жаңбыр суарып, күн шуағы өсіреді. Ал өсіп үлкейгенде адамды табиғаттың түрлі құбылыстарынан жауыннан желден қорғайды, жемісін береді, ыстық күні көлеңкесіне демаламыз. Егер оған күн сәулесі жеткіліксіз болса , суармаса ол өсіпей қояды.<br>Ал балалар біздер мына бөлме өсімдігін топырақ салып ыдысқа отырғызып Дымбілмеске сыйға тартайық,<br>-Осы гүлдің күннен күнге жайқалып өсіп келе жатқанын және оған қандай күтім керек екенін білсін.<br>Енді балалар кішкене бір бойымызды жазып, сергітіп алайық<br>Орнымыздан тұрып бәріміз бірге:<br>Күн болып жанайық<br>Мөлдір су боп ағайық<br>Гүл болып жайнайық<br>Терең -терең домалап<br>Жүріп ,жүгіріп алайық.<br>Балалар мына Дымбілместің сұрақтарына кім жауап береді.<br>1. Табиғатқа байланысты қандай өлең білесіңдер?<br>2.Қызыл ,сары жапырақтар қай кезде болады?<br>3. Қандай мақал-мәтел білесіңдер?<br>4. Бір жылда неше мезгіл бар?<br>5. Өлі және тірі табиғатқа нелер жатады?<br>Ойын:"Жақсы -жаман" ойынын ойнайық.<br>Ойын ережесі: "Жақсы-жаман қасиеттер бейнеленген суреттерге қарап "Жақсы" қасиет болса қол шапалақтау "Жаман" қасиет болса тып-тыныш отыру.<br>Гүлдерге су құю<br>Ағаштарды сындыру<br>Құстарға жем беру<br>Құстың ұясын бұзу<br>Гүлдер жұлу<br>Құстарға ұя жасап беру.<br>Д /о: "Неден жасалған"<br>Ауа, су, жарық | Өлі табиғатқа ауа, су, күн, жер,тау, тастар жатады.<br>-Тірі табиғатқа -адамдар, жануарлар, өсімдіктер жатады.<br><br>-Балалар жаман-жақсы қасиеттерді айыра білді<br><br>Балалар қай заттың неден жасалғанын және оның адамға тигізер пайдасы туралы айтады.<br><br>Табиғат туралы таныстық<br><br>Балалар оқу іс-әрекетіміздің соңында табиғаттың жолында аянбай еңбек ететіндіктерін және табиғатты аялап қорғайтындарын айтты. |

| | | |
|---|---|---|
| | Жарайсыңдар балалар біздер бүгін қандай тақырыпта сыр шерттік , таныстық<br>Егер сен табиғаттан бір зат алатын болсан, онда оған да бірдеңе бер. Ағаш отырғызу, бұлақтың көзін аш, құстарға жем бер, сонда ғана ол керемет және бізге пайдасы болады.<br>Тәрбиеші ұйымдастырылған оқу іс әрекетінің соңында балаларға ертегі кітапшасын сыйға тартады | |

* * * * * * * * * * * * *


*Түркістан облысы,Төлеби ауданы ,«Балаби» бөбекжайының тәрбиешісі*
*Иманова Жанат Сарсеновна*


**Білім беру саласы:** Таным
**Оқу іс-әрекеті:** Қоршаған ортамен таныстыру
**Тақырыбы:** «Табиғат - біздің досымыз»
**Мақсаты:** Балаларға табиғат, тіршілік, коршаған орта арасында байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру, балаларға өлі және тірі табиғат жөнінде мағлұмат беру; табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, қадірлей білу және қамқорлық жасай білуге үйрету; Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.
**Әдіс –тәсілдер:** ТРИЗ әдісі,саяхат, әңгіме, түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауаптар.
**Көрнекі – құралдар:** АКТ,тақырып бойынша суреттер, видео – слайд, теледидар.

| Іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **ҰОІӘ дайындық** | Сәлеметсіңдерме балалар! Мен сендерді көргеніме өте куаныштымын. Ендеше бір-бірімізге деген жылы лебіздерімізді білдіріп таңғы шаттық шеңберін жасайық.<br>Арайлап таң атты<br>Алтын сәуле таратты<br>Жарқырайды даламыз<br>Жарқырайды қаламыз<br>Қайырлы таң достарым<br>Қайырлы таң бақшамыз<br>**Әнұран орындаймыз** | Сәлеметсізбе!<br>Біз де куаныштымыз |
| **ҰОІӘ өткізілуі** | Жұмбақ жасыру;<br>Балалар сендер отырмас бұрын мен сендерге жұмбақ жасырамын, мұқият тыңдаңдар.<br>Бір жерінде ыстық<br>Бір жерінде суық<br>Бір жерінде күн<br>Бір жерінде түн<br>Керемет алып неткен<br>-Иә дұрыс айтасыңдар, міне мынау жер шары, пішіні қандай? | Жер шары<br>Дөңгелек |
| | Балалар біз қазір сіздермен «Жер шары» ойынын ойнаймыз. Ойын шарты бойынша мен қолымдағы допты бір балаға лақтырып, «жер шары» деп айтамын қағып алған бала жер шарында кімдер? Нелер? мекендейтінін шапшаң айтып допты кері лақтырады. Мысалы:тәрбиеші «Жер шары» десе бала «адам» деп жылдам жауап беруі тиіс. | Балалар ойынды ойнайды. |
| | Жарайсыңдар балалар! Адам, құстар,жануарлар, жәндіктер, аңдар, ағаштар, гүлдер, таулар. Бұның барлығын бір сөзбен айтқанда не деп айтамыз?<br>Дұрыс айтасыңдар біз бүгін сіздермен осы табиғат ұғымымен тереңірек танысамыз.<br>Ғажайып сәт Экраннан хатты оқу<br>Табиғат аясындағы ақ қайың ағашынан келіп тұр екен. | Табиғат |
| | **Хат**<br>Сәлеметсізбе, құрметті балалар! Мен ақ қайыңмын.Мен сендерге жазда жандарыңа сая болатын едім. Қазіргі кезде | Балалар хатты мұқият тыңдайды |

| | | |
|---|---|---|
| | менің халым нашарлап бара жатыр маған адамдар көңіл бөліп қарамайды. Менің бұтақтарым сынып,сусыз қурап бара жатырмын. Мен сендерден сұрайтыным маған көмек беріңдерші. Сәлеммен Ақ қайың | |
| | -Балалар сендер, мейрімді де ақылды, сүйкімді балаларсындар ақ қайыңға көмектесемізбе?<br>Ендеше Табиғат аясына саяхатқа шығып ақ қайыңға көмектесейік.<br>Табиғат аясында жүргенде ережеледі айтып жүру.<br>Табиғат ананы ластамай тазалықты сақтай біліуіміз керек.<br>Тағы қандай ережелерді білесіңдер?<br>**Тыныштық сәті:** Табиғат құбылыстарының дыбыстарын тыңдау.<br>**Тәрбиеші:**Балалар не естідіңдер?<br>Ненің дыбысы деп ойлайсыңдар?<br>Осы құбылыстардың барлығы табиғат құбылыстарына жатады.<br>Табиғат – бізді қоршаған орта, туған елім, ауа, күн мен жер және су, орман мен жануарлар.<br>Табиғат екіге бөлінеді. Ол тірі табиғат және өлі табиғат. | Балалара өздері білетін ережелерді айтады.<br>Желдің үрлегенің, жаңбырдың жауғанын, құстардың мен жан-жануарлардың дыбыстарын естідік. |
| | **Тірі табиғатқа:** ағаш,шөп,гүл,адамдар,аңдар,құстар жатады, олар өседі, дем алады, көбейеді,денесінде жан бар.<br>**Өлі табиғатқа:**су,тас, құм,ауа жатады, олар өспейді,дем алмайды денесінде жаны жоқ.<br>Бірақ осы тірі табиғат пен өлі табиғат бір-бірімен тығыз байланысты екен.Оны мен саяхат барысында бақылап көреміз. Жерде аңдардың іздері жатады.<br>Балалар бұл осы тірі табиғаттың бірі аңдардың іздері.<br>Қараңдаршы табиғат аясында неше түрлі аңдар жүреді екен.<br>Интерактивті тақтадан жердегі аңның ізінің, қай аңдікі екенін түсіндіріп көрсету.<br>-Балалар қараңдаршы экранда сылдырап ағып жатқан не екен?<br>-Дұрыс бұл су.<br>-Ал судың қандай пайдасы бар?<br>Су- балалар өлі табиғатқа жатады,ал біз адамдар суды ішеміз бізге пайдасы өте көп екен.Демек өлі табиғат пен тірі табиғат бір-бірімен тығыз байланысты екен.<br>Балалар біз ақ қайыңға жеткенімізше әлі біраз жол жүру керек. Мен сендерге тағы бір жұмбақ жасырамын мұқият тыңдаңдар.<br>Бар ма, жоқпа, оны анық білмейсің<br>Ол жоқ жерде өмір сүріп жүрмейсің? Ол не ?<br>- Ауа не үшін керек?<br>- Ауаның түсі қандай?<br>- Қолмен ұстауға болама?<br>Табиғат аясындағы ағаштар, әсем гүлдер, тіпті бөлмеміздегі гүлдер де ауадағы шаңды жұтып, бізге таза ауа жіберіп отырады екен. Демек өсімдіктерге қамқор болуымыз керек екен.<br>- Балалар айналаға қараңдаршы, біз ауаны көреміз ме? | Апай мынау не жатқан?<br>«Су»<br>Ішеміз, жуынамыз.<br>«Ауа»<br>Демалу үшін<br>Түсі жоқ ,көрінбейді<br>Жоқ олмен ұстауға болмайды.<br>Жоқ |
| | 1-тәжірбие: Әр баланың қолына айна беріледі.Балалар айнаға үрлеп, ауаның бар екеніне көз жеткіеді<br>2-тәжірбие: Балалар енді мұрнымызды қолымызбен жауып аузымызды ашпай көрейік.<br>- Көрдіңдер ме балалар ауасыз тыныс алу мүмкін емес екен.<br>Ендеше балалар осы табиғат аясында бойымызды сергітіп бір тынығып алайық.<br>Сергіту сәті.<br>Осы сәтте ақ қайыынды бір бала көріп қалады<br>**Саламатсызба ақ қайың!** | Балалар мұрындарын қолдарымен жабады.<br>Балалар қимылмен бойларын сергітеді.<br>Апай әне бізге хат жіберген ақ қайың анда тұр. |

| | | |
|---|---|---|
| | Біз сіздің жіберген хатыңызды алып сізге көмек берейін деп келдік.<br>**Ақ қайың: Амансыңдар ма бүлдіршіндерім менің бұтақтарымды қатты жел соғып сындырып тамырымды кептіріп кетті. Маған су құйып, бұтақтарыма көмектесіп жіберсеңіздер жақсы болар еді.**<br>**Ақ қайың рахметін айтады.**<br>Ақ қайың біздің балаларымыз табиғатты қатты құрметтейді.Олар табиғат жайлы тақпақтар да біледі. | Балалар ақ қайыңға су құйып, түбін қопсытып көмектеседі. |
| **Балаларға тақпақтар орындату** | **Мади:** Бұтақтарды сындырмай<br>Тазалықты сақтаймыз<br>Гүл өсіріп су құйып<br>Табиғатты қорғаймыз<br>**Азамат:** Бақта гүлдер тереміз<br>Бірге ойнаймыз күлеміз<br>Міне біздер қандаймыз<br>Табиғатты қорғаймыз | |
| **Қорытынды** | - Міне балалар біз табиғат аясындағы ақ қайыңға да көмектестік. Ендеше саяхатымызды аяқтап балабақшаға оралайық.<br>Балабақшаға оралу.<br>- Балалар сендерге саяхат ұнады ма?<br>- Балалар бізге хат жолдаған не еді?<br>- Балалар біз табиғат аясында нені білдік?<br>- Тірі табиғатқа нелер жатады екен?<br>-Ал өлі табиғатқа ше?<br>-Ендеше бүгінгі саяхаттан алған білімдеріңізді байқау үшін қазір<br>«Таңдап алда, атын ата» дидактикалық ойынын ойнауға шақырамын<br>Ол үшін ғажайып дорбаның ішінен өлі және тірі табиғат бейнелерін таңдап алып,алған заттарыңның атын атап,оларды өзінің тиісті фланеграфқа апарып орналастырасыздар.<br>Табиғатты қорғау үшін бәріміз күресейік,<br>Бір-бір ағаш және гүл егейік.<br>Текке отырмай жасымыз бен кәріміз,<br>Таза ауа үшін терімізді төгейік.<br>Балалар, біз табиғат туралы айттық. Сендерге ұнады ма!<br>Барлығың дабүгінгі оқу іс-әрекетіне жақсы қатыстыңдар | Ия<br>Ақ қайың<br>Табиғаттың екіге бөлінетінін.<br>Аңдар,құстар,жануарлар,ағаш ,гүл<br>шөп жатады.<br>Тас, су, ауа, құм жатады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: Өлі және тірі табиғатты айыра біледі.
**Үйренеді**: Табиғатты аялауға, қамқорлықпен карауға үйренеді.

* * * * * * * * * * * * *

*Түркістан облысы,Төлеби ауданы Алшалы ауылы,Ә.Молдағұлова атындағы шағын жинақты негізгі орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Мадибекова Дильфуза Турдикулкызы*

| | | |
|---|---|---|
| **Мектеп: Ә. Молдағұлова** | | |
| **Сабақ тақырыбы: Қазақстандағы ғылымның дамуы. Ғалым Қаныш Сәтбаев.** | | |
| **Күні: 22.11.2019 ж** | **Мұғалімнің есімі: Мадибекова Д.Т** | |
| **Сынып: 4** | **Қатысқандар саны** | **Қатыспағандар саны** |
| **Сабаққа негізделген оқу мақсаты** | 4.3.3.1 – Қазақстанның ХХ–ХХІ ғасырлардағы ғылым саласында жеткен жетістіктерін айту;<br>4.3.4.1 – өмірбаяндық мәліметтерге сүйене отырып, шығармашылық және еңбек салаларындағы көрнекті қайраткерлердің елімізге сіңірген еңбектері туралы қорытынды жасау. | |
| **Сабақ мақсаттары:** | **Барлық оқушылар:**<br>ғылымның қоғамдағы рөлін түсінеді; Қаныш Сәтбаевтың өмірі жайлы баяндайды.<br>**Көптеген оқушылар:**<br>ғылымның жетістіктері өмірдің қай салаларында қолданылатынын түсіндіреді; «Ғалым Қаныш Сәтбаев» кластерін құрастырады.<br>**Кейбір оқушылар:**<br>Қаныш Сәтбаев неліктен Қазақстан Ғылым академиясының президенті болып сайланғанын дәлелдейді; қосымша ресурстарды пайдаланып, өз облысында дүниеге келген ғалымдардың есімдерін атайды, олардың ғылымның қай саласында қызмет еткендерін анықтайды. | |
| **<u>Бағалау критерийлері:</u>** | •көрнекі тұлғалардың елімізге сіңірген еңбегі туралы әңгімелеп береді;<br>тарихи мұражайлардың қызметін түсіндіреді. | |
| **Тілдік мақсаттар** | **Тілдік дағдылар:**<br>• қазақ халқының қалыптасутарихын түсіндіре алады;<br>• Қазақстанның мәдениет, ғылым, білім, экономика салаларынан жеткен жетістіктерін түсіндіреді;<br>• көрнекі тұлғалардың елімізге сіңірген еңбегі туралы әңгімелеп береді; тарихи мұражайлардың қызметін түсіндіреді. | |
| | **Терминология:**<br>•Қазақстан Ғылым академиясы, техниканың жаңа үлгілері, мәдени ө өсімдіктердің жаңа сұрыптары, мамандығы бойынша геолог. | |
| | – Білімнің қай салаларында ғылыми зерттеулер жүргізілді?<br>– Қазақстанда мәдени өсімдіктердің қандай жаңа сұрыптары, үй жануарларының қандай жаңа тұқымдары шығарылды?<br>– Неліктен Қаныш Сәтбаевты «тыл генералы» деп атаған?<br>– Қаныш Сәтбаев қандай адам болған, сипаттап беріңдер.<br>– Елімізде Қаныш Сәтбаев есіміне қандай құрмет көрсетілген?<br>***Жазылым.***<br>Қаныш Сәтбаев туралы бірнеше сөйлем жазу. | |
| **Құндылықтарды дарыту** | Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу. | |
| **Пәнаралық байланыстар** | Математика, дүниетану, әдебиеттік оқу, көркем еңбек. | |
| **АКТ қолдану дағдылары** | интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу; | |
| **Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім** | Қазақстанның біздің дәуірімізден бұрынғы уақыттан бастап қазіргі кезеңге дейінгі, қысқа хронологиясы және тарихи оқиғалары, тұлғалар, трендтер мен өзгерістердің толық контекстік хронологиясы туралы түсініктері бар. | |

**Жоспар**

| **Жоспар ланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығулар** |
|---|---|
| **Басталуы** | **Сергіту жаттығуы**<br>**«Мен ақылды баламын»** әр бала өздерінің жақсы қасиеттерін атап, қалай өсіп келе |

| | |
|---|---|
| | жатқандарын айтады. Мыс: Мен Балнұр, балдай тәтті үйдің еркесімін. Мен Асқар, барлығынан біліміммен барлығынан асып түссем деймін т.б.<br>**Жаңа топ құру**<br>**Топтарға бөлу.**<br>***Асық арқылы бөлу***<br>Сыныптағы бала санына қарай 3 түрлі асық шашылады, әр оқушы өзіне ұнаған түсті алады түстер бір-бірін тауып, бір топ құрайды<br>**1-топ: «Алтын асықтар»**<br>**2-топ: «Күміс асықтар»**<br>**3-топ: «Қола асықтар»**<br>**Жұмыс ережесін келісу**<br>23.Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!<br>24.Уақытты үнемдейміз!<br>25.Нақты,дәл жауап береміз!<br>26.Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз!<br>27.Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз!<br>**Алдыңғы білімді еске түсіру (жеке,жұпта,топта, ұжымда)**<br>Бүгінгі сабағымызда Қазақстанның XX–XXI ғасырлардағы ғылым саласындағы жетістіктері туралы мәліметтер аласыңдар. Сонымен қатар Қазақстан Ғылым академиясының президенті болған ұлы ғалым Қаныш Сәтбаевтың өмір жолымен танысасыңдар. Сабақтың соңында сабағымыздың қалай өткеніне және өзімізге баға береміз. Егер барлығын түсінсең, «өте жақсы», кейбір тұстары түсініксіз болса, «жақсы», ештеңе түсінбесең, «нашар» деген баға қоясыңдар. Барлығыңа сәттілік тілеймін. |
| **Ортасы** | XX ғасырда елімізде ғылым қарыштап дамыды. 1946 жылы Қазақстанның Ғылым академиясы ашылды. Оның алғашқы президенті болып ғалым Қаныш Сәтбаев сайланды. Ғылымдағы жетістіктер өндіріске енгізілді. Биология, медицина, тарих, археология, тіл,әдебиет, өнер және экономика салаларында ғылыми зерттеулер жүргізілді. XXI ғасырда еліміздегі ғылымға үлкен мән берілуде. Ондаған ғылыми институттар жұмыс істейді. Еліміздің шаруашылығы үшін техника үлгілері дайындалуда. Бидай, күріш, арпа тәрізді пайдалы дәнді-дақылдардың жаңа сұрыптары жасалуда. Аталған дәнді дақылдар жоғары өнімділігімен ерекшеленеді әрі жергілікті табиғат жағдайлары-<br>на да жақсы бейімделген. Жылқы, қой тәрізді үй жануарларының жаңа тұқымдары шығарылуда. Біздің елімізде өсірілетін жаңа тұқымды қойлардың бірі – қазақстандық меринос. Осындай тұқымды әр қойдан 15 кг-нан сапалы жүн қырқуға болады. Жаңа Мұғалжар тұқымына жататын жылқылар аса өнімді. Олардан тәулігіне 16 литрге дейін сүт сауылады. Еліміздің табиғат байлағын зерттеуге ерен еңбек сіңірген ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаев (1899–1964). Қ. Сәтбаев – Орталық Қазақстандағы Жезқазған мыс кенінің қорын ашқан геолог-ғалым. Жезқазғандағы кен-металлургия комбинаты мен Қарағанды және Балқаштағы металлургия зауыттары осы ғалымның еңбегінің арқасында салынған. Қаныш Сәтбаевты «тыл генералы» деп атайды. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Сәтбаев еліміздегі марганец кенінің қорларын ашты. Соның нәтижесінде танктердің сауытына арналған болат өндірісі артты. Болаттың құрамына марганецті қосу танк зауытының беріктігі мен қаттылығын арттырады. Қ. Сәтбаевтың еңбегі біздің елімізде жоғары бағаланды. Университеттер мен көшелерге оның есімі берілді. Ғарышта «Сәтбаев» ғаламшары өзінің мәңгілік сапарын жалғастыруда. «Сәтбаевит» деген жаңа минерал ғалым есімімен аталады. ЮНЕСКО 1999 жылды ғалымның 100 жылдық мерейтойына орай «Қаныш Имантайұлы Сәтбаев жылы» деп жариялады.<br>**(Ж, Ұ)** Мұғалім: Балалар, «ғылым» сөзін қандай сөздермен байланыстыруға болады? (математика, биология, тарих, география, ғалым, профессор, мұғалім, студент, оқу, кітап, зерттеу, іздену, институт, университет, ғарыш, техника, өрлеу және т.б.).<br>Қазіргі қоғам ғылымсыз өмір сүре ала ма?<br>(Қазіргі қоғам ғылымның арқасында жеткен игіліктерден бас тарта алмайды. Адамдар қоғамда кездесетін мәселелерді шешу үшін ғылымның жетістіктерін пайдаланады).<br>**(Ұ, Ж)** «Мәтінді кідіріс жасап оқу»стратегиясы.<br>Оқулықтағы мәтінді тізбектей басынан бастап оқу.<br>Оқушылар мәтіннен үзінді оқиды және соған қатысты сұрақтарға жауап береді. Осы-лайша мәтінді үзінділерге бөліп оқиды.<br>***<u>Дескрипторы:</u>***<br>көрнекі тұлғалардың елімізге сіңірген еңбегі туралы<br>әңгімелеп береді; |
| **Аяқталуы** | **Жаңа білім мен тәжірибені қолдану** |

| | |
|---|---|
| | (Ж, Ұ) Мұғалім: Балалар, геолог деген мамандықты естулерің бар ма?<br>Геологтар – жер қойнауын зерттейтін мамандар. Олар жерастынан көмір, мұнай, алтын, темір, мыс кенін, құрылыс тасын, тұз және суды іздейді. Геологтардың жұмысы оңай емес. Олар шатырларда тұрып, тамақтарын даладағы отқа пісіреді, жүздеген километрді жаяу жүреді, арқасындағы ауыр сөмкесімен тауларға өрмелейді. Сөмкенің ішінде арнайы балғалар болады. Балғалардың көмегімен тау жыныстарының кесегін ұрғылап алады. Геолог болу үшін күшті және қажырлы болу керек. Картаға және тұсбағдарға қарап отырып, жолды таба білу керек. Бүгін біз ғылым саласында көптеген жетістіктерге жеткен, өз Отанына аянбай қызмет еткен тұлғамен танысамыз. Ол кісіні «тыл генералы» деп атаған. Ол геология маманы болса да, тарих, әдебиетке қызыққан, мектепке арналған оқулықтар жазған. Ол ұлы тұлға – Қаныш Сәтбаев.<br>Мұғалім сыныпты төрт топқа бөледі.<br>**(Т) Топтарға тапсырма беру.**<br>«Мәтіннің негізгі ойын анықтау» стратегиясы.<br>Оқушылар оқулықтағы мәтінді оқып, әр азат жолдың негізгі тақырыбын анықтайды, мұғалім оларды қысқаша жоспар түрінде тақтаға жазып отырады.<br>Топтар тапсырмаларды көрсетеді:<br>Мұғалім: Мәтіннен мынадай негізгі тақырыптар шыққанын көріп отырмыз:<br>1) Қ. Сәтбаев – Жезқазғандағы мыс кен орнын ашқан геолог.<br>2) Қ. Сәтбаев – «тыл генералы».<br>3) Қаныш Сәтбаев геологиямен айналыса жүріп, ғылымның басқа салаларына да қызығушылық танытқан.<br>4) Елімізде Қаныш Сәтбаев есіміне қандай құрмет көрсетілген?<br>Электронды қосымшадан «Қазақстанда ғылымның дамуы. Қаныш Сәтбаев» таныстырылымын қарау.<br>**Рефлексия «Жұлдыздар шеруі» әдісі.** |

| | | |
|---|---|---|
| **Қосымша ақпарат** | | |
| <u>Саралау</u> - Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз? | Бағалау - Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайыз? | Сабақ бойынша рефлексия<br>Сабақтың оқу мақсаты шынайы ма?<br>Бүгін оқушылар не білді?<br>Сыныптағы ахуал қандай болды?<br>Мен орындаған саралау шаралары тиімді болды ма?<br>Мен бүкіл уақыт ішінде үлгердім бе?<br>Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен? |
| Қорытынды бағамдау | | |
| Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1. 2.<br>Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1. 2.<br>Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиындықтары туралы не білдім?<br>Менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектеседі, неге көңіл бөлу керек?<br>1. 2. | | |

* * * * * * * * * * * * *

**ӘДІСКЕР – БАЛАБАҚША ЖҮРЕГІ**

*Түркістан облысы, Төлеби ауданы ,«Балаби» бөбекжайының тәрбиешісі*
*Саурамбаева Майра Сарсеновна*

Балабақша - барлық тәрбие мен білімнің баспалдағы. Әдіскер – балабақша жүрегі.

Өз сөзімді бастай келе жаңашыл әдіскер қандай болу керек?- деген сұраққа жауап бергім келеді.

Жаңашыл әдіскер, Әдіскер – технолог, әдіскер – басқарушы, әдіскер – педагог, әдіскер – зерттеуші

Бірінші орында балаға жан тәнімен жылуын беру, өз мамандығын сүйетін жан болу керек. Менің өмірдегі бақытым – жүрек қалауым балалармен жұмыс жасау, балалардың қуанышымен күлкісінен нәр алу. Ғұлама ұстаз Әл - Фараби айтқандай «Білім берме, тәрбие бер» - деген екен «Тәрбие – өмірдің өзекті мәселесі» екенін есімізге сала отырып, біз өз - өзімізді ізгілікке, имандылыққа, ұлтжандылыққа, адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке тәрбиелесең ғана, баланы дұрыс баулығаның!

Сонда ғана балаларымыздың болашағына, тәрбиесіне жауапты жандармыз. Балабақшаның әрбір күнін қызықты да тартымды, мәнді де мағыналы өткізуді жоспарлаған тәрбиешінің мақсаты – бала тағдырына жауапты екенін естен шығармау. Сол себептен өз ісімді балабақшамыздағы тәрбиешілердің заман талабына сай білімдерін жетілдіріп, шығармашылықпен жұмыс жасауына бағыт бағдар беріп қолымнан келгенше көмектесуге тырысамын. Мектепке дейінгі ұйымдардағы жұмыстардың басты бағыты оқу тәрбие процесін жүйелі жоспарлау, жаңа технологияларды дамыта отырып балаларды дамытудың тиімді жолдарын қарастыру мақсатында балабақша педагогтарын жаңа технологияларды меңгерту курстарына қатысып білімдерін жетілдіріп отыруда. Біздің балабақшамызда мамандардың өз шеберлігін арттыру мақсатында төмендегідей формада жоспарға сәйкес жұмыстары жүргізіледі.

Қазіргі заман талабы,жаңартылған білім беру мазмұнымен жаңаша дәріс беру.

Біріншіден педагогтарымызды міндетті түрде біліктілікті арттыру курстарына жіберіп, білімдерін жетілдіру.

Екіншіден педагогтарды көптеген обылыстық,аудандық семинарларға жіберіп тәжірибе алмасу жұмыстары.

Үшіншіден балабақшамызда ата - аналармен ынтымақтаста жұмыс жүргізу мақсатында «ашық есік» күндері, сонымен қатар «Жігіт сұлтаны», «Қош келдің, әз Наурыз!» «Әжелер сайысы», « Аналар сайысы», спорттық «Толағай сайысы» атты байқаулар, конкурстар, ертеңгіліктер дәстүрімізге айналдырып, балаларды қуанышқа бөлеу.

Төртіншіден инновациялық ізденіс, түрлі тақырыптарда тәжірибе алмасу мақсатында семинар кеңестер өткізіп отыру.

Жас мамандарға аға тәрбиешілер бекітіліп, білікті педагогтармен бірлесе отырып жас мамандармен де жұмыстар жүргізу жүйелі жолға қойылған. Әдіскердің яғни менің ұстанымын өзімнің айналамдағы тәрбиешілеріме кеңес беруге, барынша жан жақты ізденіп ақпараттар алып, балабақша тәжірибесінде кадрларымның қолдану жолдарын іздестіріп ұсынамын.

Менің әдістемелік қызметімнің жетістігі өз педагогтарымның өзін - өзін тануға ықпал жасау. Әрбір педагог маман шеберлігін, шығармашылығын, талантын жаңғыртып, өз ісінің шебері атанса мен үшін үлкен мәртебе. Балабақша тәрбиешілері барлық балабақшалар секілді келешек ұрпақтың тәрбиелі болып өсуіне барынша қызмет етуде. Ашылғанына бес жыл толады. Аз уақыт ішінде көптеген жетістікке жетіп, әдістемелік кітаптарды жаңарттық, әлі де талай тәжірибе жинап еңбектенеміз.

Сөзімді қорыта айтқанда балабақша кішкентай бүлдіршіндеріміздің екінші үйі. Балалар еліміздің болашағы қоғамымыздың өрлеп дамуы өсіп келе жатқан жеткіншектердің ой - өрісіне рухани адамгершілік тәрбие бере білуімізге байланысты. Сол келешек өсіп келе жатқан жас ұрпақтың иелерін жан - жақты ой - өрісін, өмірге бейімділігін, ақыл парасаты мол, халқын, салт - дәстүрін сүйетін бүлдіршін бала тәрбиелесек нұр үстіне нұр болады.

* * * * * * * * * * * * *

## ОҚУШЫЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

### ТУҒАН ЕЛІМ – ҚАЗАҚСТАН

*Түркістан облысы, Арыс қаласы, № 8 В.Комаров атындағы*
*жалпы орта мектебінің 11 сынып оқушысы Оспан Бахтияр*



Туған елім кең байтақ Қазақ елі,
Жайқалған орман – тоғай, көгал белі.
Таулары көк тіреген Алатаудай,
Бабалардан мұра боп қалған жері.

Алтай мен Атыраудың арасында,
Сарыарқа мен Жетісу даласында.
Киелі Маңғыстау мен Түркістанның
Құт қонған Жезқазғанның табанына.

Білектің күшіменен бабаларым,
Қорғаған туған елдің далаларын.
Ұлан – ғайыр атырап, Қазақ жері,
Иесі осы жердің балаларың.

* * * * * * * * * *

### ШЫНДЫҚТЫҢ ШЫНАЙЫ СУРЕТКЕРІ

*Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Қаражота ауылы Б.Момышұлы атындағы*
*орта мектептің 10 - сынып оқушысы Сұлтанәлі Дана Қанатқызы*
*Мұғалімі: Нұрмаханова Аққыз. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

Заманымыздың заңғар жазушысы М.О.Әуезовтің туғанына 120 жыл толуына орай шығармашылығын зерделей оқи отырып, оның өміршеңдігіне көзің жеткен үстіне жете түседі.Жазушылық талантын әлем мойындаған классигіміздің шығармашылығының қойнауына бір еніп кетсең, танымың кеңейе түсетіні анық .Даналықпен айтқан сөздерін еске түсіресің. Білім жолында шамшырағыңа балайсың.

«Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген,қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес» Мұхтар Әуезов. Қазіргідей білім бәсекесі шарықтап тұрған заманда әдебиетті де, мәдениетті де, математикалық білімді де барынша меңгергің келетіні рас.Осы жолда бірінші көмекшің әдебиет екендігін мойындамасқа болмайды. Себебі көркем шығарма мидың көкжиегін кеңейтеді. Көкірекке қонған білім жарқырап ашыла бергендей болады. Сондықтан М.Әуезов шығармашылығындағы мектеп оқулықтарында беріліп жүрген әңгімелерін ден қойып оқысаңыз қыры мен сыры өзі-ақ алға жетелеп әкетеді. Тіпті, әр шығармасының тарихилығына ерекше назар салсаңыз Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы «Туған жер» бағыты бойынша әр оқырман өзіне керек деректерді молынан таба алады.

Міне, Бақтығұл-Рысқұлдың бұдан кейінгі тағдыры тарих бетінде өшпестей ізі қалған алаштың азаматы боп қалыптасты. Біз Рысқұлдың әдеби бейнесін Әуезов сомдауы бойынша талдауға тырыстық. Тарихи тұлғалардың әдеби бейнесін жасау-Әуезов сынды суреткерлердің қолынан шынайы шығатынына басқа дәлелдің қажеті де жоқ.Ал туған өлке қойнауы осындай қаншама тарихи шежірелерді бүгіп жатыр десеңізші.Тек ізденіп оқып,рухани азығымызды ала алсақ болғаны бізге, келешек ұрпаққа.

* * * * * * * * * *

## Зерттеу жұмысы: МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ

*Зерттеуді жүргізген 3-А сынып оқушысы: Исмаил Нұржан*
*Сынып жетекшісі: Молдажанова Лязиза Арыстанбековна*

Мұғалімнен өнеге-білім алып,өмір теңізіне құлаш ұрған кез келген шәкірт ұстазымен мақтанады.

Ұстазым- менің зердемді ашқан алғашқы адам. Ұстаз  ұғымы мен үшін адамгершіліктің ең жоғарғы үлгісі.

Ұстаздың лаулаған жалыны менің жүрегіме жылу себеді. Мектеп табалдырығын аттаған сәттен күлімдеп қарсы алған, қолынан жетектеп партаға отырғызып,әліппе кітабын ұстатып, алғаш әріп танытқан-менің сүйікті де алғашқы ұстазым. Ол менің екінші анамдай болып кеткен өте еңбекқор,мейірімді, білімді жан. Бәрімізді өз баласындай көріп, ақыл айтып, көп нәрселерді үйретіп жүретін осы жанның орны мен үшін қашанда ерекше. Ол қызықты, пайдалы, ақыл-кеңесін беруге әрдайым дайын жан. Сондықтан оны сағаттар бойы тыңдай бергім келеді. Сол  сүйікті ұстазым – Молдажанова Лязиза Арыстанбековна. Мен өз ұстазыма ұқсасам деймін.

Мен үшін ұстазым ең мейірімді, ең асыл, ең ізгі ниетті жан. Өйткені, қандай адам болмасын барлығы ұстаз алдынан өткен жандар. Мейлі ол ақын, мейлі ол жазушы, мейлі ғалым болса да ұстаздың алдында барлығы шәкірт болып қала бермек. Мен өз ұстазымның мейірімділігі мен жігерлілігіне тамсанамын. Болашақта мен де ұстазым сияқты болғым келеді. Себебі мен ұстазымның бойындағы ерекше қасиеттерді әрқашан көріп келемін. Мен үшін үлгі боларлық жан. Әрқашанда жүзінен мейірім шуағы төгіліп, жаныма  жылулық сыйлап тұрады. Ұстазымның орны мен үшін бөлек. Өйткені ең алғаш мені қарсы алып, жүрегіме сенім отын сыйлаған теңдесі жоқ асыл жан. Ұстазымды мен өзіме үлгі тұтамын. Ол кісі мен қуансам, менімен бірге қуанатын, мен мұңайсам, мені жұбататын анам сынды. Кей кездер де қатал да болады, онысы орынды. Себебі, қаталдық та адам бойындағы ерекше қасиет. Қаталдық танытса, ол кісі менің болашағымды ойлайды. Өз ұстазымды әрқашан мақтан етемін. Сол ұстазым «Мерейлі отбасы-2015»атты ұлттық конкурсындағы жеңіске жеткен отбасының бір мүшесі.

* * * * * * * * * *

*Ғылыми жоба тақырыбы:*

## «ҰЛЫ АБАЙ ЖӘНЕ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫ»

Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қандыағаш  қалалық жалпы білім беретін № 2 орта мектебі
Орындаған:  4 орыс сынып оқушылары Бақытжанов Бектұрсын, Шакимжанова Нұрханым
Жетекшісі: Амиржанова Б.Е.

Ғылыми зерттеу жұмысында 4 орыс сынып оқушылары  қазақтың бас ақыны, қазақ  поэзиясының шебері, ұлы  көрнекті өкілі Абай Құнанбайұлының ақындық, азаматтық тұлғасына баға береді.  Туған өлкеміздің, жеріміздің табиғатын мақтан ету, өз өлкесін, туған жерін сүю, патриоттық сезімін дамыту – әрбір адамның парызы. Соған байланысты ақын жазушыларымыздың өлеңдері осыған дәлел. Сонау заманнан табиғат тақырыбын жырлаған ақындарда баршылық. Соның бірі – ұлы Абай ақынымыз.

Абайды қазақ  даласында  өмір  сүріп жатқан халқының  тағдыры  толғандырған. Ақын  туған  жерінің табиғатына  деген  ыстық  махаббатын  өзінің  өлеңдері  арқылы бізге жеткізеді. Сондықтан  да ақынның табиғат туралы өлеңдері қайшылығы мен қиындығы толық халық өмірінің бір көрінісі. Жұмыста ақынның табиғат  жайындағы  өлеңдері  сөз  етіледі.Бектұрсынмен Нұрханым бұл зерттеу жұмысын қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында, тәрбие сағаттарында қосымша материал ретінде пайдалануға болады.

Ғылыми жұмысты оқи отырып оқушының алдына қойған мақсатына жеткенін байқауға болады.

* * * * * * * * * * *

*Ғылыми жоба тақырыбы:*

## «ҒАЛАМТОРДЫҢ ПАЙДАСЫ ЖӘНЕ ЗИЯНЫ»

***Бағыты:  АКТ  Секциясы:  Бастауыш сынып***

*ШҚО Үржар ауданы «Мақаншы орта мектеп- бақша» КММ*
*Орындаған:  4-сынып оқушысы Разбек Айзере*
*Ғылыми жетекшісі:  Садықова М.Қ.*

**Менің мақсатым:**  Өзіміз оқитын АКТ пәнідегі танымал «Ғаламтор» ұғымының шығу тарихы 1957 жылдардан басталады. Интернет бүкіл ғаламдық тор. Ол бүкіл әлемдегі миллиондаған компьютерлік желілерді бір - бірімен байланыстыратын орасан зор компьютерлік желі. Ғаламтор ұғымы XX ғасырдың аяғында пайда болса да, жүрдек пойыздың жылдамдығын еске салатындай жедел қарқынмен кең қанат жайып келеді. Әйгілі Ер Төстік ертегісінде Төстік жыл санап емес, ай санап, күн санап өсіпті дейтін жері болатын. Сол Ер Төстіктің ер жетуі сияқты дамып отырған бір сала болса, ол - бүкілғаламдық желі - Ғаламтор деп санар едім.

Осынау жылдар ішінде біз ғаламтордан көптеген мағлұматтар алдық. Бұл ғаламторды ашқан ғалымдар да ел тарихында елеулі із қалдырған ірі тұлғалар болды. Ғаламтордың пайдасы мен зиянын зерттеу, білу, оны өзімізге болашақ жастарға өнеге ету, осы еңбектің, яғни зерттеу жұмысының басты мақсаты деп білемін.

Ең бастысы қандай ақпарат оқысаңыз да, соған сай жауап қалдыруыңызға, пікір білдіруге құқыңыз бар. Сіз саясаттанушы, мәдениеттанушы, болмаса философ яки әлдебір саланың ғалымы болуыңыз шарт емес, көзқарасыңыз өзіңізге, жазыңыз, қалдырыңыз, шамына тиіңіз, сынаңыз, мінеңіз, алғыс айтыңыз – ерік алдыңыздағы компьютердің перне тақтасына басылған саусақтарыңызда. Танысыңыздан ажырап, танымасыңызды жақын тұтатын мезгіл қазір. Иіріміне ессіз үңілген кейбір жандар оның тұтқынына да айналып үлгерген. Жалғыздық пен күйзелістің асау толқындарына жұтылғандар қаншама? Бұйығы, жадау - жүдеу... Бұл да бір өтпелі кезең шығар. Жамандығын айтып тауыса алмайсыз, ал жақсылығы да ұшан - теңіз. Тек соны орнымен пайдалана білсек, мүмкіндігін барынша ықтиятпен жүзеге асырып, адами қалпымызды нықтап, білімімізді асыруға жұмсасақ.

Академиялық кітапханалардың орнын Интернет баса алмайды. Бірақ оның да ғылыми тегеуріні шексіз. Тек аздаған мәдениет керек... Ғаламтор мәдениетін ерте игермеу өзімізге сын. Интернеттің иіртпегіне түсіп, былыққандар мен ылыққандардың қармағын қапқан ұрпақты сауықтыру үшін ұлттық иммунитеттің күші жеткілікті болуы ләзім. Ал оған шамамыз жетпесе мылқау ұрпақ пен соқыр жеткіншек, кереқ өспірім қаулайды. Қазір сол дәуірдің басы. Болу мен бордай тозудың арасы...

* * * * * * * * * * *

*Ғылыми жоба тақырыбы:*

**«АЛОЭ ӨСІМДІГІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ЕМДІК ҚАСИЕТТЕРІ»**

*ШҚО Үржар ауданы «Мақаншы орта мектеп- бақша» КММ*

*Орындаған: 4-сынып оқушысы Жұмабекова Нұрай*

*Ғылыми жетекшісі: Байрбаева Лаура Бакаевна*

«Алоэ өсімдігінің емдік шипасы» деген қағиданы ұстана отырып алоэ өсімдігінің емдік қасиеттерін зерттеуге бел будым. Менің бүгінгі таңда қорғағалы тұрған тақырыбын «Алоэ өсімдігінің ерекшеліктері және емдік қасиеттері» бұл тақырыпты таңдауыма жетекшім және атам ықпал етті. Өзім бала күнімнен бөлме өсімдіктерін өсіріп, күтіп, баптауды ұнататынмын. Ес білгеннен бері оқыған - түйгенімнің арқасында тек бөлме өсімдіктері ғана емес, жалпы өсімдік атауының адам өміріне, олардың денсаулығына тигізетін пайдасы, қасиеттері қызықтыра бастады. Қоршаған ортаның адамдарға тигізетін әсері орасан зор екендігі белгілі. Соның ішінде дәрілік өсімдіктердің адам өміріне тигізетін маңызы зор екеніне ешкім күмән келтіре алмас.

Біздің халқымыз ерте замандардан бері дәрілік өсімдіктердің құпиясын білген, әрі оларды әртүрлі ауруларды емдеуге шебер қолданып келген.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеті.**

Осы ғылыми жұмыстың негізгі мақсатыалоэ өсімдігінің түрлерін, олардың биологилық ерекшеліктерін зерттеу. Тіршілік процесіндегі өсімділігін және әдемілігін сонымен бірге өсімдіктің шипалығын анықтау.Алоэныңтабиғатта – ауаны тазарту, шаң мен улы газдарды өзіне сіңіруі, емдік, сәндік қасиеті жайлы толық мағлұмат алу. Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылады.

- ғылыми әдебиеттерге шолу, мәлімет жинақтау
- алоэ өсімдігінің биологиясын және морфологиясын анықтау.
- алоэ өсімдігінің өсуінің ерекшеліктерін анықтау.
- алоэ өсімдігінің табиғаттағы және адам өміріндегі пайдасын анықтау жолдары.
- алоэ өсімдігінің адам ағзасы үшін емдік қасиетін анықтап, емдік шипа ретінде қолдану.

Алоэ бөлме өсімдіктер ішінде ең көп тараған. Өзінің әсемдігімен көздің нұрын алады, гүлдеуі өте сирек, бірақ та жұмыс жазу барысында ұққаным өсімдік көптеген пайда әкеледі. Мен өз группаластарымның арасында осы өзімнің жұмысыма байланысты сауалнама жүргіздім. Алоэны группаластарымның арасында кеңінен насихаттадым. Ерте заманнан дәрілік өсімдіктердің қасиетін ата-бабаларымыз білген. «Аурудың жақсысы жоқ, дәрінің тәттісі жоқ» дегендей қазіргі заманда химикат дәрілер көбейіп жатыр. Олардың адам ағзасына тигізетін зияны көп. Өсімдік адам үшін азықтың қайнар көзі. Дәрілердің барлығы өсімдіктерден алынады. Аурудың алдын алуға емдеу үшін дәрілік өсімдіктердің маңызы өте зор.

Салауатты өмір салтын ұстанатын әр бір қазақ азаматы өз денсаулығын күте білсе, еліне де, жеріне де, тигізер пайдасы өте көп болар еді..

Сол себептен өз жобамда мынадай ұсыныстар ұсынғым келеді.

1. Әрбір мектеп қабырғасында емдік қасиеттері бар бөлме өсімдіктері көптеп өсірілсе;
2. Тек дәрілік өсімдіктерді және олардың емдік қасиеттерін жарнамалайтын дәріханалар ашылса;
3. Дәрілік өсімдіктерге түрлі дәмдеуіштер қоса отырып, жас балалар іше алатын түрлі - түсті кәмпиттер секілді дәрілер жасалса;
4. Үлкен кісілерге емдік шөптерден жасалған кеппе шөптер секілді дәрі- дәрмектер көптеп шығарылса.

* * * * * * * * * * *

**Тақырыбы: «Адам денсаулығын жақсартудағы ұлттық құндылықтардың маңызы, қойдың құйрық майынан жақпа май әзірлеу»**

**Алматы қаласы, Түрксіб ауданы № 32 жалпы білім беретін мектебі КММ**
**Шухратұлы Алибек 4 Ә сынып оқушысы**
**Мұхаметқали Әмина 4 Ә сынып оқушысы**

**7-секция:** Медицина, психология, валеология
**Жетекшісі:** Жумагулова Арай Мукановна, Бастауыш сынып мұғалімі
**Тақырыбы:**«Құйрық майдың химиялық құрамы және емдік қасиеті»
**Тақырыптың өзектілігі:** Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің саяси бағыты атты халыққа жолдауында былай деген еді: «Ұлт денсаулығы-біздің табысты болашағымыздың кепілі. Біз балаларымыздың денсаулығын қамтамасыз етуге жаңа тәсілдер енгізу мәселесімен жұмыс енгізуіміз қажет…..». Елбасымыз халықтың денсаулығын жақсартуға бағыттар ұсынып, алдағы кезеңде тиісті нәтижелер күтетінін айтып өтті.Осы орайда қойдың құйрық майынан адам денсаулығына кері әсері болмайтын,экологиялық таза, химиялық қоспасыз дәріні әзірлеу мәселесі қазіргі таңда қөзекті болып табылады.
**Мақсатым:**Құйрық майдың биохимиялық құрамын біліп, дәрілік қасиетін анықтау, жақпа майлар жасау
**Міндеттері:**
1) Құйрық май туралы ғылыми деректер негізінде жалпы мәліметтер жинау.
2) Құйрық майдың емдік қасиеттерін анықтау
3) Қойдың майына қажетті шөптер мен иіссулар араластырып, жақпа майлар дайындау
**Зерттеу әдісі:** салыстыру, ақпарат жинау , зертханалық жұмыстар жүргізу
**Жұмыстың жаңалығы:**Құйрық майдың емдік қасиетін анықтап, жалбыз, раушангүл өсімдігімен қосып биопрепарат дайындау.
Зерттеу жұмысын қорытындылай келе келесідей ұсыныстар білдіремін:
1. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» стратегиялық жолдауында «Ұлт денсаулығы — біздің табысты болашағымыздың негізі» деген сөзіне сай қазіргі таіда адам денсаулығына аса мән беріліп отыр.Осы орайда мен ұсынған таза табиғи препаратты қолдану азаматтар денсаулығын сақтауда дұрыс шешім екеніне баса назар аударылды.
2.Мен құйрық майдың биохимиялық құрамын зерттей келе болашақта медицина саласында қолдануға тиімді биопрепаратты қолдануды, оны одан әрі формацевтикада өңдеп, қолданысқа енгізуді ұсынамын..
3.Құйрық майдың қоспасынан жасалған препарат басқа химиялық қоспалардан жасалған дәрілерге қарағанда зиянсыз, экологиялық, экономикалық жағынан тиімді, қолжетімді әрі денсаулық үшін таптырмас құрал екеніне көзім жетіп, оны денсаулық сақтауда жаппай қолдануды ұсынамын.
4.Құйрық майдың құрамында бауырды зақымдайтын холистериннің аз екенін ескеріп, оны тек сыртқы қолданысқа емес , сонымен қатар, ішке қолдануға да ұсынылады.

* * * * * * * * * * * * *

**Алматы қаласы, Түрксіб ауданы № 32 жалпы білім беретін мектеп**
**Жетекшісі: Дуненбаева Нуржамал Онгарбаевна**
**Жобаға қатысушылар: Ысқақ Зере Хакимжан Айша**

**Жоба: экология**
**Тақырыбы: «Газдалған сусынның зияны»**
**Мақсаты:** Газдалған сусынның адам ағзасына және оның атқаратын қызметіне тікелей әсері бар екендігі жөнінде оқушылардың ұғынуы
**Міндеттері:**
1. Газдалған сусын туралы оқып үйрену;
2. Газдалған сусынның химияляқ құрамын тексеру;
3. Тәжірибе жүргізу;
4. Тәжірибе жасау арқылы газдалған сусынның зиянды қасиеттерін дәлелдеу;
**Зерттеу жұмысына қолданған әдіс - тәсілдерім:**
• Сұрақ - жауап
• Талдау
• Пікірлесу
**Қорытынды**: Демек, газдалған сусында газ бар. Кез келген газдалған сусын құрамында көмірқышқылы газ кездеседі. Ол сусынның ұзақ сақталуына ықпал етеді. Мұндай сусындар асқазан секрециясының қабынуына, ішек сөлінің пайда болуына, созылып, ішек ауруларының пайда болуына әсер етеді.
Әртүрлі типтегі газдалған сусындарды шөлдеген ішіп жүрсеңіз, қателестіңіз. Оларды ішкен сайын шөліңіз күшейе түседі. Олардың құрамындағы газ бен қант шөлді шақырады. Сонымен қатар, газдалған сусын денсаулыққа қаншалықты зиян екенін білдік.

* * * * * * * * * * * * *

***МАЗМҰНЫ***


1. *Есмағамбетова Зайтуна Туралиевна*
2. *Әділбеков Орынбасар*
3. *Кайбалдиева Жазира Гайсаевна*
4. *Молдабаева Нурила Ниязбековна*
5. *Жидебаева Қаракөз*
6. *Оразаева Жазира Кудайбергеновна*
7. *Нурмаханова Аққыз Ильгерибасовна*
8. *Садырбекова Куляш Барлыбековна*
9. *Молдажанова Лязиза Арыстанбековна*
10. *Ахетов Руслан Мырзағұлұлы*
11. *Нук Еркегул*
12. *Бородулина  Анна  Михайловна*
13. *Қабылбекқызы Назым*
14. *Нұрмұқанова Гакку Байқуанышқызы*
15. *Удербаева Айнур Маратовна*
16. *Құрманқұлова Шолпан Шағырбайқызы*
17. *Жаннат  Тасмағанбетқызы Ізтелеуова*
18. *Жумина Гулзипа Нурмахановна*
19. *Амиржанова Базаргуль*
20. *А.С.Абишева*
21. *Дугарева Галина Юрьевна*
22. *Касенова Алия Садыковна*
23. *Абишева Айнұр Өмірзаққызы*
24. *Дауытбекова Гүльмира Кадржановна*
25. *Маликова Шынар Есимханкызы*
26. *Аханшаева Роза Турдимуратовна*
27. *Байбатырова  Карлыгаш Сарсенбаевна*
28. *Оразбакова Райхан Сабазқызы*
29. *Искендтрова Ләззат Тоқтаровна*
30. *Жубаниязова Айтуған Жубайқызы*
31. *Ахаева Гүлдариға Сейтханқызы*
32. *Сериева Әлия Сыпатаевна*
33. *Жұмабаева Базаркүл Батырханқызы*
34. *Мукашова Б.Б.*
35. *Молкаева Алтын Кыдыргажиновна*
36. *Садықова Маржан Қасымқанқызы*
37. *Мухтарова Зайтунам Зординовна*
38. *Кудиярова Шолпан Турмаханбетовна*
39. *Көлбаева Дариға Бердибаевна*
40. *Налибаева Айсұлу Бердібекқызы*
41. *Даукиева Улбосын Елamaновна*
42. *Мансурова Инаватхан Акимжановна*
43. *Амантаева Ботагоз Нурлибековна*
44. *Агментаева Рабига Абилдакызы*
45. *Ауганбаев Мурат Айдосович*
46. *Ахметова Лаззат Абдыкалыккызы*
47. *Байзакова Лаура Алтынбекқызы*
48. *Женсикбаева Майра Сагынаевна*
49. *Иманова Жанат Сарсеновна*
50. *Мадибекова Дильфуза Турдикулкызы*
51. *Саурамбаева Майра Сарсеновна*


***ОҚУШЫЛАР:***


1. *Оспан Бахтияр*
2. *Сұлтанәлі Дана Қанатқызы*
3. *Исмаил Нұржан*
4. *Бақытжанов Бектұрсын, Шакимжанова Нұрханым*
5. *Разбек Айзере*
6. *Жұмабекова Нұрай*
7. *Шухратұлы Алибек, Мұхаметқали Әмина*
8. *Ысқақ Зере, Хакимжан Айша*